


А.С. Сейдахметов

К.Ж. Елшібекова

А.Қ. Ізмаханова



КӘСПКЕРЛІК



Алматы, 2011

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі

А.С. Сейдахметов
Қ.Ж. Елшібекова
А.К. Ізмаханова

КӘСПКЕРЛІК

ОҚУЛЫҚ

Қазақстан Республикасының Білім және
ғылым министрлігі оқулық ретінде бекіткен



Алматы
2011

Пікір жазғандар:

Н.А. Нұрсейіт – з.г.д., КБТУ-дін «Экономика және бизнес» кафедрасының профессоры;
Г.И. Маянлаева – з.г.д., профессор, ҚазЭУ-дің «Экономиканы мемлекеттік реттеу» кафедрасының менгерушісі;
Ж.О. Тұмбай – з.г.к., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дін «Менеджмент және бизнес» кафедрасының доценті.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі оқулық ретінде бекіткен

С 31 Сейдахметов А.С., Елшібекова Қ.Ж., Ізмаханова А.Қ.
Кәсіпкерлік: Оқулық. Қазақстан Республикасы Жогары оку орындарының қауымдастыры. – Алматы.: «Экономика», 2011. – 344 б.

ISBN 978-601-225-284-2

Ұсынылып отырған «Кәсіпкерлік» оқулығы типтік оку бағдарламасына сәйкес дайындалған.

Оқулықта кәсіпкерліктің мәні мен мазмұны, оның түрлері, ерекшеліктері мен функциялары, кәсіпкерлік қызметтің объектілері, субъектілері және кәсіпкерлік орта күрудын маңызы қарастырылады. Онда бизнесті жоспарлау, каржылық және калрлық түргыдан кәсіпкерліктің таңдаудың мәндерін, кәсіпкерлік жұмысын бағалау мәселелеріне назар аударылған. Сонымен катарап кәсіпкерлік тәсекелі төмөндегі, кәсіпкердің жұмысын бағалау мәселелеріне біршама назар аударылған. Кәсіпкерлік үйімдердің қызметтің тоқтату механизмдеріне, серіктестермен өзара қарым-қатынастарға және серіктестер мен олардың арасындағы келісімшарттық қатынастарға, кәсіпкерлік мәдениеті мен құпиясына, шаруашылық субъектілер алдындағы кәсіпкерлердің жауапкершіліктеріне жеке тараулар арналған. Кәсіпкерліктің мемлекеттік реттеу мен колдану механизмдеріне және кәсіпкерлік аясындағы бөсекеге кабілеттілікке ерекше қоңыр болынған.

Оқулық студенттерге, магистранттарға және оқытушыларға, сонымен катарап кәсіпкерлік аясында оз білім деңгейін жетілдіргісі келетін азаматтарға арналған.

УДК 658 (075)
ББК 65.290 я 7

ISBN 978-601-225-284-2

© КР Жогары оку орындарының қауымдастыры, 2011.

© А.С. Сейдахметов, Қ.Ж. Елшібекова, А.Қ. Ізмаханова, 2011.

© «Экономика» баспасы» ЖШС, 2011.

KIPIСПЕ

Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелері үлттық экономика жүйесінің үйлесімді қызмет етуіне және оның үйымдастырушылық-экономикалық механизмдерін жетілдірумен байланысты. Бұл жағдайда кәсіпорындар мен үйымдардың кәсіпкерлік қызметін дамыту ерекше рөл атқарады. Ол, өз кезегінде, кәсіпкерліктің теориялық, әдістемелік және тәжірибелік аспекттерін терең менгерген, жоғары білікті экономистер мен басқару жүйесіне кадрлар дайындау сапасына тікелей байланысты. Сондықтан да Қазақстанның экономикалық жүйесінің шаруашылық жүргізу объектілері мен субъектілерінің ерекшеліктерін ескере отырып, олардың кәсіпкерлік қызметіндегі үйымдастырушылық-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық мәселелерін зерттеу мен менгеру үшін оқу-әдістемелік материалдарды дайындау мен жариялау қажеттілігі туындалап отыр.

«Кәсіпкерлік» окулығында үлттық экономиканың аялары мен салаларында бәсекені қүшешту жағдайындағы кәсіпкерліктің теориялық, әдістемелік және тәжірибелік негіздері қарастырылады.

Оқулықта кәсіпкерлік қызметті үйымдастыру мен оның тиімділігін бағалаудың, сонымен қатар кәсіпкерлік қызметті реттеу мен қолдаудың мемлекеттік механизмдерін пайдаланудың инновациялық нысандары мен әдістері көрініс тапты. Кәсіпкерлік қызметті жоспарлау мәселелерін жүйелі түрғыдан сипаттау мен зерттеуге, маман-кадрлармен қамтамасыз ету мен кәсіпкерлік қызмет инфрақұрылымын қалыптастыру мәселелеріне ерекше қоңыл болінген. Кәсіпкерлік қызмет аясында келісімшарттық және іскерлік қатынастарды үйымдастыру мәселелеріне; кәсіпкердің жауапкершілігіне; кәсіпкерлік купияга, оны қорғау тәсілдеріне, тәуекелді бағалау мен басқаруга, тиімділікті талдауга, сонымен қатар кәсіпкерлік қызметті тоқтату механизмдеріне ерек-

ше мән берілген. Оқулықта кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу мен қолдау механизмдерін пайдаланудың әдістері көрсетіліп, кәсіпкерліктің бәсекеге қабілеттілікті арттырудың рөлі де жүйелі түрде көлтірілген.

Оқулықта ұлттық экономика жүйесіндегі кәсіпкерлік қызметтің теориялық, әдістемелік және тәжірибелік материалдарды оқып-үйренуді женілдету үшін суреттер, кестелер мен көрнекті құралдардың басқа да түрлері кеңінен пайдаланылды. Сонымен қатар қарастырылатын тақырыптар бойынша студенттердің өз білімдерін бақылауга арналған сұрақтар мен пән мазмұнына қатысты гlosсарий да енгізілген.

Оқулықтың мазмұны, құрылымы Қазақстан Республикасының экономикалық мамандықтарына арналған мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандартының типтік оқу құралына сай келеді.

Оқулық студенттерге, магистранттарға және оқытушыларға, сонымен қатар кәсіпкерлік қызмет аясында өз білім деңгейін жетілдіргісі келетін азаматтарға арналған.



КӘСІПКЕРЛІК: МӘНІ, МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУ ШАРТТАРЫ

1.1. Кәсіпкерліктің мәні мен мазмұны

Қоғам мен өндірістің даму үрдісінде адамдар әр түрлі ұйымдық-экономикалық қатынастар аясында кәсіпкерлік қызметпен айналыса бастады. Кәсіпкерлік тарихы ортағасырлардан бері бастау алады. Сол уақыттың өзінде көпестер, саудагерлер, колөнершілер жаңадан қалыптасып келе жатқан кәсіпкерлер ретінде таныла бастады. Сонымен қатар, кәсіпкерліктің даму тарихы айырбас қатынастарының, қоғамдық енбектің бөлінісі мен жалпы нарықтық қатынастар даму тарихымен тығыз байланысты.

Экономикалық әдебиетке «Кәсіпкер» түсінігі бірінші рет 1723 жылы Париж қаласында баспадан шықкан «Коммерцияның жалпыға ортақ сөздігінде» келтірлген. Мұнда кәсіпкер – өнім өндіру немесе құрылыш объектісі бойынша міндеттемесін өз мойнына алатын адам деген түсінік беріледі.

Гылыми термин ретінде «Кәсіпкер» түсінігі белгілі ағылшын экономисі Ричард Кантильонның XVIII ғасырдың басында жарық көрген «Коммерция табигаты туралы жалпы мақала» кітабында келтіріледі. Автордың пайымдауы бойынша сұраныс пен ұсыныстың арасындағы алшақтық нарық жағдайында кейір субъектілерге тауарларды арзан бағаға сатып алып, қымбат бағаға сатуға мүмкіндік береді. Сонықтан, ол осы қарым-қатынастагы субъектілерді кәсіпкерлер деп атаған және француз тілінен аударғанда «делдал» деген мағына береді. Сонымен қатар, ол мұндай адамдар тек қана айналым саласында гана емес, тауар өндіру саласында да қызмет атқаратындығына ерекше назар аударған және олар өндірістік құрал-жабдықтарға меншік иесі болуы міндетті емес деп санаған.

Ал ағылшынның атакты ғалымы Адам Смит кәсіпкер деп, өзінің қызметінің негізгі мақсаты кәсіпкерлік пайда табатын кәсіпорын иесі деп түсінген. XIX ғасырдағы Францияның экономисі Жан Батист Сэй, кәсіпкердің негізгі функциясы

өндірістің қызметін біріктіру және үйлестіру деген пікірді ұстанған. Альфред Маршалл мен жолын ұстанушылар кәсіпкердің ұйымдастырушылық функциясына ерекше қөңіл болған. Олардың пікірінше әрбір қалауыш – кәсіпкер бола алмайды, оған ерекше қабілет керек деп есептеген.

Кәсіпкерлік туралы ерекше бағытты ұстанған Иозеф Шумпетер, кәсіпкер тек жеке адамдар болып қана қоймайды, ол адамдар тобынан да құрыла алады деген көзқараста болған. Сонымен қатар, оның пікірінше, кәсіпкерлікте ең басты – инновациялық қызмет, ал кәсіпорын меншігіне деген құқық кәсіпкерліктің маңызды белгісі болып табылмайды деп есептеген.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде кәсіпкерлікке төмендегідей анықтама берілген: Кәсіпкерлік – меншік түрлеріне қарамастан, азаматтар мен занды тұлғалардың тауарларға (жұмысқа, қызметке) сұранымды қанағаттандыру арқылы таза табуға бағытталған жеке меншікке (жеке кәсіпкерлік) не мемлекеттік кәсіпорынды шаруашылық құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген ынталы қызметі. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

1-кесте. «Кәсіпкер» және «кәсіпкерлік» түсініктерінің эволюциялық тұрғыдан дамуы

Мерзімі	Анықтама авторы		Анықтама мазмұны
	1	2	
1723	Коммерцияның жалпыға ортақ сөздігі, Париж к.		Кәсіпкер – өнім өндіру немесе құрылыш объектісі бойынша міндеттемені өз мойнына алатын адам.
1725	Ричард Кантільон		Кәсіпкер – белгісіздік жағдайларында шешім қабылдайтын және өз қажеттіліктерін қанағаттандыратын адам. Кәсіпкердің табысы – ол тәуекел үшін төлем.

1	2	3
1770	А. Тюрго	Кәсіпкердің тек қана белгілі бір акпараты гана емес, сонымен қатар капиталы да болуы керек.
1776	Адам Смит	Кәсіпкер – кәсіпорын иесі және тәуекелді коммерциялық идеяларды жүзеге асырушы. Негізгі функциясы – күнделікті шаруашылық қызмет барысында өндірісті ұйымдастыру мен басқару.
1797	Карно Бодо	Кәсіпкер – атқарылып жатқан іске жауапты тұлға ретінде кәсіпорын қызметін жоспарлайтын, бақылайтын, ұйымдастыратын және оның иесі. Оның белгілі бір интеллектуалдық деңгейі, яғни алуан түрлі акпараттар мен білім иесі.
1830	Жан Батист Сей	Кәсіпкерлік – бұл нарықтық кеңістіктің аталған нүктесіндегі өндіріс факторларының рационалды комбинациясы. Кәсіпкер – өндірістік бірлік аясында адамдарды ұйымдастыратын тұлға. Кәсіпкер өнім өндіру мен болу үрдісінің аясында қызмет атқарады, ал кәсіпкерлік қызмет негізін – өнім өндірісі мен откізууді ұйымдастыру қабілеті құрайды.
1876	Фрэнсис Уокер	Кәсіпкер – өзінің ұйымдастырушылық қабілеттері арқасында пайданы иеленетін тұлға.
1890	Альфред Маршалл	Әрбір қалаған адам кәсіпкер бола алмайды. Кәсіпкерлердің «табиги» таңдауы Ч.Дарвин ашқан табиги таңдауға сәйкес жүргізіледі.

1	2	3
1910	Макс Вебер	Кәсіпкерлік қызмет – рационалдылықты жүзеге асыру. (Рационалдылық деп ол функционалды тиімділікті, салынған қаражаттары мен жұмсалған күштерді және т.б. пайдаланудан түскен максималды табысты түсінген). Кәсіпкерлік негізінде протестантизмнің рационалды этикасы жатыр, ал әлемтандыштық, тәрбиешілік кәсіпкердің қызметіне маңызды әсерін тигізеді.
1911	Иозеф Шумпетер	Кәсіпкерлікте ең бастысы – инновациялық қызмет, ал кәсіпорын меншігіне деген құқық кәсіпкерліктің маңызды белгісі болып танылмайды. Кәсіпкер ретінде, өндіріс факторларының жаңа комбинацияларын жүзеге асыратын кез келген адам, акционерлік қоғамның қызметкери, мемлекеттік шенеунік және меншіктің әр түрлі нысанындағы кәсіпорын менеджері бола алады. Бастысы «...басқалар жасайтын іспен айналыспау» және «...басқалар жасайтындей етіп жасамау». Кәсіпкерлік статус тұрақсыз, өйткені нарықтық экономика субъектісі тек жаңашылдық функцияларын жүзеге асырган кезде ғана кәсіпкер бола алады, ал өз қызметінде күнделікті ұсак-түйек жұмыспен айналысқан кезде осы статусынан айралады.

1	2	3
1927	И.фон Тюнен	Кәсіпкер – ерекше қасиеттерді иеленуші (тәуекелге бара алатын, стандартты емес шешімдерді қабылдай алатын және өз іс-әрекеттеріне жауап берे алатын) және сондықтан да жоспарланбаган (күтпеген) табысқа үміткер. Кәсіпкер тәуекел үшін, сонымен қатар кәсіпкерлік өнері үшін табыс алуы керек. (Ескертетін жағдай, И. Тюнен кәсіпкердің жаңашыл болуы міндегі емес деп санаган).
1936	Джон Мейнард Кейнс	Кәсіпкер – шаруашылық жүргізушінің өзіндік әлеуметтік-психологиялық типі, ол үшін ең бастысы «... тек қана Вебердің рационалды калькуляциясы немесе Шумпетердің жаңашылдығы емес, белгілі бір психологиялық қасиеттердің жиынтығы». Негізгі кәсіпкерлік қабілеттер: тұтыну мен жинақтауды сәйкестендіру, тәуекелге бару қабілеті, белсенділік рухы, болашакқа деген сенімділік және т.б. Кәсіпкерлік қызметтің негізгі мотивтері – жақсыға, тәуелсіздікке ұмтылыш, муралерлерге байлық қалдыру.
1961	Дэвид Макклел- ланд	Кәсіпкер – шамага қарай тәуекел ету жағдайларында әрекет ететін белсенді адам.
1964	Питер Друкер	Кәсіпкер – кез келген мүмкіндікті максималды табыспен қолдана алатын адам.

1	2	3
1975	Альберт Шапиро	Кәсіпкер – ынталы, әлеуметтік-экономикалық механизмдерді үйымдастыратын, белгілі бір тәуекел жағдайларында қызмет ететін, мүмкін болатын сәтсіздік үшін толығымен жаупты болатын адам.
1980	Карл Веспер	Кәсіпкер – экономист, психолог, басқа кәсіпкерлер мен саясаткерлер көзқарасында әр түрлі мәнісіне тустанік.
1983	Гиффорд Пиншо	Инtrapренерлік – фирмаішілік кәсіпкерлік. Инtrapренердің жаңа кәсіпорынды құрайтын антрепренерден ерекшелігі, ол қолда бар кәсіпорын жағдайында жұмыс істейді.
1985	Роберт Хизрич	Кәсіпкерлік – құны бар жаңа бір нәрсени құру, ал кәсіпкер – осының барлығына уақытты мен бар күшін жұмсайтын, қаржылық, психологиялық немесе әлеуметтік тәуекелді өз мойнына алатын және соның арқасында сыйақы ретінде ақша мен қол жеткізгені нәтижесі үшін қанағатқа кенелетін адам.
1988	М. Алле	Кәсіпкер шаруашылық жүргізуі нарықтық үйымдастыруда жетекші рөлді иемденетін адам.
1993	Т.Ю. Горькова	Кәсіпкер – бизнесегі жетекші фигура, ол өз міндеті ретінде өндірістің барлық факторларын бірегей шаруашылық үрдіске біріктіруді мойнына алады.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерден кәсіпкерлік ұғымы әр түрлі көзқарастар түрғысынан қарастырылады: шаруашылық жүргізу стилі ретінде, нарық жағдайында қызметті үйымдастыру

мен жүзеге асыру үрдісі ретінде, нарық субъектілерінің өзара әрекеттесуі ретінде және т.б.

Әр түрлі козқарастарды талдай отырып, кәсіпкерлік қызмет – бұл инновациялық тәуекелді тәсіл негізінде, өндіріс факторларын оңтайтыру түрғысынан сипатталып, адамның ерекше қабілеттерін жүзеге асыру деген тұжырым жасауға болады. Кәсіпкер өндірісте жаңа техника мен технологияны қолданады, сәбекті жаңаша үйымдастырады, жаңашылдық түрғысынан басқарады. Ол өнім өндірудің шығындарының төмендеуіне әкеледі, оның негізінде баға белгіленеді. Кәсіпкер маркетингтік қызметті максималды тиімді түрде үйымдастырады. Ол нарықты басқалардан жақсы анықтайды, өндіріс құралдарын қандай нарықтық сегментте сатып алған тиімді екенін және дер кезінде өнімге деген тиімді төлем қабілеттілік пен сұраныстың болатындығын нақты анықтайды. Нәтижесінде ол әдеттегі шаруашылық жүргізушілерге қарағанда көп пайда табады. Сонымен қатар, кәсіпкер үнемі тәуекелге барады. Ол әдеттегідей тәуекелден қашпайды, керісінше оған саналы түрде барады. Оның себебі басқалар сиякты осы тәуекел үшін отемақы алуудың орына үлкен табыс табуга ұмтылады.

Кәсіпкерлік табыс деп ең алдымен, қосымша табысты, басқарудан түскен табысты, кәсіпкердің табиғи қасиеттері немесе сыртқы жағдайларға байланысты өндіріс факторларын жаңа түрғыдан үйлестіру мен ерекше талдау қабілеттерінің арқасында түсетін артық қаражаттарды түсіну керек.

Кәсіпкерлік қызмет – белгілі бір функцияларды жүзеге асырумен байланысты екенін ескере отырып, мұндай қызметті пайда алу мен қогамның (оның мүшелерінің) экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қажеттіліктерін қанагаттандыру мақсатында тауарлар мен қызметтердің үздіксіз, үнемі жаңартылып отыратын үдайы өндірісін жоспарлау, үйымдастыру және жүзеге асыру үрдісі ретінде сипаттауға болады.

Кәсіпкерлік қызмет келесідей жолдармен жүзеге асырылады: 1) қандай да бір тауарды, өнімді немесе қызметті тікелей өндірумен; 2) продуценттен (өндірушіден) тұтынушыға тауарды жеткізу бойынша делдалдық функцияларды жүргізу жолымен.

Кәсіпкерлік қызмет – өзіндік ынтаға, жауапкершілік пен инновациялық кәсіпкерлік идеяға негізделген, пайда табуға бағытталған, қызметтің ерекше түрі.

Кәсіпкерлік идея – қандай да бір нақты экономикалық нысандық көрінісі бар, өндірушінің айқындалған мүмкіндігі мен қызыгушылығын сипаттайты. Мұндай қызыгушылықты анықтау, кәсіпкер мүмкіндіктерін нарық қажеттіліктерімен сәйкестендіру, немесе нарық қажеттіліктерін кәсіпкер мүмкіндіктерімен сәйкестендіру жолымен жүзеге асыруға болады.

Кәсіпкерлік экономикалық белсенділіктің ерекше түрі болып табылады, ойткені оның бастапқы сатысы, әдетте тек идеямен, ал кейіннен материалдық нысанға айналатын, ойлау қызметінің нәтижесімен байланысты.

Кәсіпкерлік жаңа тауар өндірісі, қызмет ету аясын аудистыру немесе жаңа кәсіпорынды құру түргысынан болын, инновациялық жағдайдың міндетті түрде болуымен сипатталағы. Өндірісті, сапаны басқарудың жаңа жүйесі, өндірісті үйымдастырудың жаңа әдістері немесе жаңа технологияларды енгізу – бұл да инновациялық жағдайлар.

Кәсіпкерлікті құрамдас жүйе ретінде қарастырган дұрыс:

- новаторлық инновациялық қызметті кәсіпкерліктің функциясы ретінде;
- кәсіпкерлік іс-әрекет оның функциясын атқаруышы және жүзеге асыруышы механизм ретінде.

Кәсіпкерлік қызметтің әрбір үлгісінің нәтижесі болып, кәсіпкердің алдына қойған мақсаттарға қол жеткізуі болып табылады. Кәсіпкерлік қызметтің негізгі мақсаттары ретінде келесілерді айтуда болады:

- кәсіпкерліктің қандай да бір объектісіне салынған капитал, қаржылық, ресурстық және материалдық қаражаттарынан пайда табу;
- қоғам мүшелерінің, мемлекеттің немесе аймақтың нақты қажеттіліктеріне деген сұранысын қанағаттандыру;
- өндірістік немесе делдалдық қызмет барысында мақсаттардың аясы үлғаюы мүмкін. Мысалы, төмендегідей мақсаттар туындауы мүмкін:
- жаңа нарыктарды жаулап алу және өндірісті дамыту үшін акша қаражаттарын жинақтау;

- үйым қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайларын жақсарту;
- үйым өніміне деген тұтынушылар сұранысын оңтайландыру;
- қоғамның моральдық және этикалық нормаларын жақсартуға, тұтыну мәдениетін жақсартуға және т.б. көмек көрсету.

Кәсіпкерлер – коммерциялық мүмкіндіктерді көре алатын, қажетті капиталға қол жеткізуге байланысты қажет операцияны қалай откізу керектігін билетін және тәуекелге бара алатын, табыс пен сәтсіздік үшін жауапкершілікті өз мойнына жүктей алатын іскерлік әлемдегі адамдар. Кәсіпкерлік – бұл жаңа идеяларды жүзеге асыру мақсатында қандай да бір материалдық күндылықтарды толығымен немесе жартылай түрде қолдана отырып, оларды бизнесті үйымдастыру үшін ұтымды пайдаланатын мүдделі және ынталы адамның интеллектуалды және іскерлік қарым-қабілеті. Кәсіпкерлік – бұл табыс әкелетін, кез келген өз бетінше жүргізілетін іс.

Кәсіпкерліктің мәні оның қагидаларымен жақсы сипаттады: адам мұддесіне бағыттау, өнімді сатып алушыға сапалы қызмет көрсету, фирманиң ішкі мәдени ортасын жақсы деңгейде ұстау және қорғау, серіктестік арасында өзара сыйластық рухын ұстану мен қолдау, үнемі алдыңғы қатарда жұмыс істеуге деген ұмтылыс. Кәсіпкерлік макро-мезо-микро деңгейлерде нақты әлеуметтік-экономикалық ортада жүзеге асырылады. Демек, жогарыда аталған ортада туындал, қалыптасады және дамиды. Оның ерекшеліктеріне байланысты жұмыс істейді, оған бейімделеді. Сондықтан, кәсіпкерлік осы органың өнімі болып табылады. Яғни, кәсіпкерлік – бұл өзіндік ынта-жігерге, жауапкершілік пен инновациялық кәсіпкерлік ортага негізделген, экономикалық белсенділіктің (біз табыс табуга бағытталған мақсатты қызмет деп сипаттайтын) ерекше түрі.

Осылайша, кәсіпкердің мақсаты тұтынушыны «жаулап алу», өзінің өнімін тұтынушыларының ортасын күру қажеттілігі болып табылады.

Мақсаттарға кол жеткізу үшін кәсіпорынның ағымдық немесе болашақ саясаты шегінде кәсіпкерлік қызметтің

нақты міндеттері анықталады және шешіледі. Ұйым саясаты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың әдістері мен бағытын, коршаған ортаның қалыптасқан немесе оның өзгермелі жағдайларында ұйымның тиімді мінез-құлқын қамтамасыз ететін жағдайын, стилін анықтайды.

Кәсіпкерлік қызметтің міндеттері мен қойылған мақсаттарға қол жеткізуге септігін тигізетін шешімдерді екі бағытқа бөлуге болады. Бірінші бағыт – шешімі кәсіпкердің инновациялық қызметінің табысын қамтамасыз ететін міндеттер кешені, екінші бағыт – шешімі жүзеге асырылған немесе енді ғана жүзеге асырылып жатқан өндіріс үрдісінің немесе делдалдық қызметтің тиімділігін қалыптастыратын міндеттер кешені.

Мысалы, пайданың осуіне қол жеткізу үшін келесідей міндеттер кешенін шешуді талап етеді: өндіріс үрдісін оған қажетті факторлармен қамтамасыз ету, каржыландыру көздерін іздестіру; бәсекенің өзгермелі жағдайларында кәсіпорының тұрақтылық деңгейін анықтау; онім сатып алушылардың немесе клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру; онім сату қолемін көбейту; қызметкерлер санын төмендешу; маркетингтік стратегияларды әзірлеу; жабдықтаушыны таңдау; бизнес бойынша серіктесті таңдау; ұйым өтімділігін арттыру; коршаған ортанды шараларды ұйымдастыру және т.б.

Кәсіпкерлік қызметтің экономикалық мәні айқын немесе сұранысты толығымен қанағаттандыру мақсатында өндіріс факторларының жаңа тұрғыдан үйлестіру (өнімді, технологияны, ұйымдастырушылық тәсілдерді жаңарту) әдістерін іздестіру мен жүзеге асыру болып табылады.

1.2. Кәсіпкерліктиң функциялары

Нарықтық экономика жүйесінде кәсіпкерлік – жалпыэкономикалық, ресурстық, шығармашылық-ізденушілік (инновациялық), әлеуметтік, ұйымдастырушылық функцияларды атқарады.

Жалпыэкономикалық функция кәсіпкерлік ұйымның өз атынан және жеке меншіктегі мүліктік жауапкершілігімен дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлға ретінде қызмет ететін кәсіпкерлік ұйымдардың объективті рөліне негізделген.

Кәсіпкерлік қызмет тауарлар (жұмыстар, қызметтер) өндіруге бағытталған және нарықтық экономиканың экономикалық заңдары (сұраныс пен ұсыныс, бәсеке, құн және т.б.) жүйесінің әсері арқылы жүзеге асырылады. Бұл түргыда, ол оның жалпыэкономикалық функциясының байқалуының объективті негізі болып табылады. Кәсіпкерліктің дамуы экономикалық өсудің, ұлттық табыс пен жалпы ішкі өнім көлемін көбейтудің анықтаушы шарттарының бірі. Сонымен қатар, бұл фактор шаруашылық қатынастар жүйесінде кәсіпкерліктің жалпыэкономикалық функциясының көрінісі ретінде анықталады.

Ресурстық функция кәсіпкерліктің маңызды функциясы болып табылады. Кәсіпкерліктің дамуы ұдайы өндірістің қарқынына, сонымен қатар шектеулі ресурстарды тиімді пайдалануға байланысты болады. Бұл жағдайда ресурстар кұрамына материалдық және материалдық емес өндіріс факторларын, олардың жұмыс істеу жағдайларын, атап айтқанда: еңбек ресурстарын, жерді және табиғи байлықтарды, өндіріс құралдары мен ғылыми жетістіктерді, сонымен қатар кәсіпкерлік қабілетті және т.б.ресурстарды қамтиды.

Кәсіпкердің жоғары табыстарга жетуі, егерде ол ғылыми-техникалық идеяларды, өзі қызмет істеп жүрген сферадагы жаңашылдықтарды жүйелі түрде жинау арқылы, оларды білікті жұмыс күші мен ресурстарды ұштастыру жағдайында пайдалануына байланысты болады. Алайда максималды табыстың (пайданын) соңынан тусу көбінесе ресурстарды тиімсіз пайдалануға алып келеді. Мұндай кәсіпкерлер өз қызметімен қоршаған ортага және түргындарға зиянын тигізеді. Осыған байланысты ресурстық функцияны дұрыс қолданбағаны үшін кәсіпкерлердің жауапкершілік нысандарын анықтайтын мемлекеттің реттеуші рөлі ерекше маңызға ие болады. Кәсіпкерліктің бұл функциясы бір-бірін толықтыратын басқа да функциялармен тығыз байланысты. Ол қабылданған шешімдер жағдайынан, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің экономикалық еркіндігі деңгейінен шығады.

Әлеуметтік функция әрбір қабілетті тұлғаның іс-әрекет жүргізуші ретінде, өзінің дара талантын және мүмкіндіктерін

корсетумен сипатталады. Кәсіпкерліктің бұл функциясы белгілі бір іс бастауга қабілеті бар, өз бетінше шаруашылық экономикалық қызметті жүргізуге, өз ісін ашып жұмыс жүргізе алатын, қойылған мақсатқа жете алатын адамдарды қалыптастыруда танылады. Бірақ та өз кезегінде, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан кәсіпкерлік кәсіпорындардың тұракты қызмет етуіне тәуелді жалдамалы қызметкерлер саны артуда.

Кәсіпкерлік кәсіпорындар тиімдірек қызмет еткен сайын, әр түрлі деңгейдегі бюджеттік жүйе мен мемлекеттік бюджеттен тыс әлеуметтік қорларға түсетін түсімдердің мөлшері көп болады. Кәсіпкерліктің дамуы жұмыс орындары санының көбеюін, жұмыссыздық деңгейінің төмендеуін, жалдамалы қызметкерлердің өмірлік деңгейі мен әлеуметтік жағдайының артуын қамтамасыз етеді.

Кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық функциясы кәсіпкерлермен өз ісін ұйымдастыру туралы өз бетінше шешім қабылдауында, кәсіпкерлік басқаруды қалыптастыруда, күрделі құрылымдарды құруда, кәсіпорын стратегиясының өзгеруінде және т.б. жұмыстарды ұйымдастыруда байқалады. Ұйымдастырушылық функция әсіресе шагын және орта бизнестің тез дамуына, сонымен қатар «ұжымдық» (желілік) кәсіпкерліктің дамуына ерекше әсер етеді.

Осылайша, кәсіпкерліктің мәні жоғарыда аталған оның барлық функцияларын кешенді қолданған жағдайда айқын көрінеді. Бұл жағдай қалыптасқан және дамыған кәсіпкерлікке тән. Сонымен қатар, кәсіпкерлік жұмыс субъектілерінің тиімді қызметімен қатар мемлекет тараپынан қолдауға да байланысты.

1.3. Кәсіпкерлік қызметтің субъектілері мен объектілері

Кәсіпкерлік субъектілер азаматтар (жеке тұлғалар) мен заңды тұлғалар болып табылады.

Азаматтар заңды тұлға күрмай-ақ, қызмет ететін кәсіпкерлік қызметпен айналысадын жеке тұлғалар ретінде, сонымен қатар шаруашылық серіктестіктерді құруға тікелей қатысадын жеке тұлғалар ретінде де кәсіпкерлік қызметке қатысушылар бола-

алады. Кәсіпкер болып Қазақстан Республикасының әрекет етуде қабілеттілігі бар кез келген азамат бола алады.

Азаматтардың құқық қабілеттерінің мазмұны Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен бекітілген:

- белгілі бір меншікті иелене алады, мүлікті мұрагерлікке алады және мүлікті мұрагерлікке қалдыра алады;
- кәсіпкерлік қызметпен немесе заңмен тыйым салынбаган басқа да қызметпен айналыса алады;
- өз бетінше немесе басқа азаматтармен және заңды тұлғалармен біріге отырып заңды тұлғаларды құра алады;
- заңға қайшы келмейтін кез келген мәмілені жасай алады және міндеттемелерді орындауга қатыса алады;
- тұргылықты орнын өз бетінше таңдай алады;
- гылым, әдебиет және өнер туындыларының, сонымен қатар басқа да заңмен қорғалатын интеллектуалды мешік нәтижелерінің авторы құқығын иелене алады;
- басқа да мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие бола алады.

Осылайша, әрекет етуге қабілеттілігі бар азаматтарға кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін заңмен құқықтар берілген, сонымен қатар заңмен тыйым салынбаган қызметтің кез келген түрін таңдаудына мүмкіндігі бар.

Бірқатар заңнамалық актілерде кейбір қызметкерлерге кәсіпкерлік қызметпен айналысуға шектеулер қойылған. Мысалы, мемлекеттік басқару органдарының лауазымды тұлғаларына томендеғідей қызметпен айналысуға болмайды:

- өз бетінше кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;
- өз меншігінде кәсіпорынға ие болуга;
- шаруашылық серіктестіктің немесе қоғамның жалпы жиналышында шешім қабылдау барысында өз бетінше немесе екілдері арқылы оларға тиесілі болатын акциялармен, салымдармен, пайлармен, үлестермен дауыс беруге;
- шаруашылық жүргізу субъектісінің басқару органдарында белгілі бір лауазымға ие болуга.

Кәсіпкерлік қызметпен айналысуға адамдардың, полиция, салық органдарының қызметкерлепі, сонымен катар азаматтардың кейбір басқа да ғызметкерлердің бойынша құқықтары жоқ.



Әрекет етуге қабілеттілігі бар деп танылған тұлғалар белгілі бір тәртіпте, заңды тұлға құрмай-ак дара кәсіпкерлікпен айналыса алады. Сонымен қатар осы мақсатпен заңды тұлғаларды өз бетінше немесе басқа азаматтармен және тұлғалармен біріге отырып құра алады. Заңды тұлға құрмай-ак, кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін азамат белгіленген тәртіп бойынша – дара кәсіпкер куәлігін алуды, ал сауда жасау үшін – патент алуды керек.

Кәсіпкерлік нарықтық экономикада жалпыэкономикалық және әлеуметтік-экономикалық үрдістердің айнымас бөлігі ретінде сипатталады.

Кез келген ұйымдастыруышылық-құқықтық нысанда кәсіпкерлік үрдістің негізгі субъектісі кәсіпкер болып табылады. Бірақ, кәсіпкер – жалғыз субъект ғана емес. Бұл категорияга тұтынушы (негізгі контрагент ретінде), мемлекет, сонымен қатар жалдамалы қызметкерлер мен бизнес жүйесіндегі әріптестер де жатқызылады.

Кәсіпкер мен тұтынушының өзара қарым-қатынастарында алғашқысы белсенді субъект категориясына, ал тұтынушы пассивті рөл атқарады.

Тұтынушы кәсіпкерлік үрдістің индикаторы рөлін орындауды. Оның себебі, кәсіпкер қызметінің нәтижесі, тек дайын өнімді сатып алатын нақты тұтынушының оң сараптамалық (эксперттік) бағалауынан кейін ғана жүзеге асырылады. Өз қызметін жоспарлау және ұйымдастыру барысында кәсіпкер тұтынушының көңіл-күйін, қалауларын, мұдделерін, күтетін нәтижелерін ескеруі керек.

Нарықтық жүйе қатынастары жағдайында кәсіпкер үшін тұтынушы мұдделеріне қарай қызмет етуден басқа жол жоқ. Бірақ, мұндай жағдай кәсіпкер тұтынушының мұдделерін ғана ескеріп қатаң түрде солармен жүруі керек дегенді білдірмейді. Тұтынушының өзі тұтынушы сұранысын қалыптастырып, жаңа сатып алушылық қабілеттерін дамыту қажет. Демек, кәсіпкердің негізгі мақсаты болып өзіндік тұтынушылар ортасын құру, тұтынушыны «жаулап алу» қажеттілігі болып табылады.

Егер қоғамдық өндіріс тұргысынан қараганда белсенді субъект рөліне кәсіпкер шығатын болса, кәсіпкерлік үрдіске

деген көзқарас жағынан, оның мазмұны мен тиімділігіне тұтынушы белсенді рөл атқарады, сондықтан да кәсіпкер осы жағдайды ескеруі керек.

Кәсіпкерлік үрдістің субъектісі ретінде мемлекеттің рөлі іскерлік белсенділік аясында қалыптасқан, нақты жағдайға және мемлекеттің алдына койылған мақсаттарға байланысты алуан түрлі болуы мүмкін. Осы түргыдан алғанда мемлекет:

- кәсіпкерліктің дамуы үшін қолайсыз жағдайды қалыптастыратын жағдайда, кәсіпкерлік дамуының тежеуіші болуы мүмкін;
- кәсіпкерліктің дамуына қарсы болмаса және оның дамуына септігін тигізбесе сырттай бақылаушы ретінде болады;
- кәсіпкерліктің «жандануына» әкелетін, жаңа агенттерді кәсіпкерлік үрдіске тартуга бағытталған шараларды тұракты және белсенді іздең, жүзеге асыратын жағдайда, кәсіпкерлік үрдісті жеделдетуші болады.

Кәсіпкерлік үрдістің жеделдетушісі ретінде мемлекет келесі функцияларды атқарады:

- кәсіпкерлік жүйесінің кадрларын кәсіби түргыдан даярлау мен тәрбиелеу аясы бойынша білім беру;
- іскерлік белсенділік аясында жақадан қосылған кәсіпкерлерді қаржылық түргыдан қолдау;
- кәсіпкерлер үшін жобаларды тиімді жүзеге асыруға қажетті қызметтерді көрсете алатын кәсіпкерлік инфрақұрылымды құру функцияларын атқарады.

Жалдамалы қызметкер, кәсіпкер идеясын жүзеге асырушы ретінде кәсіпкерлік үрдіс субъектілерінің тобына жатқызылады. Кәсіпкерлік идеяны жүзеге асырудың сапасы мен тиімділігі жалдамалы қызметкерге байланысты. Кәсіпкерлердің жоспарлары мен қызметкерлердің мүдделері сәйкес болуы керек. Нәтижесінде, пайда жоғары болған сайын, жалақы мен әлеуметтік төлемдер де жоғары болады. Жалдамалы қызметкерді кәсіпорынның коммерциялық мүддесіне тарту барысында қызметкер тек өзінің жеке нәтижелерімен қатар, ұжымдық қызмет нәтижелеріне де мүдделі болатын жағдайды қалыптастыру керек. Қызметкердің мұндай екі жақты мүддесін материалдық және моральдық түргыдан ынталылышын үйлестіре отырып жүргізуге болады.

Қазіргі кезде, әрбір қасіпкер еңбек болінісі нәтижесінде пайда болған, өндірістің жеткілікті түрде терең мамандануы жағдайында қызмет етеді. Нәтижесінде кез-келген қасіпкер өзара тиімді әріптестік байланыстарды қажет етеді. Тек осы жағдайда ғана ол біртұгас өндірістің үрдістің белгілі бір сегментінің шектерінде ғана іс-әрекет ете алады.

Касіпкерлік қызметтің объектілері ретінде адамдар өзінің алуан түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын игіліктерді айтуға болады. Игіліктер ретінде материалдық заттар мен объектілер (оларды материалдық игіліктер деп те атайды), сонымен қатар белгілі бір тұлғаның қажеттілігін орындау үшін атқарылатын жұмыстары мен қызметтерін (оларды материалдық емес игіліктер деп те атайды) айтуға болады.

Материалдық игіліктер әрқашанда заттық (нысандастық) түрде болады және адамның сезім мүшелеріне әсері арқылы байқалады. Олардың қатарына ауа, су, тамақ, киім, тұрғын үй, басқа да заттар мен нысандарды жатқызуға болады.

Адамдар өмір сүру барысында қолданылатын материалдық игіліктер, өзара алуан түрлі белгілері бойынша ерекшеленеді. Төмендегідей материалдық игілік түрлерін атап көрсетуге болады:

- табиги және адамдардың іс-әрекетімен өндірілген;
- тұтынушылық және инвестициялық;
- жеке және қоғамдық;
- ұдайы өндірілетін және ұдайы өндірілмейтін (ерекше).

Табигаттың дамуынан ауа, су, жер пайда болды. Бұл – адамдардың өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ететін табиги материалдық игіліктер. Оларсыз адамның өмір сүруі мүмкін емес. Бірақ, адам табигат туындаған заттарды (шикізатты) өндеу барысында өзіне қажетті нақты заттарға айналдыра алады. Олар өндірістік қызмет нәтижесінде пайда болғандықтан сәйкесінше өндірілген материалдық игіліктер деп аталады.

Жеке, жануялық, топтық, ассоциацияланған тұтынушыларға арналған табиги немесе өндірілген материалдық игіліктер тұтынушылық игіліктер деп аталады. Оларға тұрмыстық техника, жиһаз, киім, азық-түлік тағамдары және т.б. жатады.

Инвестициялық материалдық игіліктерге басқа да материалдық игіліктерді өндіру, қызмет көрсету және жұмыстарды орындау үшін қажетті шикізат, машиналар, құрал-жабдықтар жатады. Мысалы, шикізатты немесе дайын өнімді тасымалдау үшін қажетті автокөлік құралдарын инвестициялық материалдық игіліктерге, ал жанұялық тұрмыста қолданылатын – тұтынушылық игіліктерге жатқызуға болады.

Материалдық игіліктердің иесінің сипатына байланысты, материалдық игіліктер жеке және қоғамдық деп екі түрге бөлінеді. Мысалы, жеңіл автомобиль – бұл жеке игілік. Ал азаматтарды тасымалдауга арналған автопарктің көліктері қоғамдық игілік болып табылады.

Материалдық игіліктер үнемі өндіріліп келе жатқан және ерекше өнім түрінде де болуы мүмкін. Ерекше материалдық игілік оның техникалық ерекшеліктеріне, құрделілігіне байланысты. Ал үнемі өндірілген игіліктер оны өндіруге қажетті тетіктердің, жағдайлардың қалыптасуы мен дамуынан туындаиды.

Материалдық емес игіліктердің заттық нысаны жоқ. Олар адам үшін көрсетілген пайдалы қызмет немесе орындалған жұмыс нәтижесінің тиімділігіне байланысты.

Қызмет көрсету аясы білім беру, медицина, спорт, мәдениет, демалыс және т.б. сияқты қоғамдық өмір сүру аяларының негізін құрайды. Сонымен қатар, қызмет көрсету жүйесі басқа да салаларда (техникалық сервистік қызмет көрсету, бағдарламалық камсыздандыруды енгізу қызметтері) жүргізіледі.

Жұмыстарды орындау процедуралары кез келген обьектілердің құрылышы (құрылыш жұмыстары), жөндеу (жөндеу жұмыстары) үрдістерінде және т.б. жұмыстарда кездеседі.

Қажеттіліктердің игіліктерге сәйкестік критерийі бойынша еркін және шектеулі игіліктер деп екіге бөліп көрсетуге болады. Еркін немесе үнемі қолжетімді игіліктер болып әрқашан сұранысты қанағаттандыруға мүмкін болатын игіліктерді айтады. Оларға күнделікті жағдайларда қолданылатын кейбір табиғи материалдық игіліктер (мысалы, ауа сияқты табиғи игілік) жатады.

Сонымен қатар материалдық және материалдық емес игліктер салыстырмалы шектеулі немесе абсолюттік шектеулі болып бөлінеді. Бұл жағдайда, оларға деген қажеттілік көлемдері ұсыныстан артады деген сөз. Игліктердің шектеулігі, аталған игліктердің мазмұнының шектеулігінде емес (мысалға, сүттің нашар дәмі немесе кинотуындының қызығушылық тудырмайтын сюжеті), қажеттілігі айқын игліктерді адамдардың қолдану мүмкіндігінің шектеулігінде.

Салыстырмалы немесе абсолюттік шектеулі материалдық және материалдық емес игліктердің болуы, адам қоғамында осы шектеуліліктің орнын толтырудың (женудің) объективті негізі болып табылады. Сондықтан да өнім өндіру, қызмет көрсету немесе жұмыстарды орындау аясында адамдардың қызметі негізінде басқа адамдар үшін де және өзінің де қажетті игліктерге қол жеткізу мақсатына байланысты жүргізіледі. Демек салыстырмалы немесе абсолюттік шектеулі игліктерге адамдардың колжетімділігін қамтамасыз ету, кәсіпкерлік субъектілерінің маңызды кәсіби функциясы болып табылады.

1.4. Кәсіпкерлікті ұйымдастыру қағидалары

Кәсіби түрғыдан кәсіпкерлік белгілі бір қағидалар бойынша ұйымдастырылады. Ол туралы кәсіпкерлік бизнестің тәжірибелі субъектілері жақсы біледі және өз қабілеттері мен қалауларына сай қолайлы істі іздеумен айналысатын жаңадан қалыптасып келе жатқан кәсіпкерлер бұл жағдайларды есте ұстауы керек. Латын тілінен аударғанда «қағида» сөзі негіз дегенді білдіреді. «Қағида» сөзінің жалпыфилософиялық мағынасы оны құбылыс мәнінің құрылымымен байланыстырады.

Кәсіби кәсіпкерлік қағидалары деп кәсіпкерлікте кәсіби табысқа қол жеткізуді қөздейтін барлық адамдар басшылыққа алуға міндетті, кәсіпкерлік бизнестің негізін құраушы элементтерін айтады. Аталған қағидалар объективті сипатқа ие және экономиканың тарихи және ұлттық ерекшеліктеріне тәуелсіз, адамдар қызметінің ерекше типі ретінде сипатталады.

Кәсіби кәсіпкерлік бизнес қағидалардың 5 тобы негізінде ұйымдастырылады және дамиды. Оларға мыналар жатады:

- 1) кәсіпкерліктің бағыттаушы қагидалары;
- 2) кәсіпкерліктің ынталандырушы қагидалары;
- 3) кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық-мінез-құлықтық қагидалары;
- 4) кәсіпкерліктің эволюциялық қагидалары;
- 5) кәсіпкерліктің жүйелік қагидалары.

1. Кәсіпкерліктің бағыттаушы қагидаларына бизнестің кәсіпкерлік бейімділігіне сәйкестігі қагидасын және бизнестің бәсекеге қабілеттілік қагидасын жатқызады.

Кәсіпкерлердің өмірде өзіне лайықты орынды іздеуі олардың кәсіпкерлік миссия деп аталатын арнаулы бағытына байланысты. Әр адам өзінің іскерлік карьерасының алғашкы кезеңі немесе ұзак үзілістен кейін кәсіпкерлікке келуі болсын, кәсіпкерлік миссиясын өзі анықтауы қажет.

Кәсіпкерлердің өз миссиясын орындауы олардың кәсіпкерлік бәсекеге қабілеттілігінің әлеуетіне тікелей байланысты. Бәсекеге қабілеттілік деп бәсекеге тұсу қабілеті дегенді түсінеді. Бәсекеге қабілетті кәсіпкерлер өнімді өндіру, қызмет көрсету, жұмыстарды орындау бойынша таңдалған сферадагы істі жүргізуге ғана емес, сонымен қатар бизнесті өз бәсекелестерінен нашар емес, керісінше мүмкіндігі бойынша олардан жақсы етіп жүргізуге де дайын болуы керек.

Кәсіпкерлік бәсекеге қабілеттіліктің әлеуеті (КБӘ) деп кәсіпкерлік бизнес субъектілерінің бәсекелік артықшылықтары мен кемшіліктерінің аракатынасын (өз бәсекелестерінен қай жағынан кем, қай жағынан артық екендігін) айтады. Әрбір кәсіпкер өз бәсекелестеріне қарсы тұруға және қарсы әрекет етуге міндетті. Кәсіпкерлік бизнес субъектісінің бәсекеге қабілеттілігі оның өз қарсыластарынан бәсекелік артықшылықтарын анықтап, оларды ұстап қалуға деген қабілетімен анықталады. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілік деңгейі, оның бәсекелік артықшылықтары мен кемшіліктерін қарсыластардың бәсекелік артықшылықтары мен кемшіліктерімен салыстыру жолымен анықталады.

Кәсіпкерлер (Кәсіпкерлік бәсекеге қабілеттіліктің әлеуеті) КБӘ құру мен арттыруға мүдделі. Өйткені олардың барлығы нарыққа енген кезден бастап-ақ бәсекелестік ортага қатысушы болады.

Кәсіпкерліктің кез келген субъектісінің КБӘ құрамына мыналар кіреді:

- кәсіпкерлердің жеке бәсекеге қабілеттілік әлеуеті;
- кәсіпкерлік фирмалардың институционалдық бәсекеге қабілеттілігінің әлеуеті.

Кәсіпкерлердің жеке бәсекеге қабілеттілік әлеуеті кәсіпкерлік бизнес субъектілерінің кәсіби қабілеттерінің, кәсіби құзыреттерінің және жеке қасиеттерінің жиынтығымен анықталады. Бұл әлеует кәсіпкерлер жағынан істерді жүргізу және нарықтағы карсыластарына төтеп беруге жұмсалады.

Кәсіпкерлік фирмалардың институционалдық бәсекеге қабілеттілігінің әлеуеті кәсіпорындардың материалдық және адами ресурстарының жиынтығымен анықталады. Бұл әлеуеттің типтік құрылымы әдетте келесідей міндетті элементтерден тұрады:

- кәсіпорындардың іскерлік қызметі құралдарының, енбек заттары мен технологияларының жиынтығы;
- құрылған және өткізілуге тиісті тауарлардың, сонымен қатар кәсіпкерлік фирмандың қаржы активтерінің жиынтығы;
- ұйымдастырушылық әлеуеті, оның ішінде фирмандың ұйымдастырушылық құрылымы, фирмашілік менеджменттің деңгейі, атапған фирмандың сыртқы коммуникацияларының болуы мен олардың жағдайы;
- кәсіпкерлік бизнес субъектісінің іскерлік жағымды беделі;
- кәсіпорын фирма қызметкерлерінің кәсіби қабілеттері;
- кәсіпорын иелерінің, оның қызметкерлері мен менеджерлерінің іскерлік әлеуетінің болуы;
- кәсіпкерлік бизнесті күшетуге және кәсіпорынның іскерлік қызметінің тиімділігін арттыруға деген алғышарттардың болуы.

2. Кәсіпкерліктің ынталандыруышы қагидаларына мыналар жатады:

- табыс нысандарының алуан түрлілік қагидасы;
- бизнесегі табыстырылған пен кәсіпкерлер қызметінің нәтижелілігін іскерлік ортада мойындаудың сәйкестілік қагидасы;

- «сәттілікті ұстауға» дайындалу қагидасы;
- мотивтердің алуан түрлілік қагидасы;
- бизнесстегі эгоистік және қоғамдық мүдделерді сәйкестендіру қагидасы.

Кәсіпкерлік бизнестегі ең маңызды түсініктердің бірі кәсіпкерлік жетістік болып табылады. Жетістік кәсіпкерліктің кез келген субъектісі қызметінің соңғы нәтижесін сипаттайты.

Бизнес субъектісінің кәсіпкерлік жетістікке жетуі оның іскерлік қызметінің ең жоғары деңгейін, өзінің бәсекеге қабілеттілігінің әлеуетін толық жүзеге асыруын және өзінің кәсіпкерлік миссиясын орындаудың білдіреді.

Жетістік түсінігімен қатар кәсіпкерлікпен айналысудан түсken табыс және бизнестегі тиімділік сияқты маңызды түсініктерге де байланысты. Егер кәсіпкерлердің іс-әрекеті табысқа жеткізсе, онда бизнес тиімді болып саналады. Сонымен қатар, кез келген бизнес егерде тиімділікті қамтамасыз стетіндегі болса ғана табысты болады. Пайда табу адамдарды іскерлік қатынастарды жасауға итермелеп отырады. Бизнес аясы бойынша серіктестерді таңдау, бизнес түрлері мен мәміле жасаудың ұтымды сипаттары тиімділікті жоғарылатуға әсер етеді.

Кез келген кәсіпкерлік жетістік сандық түргыдан жетістік метрикаларының көмегімен анықталуы мүмкін. Әдетте олар кәсіпкерлік бизнес тиімділігінің немесе бизнесті жүргізуге деңгеш шығындар тиімділігінің алуан түрлі көрсеткіштерімен сипатталады.

Әр түрлі жағдайларға байланысты жетістіктер төмендегі түрлерге болінеді:

- ағымдық (аралық) және соңғы;
- қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзак мерзімді;
- іскерлікке лайықты және лайықсыз жетістіктер.

Жетістікке жету үшін кәсіпкерге екі бірдей міндетті шешуге тұра келеді. Бір жағынан, ол өз қызметінің қоғами түргыдан кең танылуына ұмтылады. Екінші жағынан – ол бәсекелік оргада алға шыгуға бар мүмкіндігін жұмсайды. Қоғамдық аяда танылу негізінде кәсіпкерліктің аталған субъектісі бәсекеге қабілеттілік әлеуетін ең ұтымды түрде пайдалана алғандығын және оны ары қарай күшету үшін жағдайлары бар легенді білдіреді.

Бизнес субъектілерінің жетістікке жетуі олардың кәсіпкерлік идеалы – кәсіпкерлік миссиясын қалыптастыру үрдісінде, істі бастау қарсаңында, әрқайсының көз алдына, бизнестің ең жоғары қолжетімді бейнесі белгілі болады. Ол адамдардың кәсіпкерлікпен айналысуға деген мотивтерінің алуан түрлілігіне негізделеді. Олардың ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады: экономикалық, әлеуметтік, психологиялық, физикалық және гуманисттік (этикалық, философиялық және эстетикалық) мотивтер.

Экономикалық мотивтерге кәсіпкерлік субъектілерінің жоғары табыстарға, дамудың тұрақты қарқынына қол жеткізу, бәсекеге қабілеттілікті арттыру, каржылық жағдайды жақсарту сияқты көрсеткіштер кіреді. Кейде кәсіпкерлер бизнесте тек пайда мотивін басшылыққа алады, сонымен қатар табыс табу идеалдары пайдамен байланысты деп санайды. Шын мәнінде пайда мотиві кәсіпкерлік субъектілері үшін маңызды мәнге ие, алайда бұл экономикалық мотивтерінің ішіндегі жалғыз фактор болып калмайды.

Кәсіпкерлікпен айналысуға деген адамдардың әлеуметтік мотивтері әлеуметтік тиімділікке, ең алдымен бизнеспен айналыса отырып, кәсіпкерлердің қарым-қатынасқа деген объективті қажеттілігін жүзеге асыратындығымен, өмірлік тәжірибе алмасуларымен, әлеуметтік статусқа және қоғамдық танылуға ие болатындығымен, белгілі бір әлеуметтік қатынастарға қатысумен анықталады.

Кәсіпкерлік қызметпен айналысуға деген адамдардың физикалық мотивтері бизнес субъектілерінің физикалық мүмкіндіктерін жүзеге асыруға, организмнің маңызды ресурстары болып табылатын физикалық, психикалық және интеллектуалдық энергияны толығымен жұмсауга деген үмтүлісімен сипатталады.

Кәсіпкерлік қызметпен айналысуға деген адамдардың гуманисттік мотивтері бизнеске қатысада әрбір адамның тұлға ретінде дамуга, өмірдің мәнін түсінуге, этикалық және эстетикалық жайлышыққа қол жеткізілетіндігімен сипатталады.

3. *Кәсіпкерліктің үйымдастырушылық-мінез-құлықтық қагидалары* бизнесті үйымдастыруды және кәсіпкерлік бизнес

субъектілерінің сипаттамасын анықтайды. Оларға мыналар жа-
тады:

- кәсіпкерлік бизнестің үйлесімді логикасының қағидасы;
- бизнесе бәсеке мен ынтымақтастықты сәйкестендіру қағидасы;
- мінез-құлықтың стратегиялық, тактикалық және жағдайлық деңгейлерін сәйкестендіру қағидасы.

Бизнестің үйлесімді логикасы келесідей қағидаларға негізделеді:

- бизнестегі өз мұдделерін түсіне білу, өз танылуын түсіну, кәсіпкерлік миссияны, бизнестегі жетістігі туралы идеалдық түсініктерді, бизнеске ену мақсаттарын қалыптастыру;
- бизнестегі мұдделердің қарала-қайшылығы мен қар-
сыластарының іс-әрекеттері жағдайында жетістікке жету, жеке
және институционалдық бәсекеге қабілеттіліктің талаптарына
сай қызмет жасау;
- өз мұдделерін қорғай отырып, әрбір кәсіпкер қоғамдағы
мұдделердің алуан түрлілігімен санау;
- қызметпен алмасу нәтижесінде бәсекелік артықшылық-
тар мен бәсекеге қабілеттілікке, өз жетістіктерінің қоғамдық
танылуы негізінде тиімділік пен табысқа қол жеткізуге деген
ұмытылыс;
- заңмен, іскерлік айналым дәстүрлерімен және іскерлік
қатынастардың этикасымен рұксат етілген немесе тыйым
салынбаган кәсіпкерлік мінез-құлықтың түрлерін, әдістерін, ны-
сандары мен тәсілдерін қолдану.

Бизнесті үйымдастыру үрдісінде кәсіпкерлердің страте-
гиялық, тактикалық және жағдайлық деңгейлерін бөліп
корсетеді. Стратегиялық деңгейде кәсіпкерлер ұзак мерзімді
жетістікке бағытталған бизнес стратегиясын анықтайды. Әдетте,
кәсіпкерлер бизнес-жоспарларды қалыптастыра отырып,
мұндай сұраптарға жауап беруге тырысады. Олар кәсіпкерлік
миссиясын жүзеге асырудың маңызды қуралы болып табыла-
ды. Бизнес-жоспарларды құрастыру барысында әрбір кәсіпкер
өзінің бәсекеге қабілеттілігінің әлеуетін мүқият талдайды,
бәсекелестерді зерттейді, нарық талаптарына сай болатын өз
бизнесінің стратегиялық мақсаттарын қалыптастырады.

Тактикалық деңгейде кәсіпкерлер нақты, өзара байланысты іс-әрекеттер тобын орындауды: қызметкерлерді басқарады, мәмілелер жасайды, инвестицияларды жүзеге асырады, жобалардың презентациясын еткізеді, фирмаларды ашады және жабады. Жағдайлық деңгейде кәсіпкерлер нақты осы уақыттағы міндеттерді (кейде олар «айналып жүр» деп айтады) шеше отырып, сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түседі.

4. *Кәсіпкерліктің эволюциялық қагидаларына мыналар жатады:*

- бизнестің қарапайым нысандарынан курделі нысандарына қарай сатылы даму қагидасы;
- нарыққа бағытталған экономикадағы бизнестің тарихи ерекшелік қагидасы;
- капиталдың бастапкы қорлану қагидасы.

5. *Кәсіпкерліктің жүйелік қагидаларына мыналар жатады:*

- кәсіпкерлік бизнестің жүйелілік қагидасы;
- интегративті (жүйелік) қагидалары негізінде бизнес тұрақты дамыту қагидасы;
- бизнестегі орталыққа жинақтау және орталыққа ұмтылу қагидасы;
- бизнестің ұлттық модельдерінің алуан түрлілік қагидасы;
- мемлекеттік шекараларды білмейтін, әлемдік жүйесіндеңдегі бизнесті қалыптастыру қагидасы.

«Кәсіпкерлік бизнес жүйесі» түсінігі маңыздығының категориялардың бірі болып табылады. Жүйе деп бірегей дамушы, өзара байланысқан элементтердің жиынтығын айтады. Барлық жүйелер біргұтас және тұрақты, ол жүйелердің тұрақты даму шарты болып табылады.

Қазіргі кәсіпкерліктің жүйелі белгілері мыналар болып табылады:

- кәсіби құзыреттілік – фирмаларды, сонымен қатар ұжымдық фирмалардагы акциялар мен үлестерді құру, сату, сатып алу, фирма ісін жүргізу, бизнестің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бәсекелік іс-әрекеттерге басшылық ету, әріптестер, клиенттер, контрагенттер, қызметкерлер, қоғам алдындағы міндеттемелерді орындау, оның ішінде салық төлеу аясындағы кәсіби білім, қабілеттер;

- тұрақтылық, ол кәсіпкерлердің бәсекеге қабілеттілігі мен қоғамдық танылуы негізінде бизнесті тұрақты, ұдайы дамытып отыру арқасында қамтамасыз етіледі;
- динамиzm, ол бизнестің барлық субъектілерінің мұдделері мен заңды құқықтарын ескере отырып бәсекелік артықшылықтарды үнемі арттыру қажеттілігі, кәсіпкерлердің ынталасы арқасында қамтамасыз етіледі;
- бүтіндік, бизнестің барлық субъектілерінің өзара тығыз байланыстылығы арқасында қамтамасыз етіледі;
- әлеуметтік сипат, ол қазіргі кәсіпкерлік бизнестің, адамдар арасындағы қатынастардың барлығын қамтитындығымен және қоғамдағы мұдделер келіспеушілігін женуге бағытталғандығымен анықталады;
- өзін-өзі реттеуіш сипат, ол дамудың ішкі ресурстарына, міндеттемелерді адал орындауга, заңды, қоғамда қабылданған іскерлік айналым дәстүрлөрі мен этикалық нормаларды ұстануға, ескілерді женуге негізделген.

1.5. Кәсіпкерліктің қалыптасу және даму шарттары


Кәсіпкерлер кәсіпкерлік жобалар мен келісімшарттарды жүзеге асыруға, сонымен катар пайда (табыс) алуға, қойылған мақсаттарды жүзеге асыруға және табыска қол жеткізуге мүмкіндік беретін, алуан түрлі (объективті және субъективті) факторлардың үйлестірілген жиынтығын құрайтын, белгілі бір жағдайларда қызмет етеді. Үйлестірілген күрделі жүйе ретінде кәсіпкерлік орта кәсіпкерлерге тікелей байланысты болмайтын сыртқы және кәсіпкерлердің тікелей қалыптасуымен қалыптасатын ішкі ортага бөлінеді.

Кәсіпкерлік орта өндіруші күштерді дамыту, өндірістік (экономикалық) қатынастарды жетілдіру, қолайлы қоғамдық және мемлекеттік менталитетті құру, кәсіпкерлердің өмір сүру (қызмет ету) ортасы ретінде нарықтың қалыптасуы және тағы да басқа маңызды жағдайлар негізінде қалыптасады.

Тиімді кәсіпкерлік орта кәсіпкерліктің дамуының алғашқы және анықтаушы шарты ретінде қажетті экономикалық еркіндікті, ал екінші шарты ретінде үйымдастыруышылық-шаруашылық тұрғысынан жаңашылдықты қамтамасыз етуі

керек. Қандай да бір дәрежеде кәсіпкерлік ортасың бұл екі маңызды элементі ел Конституциясында бекітілген. Атап айтқанда, онда әркімнің кәсіпкерлік қызметі үшін өз мүліктепе мен қабілеттерін еркін қолдануга құқығы бар екендігі. Сот шешімінен басқа жағдайда ешкімнің өз мүлкінен (кәсіпкерлік қызметтің материалдық негізі ретінде) айырыла алмайтындығы, жер және басқа да табиғи ресурстарды иемдену, пайдалану мен жұмсау олардың иелерімен еркін түрде жүзеге асырылатындығы, Қазақстанда бірегей экономикалық қеңістік, тауарлардың, қызметтер мен қаржы қаражаттарының еркін айналымы, бәсекені қолдау, экономикалық қызметтің еркіндігі кепілдендіретіні және акырында жеке, мемлекеттік және басқа да нысандағы меншік нысандары танылыш қоргалатындығы айтылған.

Кәсіпкерлік құрылым мен сыртқы ортасың өзара әрекеттесуі 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Кәсіпкерлік құрылым мен сыртқы ортасың әрекеттесуі

Бірақ, бұл маңызды ережелер әлі де толығымен жұмыс істемейді, ол басқа факторлармен бірге кәсіпкерліктің дамуын тежейді. Ел Конституциясының ережелеріне сәйкес кәсіпкерлік орта қалыптасуының маңызды бағыттары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көрсетілген.

Қазақстанның Азаматтық кодексінде сыртқы кәсіпкерлік ортаның негізгі ережелері қарастырылған, алайда олардың көбісі жалпы сипатқа ие. Сондықтан да олар көптеген заңдарда нақтыланады. Кәсіпкерлік ортаның қалыптасуына қылмыстық, әкімшілік, салықтық, кедендей заннама әсерін тигізеді.

Сыртқы кәсіпкерлік орта деп кәсіпкерлердің өздерінің еркінен тәуелсіз қызмет ететін, елдегі кәсіпкерліктің дамуына әсер ететін факторлар мен жағдайлардың жиынтығын айтады. Сыртқы кәсіпкерлік орта кәсіпкерлік қызметті сыртқы реттеудің күрделі жүйесін сипаттайты, сондықтан да дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін ол объективті сипатқа ие. Өйткені олар оны тікелей өзгерте алмайды (мысалға, заңдар, табиги факторлар және т.б.), тек өз ісін жүргізу барысында оларды ескеріп отыруы керек.

Сыртқы кәсіпкерлік орта келесідей қосалқы жүйелерден тұрады:

- елдегі және аймақтағы экономикалық жағдай;
- қоғам мен мемлекеттің даму тұрақтылығымен сипатталатын саяси жағдай;
- кәсіпкерлер мен нарықтық экономиканың басқа субъекттерінің құқықтарын, міндеттері мен жауапкершіліктерін нақты анықтайдын құқықтық орта;
- кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу мен қолдау;
- жұмыссыздық деңгейі мен тұрғындардың (тұтынушылардың) төлем қабілеттілігі сұранысымен байланысты әлеуметтік жағдай;
- кәсіпкерлік қызметтің белгілі бір түрлерімен айналысуға мүмкіндік беретін, тұрғындардың білім деңгейімен негізделген мәдени орта;
- ғылыми-техникалық, технологиялық орта;
- қызметтің белгілі бір түрлерін дамыту үшін қажетті табиги өндіріс факторларының жеткілікті түрде болуы;

- кәсіпкерлік үйімдар қызмет етуінің табиғи-климаттық жағдайларымен, форс-мажорлы табиғи катаклизмдердің (астан-кестен өзгерістердің) жоқтығымен байланысты физикалық орта;

- коммерциялық операцияларды, іскерлік байланыстарды және т.б. жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, үйімдардың жеткілікті санының болуын білдіретін институционалдық-үйімдастырушылық орта.

Сыртқы кәсіпкерлік ортаны құрайтын жеке қосалқы жүйелердің қысқаша жиынтығына сипаттама берейік.

Елдің экономикалық жағдайы, ол кәсіпкерлердің қызмет ету ортасы ретінде, бәсекелі нарықты қалыптастыру үшін жағдайларды қалыптастырумен, сонымен катар кәсіпкерліктің елде дамуы үшін біршама маңызды қызметті дамыту үшін, қажетті ресурстардың барлық түрлеріне (заңмен тыым салынғандардан басқа) кәсіпкерлердің кол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін экономикалық реформаларды жүзеге асырумен сипатталады. Кәсіпкерліктің дамуына Қазақстанның Ұлттық банкі бекітетін қайта қаржыландыру ставкасының деңгейі, инфляция деңгейі, салықтар саны (міндетті алымдар, төлемдер) және салық ставкаларының мөлшері, шаруашылық серікtestіктердің (компаниялардың, фирмалардың) өтімділік деңгейі, ресурстардың белгілі бір түрлеріне, әсіресе табиғи монополиялардың өнімдеріне (қызметтеріне) бағалар (тарифтер) деңгейі, монопольды жогары немесе монопольды томен бағаларды орнатуды болдырмау, тауарлы нарықтарда бәсекені шектейтін, шаруашылық субъектілердің келісімдері сиякты экономикалық құралдар он немесе теріс эсерін тигізеді. Ұлттық акша бірлігінің тұрақтылығы, оның сатып алушылық деңгейінің артуы және басқа да экономикалық факторлар мен жағдайлар маңызға ие болады.

Елдегі және оның жеке аймақтарындағы саяси жағдайдың тұрақтылығы, билік буындарының арасындағы келісушілік, кәсіпкерліктің дамуының экономикалық өсудің болмайтындығын олардың мойындауы, экономиканың барлық салаларының тиімді дамуы және қоғамдагы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жақсаруы кәсіпкерліктің дамуы үшін маңызы зор.

Әрекет қабілеттілігі бар дұрыс азаматтарға кәсіпкерлік немесе басқа да экономикалық қызметпен айналысуға міндеттемелер мен кепілдемелерді, құқықтарды мәлімдеумен шектелмей, нақты көрсететін, дамыған кәсіпкерлерді заңға қарама-қайшы мемлекеттік (муниципалды) немесе басқа да тұлғалардың қызметінен корғайтын, елдің болашақта дамуына адекватты құқықтық орта құру кәсіпкерлік дамуының міндетті шарты болып табылады. Шаруашылық (кәсіпкерлік) қызметті реттейтін, заңнамалық және нормативтік актілерді бұзғаны үшін кәсіпкерлер жауапкершілігін нақты бекіту керек.

Сыртқы кәсіпкерлік ортаның басқа қосалқы жүйелерін қарастырмай-ақ, институционалды-ұйымдастырушылық ортага қыскаша сипаттама берейік. Оның дамуы кәсіпкерліктің қалыптасуының маңызды шарты болып табылады. Өйткені көнтеген институттар (ұйымдар) кәсіпкерліктің белгілі бір түрімен айналысушы болып табылады және өз қызметінің мамандануын ескере отырыш, қандай да бір қызмет түрлерін тұтынушыға көрсетеді. Сонымен қатар басқа да кәсіпкерлік ұйымдарға сәйкес қызмет түрлерін көрсетеді. Мұндай институттарға төмендегі көрсетілгендер жатады:

- коммерциялық банктар мен басқа да несие-қаржылық ұйымдар;
- сактандыру ұйымдары;
- жарнама компаниялары;
- аудит, консалтинг, кәсіпкерлер мұдделерін корғау және т.б. кәсіби қызметтерді ұсыну бойынша мамандандырылған ұйымдар;
- кәсіпкерлік ұйымдар үшін кадрларды дайындау бойынша оку мекемелері;
- нарықты зерттеу, мамандандырылған маркетингтік зерттеулерді өткізу бойынша компаниялар;
- компаниялар (ұйымдар) – шикізат, материалдар, энергия, отын және басқа да қызметтердің жабдықтаушылары, көтерме және бөлшек саудагерлер және т.б.

Ондірістік кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуы үшін табиғи ресурстардың болуы, оларды өндіру мен өндеу, әсіресе шығындардың құрамында үлкен үлес салмақты құрайтын қуат

көзін өндіруді арзандатудың маңызы зор. Кәсіпорындарды құруға деген шығындар төмен болатын аймақтарда кәсіпкерліктің дамуы үшін қолайлы жағдайлар қалыптасатыны анық. Кәсіпкерліктің дамуына елдегі, оның аймақтарындағы демографиялық жағдайдың тигізетін әсері де мол. Бірақ, Қазақстанда қолайсыз демографиялық ахуал қалыптасуда: қайтыс болғандар саны өмірге келушілер санынан артуда, еңбекке қабілетті тұрғындар саны азаюда, зейнеткерлер саны артуда.

Кәсіпкерлер – жалғыз өзі алға жүруден қорықпайтын, жоғары білімді адамдар. Кәсіпкерлік табыс көптеген факторларға байланысты, олардың ішінде маңыздысы ретінде кәсіпкерлік ұйым қызмет етуінің ішкі жағдайларының белгілі бір жиынтығы ретінде сипатталатын ішкі кәсіпкерлік ортаны атауга болады. Көбінесе ішкі кәсіпкерлік орта субъективті сипатқа ие болады: ол тікелей кәсіпкердің өзіне, оның құзыреттілігіне, күшіне, мақсаттылығына, деңгейіне, бизнесті жүргізуіне және оған деген қабілеттіне байланысты. Ішкі кәсіпкерлік ортаға келесідей қосалқы жүйелерді (факторларды) жатқызған дұрыс:

- меншікті капиталдың қажетті көлемде болуы;
- фирмалың ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын дұрыс таңдау;
- қызмет ету аясын таңдау;
- әріптестер командасын таңдау;
- нарықты білуі және маркетингтік зерттеулерді білікті түрде өткізу;
- кадрларды таңдау мен персоналды басқару, оны материалдық-моральдық тұрғыдан ынталандыру;
- кәсіпкерлік құпияны корғау механизмі және т.б.

Табысты кәсіпкерлік қызмет үшін негізделген бизнес-жоспарды жасап шыгарудың, болжамды тәуекелдерді жобалап есептеудің, жаңа технологияларды енгізудің, қызметті әртараптандырудың, фирма дамуының ғылыми тұрғыдан негізделген стратегиясын жасап шыгару мен енгізудің маңызы ерекше. Ішкі орта факторларына, сонымен қатар кәсіпкерлер мен жалдамалы менеджерлермен кәсіпкерлік ұйымның

ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны үшін немесе бизнестің аталған түрі үшін қызметті реттейтін заңдар мен нормативтік актілерді нақты ұстануын да жатқызуға болады.

Жоғарыда аталып откендей, тек өз білімін үнемі арттыратын, бизнесті ұйымдастыру мен жүргізудің құқықтық механизмін жаксы білетін, мәмілелерді жасай алатын, кәсіпкерлік келісімшарттарды жасай алатын және олар бойынша дивидендер ала алатын кәсіпкерлер ғана табысқа қол жеткізе алады.



Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар

1. Кәсіпкерліктің мәні неде?
2. Кәсіпкерліктің дамуы үшін қандай факторлар маңызды?
3. Кәсіпкерлік қызметтепен айналысуға кімнің құқығы бар?
4. Кәсіпкерліктің дамуына қандай жағдайлар әсер етеді?
5. Кәсіпкерлік үрдістің субъектілері кімдер?
6. Азаматтардың қандай категориялары үшін кәсіпкерлік қызметтепен айналысуға шектеулер қойылған?
7. Кәсіпкерлік бизнестің обьектілеріне не жатады?
8. Кәсіпкерлік қагидаларының топтарын атап өтіңіз.
9. Кәсіпкерліктің бағыттаушы қагидалары қандай?
10. Кәсіпкерліктің ынталандырушы қагидалары қандай?
11. Кәсіпкерлікпен айналысу мотивтері қандай?
12. Кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық, мінез-құлыштық қагидалары қандай?
13. Кәсіпкерліктің жүйелік қагидалары қандай?
14. Кәсіпкерлік орта түсінігін сипаттап беріңіз.
15. Кәсіпкерлік сыртқы ортандың негізгі белгілерін атап өтіңіз.
16. Ішкі кәсіпкерлік ортандың ерекшеліктері қандай?



КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНДАРЫ

2.1. Кәсіпкерліктің ұйымдық-құқықтық нысандары және ерекшеліктері

Нарықтық экономика жүйесінде әр түрлі меншікке негізделген кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысандары жұмыс істейді. Кез келген кәсіпорынның құқықтық негізі кәсіпкерлік болып табылады.

Кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысаны келесілермен анықталады:

- жарғылық қордың қалыптасу тәртібімен;
- кәсіпорын міндеттемелері бойынша жауапкершілік дәрежесімен;
- меншік нысанымен.

Қазақстанда кәсіпорындардың барлық ұйымдық-құқықтық түрлерінің құқықтары мен мүмкіндіктері бірдей және заңдық түргыдан кепілдендірілген. Бірақ, кәсіпорындардың әрқайсысының өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар.

Заңды тұлғалар коммерциялық және коммерциялық емес кәсіпорындар нысандарында құрылуы мүмкін (2-сурет). *Коммерциялық ұйымдарға шаруашылық серіктестіктер, өндірістік кооперативтер, акционерлік қоғамдар, мемлекеттік кәсіпорындар жатады.*

Заңды тұлғаны құру үшін құрылтай құжаттарын: жарғы мен құрылтай келісімшартын әзірлеу қажет.

Жарғыда келесідей ақпарат көрсетіледі:

- ұйымның ұйымдық-құқықтық нысаны;
- фирмалық аталуы;
- орналасқан жері; аты көрсетілген қатысушылар тізімі, орналасқан жерлері, мекен-жайлары, банктік реквизиттері (егер құрылтайшызы заңды тұлға болса), немесе төлқұжат бойынша аты, берілген жері мен уақыты, құжаттың берілген мәліметтері (егер құрылтайшы жеке тұлға болса);

- қызмет ету аясы мен мақсаты;
- жарғылық капиталдың мөлшері туралы мәліметтер, кұрамы мен қалыптасу тәртібі, басқару мен бақылау органдарының құзыреттілігі;
- пайда мен зияндарды бөлу тәртібі;
- қайта құру мен жою тәртібі және шарттары.



2-сурет. Занды тұлғалардың тұрларі мен үйимдық-куқықтық нысандары

Құрылтай келісімшартында мыналар көрсетілуі керек:

- құрылтайшылар туралы мәліметтер;
- үйымды құру туралы шешім;
- кәсіпорынның атауы;
- үйимның орналасуы;

➤ құрылтайшылардың атауы, тұргылықты мекен-жайы және куәландыратын құжат берілген мәліметтері (егер құрылтайшы жеке тұлға);

- үйимды құру тәртібі;

➤ құрумен байланысты құрылтайшылардың міндеттемелері. Сонымен қатар басқа да қызметті жүзеге асыру бойынша құрылтайшылардың міндеттемелері, көрсетілген тұлғалардың құзыреттілігін анықтау, құрылыш жатқан үйимды тіркеу мен құру барысында оның мұдделерін қорғайтын басқа да тұлғалардың құзыреттілігін анықтау;

- жарғылық капитал мөлшері;

➤ үйимның жарғылық капиталына әрбір салымшының ақшалай үлесінің құрамы, мөлшері мен салу мерзімдері туралы немесе мүліктік құқықтар нысанындағы салымдарды ақшалай бағалау туралы мәліметтер, шешімді қабылдау тәртібі;

➤ үйимның жарғылық капиталына қосымша салымдарды салу туралы, сонымен қатар үйимның жарғылық капиталына салымдарды уақытылы салмау салдары;

➤ қатысушылар арасында пайда мен зияндарды бөлу тәртібі мен шарттары;

- үйим қызметін басқару;

- жарғыны бекіту;

➤ заңды тұлға құрган құрылтайшылардың құрамынан оған қатысушылардың шығуы.

Жарғы мен құрылтай келісімшарты серіктестік мүшелерінің жалпы жиналысында бекітіледі. Алуан түрлі үйимдық-құқықтық нысандардағы коммерциялық үйимдардың жарғылық капиталының ерекше белгілері, құрылымы мен қалыптасу тәртібі 4 және 5-кестелерде көрсетілген.

Шаруашылық серіктестік – бұл өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде табыс табуды қөздейтін, басқа да шаруашылық

серіктестіктердің күрылтайшысы бола алатын, жарғылық капиталы күрылтайшылардың (қатысушылардың) салымдарына (үлесіне) бөлінген, занда тұлға болып табылатын коммерциялық үйым.

Шаруашылық серіктестіктердің белгілері:

- үйым коммерциялық статусқа ие;
- жалпы құқық қабілеттілігі (арнайы болуы да мүмкін);
- жарғылық капитал күрылтайшылардың (қатысушылардың) салымдарына (үлесіне) бөлінген;
- күрылтайшылар (қатысушылар) салымдары есебінен, сонымен қатар өз қызметі барысында өндірілген немесе иеленген салымдары есебінен құрылған мүлік иелері болып табылады.

Шаруашылық серіктестіктердің келесідей түрлері бар::

1. Толық серіктестік
2. Командитті (сенім) серіктестік
3. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
4. Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік

2-кесте. Коммерциялық үйымдардың үйымдық-құқықтық нысандарына тән белгілер

	Нысаны	Қатысушылар статусы		Қатысушылар (мүшелер) саны
		1	2	
1	<i>Толық серіктестік (ТС)</i>	Тек жеке тұлғалар		Екеуден кем емес
2	<i>Командитті (сенім) серіктестік (КДС)</i>	Толық серіктестер (тек жеке тұлғалар); салымшылар (жеке және занда тұлғалар)		Екеуден кем емес, және бір толық серіктестен және бір салымшыдан кем емес
3	<i>Жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС)</i>	Жеке және занда тұлғалар; ЖШС жалғыз қатысушысы ретінде бір тұлғадан тұратын басқа шаруашылық серіктестік бола алмайды	1 және одан жоғары	

	1	2	3
4	<i>Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік (ҚЖС)</i>	Жеке және занды тұлғалар; ЖШС жалғыз қатысушысы ретінде бір тұлғадан тұратын басқашаруашылық серіктестік бола алмайды	1 және одан жоғары
5	<i>Акционерлік қоғам (АҚ)</i>	Жеке және занды тұлғалар	1 және одан жоғары
6	<i>Өндірістік кооператив (ӨК)</i>	Жеке тұлғалар	2-ден кем емес және одан жоғары
7	<i>Мемлекеттік кәсіпорын</i>	Мемлекеттік басқару органдары	Меншік иесімен анықталады

Толық серіктестік – бұл мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда қатысушылары серіктестіктің міндеттемелері бойынша өздеріне тиесілі барлық мүлкімен ортақ жауапкершілікте болатын серіктестік.

Толық серіктестік қатысушылары жарғылық капиталды құрайды, оның мөлшері 25 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) кем болмауы керек. Толық серіктестіктің ең жоғары органы қатысушылардың жалпы жиналышы болып табылады.

Толық серіктестікті басқаруды, осы серіктестіктің атқаруши органдары жүзеге асырады. Басқару органдарының түрлері, құрылу тәртібі және олардың құзыреттілігі құрылтай құжаттарымен анықталады. Толық серіктестікті жою барысында қолма-қол ақша барлық қарыздарын жабуга жетпеген жағдайда, оның қатысушылары серіктестіктің міндеттемелері бойынша өздеріне тиесілі барлық мүлкімен ортақ жауапкершілікте болады.

**З-кесте. Жарғылық капиталдың құрылымы мен
қалыптасу тәртібі**

Шаруашылық серіктес-тіктердің және акционерлік қогамдардың ны-сандары	Айлық есептік көрсеткіштердің ең аз мөлшері (АЕК)	Қалыптасу тәртібі	Ерекшеліктері
1	2	3	4
1 <i>Толық серіктестік (TC)</i>	25 АЕК	Құрылтай құжаттарымен анықталады	Құрылтайшылары тек жеке түлгап бола алады
2 <i>Коммандиттік (сенім) серіктестігі (КДС)</i>	50 АЕК	Құрылтай құжаттарымен анықталады	Салымшылар үшін 50% артық емес
3 <i>Жауапкершілік шектеулі серіктестік (ЖШС)</i>	100 АЕК	Тіркеу уақытында – жарғылық капиталдың ең аз мөлшері 25%-дан кем емес, ал бір жыл ішінде – қалған бөлігі	ЖШС-тің жалғыз қатысушысы ретінде бір адамнан тұратын басқа шаруашылық серіктестігі бола алмайды
4 <i>Косымша жауапкершілігі бар серіктестік (КЖС)</i>	100 АЕК	Тіркеу уақытында – жарғылық капиталдың ең аз мөлшері 25%-дан кем емес, ал бір жыл ішінде – қалған бөлігі	Қатысушылардың жауапкершілігі енгізілген капиталға есellenген мөлшерде Жарымен анықталады
5 <i>Акционерлік қогам (АК)</i>	50000 АЕК	Тіркеу күнінен бастап 30 күн ішінде	Дивидендтер алынғанпайдала сәйкес акционерлер арасында улестіріледі
6 <i>Мемлекеттік кәспіторын (шаруашылық жүргізу құқығындагы)</i>	10000 АЕК	Тіркеу кезінде 100% қалыптасуы керек	Мемлекет негізгі меншік иессі болып табылады

Толық серіктестіктің қызметі тоқтаган жағдайда серіктестік өз қызметін тоқтатқанға дейін өз үлесін алған қатысушылардан басқасы, серіктестік қызметін тоқтатқан күннен кейінгі 2 жыл бойы, қатысушылар серіктестіктің міндеттемелері бойынша өздеріне тиесілі барлық мүлкімен ортақ жауапкершілікте болады. Серіктестік қатысушыларының құрылтай келісімшартымен басқаша жауапкершіліктер қарастырылмаса, серіктестік мүлкіндегі үлесіне байланысты толық серіктестік қызметінен алынған табыстан пайда алуға құқығы бар.

Командитті (сенім) серіктестік – бұл серіктестіктің міндеттемелері бойынша езінің бүкіл мүлкімен қосымша жауап беретін бір немесе одан да көп қатысушыларымен (толық серіктестермен) катар, серіктестіктің мүлкіне өздері салған салымдардың жиынтығымен шектелетін және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға қатыспайтын қатысушыларды (салымшыларды) да енгізетін серіктестік.

Командитті (сенім) серіктестіктің жарғылық капиталы толық серіктестер мен салымшылардың (командистер) салымдарынан тұрады және 50 АЕК кем болмауы керек. Жарғылық капиталдағы командиттің үлесі 50%-дан аспауы тиіс.

Басқару жүйесі толық серіктестермен жүзеге асырылады. Командитті серіктестікті басқару мен жұмыс жүргізу тәртібі толық серіктестік туралы ережелер бойынша жүргізіледі. Салымшылардың басқаруға қатысуға, сондай-ақ оның атынан сенімхат болмаса әрекет жасауга құқығы жоқ. Толық серіктестер өзінің барлық мүлкімен бірлескен қосымша жауапкершілікте болады. Ал салымшылар серіктестіктің жарғылық капиталына салынған салымдары шегіндеған жауапты.

Командитті (сенім) серіктестік салымшыларының құқықтары:

- құрылтай құжаттарында қарастырылған тәртіpte жарғылық капитал мен мүлкіне үйлесімді түрде серіктестік пайдасының бір бөлігін альп отыру;
- серіктестіктің жылдық есебі мен балансымен танысу. Сонымен қатар оларды жасаудың нақтылығын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етуді талап ету;

- заңнамалық актілермен және серіктестіктің құрылтай құжаттарымен қарастырылған тәртіпте мүліктері өз үлесін немесе оның бір бөлігін басқа салымшыға немесе үшінші тұлғага беру;

- қаржылық жыл біткен соң серіктестіктен шығу;
- заңнамалық актілермен және құрылтай құжаттарымен қарастырылған басқа да құқықтары болуы мүмкін.

Командитті (сенім) серіктестік салымшыларының міндеттері:

➤ серіктестіктің құрылтай құжаттарының шарттарын ұстану;

➤ серіктестіктің құрылтай құжаттарымен қарастырылған молшерде және тәсілде, тәртіпте салымдарды салу;

➤ серіктестіктің құрылтай құжаттарында көрсетілген жағдайларда серіктестікке өз қызметін жүзеге асыру барысында комек көрсету, оның ішінде серіктестікке қызмет көрсету;

➤ заңнамалық актілермен немесе серіктестіктің құрылтай құжаттарында қарастырылған басқа да міндеттемелерді ұстануы мүмкін.

Командитті серіктестікке жаңа толық серіктестер мен салымшыларды қабылдау тек барлық толық серіктестердің келісімімен ғана мүмкін болады. Жаңа толық серіктестерді немесе салымшыларды қабылдау барысында командитті серіктестіктің құрылтай құжаттарына келесідей өзгерістер енгізуі мүмкін:

➤ серіктестік мүлкіндегі қатысуышылар үлестерінің жаңа молшері;

➤ серіктестікті басқару тәртібін өзгерту;

➤ серіктестіктің жарғылық капиталына жаңа толық серіктестермен және салымшылардың өз салымдарын салудың молшері, тәртібі, мерзімдері мен тәсілі;

➤ жаңа қатысуышыны қабылдаумен байланысты басқа да жаңетті өзгерістер.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік – бұл бір немесе бірнеше тұлғалардан құрылған, жарғылық капиталы құрылтай құжаттарымен белгіленген молшерде үлеске бөлінген серіктестік. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке

қатысушылар оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және серіктестіктің қызметіне байланысты залалдарға өздерінің қосқан салымдарының шегінде тәуекел етеді.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік заңды тұлға болып табылады және өз мүлкі шегінде ғана барлық міндеттемелері бойынша жауап береді. Ал қатысушыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің мүлкі заңмен тыйым салынбаған, серіктестік көздерінен алынған құрылтайшылардың (қатысушылардың) табыстарынан алынған салымдары есебінен қалыптасады.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталы құрылтайшылардың (қатысушылардың) салымдарын біріктіру жолымен құрылады және 100 АЕК кем болмауы керек. Жарғылық капиталға салым ретінде акша, заттар, мүліктік құқықтар, соның ішінде жерді иелену құқығы және интеллектуалдық қызмет нәтижелері мен басқа да мүлікке деген құқықтар болуы мүмкін. Жеке мүліктік құқық және басқа да материалдық емес игліктер түрінде салымдар салуга жол берілмейді.

Жарғылық капиталдың көбеюі келесідей жолдармен жүзеге асырылады:

- серіктестіктің меншікті капиталы есебінен, оның ішінде резервтік капитал есебінен жарғылық капиталдың көбеюі;
- нақты құны баланстық құннан асатын серіктестіктің таза активтерін (меншікті капиталды) қайта бағалау. Қайта бағалау тек тәуелсіз сарапшылармен жүргізілуі мүмкін;
- қалған қатысушылар келісім берген жағдайда бір немесе бірнеше қатысушылармен қосымша салымдарды енгізу;
- серіктестіктің барлық қатысушыларымен жасалатын қосымша пропорционалды салымдар;
- серіктестік құрамына жаңа қатысушыларды қабылдау.

Жарғылық капиталдың азаюы келесідей жолдармен жүзеге асырылады: серіктестіктің барлық қатысушыларының салымдарының пропорционалды азаюы; жеке қатысушылар үлестерінің қарыздарын толығымен немесе жартылай өтеу.

ЖШС жоғары органы ретінде қатысушылар мен құрылтайшылардың жалпы жиналысы болып табылады, алқалы орган ретінде басқарма болады.

Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік – бұл қатысушыларды серіктестік міндеттемелері бойынша жарғылық капиталға қосқан өздерінің салымдарымен, ал бұл сомалар жеткіліксіз болған жағдайда, енгізген салымдарының еселенген мөлшерінде, өздеріне тиесілі қосымша мүлікпен жауап беретін серіктестік.

Қатысушылардың жауапкершілігінің шекті мөлшері серіктестік жарғысында көрсетіледі. Қатысушылардың бірі банкрот болған жағдайда оның серіктестік міндеттемелері жөніндегі жауапкершілігі қалған қатысушылар арасында олардың салымдарына сәйкес бөлінеді. Қосымша жауапкершілігі бар серіктестікке Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі және «Қосымша және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қолданылады.

Өндірістік кооператив – азаматтардың бірлескен кәсіпкерлік қызметі үшін мүшелік негізде олардың өз енбегімен қатысуына және мүшелерінің мүліктік жарналарын (пайларды) біріктіруіне негізделген еркіті бірлестік. Кооператив мүшелері екеуден кем болмауы керек. Кооператив мүшелері заңнамалық актілермен тыйым салынбаган кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрімен айналысуға құқылы.

2.2. Кәсіпкерлік түрлері және олардың жіктелуі

Кәсіпкерлік қызмет алуан түрлі. Кез келген бизнес қандай да бір дәрежеде ұдайы өндірістік циклдің негізгі фазаларымен – онімдер мен қызметтерді өндірумен, тауарларды айырбастау және бөлумен, оларды тұтынумен байланысты болғандықтан кәсіпкерлік қызметтің келесідей түрлерін бөліп көрсетуге болады: өндірістік, коммерциялық және қаржылық кәсіпкерлік.

Сонымен қатар, соғы онжылдықта әлемнің барлық экономикалық түргыдан дамыған елдерінде кәсіпкерліктің өз бетінше қалыптасқан түрі пайда болды, ол кеңес беруші (консалтинг) кәсіпкерлік.

Жоғарыда аталған кәсіпкерлік түрлерінің әрқайсысы өз кезегінде басқа түрлерге бөлінеді. Кәсікерліктің түрлерін келесі сызба түрінде сипаттауга болады (3-сурет). *Өндірістік кәсіпкерлік*тің жетекші түрі деп атауга бола-

ды. Мұнда өнім, тауарлар өндіру, жұмыс жасау мен қызмет көрсету жүзеге асырылады, белгілі бір рухани құндылықтар қалыптасады.

Коммерциялық сипаттағы кәсіпкерлік ең алдымен, онда негізгі рөлді тауарлы-ақшалай, тауарлы-айырбас операциялары атқаратындығымен сипатталады. Олар коммерциялық кәсіпкерліктің негізгі мазмұнын сипаттайты. Кәсіпкерлік қызметтің бұл түрінің маңыздылығын сатып алу-сату бойынша операциялар мен мәмілелер жүргізіледі. Мұнда қайтарымдылыққа тез қол жеткізуге болады. Бұрын аясы шектеулі болса, кейінгі кездері ынталы адамдардың арқасында қарқынды түрде әсіреле жеке дара *кәсіпкерлік* түрінде дами бастады.

Кәсіпкерлік қызметтің ерекше түрі ретінде оның қаржылық (каржы-несиелік) түрі болып табылады. Оның қызмет ету саласы – күн айырбасы, айналымы. Қаржылық қызмет өндірістік, коммерциялық салаларға да әсер етеді, бірақ өз бетінше қызмет етуі мүмкін: банктік, сақтандыру және т.б.

КЕСІПКЕРЛІК ТҮРЛЕРІ			
Өндірістік	Коммерциялық	Қаржылық	Кенес берушілік (консалтинг)
<i>Инновациялық</i>	<i>Сауда</i>	<i>Банктік</i>	<i>Жалпы басқару</i>
<i>Ғылыми-техникалық</i>	<i>Сауда-сатып алушы</i>	<i>Аудиторлық</i>	<i>Әкімшілік</i>
<i>Тауарлар өндірісі</i>	<i>Сауда-делдалық</i>	<i>Сақтандыру</i>	<i>Қаржылық басқару</i>
<i>Қызмет көрсету</i>	<i>Тауарлық биржалар</i>	<i>Лизингтік</i>	<i>Кадрларды басқару</i>
<i>Тауарларды өндірістік тұтыну</i>		<i>Кор биржалары</i>	<i>Маркетинг</i>
<i>Қызметтерді өндірістік тұтыну</i>			<i>Өндіріс</i>
<i>Ақпараттық</i>			<i>Ақпараттық технология</i>
			<i>Мамандандырылған қызметтер</i>

3-сурет. Кәсіпкерлік қызмет түрлері

Сонғы жылдары Қазақстанда кенес берушілік (консалтинг) кәсіпкерлік сияқты болашағы бар қызмет аясы кеңінен дамуда. Оның көптеген бағыттары бар (3-суретті қараңыз) және

оның біздің елдегі даму деңгейін басқа дамыған елдермен сәйкестендіре отырып, таяу жылдарда консалтинг қарқынды дамитындығын байқауга болады.

Өз бетінше қызмет ете отырып, кәсіпкерлік қызмет түрлері өзара бір-бірімен байланысып және толықтырып отырады. Ескертетін жағдай, кәсіпкерлік қызметтің барлық түрлерін анықтайтын және күрделі болып табылатын өндірістік кәсіпкерлік басымдылыққа ие болады.

З-суреттен көрініп тұргандай, өндірістік кәсіпкерлікке инновациялық, ғылыми-техникалық қызметті, нақты тауарлар өндіру мен қызмет көрсету, оларды өндірістік тұтынуды, сонымен қатар осы жүйедегі ақпараттық қызметті де жатқызуға болады. Өндірістік қызметтеп айналысуға бел буган кез келген кәсіпкер, ең алдымен, қандай нақты тауарларды өндіретіндігін, қандай қызмет түрлерін көрсететіндігін шешіп алуы қажет. Ары қарай, осы кәсіпкер маркетингтік қызметке көніл боледі. Тауарға деген қажеттілікті, сұранысты анықтау үшін ол өнімді нақты тұтынушылармен, сауда үйымдарымен байланыска түседі. Келіссөздердің соңғы реңми сатысы болып кәсіпкер мен тауардың болашақ тұтынушылары арасындағы келісімшарт болып табылады. Мұндай келісімшарт кәсіпкерлік тәуекелді төмендетуге мүмкіндік береді.

2.3. Дара кәсіпкерлік

2006 жылы дара кәсіпкерлер қызметінің тәртібін анықтайтын «Жеке кәсіпкерлік туралы» КР Заңы өз күшіне енді. Аталған заң бойынша «Жеке кәсіпкерлікті қорғау мен қолдау туралы», «Шагын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» және «Дара кәсіпкерлік туралы» заңдар өз күштерін жойды деп танылды.

Өз қызметін жүзеге асыру барысында, дара кәсіпкерлерден және басқа да шаруашылық субъектілерден кез келген шаруашылық субъектілері үшін орындалуы міндетті болып табылатын еңбек және зейнетақы заңнамасының, міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнаманың, сыртқы экономикалық қызметті үйымдастыру, валюталық бақылау, бухгалтерлік есепті үйымдастыру туралы заңнамасының және басқа да заңнамалық актілердің ережелерін үстану талап

етіледі. Дара кәсіпкерлерге қылмыстық заңнама, банкроттық туралы заңнама ережелері қолданылады.

Дара кәсіпкерлер өздерінің қызметтің реттейтін және құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік құзырлы органдармен және жергілікті атқарушы органдармен жарияланатын нормативтік актілердің ережелерін үстанулары кажет.

Қазақстан Республикасының Конституациясында «...әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, оз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануга құқығы бар. Монополистік қызмет заңмен реттеледі әрі шектеледі. Шынайы емес бәсекеге тыйым салынады» деп ерекше атап корсетілген.

Жеке кәсіпкерлік – бұл жеке кәсіпкерлік қызметке негізделген және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің атынан, олардың тәуекелімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын, табыс табуға бағытталған, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің ынталы қызметі. Жеке кәсіпкерліктің түрлері 4-суретте көлтірілген.

Дара кәсіпкерлік – жеке тұлғалардың оз меншігіне негізделген, олардың тәуекелімен және оз мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын, табыс табуға бағытталған жеке тұлғалардың ынталы қызметі.

Жеке кәсіпкерлік меншік құқығында өзіне тиесілі мүлік негізінде (немесе мүлікті пайдалануға және иеленуге мүмкіндік беретін құқық негізінде) бір жеке тұлғамен жүзеге асырылады. Жеке тұлға өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асыру үшін ерлі-зайыптылардың жалпы мүлкін пайдаланған жағдайда, оған олардан келісімін алу қажет.

Бірлескен кәсіпкерлік бірнеше дара кәсіпкерлерге тиесілі жалпы мүлік құқығы (немесе мүлікті бірігіп пайдалануға және иеленуге рұқсат ететін құқық негізде) болуына байланысты жүзеге асырылады. Бірлескен кәсіпкерлік қызмет түрлері:

➤ ерлі-зайыптылардың жалпы бірлескен меншігі негізінде жүзеге асырылатын ерлі-зайыптылардың кәсіпкерлік қызметі;

➤ шаруа (фермерлік) қожалығының немесе жекешелендірілген тұргын үйге деген жалпы бірлескен меншік негізінде жүзеге асырылатын отбасылық кәсіпкерлік;

➤ ҚР азаматтық заңнамасына сәйкес жалпы үlestік меншік негізінде жүзеге асырылатын қараптайым жай серіктестік.

Осылайша, дара кәсіпкерлер тек шағын және орта кәсіпкерлік субъекттеріне гана жатқызыла алады.



4-сурет. Жеке кәсіпкерліктің түрлері мен нысандары

4-суреттөн көрініп түргандай, жеке кәсіпкерліктің субъекттері кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар болып табылады.

Шағын кәсіпкерлік субъекттеріне жатқызылатын дара кәсіпкерлер үшін заңнамамен жеңілдіктер қарастырылған. Мысалы, олар үшін нақты шарттарды ұстанған жағдайда арнаулы салық режимдері түрінде салық салудың жеңілдетілген тәртібі, сонымен катар бухгалтерлік есепті жургізуіндегі жеңілдетілген тәртібі қарастырылған.

Қазақстан Республикасының Салық кодексімен белгілі бір параметрлерге сәйкес келетін шағын кәсіпкерлік субъекттерінің

бір бөлігі (шагын кәсіпкерлік субъектілері) үшін келесідей *арнаулы салық режимдері* карастырылған:

- бір реттік талон негізінде;
- патент негізінде;
- оңайлатылған декларация негізінде.

Арнаулы салық режимі дара кәсіпкерлер үшін, әлеуметтік салықты және жеке табыс салығын есептеу мен төлеудің оңайлатылған тәртібін белгілейді.

Арнаулы салық режимінен басқа, шагын бизнес субъектілеріне жатқызылатын дара кәсіпкерлер, басқа дара кәсіпкерлер секілді салықты есептеу, төлеудің және салықтың есептілікті ұсынудың жалпыға ортақ тәртібін таңдауына да болады.

Дара кәсіпкерліктің артықшылықтары:

- адамға жұмысқа түру және жалакы алу мәселесін шешуге мүмкіндік береді;
- жеңіл және арзан түрде тіркеледі;
- мемлекеттік тарапынан реттеу, қадағалау механизмдерінің әсері төмендеу;
- көптеген құжаттық деректерді жинауды талап етпейді.

Дара кәсіпкерліктің кемшіліктері:

- шығармашылық белсенділіктің өсуіне септігін ти-гізбейді;
- бастапқы капиталды жинау қынга түседі;
- ресми бизнестен біреудің сізben жұмыс істеу ықти-малдығы аз;
- сіздің жеке меншігіңізге қауіп төнуі мүмкін және т.б.

2.4. Шетел капиталының қатысуымен жүргізілетін кәсіпкерлік

Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының қатысуымен болатын кәсіпкерлік қызметтің ұйымдық-құқықтық нысандарының бірі Қазақстан резиденттерінің жеке және заңды тұлғаларының кәсіпкерлік бизнесің шетелдік субъектілерінің қызметіне қатысу мүмкіндігі.

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жеке тұлғалардың және Қазақстанда мемлекеттік тіркеуден өткен заңды тұлғалардың шарттарының кейір

жағдайларын ұстану барысында шетелде кәсіпкерлік қызметті үйымдастыруға қатысу құқығы бар. Мұндай қатысудың кез келген нысаны міндетті түрде мемлекеттік басқарудың құзыретті органдарымен сәйкестендірілуі керек және инвестиция тарту қазақстандық заңнамага сәйкес жүзеге асырылуы керек. Өйткені мұндай қатысу заңмен шетелге отандық капиталдың экспорты ретінде түсіндіріледі. Кәсіпкерлік табыс табудың немесе қарожаттарды салудың кез келген нысаны, немесе жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті салудың, коммерциялық банктердің депозиттік шоттарында орналастыру мемлекеттік органдардың келісімімен ғана жүзеге асырылады. Мұндай іс-әрекеттер туралы ақпарат міндетті түрде Қазақстан Республикасының салықтық органдарына хабарлануы керек. Қазақстан Республикасының шекарасынан тыс орналасқан акционерлік қоғамдардың акцияларын сатып алу немесе халықаралық қорлар мен қоғамдық үйымдарға толық мүше немесе қатысушы ретінде тіркелуі сияқты қарапайым іс-әрекеттерде Қазақстаннан шетелдерге капитал экспорты ретінде түсіндірілуі мүмкін.

Кәсіпкерлік бизнестің шетелдік субъектілерінің қызметінде қазақстандық заңды және жеке тұлғалардың заңды қатысудың қарама-қайшылықтары болмаған жағдайда, аталған субъектілер таңдалған мемлекеттерде орнатылған, атап айтқанда сәйкес ел үшін заңмен қарастырылған кәсіпкерліктің үйымдық-құқықтық нысандарына қатысусы қажет болады. Мұндай іс-әрекеттер кәсіби дайын болуы үшін, ең алдымен әр түрлі шетелдік мемлекеттерде қолданылатын кәсіпкерлік заңнаманы зерттеу және кәсіпкерлік компанияларды тіркеумен қатар олардың жұмысын жүргізу бойынша мамандар, білікті кеңес берушілердің қызметіне жүгіну керек.

Кәсіпорындарда Қазақстан Республикасының аумақтарында тіркелген кәсіпкерлік бизнес субъектілерімен және шетелдік капиталмен өзара әрекеттесу мүмкіндігі мен жолдары:

- тауарлар мен қызметтер, несиeler, инвестициялар, ақпараттық ресурстар мен басқа да нарықтарда шетелде

тіркелген кәсіпорындардың Қазақстанда тіркелген кәсіпкерлік бизнес субъектілермен мәміле жасасудың алуан түрлі жолдары;

- Қазақстанда тіркелген және Қазақстан аумағындағы шетелдік капиталдың жүз пайыздық қатысы бар кәсіпорындардың қызметі;

- Қазақстан шекарасынан тыс орналасқан, бірақ Қазақстан аумағында кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығына ие (лицензиялар, арнайы рұқсаттар және т.б.) шетелдік капиталдың жүз пайыздық қатысы бар Қазақстан аумағында жұмыс істейтін кәсіпорындардың қызметі;

- Қазақстанда тіркелген заңды тұлға құқығы жоқ, өз филиалдары арқылы қызмет жүргізетін Қазақстан шекарасынан тыс тіркелген кәсіпорындардың қызметі;

- отандық және шетелдік құрылтайшыларының аралас қатысуымен, Қазақстан аумағында тіркелген кәсіпорындардың қызметі.

- Қазақстан аумағында *шетелде тіркелген компаниялар* да кәсіпкерлік бизнесін жүзеге асыра алады. Мұндай компаниялардың екі тобын бөліп көрсетуге болады, атап айтқанда:

- әр түрлі шетелдік мемлекеттерде қарапайым әдіспен құрылған кәсіпорындар;

- Қазақстанда тіркелген филиалдар арқылы әрекет ететін трансұлттық компаниялар.

Жалпы, шетелде тіркелген кәсіпорындар, міндетті лицензиялауды талап ететін кәсіпкерлік қызмет түрлерін орындау үшін алынған лицензиялар мен басқа да рұқсатты құжаттар негізінде Қазақстан аумағында өз қызметін жүзеге асыруға құқықтары бар.

Мұндай кәсіпорындар Қазақстанда өз өкілдіктерін құра алады, олар қазақстандық заңнамаға сәйкес бизнес субъектілерінің мұдделерін көздең, оларды қорғауға құқықтары бар. Қаржылық операцияларды өткізу мен салықтарды төлеуді косқандагы барлық кәсіпкерлік функцияларды мұндай фирмалар Қазақстаннан тыс жерде жүзеге асырады. Тікелей Қазақстан аумағында кәсіпкерлік бизнестің

аталған субъектілері тек контрагенттерді іздеумен, Интернет арқылы қызмет көрсетумен және жалғыз клиенттердің бір реттік тапсырыстарын (мысалға, сараптаманы өткізу немесе оның өткізу бойынша кеңес беру аясында) орындаумен айналысады.

Қазақстан аумағында шетел капиталының жүз пайыздық және аралас қатысуы бар Қазақстанда тіркелген кәсіпорындар әрекет етуге құқылы. Белгілі нысандарда Қазақстан аумағында кәсіпкерлік қызметке қатысуга қалауы болған жағдайда шетелдік жеке және занды тұлғалар, Қазақстанның мемлекеттік құзыреттік басқару органдарында шетелдік инвестор ретінде тіркеуден өтуге міндettі. Шетелдік қатысушылары бар қазақстанның компанияларға, тек отандық қатысушыларды косатын кәсіпорындарға қарағанда, статистикалық кодтар беріледі. Қазақстанда қабылданған кәсіпкерліктің ұйымдық-құқықтық нысандарынан таңдау және салықтарды төлеу тәртібі, кәсіпкерлік бизнестің мұндай субъектілерінің таза отандық фирмалардан басқа ерекшелігі жоқ.

Қазақстан аумағындағы *шетелдік инвесторлар* деп Қазақстан экономикасына инвестицияларды жүзеге асыратын кәсіпкерлік бизнес түрлерінің бірі – инвестициялық бизнестің субъектілері танылады. *Шетелдік инвестициялар* деп ең алдымен инвесторлармен өз іскерлік мұдделерінен пайда алуды жүзеге асыру мақсатында, экономикаға салынатын мүліктік және интеллектуалдық құндылықтардың барлық түрлерін айтады. Қазақстанның экономикаға шетелдік инвестиациялар *екі турде* тартылуы мүмкін. Атап айтқанда:

- жоба қатысушыларының барлығының арасындағы инвестиациялық келісімшарттар негізінде жүзеге асырылатын инвестиациялық жобаларға салынатын ресурстар ретінде;
- кез келген жобаларды, оның ішінде инвестиациялық жобаларды жүзеге асыру құқығы бар кәсіпкерлік бизнестің субъектілеріне ресурстарды салу ретінде.

Шетелдік инвесторлардың мемлекеттік корпорациялардан басқа, қазақстанның кәсіпкерліктің кез келген нысандағында іскерлік қатысуды жүзеге асыруға құқығы бар. Олар

занды тұлғалармен және қазақстандық азаматтармен біріге отырып және оларсыз кез келген кәсіпкерлік фирмаларды құра алады. Олар өз кезегінде толығымен немесе жартылай солардың иелігінде болады. Шетелдік капиталдың қатысуымен кәсіпорындарды құру нәтижесінде әр түрлі ұйымдық-құқықтық нысандары бар отандық кәсіпкерлік бизнес субъектілері қызметінің халықаралық деңгейге шығуна болады.

Шетелдік капиталдың қатысуымен қызмет етегін кәсіпорындарды екі түрде бөледі – *шетелдік капитал жүз пайыз қатысатын кәсіпорындар* және бірлескен кәсіпкерлік фирмалар (*бірлескен кәсіпорындар*).

Шетелдік капитал жүз пайыз қатысатын кәсіпорындар отандық нарықта сан алуан түрлі себептер бойынша пайда болады. Мұндай іс-әрекеттердің жалпы себептері болып әдетте өнімді откізуудің кеңейтілген нарықтарына қызығушылық тудыру және жалдамалы қызметкерлердің жұмыс күшін қосқандагы өндірістік ресурстардың арзан түрлерін тарту болып табылады. Мұндай компаниялар отандық нарықта әр түрлі себептермен пайда болуы мүмкін. Олардың қатарына кәсіпкерліктің келесідей нысандары жатады:

- отандық коммерциялық емес ұйымдарға ресурстарды инвестициялау;
- отандық инвесторларды тартпай-ақ, Қазақстан аумағында жаңа еншілес және тәуелді кәсіпкерлік фирмаларды құру;
- қатысушылар құрамында отандық инвесторлар болмайтын Қазақстан аумағында жұмыс істеп тұрган кәсіпкерлік фирмалардың акцияларының бакылау пакеттерін және қатысадын басым үлесін иемдену.

Бірлескен кәсіпорын (БК) деп әр түрлі резиденттері болып табылатын, қатысушылары құрамына жеке және занды тұлғалар кіргізу нәтижесінде пайда болған кәсіпкерлік фирмалардың көбінде міндетті түрде – жеке немесе занды тұлға болуы керек.

Бірлескен кәсіпорын – бұл Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметтің ерекше үйымдық-құқықтық нысаны емес. Бұл қатысушылардың күрылымының ұлттық ерекшелігі және аталған фирманиң жарғылық капиталы туралы сипаттама беретін кәсіпорынның ерекшелігі. Бірлескен кәсіпорын мемлекеттік корпорациялардан басқа Қазақстанда танылған кәсіпкерліктің үйымдық-құқықтық нысаны құрамында қалыптасуы мүмкін. Ал егерде ол акционерлік қоғам немесе жауапкершілігі шектеулі серікtestіk нысанында құрылса – жарғылық капиталға БК қатысушылары салымдарының кез келген комбинациясында болуы мүмкін.

Бірлескен кәсіпкерлік, көпұлттық компаниялар деп аталатын кәсіпкерлік бизнестің отандық алуан түрлілігі ретінде шығады. *Көпұлттық компаниялар* (ағылшын термині *multinational company*) деп өз жарғылық капиталдарының ұлттық негізге жатқызылуы мен қатысушыларының құрамы бойынша халықаралық болып табылатын кәсіпкерлік фирмаларды айтады. Көпұлтты болып, мұндай компаниялардың құрамына алуан түрлі мемлекеттердің азаматтары кіретін кәсіпкерлік фирмаларды басқару органдары болып табылады. Сонымен қатар, көпұлтты компанияның кәсіпкерлік қызметі тек бір мемлекеттің шекарасындаған жүзеге асырылады және халықаралық сипатқа ие болмайды.

Көпұлтты компаниялардың құрылуы әдетте әр түрлі итермелесуі мотивтер әсерінен болады және бір-бірінің кәсіпкерлік мүмкіндіктерін пайдалануда, алуан түрлі мемлекеттердің резиденттерінің өзара қызыгуышылығына негізделеді. Қазақстан аумағында бірлескен кәсіпкерлік келесідей себептердің әсерінен болады:

- шетелдік мемлекеттердің жеке және заңды тұлғалары тек бірлескен кәсіпкерлік нысанында өзара әрекеттесуге сәйкестендірілген, аталған нарықты билетін отандық әріптестер арқылы өз тауарлары мен қызметтерін жылжытуға мүдделі;
- шетелдік мемлекеттердің жеке және заңды тұлғалары орналасқан елдегі алуан түрлі үкіметтік, қоғамдық немесе қаржылық мекемелермен, бірлескен кәсіпорынды құруды талап

ететін халықаралық үйымдармен мақсатты жобаларды жузеге асыруға, каржылық және несиелік ресурстарды пайдалануға мүдделі;

- шетелдік мемлекеттердің жеке және заңды тұлғалары бірлескен кәсіпорын арқылы – қолайлы имидж, қоғамдық коммуникацияларды, маркетингті, басқаруды, инновацияларды жасап шыгаруға, технологиялық дамуға, кәсіпкерлік қызметті үйымдастыру аясындағы отандық әріптестің мүмкіндіктерін пайдалануға мүдделі;

- БК отандық катысушылары жоғарыда аталған мүмкіндіктерді пайдалануға және шетелдік әріптестің қолайлы имиджін пайдалануға мүдделі;

- БК отандық катысушылары көпүлтті кәсіпкерлік бизнестің катысушысы ретінде, өз бәсекелік позицияларын құрастыру мен күшету арқылы халықаралық нарыққа өз қызметін шыгаруға мүдделі;

- БК отандық катысушылары әлеуетті клиенттер мен контрагенттер халықаралық бизнестің субъектісі ретінде өз мәнінің дәрежесі туралы немесе ұлттық нарықтарда және жергілікті нарықтарда қосымша беделге ие болу үшін – өте әдемі және жаксы сипатталатын халықаралық кеңістікті құруға мүдделі.

- Бірлескен кәсіпкерлік әлемнің алуан түрлі елдерінде экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуетті пайдаланудың нақты бағыты болып табылады.

2.5. Өз кәсіпорнын құру шарттары мен қагидалары


Кәсіпкерлік қызмет белгілі бір ортада жұмысын жүргізеді. Сондықтан да қажетті құқықтық шарттарды құрудың маңызы зор. Осы тұрғыда кәсіпкерлік қызметті реттейтін және кәсіпкерліктің дамуы үшін ең қолайлы жағдайларды реттейтін заңдардың болуы: кәсіпорындарды ашу мен тіркеудің жеңілдетілген және жеделдетілген тәртібі, кәсіпкерді мемлекеттік бюрократизмнен корғау; өндірістік кәсіпкерлік қызметті ынталандыру, Қазақстан кәсіпкерлерінің шет мемлекеттермен бірлескен қызметтің дамыту бағытында салықтық заннаманы жетілдіру.

Құқықтық нормалар – шаруашылық құқықтың даму дәрежесі, шаруашылық жүргізу нысандарының өзара қарым-

қатынасын реттеу, кәсіпкерлікті заңнамалық түрде қорғау, мемлекеттік реттеу тұргысынан кәсіпкерлерге әсер ету – кәсіпкерлік қызметтің алғышарттарын қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар оның белсенділік дәрежесін анықтайды. Бұган шағын кәсіпкерлікті қолдау, статистикалық есеп беру, нысандары мен есепке алу әдістерін жетілдірудің аймақтық орталықтарын құру да кіреді. Сонымен қатар, ен алдымен, келісімдік міндеттемелерді ұстану мен меншікке деген құқықтарды, кәсіпкерлік қызметті құқықтық жағынан кепілдендіру, заңнамалық бастаманы дайындау, бірінші кезекте келісімшарт міндеттемелерін орындау өтсө маңызды рөл атқарады.

Кәсіпкерлік құқықтық нормалардың тұрақтылығы шамалы және ішкі қайшылығы бар жағдайда, қандай да бір қоғамдық топтардың мұдделерін ұстануға бейім болады. Соңдықтан занды тұрғыдан бекітілген кәсіпкерлік қызметтің ұйымдық-құқықтық түрлері оған деген сенімді арттырады және экономикалық катынастардың нақты түрлерін қалыптастырады. Кәсіпорынның құқықтық негізгі кәсіпкерлік қызметі болып табылады. Оны келесі суреттерден көруге болады (5,6,7,8-суреттер).

Кәсіпорын – көгамдық жағдайлардағы қажеттіліктердің канагаттандыру мен пайдалы мәселе міндеттерін анықтаудың жаңы қызметтерінен тұжырымдаудан турады.



5-сурет. Кәсіпорынның мәні

Кәсіпорынды күру туралы шешім қабылдау және жарғылық капиталды қалыптастыру

Ерекшеліктері

- ✓ Жаңа кәсіпорынды күру туралы шешімді кәсіпорын иесі қабылдайды
- ✓ Жаңа кәсіпорынды куратын касіпкердің, ең алдымен пайдалы негіздеуші идеясы (кәсіпорын миссиясы) болуы кажет
- ✓ Алғашкы сатыда капитал кәсіпорынды күру мен ұйымдастыру, қажетті шикізаттар мен материалдарды, курал-жабдықты сатып алу үшін, жұмыс күшін жалдау үшін кажет
- ✓ Корсетілген мақсаттарға ариалған немесе жұмысалған бастапқы капитал салымдары негізінде кәсіпорының жарғылық капиталы құралады
- ✓ Жарғылық капиталдың көбесінен өндірістің дамуы үшін кәсіпорында калдырылатын пайда есебінен, ал кейбір жағдайларда – бюджеттік ассигнованиядан жүргізіледі. Сонымен катар, кәсіпорын кейиннен пайда есебінен отелетін несиелер алуы мүмкін. Қосымша қаражаттар сонымен катар артық мүлкіті сатудан түсін мүмкін
- ✓ Қосымша қаражаттарды тарту есебінен кәсіпорын негізгі және айналым корларын көбейтеді, енім ондірісін ұлттайтады, оның сапасын жаксартады, табысын көбейтеді

Есептеулер

- ✓ істі бастау үшін канша және кандалай қаражаттар кажет етіледі;
- ✓ істі бастап, бір жылда канша сома пайда алуға болады.

Серіктестердің іздестіру – жұмыс істегісі келетін немесе қаражаттары бар және оларды касіпкерлік іске салғысы келетін адамдар.


Кәсіпорынды басқару механизмының қалыптастыру – жұмыс жоспарын құрастыру, орындалу үрдісіне бақылау орнату, әрбір қызметкердің функцияларын анықтау және оларды жұмыс орындары бойынша орналастыру

Күжатты ресімдеу

Ерекшеліктері

- ✓ Кәсіпорын жарғысы – негізгі күкіт болып табылады. Онда жаңа кәсіпорынның заңды статусы, міндеттері, негізделуі мен оны күру көғідалары, құрылтайшылары, олардың мекен-жайлары, әрбір салымшының ақшалай үлесі, кәсіпорынның ұйымдастыруышылық құрылымы, оның басқару органдары, заңды тұлға ретінде кәсіпорынның құқықтары мен міндеттері көрсетіледі.
- ✓ Жарғыда жарғылық капиталдың молшері және оның құрылу көздері, кәсіпорын қызметтін түрі мен сферасы көрсетіледі, коршаган ортандың және адамдардың денсаулығының коргау кепілемелері беріледі, кәсіпорын мен оның филиалдарының басқару нысаны орнатылады, есепке алу мен есеп беру жүйесі көрсетіледі, кәсіпорынның атауы мен мекен-жайлары көрсетіледі.
- ✓ Кәсіпорын жарғысын құрылтайшылар бекітеді және отінішпен бірге жергілікті билік органдарында тұркеледі. Содан кейін кәсіпорын өз моріне не болу құқығын алды және банкте есепшот ашады. Өз мөрі және есепшоты жоқ мекеме заңды тұлға болып табылмайды және кәсіпорын категориясына жатқызылмайды.

6-сурет. Кәсіпорынды күру тәртібі



7-сурет. Кәсіпкерліктең кәсіпорындардың жіктелуі



- ✓ тұтынушылар мұртаж болатын вінді көбейту және оны отқізгенден табыс табу
- ✓ ондіріске колы бос енбекке қабілетті тұрғындарды тарту және осылайша енбекпен қамтамасыз студін апметтік мәселеін шешу
- ✓ өндіріске колда бар косымша табиги ресурстарды тарту
- ✓ ғылым мен техниканың алдынғы қатары жетістіктерін колдана отырып тіпті жаңа енергесіндең түрлерін өндіру
- ✓ дара және бірлескен кәсіпкерлік қызмет үшін шығын кәсіпорындарды құратын жеке азаматтардың немесе тұлғалар тобынын жеке мүдделерін канагаттандыру

Жаңа кәсіпорындарды құруга және жұмыс істеп тұрган кәсіпорындарды көздейтуге әсер ететін факторлар

- ✓ онімге (қызметке) сұраныстың канагаттандырылмауының болуы – анықтауды фактор; егерде кәсіпорын онімі сұраныска ие болмаса, оған қауіп төнеді. Мұндай онім откізілмегенден кейін оны дайындауда кеткен шығындар – кайтарылмайды
- ✓ онім өндірісін үйімдастыру үшін кәжетті ресурстардың болуы
- ✓ өндірістің сәйкес саласындағы ғылымиң, техниканың және технологияның даму деңгейі

Кәсіпорын қызметін тоқтату немесе жұмысын түбекейлі қайта өзгерту себептері

- ✓ шыгарылатын онімге (қызметке) сұраныстың болмауы немесе томендеуі
- ✓ ондірістің зиян экелуі
- ✓ коршаған орта мен тұрғындар үшін кәсіпорынның экологиялық қауіпшілігі
- ✓ экономикалық түргидан тиімді немесе тұтынушыларға кәжетті онім өндірісін үйімдастыру үшін гимраттарды, үйлерді, құрал-жабдықтарды және кәсіпорынның басқа да құралдарын колдану мүмкіндігі.

8-сурет. Кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметін күру немесе тоқтату себептері

Жоғарыда келтірілген 5,6,7,8-суреттерді талдай отырып, қазақстандық заңнамага сәйкес кез келген әрекет қабілетті азамат белгілі бір үйімдүйк-куқықтық нысанда өз ісін құра алады деп айтуга болады. Өз ісін құру келесідей бірқатар міндетті шараларды талап етеді:

- ❖ бастапқы капиталды қалыптастыру үшін мұліктің болуы;
- ❖ жарғылық (қоймалық) капиталдың минималды мөлшерін қалыптастыру үшін қажетті қаржылық ресурстардың болуы;
- ❖ болашақ кәсіпорының кеңесесін орналастыру және міндеттемелерінің қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін қажетті тұрғын үй емес гимараттардың болуы;
- ❖ кәсіпкер өз тауарларын (қызметтерін, жұмыстарын) ұсынатын нарықтың жағдайын зерттеу;
- ❖ қызығушылық тудыратын саладағы, аймақтағы тауарларға деген сұраныс;
- ❖ құрылтайшылар (серіктестер) құрамын анықтау;
- ❖ кәсіпорынды құру туралы құрылтай келісімшартын жасау.

Болашақ кәсіпкер:

- ❖ тәуекелден болатын залалдарды шамалап есептей алуы;
- ❖ кәсіпкерлік құпияны сақтай алуы;
- ❖ өз кәсіпорнының қызметі, өнім тұтынушылары, клиенттері, жабдықтаушылары, бәсекелестері және т.б. туралы барлық ақпаратты білуі;
- ❖ өз ісін құрғысы келетін қызмет аясында құзыретті болуы;
- ❖ өз ісін ұйымдастыруда шағын кәсіпкерлік гана мемлекет тарапынан белгілі бір қолдауга ие болатындықтан, өз күшіне гана сену керектігін естен шыгармауы керек.

2.6. Франчайзинг және кәсіпкерлік

Франчайзинг әдісі бойынша ұйымдастырылған кәсіпкерлік өз қызметін жаңадан бастап келе жатқан кәсіпкерлер үшін үлкен мүмкіндіктер ашады, олардың көбісінің істі табысты жүргізу үшін жеткілікті білімі, тәжірибесі және қаржылық мүмкіндіктері болмайды. Сондықтан да табысты жұмыс істеп жатқан фирмалар тарапынан қолдауды қажет етеді.

Франчайзингін мәні – ірі және болашағы бар кәсіпорын (*франчайзер*) өз бизнесін жаңадан бастап келе жатқан шағын кәсіпорынға (*франчайзи*) персоналды оқыту мүмкіндігін, белгілі және танымал сауда маркасын, «ноу-хауды», өзін-өзі ақтаған

технологияны пайдалана отырып белгілі бір уақыт аралығында және белгілі бір жерде кәсіпкерлік қызметті жүргізу құқығын (франшиза) береді.

Франчайзер әріптеске сауда мен қызмет ету аясын таңдау, сауда және өткізу желісін үйымдастыру, жарнамалық кампанияны өткізу барысында кеңес береді, шикізат пен материалдарды, құрал-жабдықты тасымалдау бойынша міндеттемелерді өз мойнына алады, бизнесі басқаруды үйымдастыруда, кейде тікелей каржылық (несиeler нысанында) немесе жанама (кепілдемелер мен кепілдер ретінде) көмекті көрсетеді. Франчайзер мен франчайзидің өзара қарым-қатынастарының барлық мәселелері келісімшартта көрсетіледі.

Франчайзинг келісімшартының мәнінің ерекшелігі франчайзиге тек лицензия беру ғана емес, сонымен қатар оны тәжірибелік тұрғыдан пайдалануда. Контеген жағдайларда ол үшін техникалық құжаттаманы, жұмысқа кажетті нұсқауларды беру, франчайзиге жұмыс істеу әдістеріне оқыту мен кеңес берушілік қызметтерді ары қарай жалғастыру.

Шағын кәсіпорын франчайзер көмегін пайдалана отырып, салыстырмалы қысқа мерзімде өз ісін бастай алады және де мұнда бас кәсіпорын тарапынан тұрақты қолдау, киындықтарды (әсіреле бастапқы қызмет ету барысында) жеңуге мүмкіндік береді. Франчайзер тарапынан көмек пен қолдау ақылы болады (роялти) және жеткілікті түрде жоғары болады.

Франчайзинг пен франчайзингтік құрылымдарды бірнеше типтер мен түрлерге бөлінеді (9-сурет). Франчайзингтің негізгі типтері тауарлық, өндірістік, іскерлік, еншілес және конвенциялық франчайзинг болып табылады.

Тауарлық франчайзинг бизнесі жүргізу тәсілін сипаттайты, онда франчайзи жетекші компаниядан тауарларды, оның тауарлы маркасымен бірге сату құқығын сатып алады.

Өндірістік франчайзинг кезінде ірі компаниялар басқа компанияларға өнім өндіру мақсатында патенттелген үрдіс арқылы өзінің сауда белгісін немесе сауда маркасын пайдалануға лицензиялар береді.

Іскерлік франчайзинг франчайзердің «басшылығымен» тәуелсіз бизнесі үйымдастыруды қарастырады.

Конверсиялық франчайзинг өнім франчайзинг жүйесі бойынша жұмыс істейтін көтерме немесе бөлшек сауда кәсіпорындары арқылы сатылатындығымен сипатталады.

Франчайзингтің негізгі түрлері дара немесе аумақтық болып екіге бөлінеді.

Кең таралған түрі болып табылатын дара франчайзинг кезінде лицензия (франшиза) өнімнің қандай да бір белгілі түріне сатылады.


Аумақтық франчайзинг кезінде бірегей бас кәсіпорны (бірегей франчайзинг) бар, белгілі бір аумақта қызмет ететін екі және үш деңгейлі франчайзингтік құрылымдар құрылады.

Аумақтық франчайзинг келесідей қосалқы түрлерге болінеді:

- *контролер кәсіпорындарды иеленетін франчайзинг* дара франчайзинг негізінде дамиды. Бұл жағдайда франчайзер мен франчайзи бизнесті аймақта дамыту үшін келісімшарт жасайды. Соның негізінде франчайзидің белгілі бір ауданда өз кәсіпорындардын ашу құқығы пайда болады;

- *субфранчайзинг* жағдайында бас кәсіпорын франчайзимен келісімшарт жасап, әрі бір мезгілде субфранчайзер ретінде болады. Соңғысы басқа франчайзиларда келісімшарттық қарым-қатынастар негізінде басқа франчайзиларды тартады;

- *дамуши франчайзингтің* субфранчайзингтен ерекшелігі, тәменгі франчайзи субфранчайзермен және франчайзермен де келісімшарттық қарым-қатынастармен байланысты болады. Келісімшарттың талабына сәйкес субфранчайзер дара франчайзиді өзі таңдайды және оны оқытуға, оларға тәжірибелік, әдістемелік көмек көрсетуге, олардың қызметтің бақылауды жүзеге асыруға міндеттеннеді. Сонымен қатар франчайзер дара франчайзиге тікелей лицензия (франшиза) береді және онымен тікелей келісімшарттық қатынастарға түседі.



9-сурет. Франчайзинг жүйесі

Франчайзинг жүйесі барлық қатысуышылармен та-быска бірдей қол жеткізуге бағытталған. *Франчайзердің артықшылықтары:*

- ❖ улken қаржылық шығынсыз бизнесті аз уақыт аралығында кеңейту тиімділігі;
- ❖ өз өнімдері мен қызметтерін өткізу кезінде тиімді бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігі;
- ❖ роялти түрінде табыс алу;
- ❖ өндіріс масштабтарын кеңейту нәтижесінде өз өнімінің немесе қызметтінің шығындарын төмендету есебінен қосымша пайдаға қол жеткізу.

Франчайзинг жүйесіне қатысу франчайзиге келесідей артыкшықтар береді:

- тәуелсіз бизнесмен болу мүмкіндігі;
- нарықта жақсы беделі бар сауда маркасы атынан өз бизнесін жүргізу құқығы;
- бизнес пен маркетингтің бейімделген тұжырымдамасын қолдану;
- сәйкес аядағы сарапшылардан басқарушылық кеңес алу мүмкіндігі;
- бірлескен қызметті жүзеге асыру есебінен жарнамага деген шығындарды азайту;
- бастапқы оку және білімін жетілдіру барысында бас фирмандың қызметтерін пайдалана алу мүмкіндігі;
- бизнес мектебінде оқымай-ақ немесе осы салада өз бизнесін жүргіzbай-ақ, өз ісін бастау мүмкіндігі;
- франчайзердің қолдауы арқасында қателерді болдырмау.

Бірақ, бұл артықшылықтарды жүзеге асыру мүмкіндіктері көптеген жағдайларға байланысты болады. Мысалы, ең алдымен нарықтағы франчайзердің имиджіне, франчайзиге берілетін технологияның ғылыми-техникалық деңгейінен, өндірілетін тауарлардың (жұмыстарын, қызметтің) сапасынан, осы тауарларға деген сұраныс сипатына және бәсекелік органың жағдайына тәуелді. Барлық жағдайларда франчайзинг жүйесіне қатысу немесе оның қандай да бір нарықтарға немесе кәсіпкерлік аяларына тарату туралы шешім қабылдау үшін ұсынылатын қызметтің бизнес-жоспары қажет.

Сонымен катар, *франчайзингте белгілі бір кемшиліктер* бар, кемшилікті есепке алу франчайзер үшін де, франчайзи үшін де маңызды. Франчайзингтік келісімшарт франчайзер мен франчайзидің қарым-қатынастарын анықтайды және франчайзиді қорғайтын бірқатар ережелерді қамтиды. Бұл ережелер франчайзерге франчайзимен келісімшартты үзіп жіберуді кыннатады.

Франчайзи франчайзердің қызметкерлерді болып табылмайды. Олар бизнестің тәуелсіз иелері болып табылады. Франчайзингтік келісімшарттың болуы жағдайында да, франчайзимен өз бизнесінде жүзеге асырылатын мәмілелерді бақылауда белгілі бір қындықтар туындауы мүмкін.

Көптеген тұтынушылар әрбір франчайзингтік кәсіпорынды ортақ тауарлық белгімен жұмыс жасайтын кәсіпорындардың бірегей желісінің болігі ретінде қабылдайды. Егерде қандай да бір франчайзи өз бизнесін нашар жүргізсе, ол барлық франчайзингтік жүйеге әсерін тигізді. Франчайзи франчайзерге жалпы сатылымдар сомасы туралы есеп беріп отыруға міндетті.

Кез келген франчайзингтік жүйенің жұмысы франчайзердің интеллектуалды меншігі болып табылатын қағидалар мен стандарттарға негізделеді. Бизнесің мұндай қағидалары коммерциялық құпияны сипаттайтын және франчайзингтік жүйенің негізгі табысы болып табылады. Франчайзи франчайзинг бағдарламасы бойынша оку барысында, кейбір коммерциялық құпияларға қол жеткізеді. Франчайзингтік келісімшарт франчайзиге мұндай ақпаратты таратуға тыйым салғанымен, іс-әрекет барысында ондай жағдай жиі кездеседі.

Франчайзи есебі бойынша франчайзингтік қатынастар оған үлкен шектеулер қояды деп есептегендіктен, өз бизнесін ашу үшін франчайзермен келісімшартын бұзғысы келеді, ал өз кезегінде франчайзерге тікелей бәсекелес болады.

Франчайзи франчайзингтік жүйенің ережелерін қatal ұстануы тиіс. Олар ұсыныс енгізе алады, бірақ бизнесі ұйымдастыру әдісін өзгерте алмайды.

Франчайзингтік келісімшартқа сәйкес франчайзи франшизаның тауарлық белгісін пайдалану мен күнделікті операцияларға қатысты арнайы ережелерді ұстануы тиіс. Мұндай шектеулер тұтынушыға ұсынылатын өнім ассортиментіне, жұмыс уақытының ұзактығына қызмет көрсету ерекшеліктеріне қатысты болуы мүмкін. Франчайзи, осы шектеулерге франчайзилік келісімшартқа байланысты іс-әрекеттер басталмай тұрып келісімшарт болу керек.

Франчайзи өз бизнесінің тәуелсіз иелері ретінде сипатталғанымен, ол франшиза иелерінің желісінде маңызды буын болып табылады. Әрбір жеке франчайзи басқалары үшін бизнесте тең құқылы әріптес болуы қажет.

Потенциалды франчайзи франчайзер ұсынатын қолдау мәндерін анықтау үшін, франчайзингтік жүйенің жұмысымен

мүккият танысын алуды керек. Франчайзер тарапынан жеткіліксіз колдау болған жағдайда, франчайзингтік жүйенің күші әлсірейді.

Франчайзи франчайзердің қаржылық жағдайы туралы толық мәліметпен танысуы керек. Себебі, франчайзер өзін банкрот деп жариялаған жағдайда, франшизаны сатып жіберуі мүмкін немесе басқа да қолайсыз салдар туындауы мүмкін.



Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар

1. Кәсіпкерліктің үйымдастыруышылық-құқықтық нысандары қандай?
2. Жарғылық капиталдың құрылымы мен қалыптасу тәртібі қандай?
3. Шаруашылық серіктестіктің белгілерін атап отиңіз.
4. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің негізгі ерекшелік белгілерін анып көрсетіңіз.
5. Кәсіпкерліктің негізгі жіктемелік белгілері қандай?
6. Кәсіпкерліктің негізгі түрлері мен нысандарын атап отиңіз.
7. Өндірістік кәсіпкерліктің мәні неде? Неліктен оны кәсіпкерліктің жетекші түріне жатқызады?
8. Коммерциялық кәсіпкерліктің мәні неде және оның қызмет ету аясы болып не табылады?
9. Қаржылық кәсіпкерліктің қызмет ету сферасына не жатады?
- 10.Кеңес берушілік қызмет сияқты кәсіпкерлік түрлері неліктен боліп көрсетілді? Оның ары қарай даму болашагы қандай?
- 11.Дара кәсіпкерліктің негізгі сипаттамалары, артықшылықтары мен кемшіліктері.
- 12.Азаматтардың қандай категориялары үшін кәсіпкерлік қызметпен айналысуга шектеулер қойылған?
- 13.Франчайзинг түсінігін сипаттап беріңіз.
- 14.Франчайзингтің артықшылықтары мен кемшіліктері неде?
- 15.Франчайзер мен ранчайзидің артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?



КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕГІ ТӘУЕКЕЛДЕР

3.1. Кәсіпкерлік тәуекелдер: түсінігі, түрлері, жіктелуі

Экономикалық ортандың өзгеруі мен шаруашылық жүргізу жағдайлардың белгісіздік жағдайына байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру қандай да бір тәуекелмен байланысты. Соған қатысты күтілеттің шекті нәтижеге кол жеткізе алмау қаупі пайда болады.

Нарықтық қатынастар аясында экономикалық еркіндік шегіндегі кәсіпкердің мінез-құлқы бәсекелік стратегия арқылы корінеді. Бұл жағдайда кәсіпкердің негізгі міндеті, нарықтағы тауарлар мен қызметтерді іздеу мен өз орнын табу ғана емес, сонымен қатар нарықтан оппонентті шығарғысы келетін кәсіпкер-бәсекелестердің іс-әрекетіне қарсы тұру болып табылады. Сәйкесінше, аталған жағдай өндірістік-шаруашылық қызмет барысындағы әр түрлі шығындармен қоса, тәуекел кәсіпорынның қаржылық және коммерциялық операциялардың ажырамас бөлігіне айналады. Сондықтан тәуекелді көре біліп, оны минималды мүмкін деңгейге дейін төмендетуге ұмтылу қажет.

Кәсіпорын өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыра отырып, өнім өндіру, сату және сатып алу барысында туындастын тәуекелдерді, тәуекел шығындарының орнын толтыру ғана емес, сонымен қатар зиянның алдын алу мақсаты бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізуі тиіс.


Кәсіпкерлік тәуекел – кәсіпорынның мүмкіндіктерінің әлеуетінен шыға отырып күтілген табыс мөлшерін ала алмау немесе пайда болуы мүмкін қауіптің әсерінен болатын ресурстарды жоғалту ықтималдылығы.

Тәуекелдердің жіктемесін әр түрлі ерекшеліктері бойынша жасалады:

- пайда болу себептері бойынша;

- кәсіпкерлік салалары мен функционалды түрлері бойынша;
 - сақтандыру мүмкіндігі, жіберілу деңгейі бойынша және
- т.б.

Әрбір нақты жағдайда қойылған мақсатқа байланысты қандай да бір жіктеме қолданылады. Кәсіпкерлік тәуекелдің түрлерінің сипаттамасы 10-суретте көрсетілген.



10-сурет. Кәсіпкерлік тәуекелдің жіктелуі

Өндірістік тәуекел өндірістік қызметтің кез келген түрлерін жүзеге асырумен, өнімді, тауарлар мен қызметтерді өндірумен байланысты. Өндірістік тәуекелдің негізгі себептері болып өндірістің әр түрлі себептерден тоқтауы, өндірістік қорлардың істен шығуы, айналым құралдарының жойылуы, құрал-жабдықты, шикізатты уақытысында жеткізбек және т.б.; өнім өндіруші және тұтынушы арасындағы келісімшарт өз міндеттемелерін орындаі алмаумен байланысты туындаитын өндірістік тәуекел.

Қаржылық тәуекел кәсіпкердің банктермен және басқа қаржылық институттармен қарым-қатынастар аясында пайда болады. Қаржылық тәуекелдің себептері болып қарыз және менишікті қаражаттардың арақатынасының жоғары алшақтығы, кредиторларға тәуелділік, капиталдардың пассивтілігі, бір жобага үлкен қаражаттарды орынсыз жұмсау. Қаржылық тәуекел фирма қызметін қаржыландыру үшін қарыз алу нәтижесінде фирмандың өз қаржылық міндеттемелерін орындаі алмау мүмкіндігімен байланысты.

Коммерциялық тәуекел кәсіпкермен өндірілген немесе сатып алынған тауарлар мен қызметтерді өткізу үрдісінде пайда болады. Коммерциялық тәуекелдің себептері болып нарық конъюнктурасында, коммерциялық қызмет жүргізу барысында күтпеген өзгерістердің болуы.

Озінің қызмет етуі барысында кәсіпкерлік фирмалар кезінен тәуекелдердің белгілі бір түрлері бар. Олар:

- *заңды тәуекел* заңнамалық актілердің төмен сапасымен және заңнамадағы күтілмеген өзгерістерге байланысты;
- *инвестициялық тәуекел* техникалық-экономикалық негізdemelerdі сапасыз өндеумен, жоба құнының күрт өсуімен, қоршаған ортаны коргау туралы зандардың күшеюімен негізделеді. Сонымен қатар жеке менишік сатып алынған бағалы қағаздардан туындаитын инвестициялық-қаржылық портфельдің күнсyzдануымен байланысты;
- *нарықтық тәуекел* валюталардың ұлттық акша бірлігінің курсына, нарықтық пайыздық ставкаларының өзгеруіне байланысты;

- сақтандыру тәуекелі сақтандыру қорын қалыптастырумен, басқарумен, сонымен қатар меншікті мүлікті, ақшалай қаражаттарды және персоналды басқарумен байланысты;
- инновациялық тәуекел осы аядағы белгісіздікпен (идеяны жасап шыгарудан бастап, оны өнім өндіруге немесе жаңа технологияны өндіріске енгізе отырып, өнімді нарыққа өткізуге дейін) байланысты.

Кәсіпкерлік қызметтің тәуекелінен болатын шығындары, еңбек, қаржылық, уақыт және арнайы шығын деген түрлерге бөлінеді.

Материалдық шығындар – бұл жобамен қарастырылмаған натуралды сипаттагы материалдық объектілердің тікелей шығындары (үйлер, ғимараттар, өнім, жартылай шикізаттар, материалдар, шикізаттар, құраушы боліктер).

Еңбек шығындары – кездейсоқ немесе күтпеген жағдайлардан туындаған жұмыс уақытының шығыны; техникалық орындауға кететін уақыт нормаларды қолдану (олшем бірлігі – «адам-сагат» немесе адам-күн)

Қаржылық шығындар – тікелей ақшалай зиян (кәсіпкерлік жобамен қарастырылған төлемдер, айыппұлдар, мерзімі отіп кеткен несиeler үшін төлемдер, қосымша салықтар, ақшалай қаражаттардың немесе бағалы қағаздардың жоғалуы). Олар жобамен қарастырылған көздерден, қарызды әр түрлі себептерден ала алмау нәтижесінен болуы мүмкін.

Уақыт шығындары кәсіпкерлік қызмет үрдісі жобамен қарастырылған мерзімінен баяу жүрген жағдайда (сагаттармен, тәуліктермен, айлармен өлшеннеді) пайда болады.

Шығындардың арнайы түрлеріне келесілерді жатқызуға болады: адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаган ортаға, кәсіпкер беделіне зиян келтіру және басқа да қолайсыз әлеуметтік және моральдық-психологиялық факторлармен байланысты шығындарды жатқызуға болады. Шығындардың арнайы түрлерінің ерекше тобына – саяси сипаттагы факторлардың күтпеген эсерінен болатын шығындарды жатқызуға болады. Олар адамдардың қалыптасқан экономикалық жағдайына түсінбеушілік енгізеді, өндірістік-шаруашылық қызметтің ыргағын бұзады, шығындардың өсуіне және табыстардың төмендеуіне әкеледі.

3.2. Кәсіпкерлік тәуекелдерді бағалау

Тәуекелді басқару үрдісінде өзекті мәселелердің бірі болып кәсіпкерлік қызметтің нәтижелеріне әсер ететін және есептелетін бағалау сатысы болып табылады.

Тәуекелді бағалау – бұл тәуекел шамасын (дәрежесін) сандық және сапалық тәсілмен анықтау. Тәуекелді бағалаудың әмбебап тәсілдері жоқ. Пайдаланып жүрген тәсілдердің артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Бағалаудың қандай да бір белгілі тәсілін таңдау нақты жағдай мен кәсіпкер тұлғасына байланысты. Сондықтан, сандық-сапалық тәсілді ұштастырып, яғни кәсіпкерлік тәуекелді құрамдастыру әдісімен бағалауды өткізген дұрыс. Кәсіпкерлік тәуекелді сандық және сапалық бағалау 11-суретте көрсетілген.



11-сурет. Тәуекелдерді сандық және сапалық бағалау

Сапалық бағалау барлық мүмкін болатын тәуекелдердің идентификациясымен сипатталады. Сапалық бағалау салыстырмалы түрде қарапайым болуы мүмкін, оның басты міндеті – орындау барысында тәуекел пайда болатын факторларды, жұмыс сатыларын анықтау.

Тәуекелді бағалау барысында *тәуекел дәрежесін* анықтау жаңе ол келесідей болуы мүмкін:

- *жіберілетін* – жоспарланған объекті өткізуден түсетін табысты толық жоғалту қаупі;
- *шегіне жеткен* – тек қана табыстың түспеуі ғана емес, сонымен қатар кәсіпкер каражаттары есебінен қарыздардың жабылмауы мүмкін;

■ *катастрофалық* – капиталдың, мүліктің жоғалуы, кәсіпкердің банкротқа ұшырауы да болуы мүмкін.

Кәсіпкер тәуекелі *сандық* түрде, салынған капиталдың тускен ықтималды немесе жоспарланған, максималды және минималды табысты (зиянды) субъективті бағалаумен сипатталады. Сонымен қатар, мұнда алғынған табыстың (зиянның) максималды және минималды деңгейінің арасындағы диапазон негұрлым үлкен болған сайын, тәуекел дәрежесі де жоғары болады.

Сандық бағалау тәуекелдерді сандық сипаттауга, оларды талдау мен салыстыруды өткізуге бағытталған. Тәуекелді сандық бағалау жағдайында әр түрлі әдістер қолданылады.

Кейде сандық және сапалық бағалауды сыртқы және ішкі факторлардың әсерін талдау негізінде жүргізеді: олардың же келеген элементтерінің кәсіпорынның жұмысына әсер ететін үлес салмағы элементтік бағалау жүзеге асырылады және оның ақшалай көрсеткіші анықталады. Мұндай әдіс сандық талдауда өте көп еңбекті қажет етеді, бірақ сапалық талдауда ұтымды болып табылады.

Абсолюттік талдауда тәуекел құндық (акшалай) сипатта немесе материалды-заттық (физикалық) сипатта мүмкін болатын жоғалтулардың мөлшерімен анықталуы мүмкін.

Салыстырмалы сипатта тәуекел жоспарланған табысқа немесе кәсіпкерлік қызметтің аталған түріне жұмсалған ресурстардың жалпы құнына қатысты шығынның сомасы ретінде анықталады.

Тәуекелді сапалық бағалау *статистикалық әдіс* көмегімен орындалуы мүмкін. Бағалаудың аталған әдісінің басты құралдары – *орташа күтілетін мәні, дисперсия, стандартты ауытқу, вариация коэффициенті*.

Вариация – нәтиженің бір нұсқасынан екіншіге өту барысындағы сандық көрсеткіштердің өзгеруі.

Дисперсия – нақты мәннің орташа мәнінен ауытқу шамасы.

Осылайша, тәуекел дәрежесі екі критериймен өлшенуі мүмкін: орташа күтілетін мәнмен, мүмкін болатын нәтиженің құбылуымен (өзгергіштігімен).

Орташа күтілетін мән – белгісіз бір жағдайға байланысты нәтиженің (жағдайдың) мәні. Ол әрбір нәтиженің ықтималдылығы сәйкес мәннің жиілігі немесе салмағы ретінде қолданылатын мүмкін болатын нәтижелердің орташа

салмақтысы болып табылады. Осылайша, болжамды күтілетін нәтиже есептеледі.

Саралтамалық бағалаулар әдісі. Бұл әдіс әдетте тәжірибелік кәсіпкерлер мен мамандардың ой-пікірлерін өңдеу жолымен жүзеге асырылады. Ол статистикалықтан тек тәуекел қисығын сизу үшін ақпаратты жинақтау әдісімен ерекшеленеді.

Есептік-аналитикалық әдіс – шығындар ықтималдылығының қисығын құрастыруға және кәсіпкерлік тәуекел корсеткіштерін бағалауға негізделген.

3.3. Кәсіпкерлік тәуекелдерді басқару

Кәсіпкерлік қызмет қолайсыз нәтижелердің, оң салдардың пайда болу мүмкіндігімен байланысты болғандықтан, олардың пайда болуын азайтатын немесе теріс салдарды болдырмайтын әдістер мен тәсілдерді жасап шығару қажеттілігі туындаиды. Экономикалық ғылымда мұндай сипаттағы іс-әрекеттерді тәуекелді басқару жүйесі деп атайды. Кәсіпкерлік фирмалық қызметтің шекті нәтижелеріне тәуекелдің әсерін жүмсарудың бағытталған қызметтің ерекше түрі.

- тәуекелді басқару тұжырымдамасы үш негізгі айқындаудан тұрады:

- тәуекел жағдайында кәсіпкерлік қызмет салдарын анықтау;

- бұл қызметтің мүмкін болатын теріс салдарына әсер ету қабілеті;

- жасалатын іс-әрекеттердің оң нәтижелері жойылатын немесе теріс нәтижелердің орны толтырылатын шараларды жасап шығару мен жүзеге асыру.

Тәуекелді басқару шешімді қабылдау барысында нұскаларды іздеуді білдіреді. Тәуекелді сапалық бағалау кәсіпкерлік фирмалық ұзақ мерзімді перспективада кәсіпкерлік фирмалық табысқа жету мүмкіндіктерін арттырады, оның каржылық жағдайының нашарлау қаупін біршама төмендетеді.

4-кестеде кәсіпорын тәуекелін басқарудың негізгі әдістерінің жіктемесі келтірілген. Аталған әдістердің бір бөлігі болашакта тәуекелді төмендетуді, ал қалған бөлігі дерен төмендетуді кепілдендіреді. Бір әдістерді шамага тікелей әсер ету шаралары ретінде, ал қалған әдістерді – жанама әсер ету шаралары ретінде қарастыруға болады.

4-кесте. Тәуекелді басқару әдістерінің жиғелүі

Тәуекелді ескерту әдістері	Тәуекелді болырмау әдістері	Тәуекелді локальдау әдістері	Тәуекелді артараптандыру әдістері	Тәуекелді салдарын төмендегу әдістері
Тәуекел туралы кажетті ақпаратты алу Кәсіпорын қызметтін стратегиялық жоспардау Белсенді максатқа бағытталған маркетинг Сыртық орта дамуны болжузу Персоналды оқыту мен оның нұсқамасы Ескерту жүзеге асыру (авария-га карсы, ергеле карсы)	Сенімсіз әріптестерден бас тарту Гаранттарды іздестіру Тәуекелді жобалардан бас тарту Мүліктің консервациясы Каблесіз кызметкерлерді жұмыстан босату	Тәуекелді жобаларды жүзеге асыру үшін еншілес касіпорындарды құру Арнағы құрылымдық белімшелерді құру (негізделген балансы бар) Тәуекелді жобаларды жүзеге асыру үшін бірлескен жүзеге асыру туралы көлісімшартты жасау	Жеке жобаларды (бірін орындаушылар) арасында тәуекелдерді үlestіругү Оғізу үшін тасымалдарды атаралаптандыру Инвестицияларды атаралаптандыру Кызмет түрлерін әртапортандыру Уақыт бойынша тәуекелді үlestіругү	Лимиттеу Өзін-өзі (корларды резервдеу) Өзара сактандыру Сактандыру

Қазақстанның шаруашылық жүргізу тәжірибесінде тәуекелді болдырмау мен локальдау әдістері кеңінен тараған. Бұл әдістерді сенімсіз әріптер кызметінен бас тартатын, тек сенімді контрагенттермен жұмыс істеп, әріптер ортасын кеңейтуді қаламайтын қоپтеген өндірістік кәсіпорындардың басшылары қолданады.

Тәуекел дәрежесін болдырмау және лимиттеу. Кәсіпкерлік тәуекелдерді болдырмаудың бұл бағыты ең ұтымды болып табылады және кәсіпорын үшін тәуекелдің кез келген түрін болдырмауды білдіреді. Тәуекелден бас тарту туралы шешім, оны қабылдаудың алдынғы сатысында немесе шешімді қабылдау сатысында қабылдануы мүмкін, ал кейбір жағдайда кейіннен де қабылдануы мүмкін. Тәуекел деңгейі болжанғаннан жогары болса, кәсіпорын өзі атқаратын қызметтің қандай да бір түрінен бас тартуы да мүмкін. Оны болдырмау туралы шешімдердің көбісі шешімді қабылдау сатысында қабылданады. Өйткені кәсіпорын қатысатын қызмет түрі ол үшін біршама қаржылық және басқа да шығындарға алып келуі мүмкін. Бұл жағдай көбінесе келісім шарт міндеттемелерін орындаумен байланысты.

Тәуекелді төмендетудің аталған бағыты ең қарапайым және ұтымды болып табылады. Ол жұмсалатын шығындар мен белгісіздікті толығымен болдырмауга мүмкіндік береді, алайда тәуекелге байланысты қызметтен пайда көлемін алуға мүмкіндік бермейді.

Белгілі бір дәрежеде тәуекелді жартылай болдырмау тәсілі оның *шоғырлануын лимиттеу* болып табылады. Бұл механизм тәуекел жіберілетін деңгей шегінен шығатын кәсіпкерлік тәуекелдерге қатысты қолданылуы мүмкін. Мұндай лимиттеу, кәсіпорын қызметінің алуан түрлі аспектілерін жүзеге асыру саясатын жасап шығару үрдісінде, кәсіпорында сәйкес нормативтерді орнату жолымен жүзеге асырылады. Тәуекелдердің шоғырлануын лимиттеуді қамтамасыз ету келесі жағдайлардан тұруы мүмкін:

— шаруашылық қызметте қолданылатын қарыз қаражаттарының шекті мөлшері (*үлес салмагы*). Бұл лимит кәсіпорынның операциялық және инвестициялық қызметі үшін бөлек белгіленеді. Ал бірқатар жағдайларда — жеке

каржылық операциялар үшін (нақты инвестициялық жобаны қаржыландыру үшін, айналым активтерін қалыптастыруды қаржыландыру үшін және т.б.);

– жоғары отімді нысандагы активтердің минималды молшері (*уес салмагы*). Бұл лимит кәсіпорынның жедел қаржылық міндеттемелерін жуық арада өтеу мақсатында жоғары отімді активтердің резервін жасаумен сипатталатын «өтімді жастықтың» қалыптасуын қамтамасыз етеді. «Өтімді жастық» ретінде ең алдымен кәсіпорынның қысқа мерзімді қаржылық салымдары, сонымен катар оның дебиторлық борышының қысқа мерзімді нысандары шығады;

– бір сатып алушыга ұсынылатын тауарлық (коммерциялық) немесе тұтынушылық несиенің максималды молшері. Несиелік тәуекелді шоғырландыруды төмендетуге бағытталған несиелік лимиттің мөлшері, өнім сатып алушыларына тауарлық несиені ұсыну саясатын қалыптастыру кезінде орнатылады;

– бір банке орналастырылатын депозитті салымның максималды молшері. Бұл нысандагы депозитті тәуекелді шоғырландыруды лимиттеу, кәсіпорын капиталын инвестициялаудың аталған қаржылық құралын қолдану үрдісінде жүзеге асырылады;

– бір эмитенттің бағалы қағаздарының қаражаттарын салудың максималды молшері. Лимиттеудің бұл нысаны, бағалы қағаздар портфелін қалыптастыру кезінде жүйелік емес (ерекше) қаржылық тәуекелді шоғырландыруды төмендетуге бағытталған. Бірқатар институционалды инвесторлар үшін бұл лимит міндетті нормативтер жүйесінде, олардың қызметін мемлекеттік реттеу үрдісінде орнатылады;

– дебиторлық борышқа қаражаттарды аудартудың максималды кезеңі. Осы қаржылық норматив есебінен төлем қабілетсіздігі тәуекелін, инфляциялық тәуекелді, сонымен катар несиелік тәуекелді лимиттеу қамтамасыз етіледі.

Қаржылық тәуекелдердің шоғырлануын лимиттеу үлкен шығындарды талаң етпейтін және осы тәуекелдерді қабылдау бөлігіндегі, кәсіпорынның қаржылық идеологиясын жүзеге асыратын тәуекел-менеджменттің, кеңінен тараптады. Тәуекелдерді

баскарудың аталған әдісі қаржылық және коммерциялық тәуекелдерге қатысты тиімді болып табылады және басқа тәуекелдерді басқару кезінде оны қолдану міндетті емес.

Кәсіпкерлік қызметте тәуекелдерді төмендету әдістерінің бірі әртараптандыру болып табылады. Әртараптандыру – бір-бірімен өзара тікелей байланысты емес, қызметтің алуан түрлері арасында капитал салымдарының күшін үйлестіру. Бұл жағдайда, егерде күтілмеген жағдайлар нәтижесінде қызметтің бір түрі зиянды болса, екіншісі табыс экелетін болады.

Әртараптандыру тәуекел деңгейін төмендету әдісі ретінде.

Оз қызметтінде кәсіпкер әртараптандырудың келесідей типтерін қолдана алады:

1. *Шоғырланған әртараптандыру* – техникалық және маркетингтік көзқарастан кәсіпорыннан шығарылатын өнімге үқсас болатын өз номенклатурасын толтыру. Мысалы, құрылыш кәсіпорындары үшін, өнеркәсіптік және азаматтық құрылышпен катар – коттедждер, гараждар, саяжайдығы үйлер, сауда павильондарының құрылышы, құрделі және ағымдық жөндеу. Әртараптандырудың бұл түрі өндіріс профилін өзгертуейтін болғандықтан, қызмет үрдісіне біршама қосымша салымдарды талап етпейді.

2. *Қолденең әртараптандыру* – кәсіпорынның негізгі қызметтіне байланысты болмайтын қызметтермен және өнімдерімен өз ассортиментін ұлгайту арқылы, сонымен катар, тұтынушылардың қызығушылығын тудыратын қызмет жүйесі.

3. *Конгломератты (латенттік) әртараптандыру* – кәсіпорын қолданатын технологияға, қызмет ету аяларына және казіргі өндіріліп жатқан тауарларына ешқандай қатысы жоқ жаңа өнім өндіру арқылы өз ассортиментін кеңейту. Тәжірибеде көбінесе қолденең әртараптандыруды қолдану жиі кездестіріледі.

Әртараптандыру әдісі өндірістік, коммерциялық және инвестициялық тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік береді. Казіргі кезде кәсіпорындардың көпшілігінде конгломератты әртараптандыру қолданылады. Бұл механизм, ең алдымен тәуекелдердің жүйелік емес түрлерінің теріс қаржылық салдарын болдырмау үшін қолданылады. Сонымен катар, ол белгілі

бір дәрежеде жүйелік тәуекелдердің жеке түрлерін төмендегуға мүмкіндік береді. Әртараптандыру механизмінің іс-әрекет ету қагидасы шоғырлануга бөгет болатын тәуекелдерді таратуға негізделген.

Әртараптандыру механизмін жалпы сипаттай отырып, ескеретін жайт, ол жеке тәуекелдердің теріс салдарын төмендегуға асер етеді. Жүйелік емес тооптың кешенде тәуекелдерін болдырмауда сөзсіз тиімділікті қамтамасыз ете отырып, ол жүйелік тәуекелдердің, ең алдымен инфляциялық және салықтық тәуекелдерді болдырмауга септігін тигізбейді. Соңдықтан, кәсіпорында бұл механизмді колдану шектеулі сипатка ие. Сонымен қатар, тәжірибе жүзінде әртараптандыру тәуекелді тек төмендеппей көбейтеді. Тәуекелдің көбеюі кәсіпкер өз қарожаттарын, оның білімі мен басқарушылық қабілеттері шектеулі болатын қызмет аясына салған жағдайда болады. Бұл жағдайда қызметтің басқа аяларынан алынатын пайдалар есебінен, зиян әкелетін қызмет аясын қолдауды болғызуға керек. Өйткені мұндай тәжірибе барлық пайданы зиянды салага жұмысалуына әкелуі мүмкін.

Демек, әртараптандыру – бұл негізгі қызметпен байланысты емес, белгілі бір жобаларға салымдарды салудан түсетін табыс алуға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқару әдісі. Әртараптандыруды колдану, кәсіпорынды банкроттықтан күткәруға және ары карай өз қызметін жалғастыруға мүмкіндік береді.

Тәуекелді төмендедүдің келесі әдісі *сақтандыру* болып табылады. Өз кезегінде сақтандыру тәуекелді төмендегуға қойылатын идеалды жағдайларға жауап береді. Өйткені шығындарды жабу үшін қажетті ресурстарды, кәсіпкерлік фирмалар бизнес ішіндегі басқа ресурстарды қоспағанда, сақтандыру үйімдарынан тез алады.

Сақтандыру үшін төленетін сақтандыру жарналары (сақтандыру сыйақылары) есебінен қалыптасатын, ақшалай корлар есебінен белгілі бір жағдайлар (сақтандыру жағдайлары) болған кезде жеке және занды тұлғалардың мүліктік мүдделерін корғау бойынша өзара қатынастарын сипаттайды. Және де мұнда, кәсіпкердің потенциалды сақтандыру мүддесі тәуекелдің макси-

малды мүмкін болатын шамасын жабуға қол жеткізумен байланысты. Бірақ, сактандырушы, жауапкершілікті қабылдау туралы мәселені шешу барысында ең алдымен, сактандырушының еркіне байланысты болмайтын сактандыру жағдайының ықтималды сипатынан шығуы керек. Ішкі тәуекелдер әрқашанда бұл талаптарға жауап бере бермейді. Сәйкесінше, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында бірінші кезекте сыртқы тәуекелдер сактандырылуы тиіс.

Сактандыруды жүзеге асыру тиімділігі деп, үрдіске қатысадын екі тарап – сактандырушы мен сактандырылушы келісім жасалмаган кездегі жағдаймен салыстырганда, сактандыру келісімін жасаған жағдайда экономикалық тиімділікке қол жеткізеді.

Сактандырылышының экономикалық тиімділігінің мәні – бизнес пайдалылығы мен қорлардың айналымы төмендейтіндіктен, сактандыру жарналарын төлеуге біршама қаражаттарды бөлмеу және күтпеген жағдайларда пайда болған зияндардың орнын толтыру үшін ақшалай қаражаттардың қосымша көзін қамтамасыз етуде.

Сактандырушыга төленген жарналар есебінен сактандырушының өзіне кәсіпкерлік қызмет барысында катастрофалық зияндар пайда болған жағдайда өз тұрақтылығының қосымша кепілдігін қамтамасыз етеді.

Кәсіпкерлік тәуекелдерді басқару, сонымен қатар күтпеген жағдай пайда болған пайдадан кәсіпкерлік фирмалық арнайы резервтік қорын (тәуекел қорын) құру өзін-өзі *сактандыру* құралдары есебінен жүргізуі мүмкін. Кәсіпкерлік тәуекелдерді бодырмаудың бұл бағытының механизмі, тәуекел контрагенттерінің іс-әрекеттерімен байланысты емес. Сонымен қатар, өзін-өзі сактандырудың натуралды нысаны болуы мүмкін. Өзін-өзі сактандыру қоры өнім барысында уақытша киындықтарды жеңіп шығуға мүмкіндік береді.

Өзін-өзі сактандыру, сактандырылатын мүліктің күны кәсіпкерліктің барлық мүліктік және қаржылық көрсеткіштерімен салыстырганда онша үлкен емес болған жағдайда қолданылады. Шындығында, ірі кәсіпкерлік фирмада сактандыру компаниясы арқылы онша қымбат емес құрал-

жабдыкты кездескүн болынуден сактау тиімсіз. Өзін-өзі сақтандыру шығындардың ықтималдылығы аз болған жағдайда да маңызға ие болады.

Тәуекелді басқарудың көптеген әдістері тек өзара толықтырушы ғана емес, сонымен қатар накты жағдайдан шыға отырып, баламалы болып табылғандықтан, әрбір кәсіпорын экономикалық қозқарас тұргысына ең онтайлы әдісті таңдап алуы керек.



Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар

1. Кәсіпкерлік тәуекел пайдада болуының негізгі объективті белгілерін атап отіңіз.
2. Тәуекелдердің негізгі жіктемелік белгілерін атап отіңіз.
3. Кәсіпкерлік тәуекелді сапалық және сандық бағалау.
4. Кәсіпкерлік тәуекелді басқару үрдісі қандай сатылардан тұрады?
5. Кәсіпкерлік тәуекелдің деңгейіне қандай факторлар әсер етеді?
6. Кәсіпкерлік тәуекелді болдырмау механизмі қандай?
7. Тәуекелдерді болдырмау бағыты ретінде одан қашу мен ли-миттеу әдістемесі.
8. Тәуекелді төмендету әдісі ретінде әртараттандырудың мәні неде?
9. Сақтандыру – тәуекелді төмендету әдісі ретінде?
10. Өзін-өзі сақтандыруды кәсіпкерлік тәуекелдерді басқару тәсіліне жатқызуға бола ма?



КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БИЗНЕСТІ ЖОСПАРЛАУ

4.1. Кәсіпкерлік қызметті жоспарлау үрдісі, түрлері және қағидалары

Кәсіпкерлік қызметті жоспарлауды, алдын ала қабылданған өзара байланысты шешімдердің кешенді үрдісі ретінде қарастыру кажет. Осы арқылы ортақ шешім жүзеге асырылады. Егер арнайы және сәйкес шаралар қабылданбаса, ықтимал болатын жағдайда оң нағиженің келешекте қалыптасуы күмән туғызады.

Жоспарлау – бұл кәсіпорынның экономикалық жүйесінің болашақ жағдайын анықтайтын, жоспарларды жасап шыгару мен тәжірибелік түрде жүзеге асыруды қарастыратын кешенді қызмет.

Кәсіпорын тұргысынан, микроэкономикалық деңгейде *жоспарлау* – бұл микроэкономика субъектілерінің саналы, жігерлі шешімдеріне негізделген іс-әрекеттерді жүзеге асыру тәсілі, бага мен нарықты ауыстыратын механизм.

Кәсіпорын қызметін *жоспарлаудың еki түрі* бар:

- нарық жүйесіндегі кәсіпорын қызметін жоспарлау;
- фирмашілік жоспарлау.

Әдетте, жоспарлаудың бұл аспекттілері өзара байланысты. Атап өтетін жайт, шын мәнінде жоспарлау фирманның нарықтағы контрагенттермен қарым-қатынасы тек кездейсок және бір реттік сипатта емес, тұрақты және ұзак мерзімді болған жағдайдаған үтімді болады.

Кәсіпорын қызметін жоспарлау келесідей мүмкіндіктер береді:

- ✓ қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін жұмсалатын күштердің нақты бақылауын жүзеге асыруға;
- ✓ басшыларды өз мақсаттары мен оған қол жеткізу жолдарын нақты анықтауга;
- ✓ ары қарай бақылау үшін қажетті фирма қызметінің көрсеткіштерін анықтауга;

- ✓ кәсіпорынды нарықтық конъюнктураның күтпеген өзгерістеріне дайындауға;
- ✓ фирмалық менеджерлерінің міндеттері мен жауапкершіліктерін нақты анықтауға.

Қазіргі нарықтық катынастар өзінің өзгерістерін тек «жоспарлау» түсінігіне енгізіп қана қоймайды, сонымен қатар жоспарлаудың қағидалары, мақсаттары, әдістері мен түрлерін нақтылайды.

Кез келген басқарушылық қызмет сияқты, жоспарлау белгілі бір қағидаларға негізделеді. Дәл осы қағидалар жоспарлау жүйесінің құрылымы мен мазмұнын, жоспарлау үрдісінің сипаттын анықтайды.

Жоспарлаудың қағидалары:

1) *Үздіксіздік*. Мақсаттар мен шаруашылық жүргізу жағдайлары өзгеріп отыратындықтан, жоспарларды үнемі жетілдіріп және түзету енгізіп отыру қажет.

2) *Үйлестірушілік пен интеграция*. Үйлестірушілік бір деңгейдегі барлық ұйымдастырушылық бірліктердің өзара іс-әрекеттерін қамтиды, ал интеграция әр түрлі деңгейдегі бірліктер арасындағы іс-әрекеттерді сәйкестендіру үшін қажет.

Жүйелілік. Кәсіпорын сыртқы ортада кешен ретінде есептелуі қажет.

Гылымилық. Жоспарлауда гылыми әдістерді қолданып отыру қажет.

Әрбір кәсіпкер, өз қызметін бастай отырып, оны болашақта не күтіп тұрғанын болжауы керек, атап айтқанда: оның қаржылық, материалдық, енбек және интеллектуалды ресурстарға деген қажеттілігі қандай болатындығын, оларды иемдену көздері қандай екенін білуі керек. Сонымен қатар фирма (кәсіпорын) жұмысының барысында ресурстарды пайдалану тиімділігін есептей алуы қажет.

Яғни, кәсіпкерлер өз қызметін нақты және тиімді түрде жоспарламаса, нарықтық жүйедегі қажетті ақпараттарды жинап талдау жүргібесе, ондағы бәсекелестердің жағдайы туралы мәліметтерді ескермесе, өздерінің болашағы мен мүмкіндіктері туралы ақпаратты тұрақты жинай алmasa, табыска жете алмайды.

4.2. Кәсіпкерлік жобаларды жүзеге асырудың бизнес-жоспары

Кәсіпкерлік құрылымдардың шаруашылық өміріне «бизнес-жоспар» түсінігі жедел түрде енуде. Мұндай құжат, әдетте, инвестицияларды, қаржыландырудың сыртқы көздерін тарту үшін дайындалады: несие берушіден қаржы алу (банктік және басқа да несиeler, облигациялық қарыздар), тартылған инвесторлардың қаржысы (акцияларды сатудан, пайлық және басқа да салымдардан), бюджеттің инвестиациялық қаржысы. Бизнес-жоспардың басқа да функциясы бар кәсіпорынның барлық шаруашылық қызметін жоспарлау. Негізінде бизнес-жоспар жоғарыда аталған екі функцияны да қатар орындауы қажет. Бірақ, тәжірибеде сыртқы қаржыландыруға бағытталған бизнес-жоспардың және ішкі қолданыстағы бизнес-жоспардың құрылымы және мазмұны бойынша да біршама ерекшеліктері бар.

Бизнес-жоспар – бұл бизнес-операцияларды, кәсіпорынның іс-әрекеттерін жүзеге асыру жоспары. Онда кәсіпорынның тауары, өндірісі, өнім өткізу нарықтары, маркетинг, операциялар мен олардың тиімділігі туралы мәліметтер болады.

Бизнес-жоспардың жасасап шығарудың мақсаты – нарық қажеттіліктеріне және қажетті ресурстарды алу мүмкіндігіне сәйкес таяу және болашақтағы кезеңдерге кәсіпорынның шаруашылық қызметін жоспарлау.

Бизнес-жоспардың міндеттері болып келесілер табылады:

- кәсіпорынның ұзак мерзімді және қысқа мерзімді мақсаттарын қалыптастыру, оларға жетудің тактикалары мен стратегияларын анықтап алу;
- кәсіпорын қызметінің нақты бағыттарын, нарықка бағытталуы мен нарықтағы оның орнын анықтау;
- кәсіпорынның тұтынушыларға ұсынатын тауарлары мен қызметтерін анықтау және ассортиментті таңдау;
- өндірістік және өндірістік емес шығындарды бағалау;
- нарықты зерттеу, сатуды ынталандыру, бага белгілеу және т.б. бойынша маркетингтік шаралардың құрамын анықтау;
- кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау, қолда бар қаржылық және материалдық ресурстарды, қойылған мақсаттарға жету мүмкіндіктерімен сәйкестендіру және т.б.

Бизнес-жоспар келесідей негізгі функцияларды атқарады, атап айтқанда:

- кәсіпкер белгілі бір кезеңдегі қызметтің нақты нәтижелерін бағалай алатын құрал болып табылады;
- болашақта бизнесті жүргізу тұжырымдамасын жасап шыгару үшін қолданылуы мүмкін;
- қаржылық ресурстарды иемдену құралы болып табылады;
- кәсіпорын стратегиясын жүзеге асыру құралы ретінде сипатталады.

Осылайша, бизнес-жоспар кәсіпорын қызметінің мүмкіндітерін талдауға және басымды мақсаттарды тандауды негіздеуге, яғни оның қызмет етуінің стратегиясын айқындауға мүмкіндік береді.

Бизнес-жоспарлардың түрлері.

Нарықтық жағдай мен құрастыру мақсатына қарай бизнес-жоспарлар әр түрлі болуы мүмкін:

- *бизнес-линиялары бойынша* (өнім, жұмыстар, қызметтер, техникалық шешімдер);
- *жалпы кәсіпорын бойынша* (жаңа немесе жұмыс істеп жатқан).

Бизнес-жоспар кәсіпорынның дамуына немесе оны қаржылық сауықтыруға бағытталуы мүмкін. Сонымен қатар, кәсіпорынның тұғастай қызметі немесе оның бір бөлімшесінің қызметі жоспарлануы да мүмкін.

4.3. Бизнес-жоспарды құрастыру мен жасап шыгару әдістемесі

Бизнес-жоспар келесідей ұсыныстарды ескере отырып дайындалуы керек:

1. *Білшамдылығы* – бизнес-жоспардың әрбір тарауы бойынша ең маңыздысының сипатталуы.
2. *Баяндауда және түсінуде қолжетімділік* – бизнес-жоспар адамдарға көпшілікке түсінікті болуы керек.
3. *Техникалық түсініктемелердің тым көп болмауы.*
4. *Сенімділік, ықшамдылық, серіктестерде қызыгуышылықты тудыру.*
5. *Белгілі бір стандарттарға сәйкестігі* – бизнес-жоспар, оны оқитындар мен жүзеге асырушылар қабылдауы қажет және оны құру әдістемесі бойынша ыңғайлы болуы керек.

Бизнес-жоспар күрделі күжат ретінде, әсіресе оның құрамы үлкен мәнге ие. *Бизнес-жоспардың тараулары кәсіпорын қызметінің барлық аспектілерін қамтуы керек.* Сыртқы пішіні бойынша бизнес-жоспарлар бір-бірінен ерекшелетіндігімен, олардың тарауларының құрамы, негізі тіпті өзгеріссіз қалады, ал нысаны бойынша ол қойылған міндеттің типіне байланысты өзгеріп отыруы мүмкін.

ЮНИДО халықаралық әдістемесіне сәйкес бизнес-жоспар үшін келесідей *корсеткіштер мен оған енетін ақпарат түрлері қажет:*

1. Инвестициялық шығындар.
2. Өнім өндіру және өткізу бағдарламасы.
3. Қызметкерлердің орташа тізімдік саны.
4. Өндірілген өнімнің жалпы көлеміне кеткен ағымдық шығындар:
 - материалды шығындар;
 - еңбекақыға жумсалатын шығындар мен әлеуметтік мұқтаждықтарға аударымдар;
 - құрал-жабдық пен көлік құралдарына қызмет көрсету мен жондеу;
 - әкімшілік үстеме шығындар;
 - өнімді өткізу шығындары;
5. Өнім түрлері бойынша жалпы шығындар құрылымы.
6. Айналым капиталына қажеттіліктер.
7. Қаржыландыру көздері – акционерлік капитал; несиeler және т.б.

Мұндай көрсеткіштер мен ақпарат түрлері инвестициялық жобаларды модельдеудің қабылданған жүйесінің кез келгенін аясында қолдануға жарамды болып табылады.

Бизнес-жоспар құрылымы

Әдемтте, бизнес-жоспар келесідей тараулардан тұрады:

1. Тұжырымдама, шолу, резюме.
2. Қазіргі уақыттағы жағдай және кәсіпорын туралы қысқаша ақпарат.
3. Бизнес объектісінің сипаттамасы.
4. Нарықты зерттеу мен талдау.
5. Ұйымдастырушылық жоспар.
6. Өндіріс жоспары.

7. Маркетинг жоспары.
8. Потенциалды тәуекелдер.
9. Қаржылық жоспар.
10. Қосымшалар.

Бизнес-жоспарды ресімдеу титулды бетті дайындаудан басталады, онда аталған құжат қашан және қай жерде, кіммен құрастырылғандығы туралы акпарат көрсетіледі. Мұнда бизнес-жоспардағы идеяны қысқа және нақты түрде көрсететін жобаның аталуы көрсетілу керек. Титулды беттен кейін бизнес-жоспардың құрылымын сипаттайтын мазмұны көрсетілуі керек. Төменде тараулар мен параграфтардың номенклатуrasesы келтірілген (5-кесте).

5-кесте. Бизнес-жоспардың негізгі тараулары мен әр тараудың мазмұны

Бизнес-жоспар тараулары	Бизнес-жоспар тарауының мазмұны
Тұжырымдама, шолу, резюме	<p>Бұл өз ісін бастай отырып немесе жалғастыра отырып кәсіпорынның өз алдына қойылған мақсаттары мен бизнесі туралы қамтылған қысқа, тез оқылатын акпаратқа шолу</p> <p>Негізі, бизнес тұжырымдамасы жоспардың қысқартылған нұсқасы болып табылады.</p> <p>Резюмемде келесідей негізгі мәліметтер көрсетілуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бизнес үшін мүмкіндіктер, бизнестің тартымдылығы, кәсіпорын мен аймақ үшін маңыздылығы; - қажетті қаржы ресурстары (немесе қарызы); - жобаның өтелу мерзімі; - қарызы қаражагттарын қайтарудың мүмкін болатын мерзімі; - инвестициялау шарттары; - күтілетін пайда мен оны үlestіру. <p>Тұжырымдаманы сипаттау тәртібі еркін болып табылады, бірақ оны ұсынылып отырган бизнестің басты мақсатынан (әдетте, бұл табыс табу) және жасап шығарылатын бизнес-жоспардың бағытталуынан бастау қажет. Бизнес концепциясы (резюме) бизнес-жоспарды жасап болғаннан кейін құрастырылады, бірақ басында орналасады.</p>

Қазіргі таңдағы жағдай және кәсіпорын туралы қысқаша ақпарат	<p>Қазіргі жағдайды және кәсіпорын туралы қысқаша ақпаратты сипаттайтын тарауда келесідей негізгі мәліметтер көрсетіледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бизнес-жоспар бойынша идеяның пайда болуына әсер еткен негізгі жағдайлар; - менеджерлер алдында тұрған негізгі жағдайлар мен міндеттер; <p>нарықтагы жағдай және қол жеткізілетін жағдай. Ары қарай қысқаша түрде кәсіпорын туралы негізгі ақпарат көрсетіледі – күрыш мерзімі, үйымдастырушылық-куқықтық нысаны, күрлайтышылары, занды мекен-жайы және т.б.</p>
Бизнес объектісінің сипаттамасы	<p>Бұл тарауда бизнес-жоспардың бағытталуын көрсету қажет (өнім, жұмыстар, қызметтер, жаңа кәсіпорынды құру, жұмыс істеп тұрғанын дамыту, қаржылық сауықтыру). Сонымен қатар мұнда тұтынушылар үшін тауардың маңыздылығын, оның бірегейлігін атап әткен дұрыс. Сонымен бірге өнімнің функционалды мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін көрсету керек. Бұл тарауды ұсынылатын бизнестің табыстылығын сипаттайтын басты факторлардың сипаттамасы және т.б. аяктайды.</p>
Нарықты зерттеу мен талдау	<p>Бұл тарауда сатып алушы назар аударатын басымдылықтарды көрсету керек: сапа, баға, тасымалдау уақыты мен нақтылығы, сервистік қызмет көрсету және т.б.</p> <p>Нарық сегментациясын жасау, кәсіпорын өнімі бойынша нарықтардың мөлшері мен сыйымдылығын анықтау қажет. Өнім, қызметтер нарықта қалай тез орын алатындығын талдау, оны ары қарай көңілкүй мүмкіндіктерін негіздеу қажет, сонымен қатар осыған әсер ететін факторларды қарастыру қажет.</p> <p>Бәсекелестерді бакылау мен бағалау да маңызды рөл аткарады. Олардың күшті және әлсіз жақтарын талдау керек. Натуралды және ақшалай сипаттағы сату көлемдерін анықтау қажет.</p>

Үйымдастырушылық-күқықтық жоспар	Үйымдастырушылық-күқықтық нысанның, басқарудың үйымдастырушылық күрылымның сипаттамасы, басқарушы күрамының сипаттамасы, персоналмен жұмыс, басқарудың материалдық-техникалық камсыздандырылуы. Онда жетекші менеджерлердің лауазымдық нұсқауларын, олардың басқарушылық үрдістегі рөлін, сонымен қатар қызметтер мен болімшелердің өзара әрекеттесуі қалай жүргізілетіндігін анықтау қажет.
Өндіріс жоспары	Оны жазу барысында мыналарды ескеру керек: қамсыздандыру, технологиялық цикл, қурал-жабдыққа қызмет көрсету, технологияны жетілдіру мүмкіндіктері. Өндіріс жоспары өндірістік үрдісті сипаттайды. Егер де жеке операциялар мердігерге жүктелсе, ол көрсетілуі керек. Еңбек сыйымдылығы бойынша құрылымы көрсетілген өндірістік үрдісті көрсету қажет. Өндірістік орындарға деген қажеттілікті және олардың алаңын, сонымен қатар кәсіпорынның өндірістік алаңын, қосымша қурал-жабдықтар мен материалдық ресурстарға деген қажеттілікті және т.б. көрсету қажет.
Маркетинг жоспары	Жобаны жүзеге асыру барысында жүргізілетін кешенді нарықтық зерттеулер бағдарламасы: жобаны жүзеге асыру кезеңдері бойынша беліп көрсетілген өткізілетін өнім ассортименті мен жалпы колемін анықтау, өнімнің өмірлік цикл сатыларын ескере отырып өнімді жетілдіру бағыттары, қораллауға, сыртқы пішініне қойылатын талаптар, бага саясатын негіздеу, өткізуі жоспарлау, оны ынталандыру, жарнамалақ кампанияны жоспарлау, қызмет көрсету, маркетингтік бағылау жүйесі және т.б.

Потенциалды тәуекелдер	Аталған тарау өте маңызды, өйткені тәуекел факторы кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне үлкен әсерін тигізеді. Мұнда жобаны жүзеге асыруды қыннадаттын барлық мүмкін болатын проблемалар, ескерту шараларының кешені, қолайсыз жағдайлар болған кезде одан шығу жолдары және т.б. көрсетілуі керек.
Каржылық жоспар	Каржылық жоспарлаудың мақсаты ұсынылатын бизнестің тиімділігін анықтау: табыстар мен шығыстардың жиынтық балансы, дәстүрлі түрдегі жыл соңындағы баланстық жоспар, қаражаттардың көздері мен оларды пайдалану жоспары және т.б.
Косямшалар	Дайындау барысында қолданылған құжаттар

Бизнес-жоспарды жасап шығару өз кәсіпорнын нақты бағалауга, оның күшті және әлсіз жақтарын анықтауга, кәсіпорын қызметін жүзеге асыру үшін қандай талап қоюға болатындығын, мүмкін болатын қындықтарды көре білуге, курделі мәселелерін үлғайып кетпеуіне жол бермеу, олардың пайда болу себептерін анықтап жою шараларын қарастыруға мүмкіндік береді деп айтуға болады.

Каржылық мәселелерді білікті түрде шешу – кәсіпкер үшін ең жауапты мәселелердің бірі. Кәсіпкер қызметінің пайдалылығы, істің табыстылығы біршама дәрежеде соган байланысты болады.

Нарықтық экономикада кәсіпорын егерде өз қызметін нақты және айқын түрде жоспарлап отырмаса, нарықтық мақсаттарды, ондагы бәсекелестердің жағдайын ескермесе өзінің мүмкіндіктері мен болашагы туралы акпаратты тұрақты жинап отырмаса, онда ол тұрақты табысқа жете алмайды.

Осылайша, бизнес-жоспар тек кәсіпорынның ішкі құжаты болып табылмайды, сонымен қатар ол инвесторларды тарту үшін қолданылуы мүмкін. Қандай да бір капиталмен тәуекелге бармай тұрып, инвесторлар жобаның мүкият зергтелгендігіне және талқыланғандығына көз жеткізіп оның тиімділігі туралы акпараттандырылуы керек.



Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар

1. Кәсіпкерлік қызметтің жоспарлау үрдісінің мәні неде?
2. Бизнес-жоспар қалай сипатталады?
3. Бизнес-жоспардың функциялары, құрамы мен құрылымы қандай?
4. Бизнес-жоспардың маңаты қандай?
5. Бизнес-жоспарды жасап шыгару сатылары қандай?
6. Бизнес-жоспардың мазмұнын ашып көрсетіңіз және оның негізгі тарауларына сипаттама беріңіз.
7. Қазіргі таңда бизнес-жоспарды жасап шыгару барысында кәсіпкерге қандай ерекшеліктерді ескеру қажет?



КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

5.1. Кәсіпорынның қаржылық ресурстары және қалыптасу көздері

Кәсіпкерлік үйімдарды қаржыландыру – бұл жай және үлгаймалы үдайы ендірісті қаржылық қамтамасыз ету шарттары мен қагидаларының, нысандары мен әдістерінің жиынтығы. Қаржыландыру деп акшалай қаражаттардың қалыптасу үрдісін немесе кең мағынада – капиталдың барлық түрлерінің қалыптасу үрдісін айтады. «Қаржыландыру» түсінігі «инвестициялау» түсінігімен тығыз байланысты. Егерде қаржыландыру – бұл ақша қаражаттарының қалыптасуы болса, инвестициялау – бұл оларды пайдалану. Екі түсінік өзара байланысты, бірақ та біріншісін туыннатады: қаржыландыру көздері болмай, қандай да бір инвестицияларды жоспарлауга болмайды. Сонымен катар, кәсіпорынның қаржы ресурстарының қалыптасуы әдетте оларды пайдалану жоспарын ескере отырыш жүргізіледі.

Кәсіпорынды қаржыландыру көздерін таңдау барысында келесідей бес негізгі міндеттерді шешу қажет:

- 1) қысқа және ұзак мерзімді капиталға деген қажеттілікті анықтау керек;
- 2) онтайлы құрылымын анықтау мақсатында қаражаттардың активтері мен пассивтерінің құрамын анықтау керек;
- 3) кәсіпорынның тұрақты төлемқабілеттілігін және сәйкесінше қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету керек;
- 4) максималды пайда әкелетіндей етіп кәсіпорынның өз және қарыз қаражаттарын пайдалану керек;
- 5) шаруашылық қызметті қаржыландыруга деген шығындарды төмендету керек.

Кез келген кәсіпорын экономикалық жүйенің элементі болып табылады және кәсіпкерлік қызмет бойынша серіктермен, әр түрлі деңгейдегі бюджеттермен, капитал иелерімен және басқа да субъекттермен белгілі бір қарым-қатынастарға түседі. Қаржылық ресурстарды қалыптастыру мен пайдалану үрдісінде кәсіпорында нарықтың басқа субъекттерімен қаржылық

қатынастар пайда болады. Дәл осы қатынастар кәсіпорын қаржысының мәнін құрайды.

Кәсіпорын қаржылары оның ондірістік-шаруашылық қызметі барысында пайда болатын және оның қаржылық ресурстарын қалыптастыру және болумен байланысты ақшалай қатынастарды сипаттайтын.

Қаржылық қатынастар құрамында кәсіпорынның ақшалай қатынастарының келесідей топтарын бөліп көрсетеді:

➤ *контрагенттермен* – бастапқы табыстарды қалыптастыру және шаруашылық ішіндегі мақсатты қорларды құру және колдану бойынша (жарғылық капитал, жинақтау мен тұтыну қорлары);

➤ *үйымдар және кәсіпорындармен* – қаржиларды бөлу бойынша, бұл жағдайда қаржылық ресурстардың қозгалысы кор сипатында емес түрде жүзеге асырылады (келісімшарттық міндеттемелерін бұзған жағдайда айыппұл төлеу, әр түрлі пайлық салымдар салу, бірлескен қызметтен түсетін пайданы үлестіру, мемлекет пен басқа да кәсіпкерлік үйымдардың құнды қағаздарын сатып алу, олардан дивидендтер алу);

➤ *онім тұтынушылармен* – кәсіпорындар олармен байланысқа түсे отырып келісімшарттардың түрлері мен нысандарын өзі таңдайды. Міндеттерді орындау шарттары мен санкцияларды пайдалану тәртібін оздері анықтайды. Өз онімдеріне деген бағаны өздері қалыптастырады. Жабдықтаушылар бағаларының негізділігін өз бетінше анықтайды. Жоғарыда аталған факторлар кәсіпорынның қаржылық шекті нәтижелеріне біршама әсер етеді;

➤ *сақтандыру үйымдарымен* – міндетті және ерікті сақтандырудың әр түрлі түрлерін таңдау бойынша;

➤ *банктік жүйемен* – қарыздарды алу және өтеумен, пайыздарды төлеумен байланысты есепті-кассалық қызмет көрсету бойынша, сонымен катар банктерге өзінің бос ақша қаражаттарын белгілі бір ақы үшін уақытша пайдалануды ұсыну бойынша;

➤ *мемлекетпен* – бюджеттік және бюджеттен тыс қорларды құрастыру және қалыптастыру, колдану бойынша. Ақшалай қатынастардың бұл тобы бюджетке және бюджеттен тыс қорларға алуан түрлі салықтарды, алымдарды, жарналарды және т.б. төлеу арқылы жүзеге асырылады. Екінші жағынан,

өндірістік емес сфераны, мақсатты бағдарламаларды және т.б. бюджеттік қаржыландыру түрлері жүзеге асырылады;

➢ жоғары басшылық құрылымдармен – кәсіпорын ішіндегі қаржылық ресурстарды қайта үlestіру бойынша «тікелей» және «көлденен» өзара байланыстар.

Жоғарыда аталған қаржылық қатынастар үшін ортақ нәрсе, ол:

- олардың ақшалай нысанда сипатталуы және ақша қаражаттарының қозғалысын бейнелеуі;
- екі жақты сипатқа ие болатындығы және кәсіпорынның нарықтың басқа да қатысушыларымен белгілі бір шаруашылық операцияларының нәтижесі болып табылатындығы;
- ақшалай қаражаттың қозғалу үрдісінде, қаржылық қарым-қатынастың негізінде әр түрлі бағыттағы кәсіпорынның ақшалай қорлары қалыптасады.

Кәсіпорынды қаржыландыру көздері – *ішкі (меншікті капитал)* және *сыртқы (қарыз және тартылған капитал)* болып болінеді. *Ішкі қаржыландыру* өз қаржысын пайдалануды, оның ішінде ең алдымен – таза пайда мен амортизациялық аударымдарды пайдалануды қарастырады.

Ішкі және сыртқы көздерден түсетін қаржы ресурстарының кұрамы 12-суретте көлтірілген.



12-сурет. Қаржы ресурстарының кұрамы

Өз қаражаты есебінен қаржыландырудың бірқатар артық шылықтары бар:

- кәсіпорын пайдасынан толтырылу есебінен оның қаржылық тұрақтылығы артады;
- өз қаражаттарын қалыптастыру мен пайдалану тұрақты түрде жүргізіледі;
- сыртқы қаржыландыру бойынша шығындар азаяды (несие берушілерге қарыз бойынша қызмет көрсету);
- қосымша шығындарды жабу көздері алдын ала белгілі болғандықтан, кәсіпорынды дамыту бойынша басқарушылық шешімдерді қабылдау үрдісі жеңілдейді.

Кәсіпорынның өзін-өзі қаржыландыру деңгейі тек оның ішкі мүмкіндіктеріне ғана емес, сонымен қатар сыртқы ортасына (мемлекеттің салықтық, амортизациялық, бюджеттік, кедендік және ақша-несие саясатына) да байланысты болады.

Негізінде, кәсіпкерлік ұйымдардың қызметтің қаржыландырудың негізгі ішкі көздері пайда мен амортизациялық аударымдар болып табылады. Кәсіпорын *пайдасы* оның шекті нәтижесі болып өндірістік қызмет үрдісінің барысында қалыптасады. Бәсеке жағдайында еңбек ұжымы пайданың осуіне мүдделі болып табылады. Өйткені ол өндірістің өсуінің, сәйкесінше кәсіпорын қызметкерлерінің әл-ауқатының жақсару көзі болып табылады. Бірақ, кәсіпорынның мұндай көз ретінде жалпы табыс емес, тек оның бюджетке барлық салықтар мен толемдерді төлеп болғаннан кейінгі *таза пайдасы* болып табылады. Ол резервтік қорды, жинақтау және тұтыну қорларын қалыптастыру үшін қолданылады.

Нарықтық экономика жағдайында қаржыгерлер «капитал» түсінігін негізге алады, ол пайданы алу үшін әсер етудің нақты объектісі болып табылады. Капиталдың және қаржылық ресурстардың табигаты бір, ол – ақшалай қаражаттар. Алайда *капитал* – бұл кәсіпорынмен айналысқа жіберілген және осы айналымнан табыс әкелетін қаржы ресурстарының бөлігі. Бұл жағдайда капитал ұзак уақыт бойынша ақша қаражаттары түрінде қала алмағандықтан қаржы ресурстарының айналмалы түрін сипаттайды.

Амортизациялық аударымдар негізгі өндірістік қорлар мен материалды емес активтердің тозу құнының ақшалай сипаттамасын бейнелейді.

Нарықтық экономика жағдайында қаржы ресурстарының сыртқы қоздерінің мәні артуда. Олардың ішінде жаңа түрлері пайда болуда, оларды қалыптастыру құрылымы өзгеруде.

Сыртқы қаржыландыру мемлекеттің, қаржы-несие үйимдарының, қаржылық емес үйимдардың және азаматтардың қаражаттарын қолдануды қарастырады. Сонымен қатар, ол кәсіпорын құрылтайшыларының ақшалай қаражаттарын қолдануды қарастырады. Қажетті қаржылық ресурстарды осы әдіспен тарту ең қолайлысы болып табылады. Өйткені ол кәсіпорынның қаржылық тәуелсіздігін қамтамасыз етеді және кейіннен банктік несиelerді алу шарттарын жеңілдетеді.

Нарықтық экономика жағдайында кәсіпорынның өндірістік шаруашылық қызметі қарыздық қаражаттарды пайдаланбай жүргізу мүмкін емес, оған мыналар жатады: банк несиelerі, коммерциялық несиeler, яғни басқа үйимдардың қарыздық қаражаттары, кәсіпорын акциялары мен облигацияларын шығарудан және сатудан түскен қаражаттар қайтарымды негізделгі бюджеттік қаржы және т.б.

Қарыздық қаражаттарды тарту кәсіпорынның айналым қаражаттарының айналымдылығын жеделдетуге, жасалатын шаруашылық операцияларының көлемін көбейтуге, аяқталмаған өндірістің көлемдерін қыскартуға мүмкіндік береді. Бірақ, аталған қаржыландыру көзін пайдалану кәсіпорынға өзіне жүктелген қарыз міндеттемелерін орындаумен байланысты белгілі бір мәселелердің туындауына әкеледі. Қарыз ресурстарын тартумен қамтамасыз етілген қосымша табыс мөлшері несиені төлеу бойынша шығындарды жапқанша, кәсіпорынның қаржылық жағдайы тұрақты болып қала береді, ал қарыз капиталын тарту тиімді болады.

Бұл көрсеткіштер тенестірілген жағдайда, қосымша табысты қамтамасыз етпейтін қаржы ресурстарын қалыптастырудың қарыз көздерін тарту мәселесі пайда болады. Несие бойынша қарыздың шығындары оны пайдаланудан түскен қосымша табыстардан артқан жағдайда, үйимның қаржылық жағдайының нашарлауы әдбен мүмкін.

Осылайша, қарызыңға капитал негізінде қаржыландыру онша тиімді емес. Өйткені несие берушілер ақша қаражаттарын қайтымдылық және төлем есебінде ұсынады, яғни өз ақшаларымен кәсіпорынның меншікті капиталына қатыспайды, тек қарыз беруші ретінде шығады.

Қаржыландырудың әр түрлі әдістерін салыстыру кәсіпорынга қаржылық қамтамасыз етуінде онтайлы нұсқасын таңдауға, қызметті пайдаланудың ағымдағы және курделі шығындарын жабуга мүмкіндік береді.

5.2. Қаржылық ресурстарды жоспарлау

Кәсіпорындардың тұрақты қызмет етуіне қажетті қаржыларды басқаруды ұйымдастыру жаңа әдістерді пайдаланусыз мүмкін емес. Кәсіпкерлік тиімділігін арттырудың негізгі бағыттарының бірі фирмаішілік қаржылық жоспарлау мен бақылауды жетілдіру болып табылады.

Қаржылық жоспарлаудың басты мақсаты кәсіпорынның өзінің қарызыңға және кор нарығының қөздерінен тартылған ақшалай ағымдардың шамасын болжай негізінде қаржылық ресурстардың, капиталдың және резервтің мүмкін болатын көлемін анықтау болып табылады.

Аталған мақсат мыналарды қарастырады:

- ❖ ең алдымен кәсіпорын өз қаражаттары есебінен кәсіпорынның өндірістік, ғылыми-техникалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету;

- ❖ сату көлемінің мөлшерін кобейту және өндіріс пен айналым шығындарын төмендету есебінен пайданы арттыру;

- ❖ кәсіпорын балансының қаржылық тұрақтылығын, төлемқабілеттілігін және өтімділігін қамтамасыз ету, әсіресе ірі масштабты инвестициялық жобаларды жүзеге асыру кезінде.

Қаржылық жоспар – бұл ағымдық (бір жылға дейінгі) және ұзак мерзімді (бір жылдан астам уақытқа) кезеңге ақшалай қаражаттардың түсі мен жұмсалуын сипаттайтын жоспардың корытынды құжаты. Бұл жоспар болашақ ақшалай ағымдардың сапалы болжамына қол жеткізу үшін қажет.

Қаржылық жоспар өнімді өндіру, материалдық ресурстарды сатып алу, маркетинг, инвестиция, ғылыми-зерттеу жоспарлармен тығыз байланысты.

Кәсіпорынның қаржылық жоспарының міндеті:

- орта мерзімді қаржылық перспективаны болжау үшін. Орта мерзімді қаржылық жоспарды әдетте, бір жылға жасайды және көрсеткіштер әр тоқсанға бөлу арқылы құрастырылады.
- ағымдық табыстар мен шығындарды анықтау үшін. Жедел қаржылық жоспарды жылдың тоқсанына жасап, оны айлық жоспарга бөледі, ал айлық жоспардың негізінде онкундік, бескүндік жоспарлар жасалынады.

Жоспарлау қагидалары кәсіпорындағы жоспарлау қызметінің сипаты мен мазмұнын анықтайды, олар:

1. Жүйелік жоспарлау қагидасы.
2. Жеке бөлімшелердің жоспарларын қадағалау қагидасы.
3. Қатысушылық қагидасы.
4. Үздіксіздік қагидасы.
5. Икемділік қагидасы.
6. Нактылық қагидасы.

Жалпы ережелерден шыға отырып, қаржылық жоспарлау қагидаларын келесідей түрлерге бөледі:

1. Мерзімдердің қаржылық арақатынас қагидасы.
2. Төлемқабілеттілік қагидасы.
3. Капитал салымдарының рентабельділік қагидасы.
4. Тәуекелдердің тенестірілген қагидасы.
5. Нарық талаптарына икемделу қагидасы.
6. Шекті рентабельділік қагидасы.

Жоспарлау үрдісі келесідей ерекшеліктерімен сипатталады:

- 1) *экстенсивтілігімен* (әлеуметтік-саяси және экономикалық құбылыстардың кең қолемін қамтиды);
- 2) *интенсивтілігімен* (жетілген техниканы қолдануды қарастырады);

- 3) *тиімділігімен* (қорытындысында қаржылық басқару жүйесі қойған мақсаттарға қол жеткізуі білдіреді).

Каржылық жоспарлауда келесідей тәсілдер қолданылады:

1. *Автоматты* (алдыңғы жылдың берілгендері келесі жылға ауыстырылады. Егерде инфляция болған жағдайда, берілген көрсеткіштер инфляция коэффициентіне көбейтіледі.) Бұл әдіс ең қарапайым әдіс болып табылады және уақыт тапшылығы болған жағдайда қолданылады;

2. Статистикалық (алдыңғы жылдардың шығындары жинақталып, алдыңғы жылдардың санына бөлінеді);

3. Нөлдік базалы (мұнда барлық позициялар қайта есептелуі тиіс. Бұл әдіс нақты қажеттіліктерді ескереді және оларды мүмкіндіктерімен байланыстырылады).

Нарықтық экономика жағдайында жоспарлау, басқару функциясы ретінде экономикалық және әлеуметтік қызметтің жалпыға бірдей, барлық жақтарын қамтитын түрі болуы керек. Егерде жоспарлы экономикада қаржыларды жоспарлауда бөлу үрдістеріне көп көңіл бөлінсе, нарықтық экономика айырбас аясына көп көңіл бөледі. Бұл жағдайда ол арқылы тауарларды сату мен қызмет көрсету кезіндегі жұмысалған қажетті шығындар ескеріледі.

Сәйкесінше, нарықтық экономикада тауарларды сату мен қызмет көрсету барысында басымдыққа ие және анықтаушы байланыс тәсілі болып, өз механизмі бар нарық болып табылады. Оның құрамына ақша, баға, құн заны, сұраныс пен ұсыныс зандары кіреді. Нарықтық механизмінің мұндай табигаты өнім өндіру мен айырбас нәтижелерін анықтау әдісінде болжауга жоспарлау элементтерін пайдаланады.


5.3. Кәсіпорын қаржысын басқару жүйесі

Қазақстанда капитал мен еңбек, өндіріс құралдар нарығының және нарықтық бага белгілеудің қалыптасуы барысында кәсіпорындағы қаржыларды басқару механизмі түбектейлі езгеруде.

Нарықтық экономикага бейімделген әдістерді ескере отырып, қаржылық ресурстарды тиімді басқаруды ұйымдастыру қаржы менеджменті шегінде жүзеге асырылады.

Каржылық менеджмент ағымдық және стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін кәсіпорынның шаруашылық қызметті үрдісінде пайда болатын ақшалай ағымдардың қозғалысын ұтымды басқару жүйесі болып табылады.

Басқарудың кез келген жүйесі сияқты, қаржылық менеджмент екі қосалқы жүйеден тұрады: басқарылатын (басқару объектісі) және басқарушы (басқару субъектісі) (13-сурет).



13-сурет. Қаржы менеджментінің жалпы сыйбасы

Каржылық менеджментте басқару объектісі ақшалай түсімдер мен төлемдердің тұрақты ағымын сипаттайтын шаруашылық субъектінің ақшалай айналымы түріндегі қаржы ресурстары болып табылады. Акша қорының жұмсалуының әрбір бағытына белгілі бір көздері сәйкес болу керек: кәсіпорын капитал көздеріне өндіріске жұмсалатын инвестиция және активтер түріне енетін меншікті капитал мен пассивтерді жатқызуға болады.

Жұмыс істеп тұрган кәсіпорында акша айналымының бастапқы және шекті нүктесін анықтау мүмкін емес. Кәсіпорынның акша қаражаттарының көлемі уақыт аралығы бойынша өзгереді және өндірістік үрдістің сипаттына, сату көлеміне, дебиторлық борышты өтеуге және т.б. байланысты. Шикізаттың корлары, коймадағы дайын өнімнің, аяқталмаған өндірістің корлары, дебиторлық борыш пен төленуге тиісті коммерциялық несие қорлардың қалыптасуына, кредиторлық және дебиторлық борышқа қатысты кәсіпорынның қаржы саясаты мен өндірістік үрдісіне, өнім откізуға байланысты.

Акша айналымын басқару үрдісі біршама көлемде акша қаражаттары қозғалысының ұзақ мерзімді уақытқа болжай мен оның кәсіпорнының қаржылық жағдайын бағалауға қажетті әсерінен тұрады. Акша айналымын басқару – кәсіпорынның

ақша айналымының барлық тараптары мен капиталдың айналымын, қаржы ресурстарының қозғалысын, кәсіпорынның экономикалық үрдісінде, басқа қатысушылармен қаржылық катынастарын талдау негізінде, жақын мерзімге және болашаққа деген ақша қаражаттарының қолемі мен қарқындылығын дұрыс есептеу дегенді білдіреді.

Нарықтық экономика жағдайында қаржыларды басқару үрдісінде кез келген шаруашылық субъект қаржы нарықтарында әр түрлі рөл атқарады: инвестор мен бағалы қағаздардың эмитенті, қарыз беруші мен несие алушы. Мұнда, пайда болған байланыстар алуан түрлі қаржылық құралдар комегімен жүзеге асырылады, олардың қатарына акциялар, облигациялар, фьючерстер және т.б. жатады.

Басқару объектісіне әсер ету көнтеген әдістер мен тәсілдер арқылы жүзеге асырылады..

Экономиканы басқарудың негізгі тобын мемлекет тарапынан анықталған әдістер жүйесі құрайды. Бұл әдістер жалпы экономикалық сипатқа ие, оларға салық салу, несиелендіру, амортизациялық аударымдар, кассалық және есеп айырысу операциялары, сактандыру және т.б.

Құрделі жүйелер мен үрдістерді қазіргі заманғы талдау мен синтездеу әдістері қаржылық және салықтық жоспарлау, коммерциялық ұйымның қызметін болжауға негізделеді. Бұл әдістер нарықтық үрдістердің негізгі сипаттамалары мен тенденцияларын математикалық модельдер арқылы нақты сипаттауга мүмкіндік пайда болады.

Соңғы жылдары отандық тәжірибеде қаржыларды басқарудың келесідей тәсілдері қолданылады: *факторинг, франчайзинг, селенг және т.б.* Олардың негізінде туынды қаржы құралдары жатыр.

Қазіргі қаржы менеджментінің қызмет етуін электронды есептеу машиналар жүйелері мен дербес компьютерлердің және бағдарламалық қамтамасызданыру пакеттерін қолдануызы мүмкін емес.

Басқару субъектісі пайданы алу мен тиімді пайдалану арқылы кәсіпорынның өтімділігі мен төлем қабілеттілігін артты-

ру мақсатында, қаржы менеджментінің тактикасы мен стратегиясын жасап шыгаратын және жүзеге асыратын қаржы қызметі болып табылады.

Қаржы қызметінің нақты құрылымы көбінесе кәсіпорынның үйимдық-күқықтық нысанына, оның қөлеміне, қызмет түріне және компания басшылығымен қойылған міндеттерге байланысты болады.

Ірі кәсіпорындарда қаржыларды басқару үшін әдетте бухгалтерия мен қаржы бөлімінен тұратын қаржы дирекциясы түріндегі арнайы бөлім құрылады. Бұл бөлім қаржы бойынша вице-президентке (қаржы директорына) бағынышты болады. Қаржы дирекциясы мен оның бөлімшелері алдында тұрган міндеттер кәсіпорын қызметінің барлық аяларын қамтиды.

5.4. Кәсіпкерліктері лизингтік операциялар


Кәсіпорындар үшін қазіргі таңда лизингтік операциялар біршама қызыгуышылық тудырады.

Лизинг негізгі куралдарды иемденуге жумсалған шығындарды қаржыландырудың тиімді нысаны болып табылады. Лизингтік қызмет – бұл мүлікті алу мен оны лизингке беру бойынша инвестициялық қызмет. Лизинг – лизинг келісімшартын жүзеге асыру үшін, оның ішінде лизингтік затты алу мақсатында экономикалық және күқықтық катынастардың жиынтығы (14-сурет).

Лизинг – каржы-коммерциялық операциялардың күрделі жүйесі. Оның объектілірі машиналар мен күрал-жабдықтардың алушан түрлері, электронды-есептеуші техника, кемелер, самолеттар, энергетикалық күрал-жабдық, құрылыш техникасы және т.б. болып табылады.

Ғылыми-техникалық прогрессінің дамуы жана өнімділігі жоғары машиналардың күрге алып келеді. Олардың құны шағын және орта кәсіпорындардың сатып алуын киындалады. Техниканың моральды тозу карқыны жеделдейтін жағдайда, лизинг техниканы (жалға беруші) дайындаудың үшін және тұтынуышы (жалға алушы) үшін инвестициялардың күржыландырудың тиімді нысаны болып табылады.

ЛИЗИНГ ТҮРЛЕРИ



14-сурет. Лизинг кәсіпорын өнімін өткізу түрі ретінде

Лизинг заты кез келген күнделікті тұтынылмайтын заттар болып табылады. Оның ішінде қасіпорындар мен басқа да мүлік кешендері, үйлер, гимараттар, құрал-жабдықтар, көлік құралдары және қасіпкерлік қызмет үшін колданылатын басқа да жылжымалы мүліктер бар. Жер участелері мен басқа да табиғи объектілер, сонымен қатар еркін айналым үшін қазақстандық заңнамалармен тыбын салынған немесе ерекше айналым тәртібі белгіленген мүлік лизинг заты бола алмайды.

Лизинг субъектілері болып келесілер табылады:

- *лизинг беруші* – лизинг мәмілесін жүзеге асыру барысында тартылған немесе өз қаражаттары есебінен мулік иеленіп оны лизинг заты ретінде лизинг алушыға белгілі бір акы үшін, белгілі бір шарттар мен мерзімге уақытша пайдалануға беретін немесе лизинг алушыға оту немесе отпеу арқылы лизинг затына деген менишік құқығын беретін заңды немесе жеке тұлға;
- *лизинг алушы* – лизинг келісімшартына сәйкес лизинг затын белгілі бір акы үшін, белгілі бір мерзім аралығы мен белгілі бір шарттар бойынша уақытша пайдалануға және лизинг келісімшартына сәйкес пайдалану үшін қабылдауға міндетті болатын жеке немесе заңды тұлға;
- *лизинг мүлкін сатушы (жабдықтаушы)* – лизинг берушімен жасалған сату-сатып алу келісімшартына сәйкес, белгілі бір мерзімде лизинг заты болып табылатын, онымен өндірілетін (сатып алынатын) мүлікті лизинг берушіге сататын жеке немесе заңды тұлға. Сатушы, сату-сатып алу келісімшартының шарттарына сәйкес, лизинг затын, лизинг алушыға немесе лизинг ұсынушыға беруге міндетті. Сатушы бір мезгілде бір лизингтік құқықтық қарым-қатынас шегінде лизинг алушы ретінде шығуы мүмкін.

Лизинг субъектілерінің барлығы Қазақстан Республикасының резиденттері болуы немесе болмауы мүмкін.

Лизинг, қасіпорынга ақша айналымында ұзақ мерзімді негізде басқа қасіпорынның қаражаттарын пайдалануға мүмкіндік береді. Қаржыландырудың аталған нысаны үшінші тарап үшін мүлікке деген менишік құқығын иемденетін және оны белгілі бір мерзімге жалға беретін лизингтік компания арқылы жүзеге асырылады. Қасіпорындарды техникалық қайта жарақтандыруда да лизингі ерекше рөл атқарады.

Откізу мерзіміне байланысты келесідей лизинг түрлерін бөліп көрсетуге болады:

- *ұзақ мерзімді лизинг* – үш жыл және одан астам мерзімде жүзеге асырылатын лизинг;
- *ортал мерзімді лизинг* – 1,5-3 жыл аралығында жүзеге асырылатын лизинг;
- *қысқа мерзімді лизинг* – 1,5 жылдан аз уақыт аралығында жүзеге асырылатын лизинг.

Лизингті сатып алуды ұзақ мерзімді несиелеу нысаны ретінде қарастыруға болады. Лизингтік компания өз қаражаттары есебінен лизинг алушының тапсырысы бойынша негізгі құралдардың құнын толығымен төлейтіндіктен, сатып алу затына деген меншік құқығы соған өтеді.

Жалға алушы – кәсіпорын үшін, мәмілеге лизингтік компанияны тарту қажеттілігі негізінен, негізгі құралдарды иемдену үшін қаржы ресурстарының болмауымен және ұзақ мерзімді ссудаларды алу қыындығымен байланысты туынтайтынын тиімді пайдалануды ынталандырады. Лизинг негізгі құралдарды тиімді пайдалануды ынталандырады және орнатылмаған құрал-жабдықты, оны тиімсіз пайдалануды болдырмайды. Өйткені лизинг затын іске қосудан түсетін табыс жалға алу ақысын қосқандағы барлық шығындарды өтеп, пайда әкелуі керек.

Лизинг беруші мен лизинг алушының арақатынастары *лизинг келісімшартымен анықталады*. Ол уақыт мерзіміне байланыссыз жазбаша түрде жасалады.

Лизинг келісімшарты келесідей маңызды мәліметтерді қамтуы керек:

- 1) лизинг затының толық сипаттамасы;
- 2) берілетін меншік құқықтарының қолемі;
- 3) лизинг затын беру тәртібі мен орнының атауы;
- 4) лизинг келісімшартының уақыт мерзімін көрсету;
- 5) лизинг затының баланстық есебінің тәртібі;
- 6) лизинг затын ұстая мен жондеу тәртібі;
- 7) кешенді лизинг келісімшарты негізінде лизинг берушімен ұсынылған қосымша қызметтер тізімі;
- 8) лизинг келісімшартының жалпы сомасын және лизинг берушінің сыйақы мөлшерін көрсету;

- 9) есеп айырысу тәртібі (толемдер графигі);
- 10) лизинг келісімшарттың байланысты тәуекелдерден лизинг затын сақтандыруға деген лизинг берушінің немесе лизинг алушының міндеттерін анықтау;

11) тараптардың міндеттері мен жауапкершілігі.

Лизингтік келісімшарттың маңызды шарты лизингтік толемдер сомасы болып табылады, ол мыналардан тұрады:

- келісімшарт мерзімін қамтитын, кезеңдегі мүлік амортизациясы;
- несиелік ресурстарды қолданғаны үшін лизинг берушіге толенетін сома;
- лизинг берушіге комиссиялық сыйакы;
- лизингтік мүлік, лизинг берушімен сақтандырылған жағдайдағы сақтандыру үшін толенетін сома;
- келісімшартпен қарастырылған лизинг берушінің қосымша қызметтері үшін ақысы;
- қосылған құн салығы;
- лизинг берушімен толенген, лизинг келісімшарты бойынша берілетін мүлік салығы;
- лизинг берушінің инвестициялық шығындар сомасы;
- лизинг келісімшарттың қарастырылған лизинг берушінің басқа да шығындары.

Лизингтің тартымдылығы кәсіпорынның құрал-жабдық сатып алу үшін бір мезгілде өз қаржылық ресурстарын жұмсамайтындығында. Өйткені банктер оны өз қаражаттары есебінен сатып алады. Банктер ақырында құрал-жабдықты сатып алуға деген бастапқы шығындардан жоғары болатын жалға беру ақысы түрінде табыстар алады. Қаржылық лизинг (мерзімі 5-10 жыл) кәсіпорынды ұзақ мерзімді несиелеу нысанын сипаттайды. Сонымен қатар қарапайым ссудаға қараганда оның бірқатар артықшылықтары бар. Ол несиені ұсыну мен өтеудің шектеулі мерзімдерімен байланысты.

5.5. Кәсіпкерлікегі факторинг

Факторинг деп кәсіпкердің дебиторлық қарызын өтеуді өз мойнына алатын (кәсіпкер тауарды алып, оның құнын төлей алмаган жағдайда) немесе кәсіпкерден толем туралы қандай да

бір серіктеске деген талабын сатып алатын (кәсіпкер тауар тасымалын жүзеге асырып, бірақ та сатып алушы төлемді создыруды пайдаланса) өзара қатынастар жүйесін айтады.

Фактор-кәсіпорын рөлінде көбінесе банктер (көптеген банктер қазіргі таңда банк топтарына айналуда; олар тек қаржылық қызмет көрсетумен айналысып қоймайды, сонымен қатар өз құрылымында факторингтік, лизингтік, инжинирингтік, консалтингтік кеңселерді қалыптастыра отырып, клиенттерге кешенді қызмет көрсетуді жүзеге асырады) шығады.

Факторинг – бұл фактор-компаниямен клиент шоттарын сатып алу арқылы, клиенттің айналым капиталын несиелеумен үйлесетін сауда-комиссиялық операцияның бір түрі.

Факторинг – өзіне бухгалтерлік, ақпараттық, жарнамалық, өткізу, көліктік, сақтандыруши, несиелік және заңды қызмет көрсетуді қосатын клиенттерге қаржылық қызмет көрсетудің әмбебап жүйе элементтерінің бірі.

Факторингтік операциялардың тарапалуы қазіргі таңда төлемнің қарапайым мерзімінің 1 айдан 3 айга дейінгі аралықты қамтитындығымен байланысты. Егер, банк мұндай төлемдер бойынша талаптарды төлесе, онда *сконто* (италиян тілінен аударғанда *sconto* – баға бойынша жөнілдік) шарты қолданылады, қаражаттар айналымы көбейеді.

Әр түрлі ерекшеліктері бар белгілердің негізінде жіктелетін, факторингтік операциялардың бірнеше түрлерін боліп көрсетуге болады (15-сурет).

Факторингтік операциялар *ішкі және халықаралық* болуы мүмкін. Егерде жабдықтаушы – фирма және оның клиенті, яғни сату-сатып алу бойынша тараптар, сонымен қатар факторингтік компания бір елдің аумағында орналасса, онда бұл – *ішкі факторинг*. Егерде факторингтік келісімшарттың қатысушылары әр түрлі елдердің аумағында орналасса, онда бұл – *халықаралық факторинг*.

Халықаралық факторингтік мәміледе *тікелей және жанана* факторингті бөліп көрсетеді. *Тікелей факторингтің* ерекшелігі – жабдықтаушы-экспортшы алдында міндеттерді атқаратын бір фактордың болуы. Сонымен қатар факторингтік

компанияның импортшыға жеткізілген тауардың төлемі турады талап қою қабілеті бар. Тікелей факторинг келесідей болып бөлінеді:

- ❖ тікелей импортты факторинг;
- ❖ тікелей экспортты факторинг.



15-сурет. Факторингтік операциялардың негізгі түрлері

Тікелей импортты факторингта жеткізуші-кәсіпорын талап ету құқығын импортшы елінде орналасқан фактор-компанияға береді. Факторингтің бұл түрі экспорт бір немесе екі елге жіберілген кезде қолданылады. Егерде экспортшы тауарды көп елдерге жіберсе, онда басқа елдердің факторингтік компанияларымен бірнеше тікелей келісімшарттар жасасқаннан гөрі, өз елнің факторингтік компаниясымен бір келісімшарт жасағаны ыңғайлы. *Тікелей импортты факторинг* талантарды қайта ұсынуы үшін жедел қаржыландыруды талап етпейтін фирмалармен қолданылуы мүмкін.

Тікелей экспортты факторингтің мәні жеткізуши өзі орналасқан елдегі факторингтік компанияға талап ету құқығын берумен сипатталады.

Жанама факторингта жеткізуши-экспортшы елінде орналасқан факторингтік компания, жеткізуши-импортшы елінде орналасқан факторингтік компаниямен субфакторингтік келісімшарт жасайды. Соның нәтижесінде борышкер өзінің қызмет етіп отырған еліндегі фактор-компанияға қарыз сомасын толейді, ал ол өз кезегінде жеткізуши елінде орналасқан факторингтік компанияға толейді. Бірақ, субфакторинг келісімшартты бойынша мүндай борышты өтеуге факторинг келісімшартымен тыйым салынбаган жағдайда жасалады.

Факторингтік операциялар ашық және жасырын деп екіге бөлінеді. Ашық факторинг – егерде факторингтік компания сатып алу туралы талабын борышкерге ескерткен жағдайда туындаиды. Жасырын факторингте клиент өзінің сатып алушыларын ескертпей, факторингтік компаниямен келісімшарт жасайды. Жіктелудің аталған белгісі негізгі болып табылады, ойткені факторингтік операцияларды ұйымдастыру келісімшарт түріне байланысты болады. Бұл жерде ұстанымдық түргыдан алғандагы ерекшелік, ол сатып алушы кәсіпорын акшаны ақырында кімнің шотына толейтіндігінде. Ашық факторингте төлем тікелей факторингтік компаниямен жүргізіледі, ал жасырын факторинг кезінде жеткізуши-кәсіпорынмен жүргізіледі, ойткені сатып алушы факторингтік компанияның қатысатыны туралы ескертілмеген.

Ашық факторингтің түрі ретінде жартылай ашық факторинг болады. Аталған жағдайда жеткізуши борышкерге факторингтік келісімшарт жасағаны туралы алдын ала ескертпейді, бірақ оған шоттарды көрсеткен кезде, фактор-компаниямен жасаған келісімшартын және төлем жіберілетін шот нөмірін көрсетуге міндетті.

Сонымен катар, факторингтік келісім кері талап (регресс) құқығымен және кері талап (регресс) құқығының болуы мүмкін. Регресс құқығының болуы сатып алушы өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда, жеткізуши-кәсіпорыннан толенген соманы кері қайтаруға талап етуге мүмкіндігі бар,

яғни аталған жағдайда несиелік тәуекел жеткізуши-кәсіпорында болады. Егерде кері талап құқығының факторингтік келісім жасаган болса бұл жағдайда факторингтік компанияға ақшалай талаптарды сатумен қатар несиелік тәуекел де беріледі.

Регресс құқығымен келісім жасау барысында жеткізуши-кәсіпорын факторингтік компанияға сатылған қарыз талаптары бойынша белгілі бір несиелік тәуекелде бола береді. Атаған жағдай әдетте, егерде жеткізуши өзінде құдікті қарыз міндеттемелері болмайтындығына сенімді болған жағдайда немесе олардың өздерінің сатып алушы клиенттерінің несие қабілеттілігін мүкият тексеріп оң бағалаган жағдайда орын алады. Сондықтан да жеткізуши-кәсіпорын несиелік тәуекелді сактандыру қажеттілігі бойынша қызмет көрсету шығындарын төлеуді қажет деп есептемейді.

Факторингтік келісімдер алдын ала толем түрінде немесе белгілі бір мерзімге талаптарды төлеу түрінде жеткізушиге несие беру туралы келісімдер арқылы жасалуы да мүмкін. Алдын ала толем туралы келісім жасаған жағдайда жеткізуши-кәсіпорынмен қайта табыстау бойынша талаптарының 80% аванс ретінде төленеді. Ал қалған болігі сатып алушыдан қаражат түскеннен кейін факторингтік компания арқылы төленеді. Белгілі бір мерзімге талаптарды төлеу барысында қайта талап етілген қарыз талаптарының сомасы (шығындарды шегергенде) накты бір мерзімге немесе белгілі бір уақыт өткеннен кейін жеткізуши-кәсіпорынга аударылады.

Факторингтік қызмет көрсету туралы келісім жеткізуши-кәсіпорын мен факторингтік компания арасында, әдетте бір жылдан төрт жылға дейінгі мерзімге жасалады және оның мерзімі келесідей себептер бойынша тоқтатылуы мүмкін:

- тараптардың өзара келісімі;
- факторингтік компанияның қалауы;
- жеткізушиң қалауы;
- жабдықтаушының төлемкабілетсіздігі.

Алдыңғы екі жағдайда жеткізуши қаражаттардың қандай да бір басқа көзін тауып, фактор-компанияның қайта табыстау талаптарын сатып алуы керек. Өз кезегінде, факторингтік компа-

ния сатып алушыларға, осы уақыттан бастап барлық төлемдер жеткізушілер пайdasы үшін жүргізілетіндігін хабарлайды.

Факторингтік келісімде тараптардың әрқайсысының құқықтары мен міндеттері қарастырылуы керек: жеткізушілерге несиені ұсыну процедуралары, қарыз талаптарын қайта табыстау мен оларды инкассалау, өзара талаптарды жүзеге асыру тәртібі, несиелік тәуекелдерді сактандыруды жүзеге асыратын лимиттер сомасы және т.б.

Келісімшартта, сонымен катар жеткізушіден алынатын төлем көрсетілуі керек. Халықаралық тәжірибеде факторинг тәжірибесінде факторингтік кәсіпорынның табыс алуының екі тәсілі қолданылады: *дисконт түрінде және көрсетілген қызметтер үшін сыйақы түрінде*.



Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар

1. Кәсіпкерлік қызметті қаржыландырудың ішкі көздеріне не жатады?
2. Шаруашылық жүргізу субъектісінің қаржылық қатынастарын сипаттап беріңіз.
3. Кәсіпорынның қаржы ресурстарының құрамын ашып көрсетіңіз.
4. Басқару жүйесі ретінде қаржы менеджментінің мазмұны неде?
5. Қаржылық жоспарлаудың мазмұны.
6. Кәсіпкерлік қызметті қаржыландыру.
7. Кәсіпкерліктегі факторингтің мәні неде?
8. Жеткізуі үшін факторингтің артықшылықтары неде?
9. Лизингтік операциялардың мәні неде?
10. Лизинг субъектілері деген кімдер? Лизингтің қандай түрлерін білесіз?



КӘСІПКЕРЛІК ҰЙЫМДЫ КАДРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

6.1. Кәсіпкерлік қызметтің кадрмен қамтамасызын етудің мәні

Ұйым қызметтің маңызды бағыттарының бірі персоналды басқару болып табылады және оның экономикалық жетістігінің негізгі көзі ретіндегі мәнге ие. Кәсіпорында жаңа технология пайдаланғанымен, біліксіз персонал қызмет атқарған жағдайда шаруашылықтың тиімділігі төмендейді. Сондыктан да, кәсіпкерлік қызметтің маңызды құраушысы – кадрларды басқару, персоналды басқару технологиясы болып табылады.

Персоналды басқаруға деген жаңа тәсіл өндіріс, табыс, ұйым мүдделеріне қарағанда тұлғаның басымдылығын тануга негізделеді. Осы жағдайға сәйкес басқарудың барлық жүйелері өндіріс үрдісінде қызметкердің қабілеттерін толығымен пайдалануға бағытталған, өз кезегінде ол ұйымның тиімді қызмет етуінің негізі болып табылады.

Жалпы түрде «кәсіпорын персоналы» түсінігі белгілі бір міндеттерді орындайтын, аталған кәсіпорынның жалдамалы қызметкерлерінің барлық жиынтығын қамтиды.

Ұйым персоналы – бұл жалға алу келісімшартымен реттелетін, заңды тұлға ретінде ұйыммен қатынаста тұрган жеке тұлғалар жиынтығы.

Басқару объектісі ретінде кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің персоналы болып табылады. Объект ретінде тек бір ғана жеке қызметкерді емес, еңбек ұжымын қарастыру керек. Өйткені тек ұжым ғана нақты дайын өнімді шыгаруға мүдделі және жалпы жүйенің іс-әрекетін анықтайтын, заңдар мен ережелердің барлық кешеніне бағынышты болады.

Персоналды басқару субъектісі деп келесілерді айтамыз:

1) өндірістік кадрларды дайындау, қабылдау, бейімдеу, орын ауыстыру үрдістерін және т.б.басқаратын функционалды аппарат;

2) бағынышты бөлімшелер мен ұжымдарға басшылықты жүзеге асыратын желілік басқарушы персонал;

3) ұжым мүшелерін біріктіру, жұмысшыларды тәрбиелу және т.б. бойынша бірқатар функцияларды орындастын *әр түрлі жұмысшылар, кәсіподақ және т.б. қогамдық үйымдар*;

4) ұжымдағы бейресми жетекшілер (*лидерлер*).

Еңбек потенциалы – бұл адамның еңбекке катысу шектері мен мүмкіндіктерін, белгілі бір жағдайларда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізу қабілетін, сонымен қатар еңбек үрдісі барысында жетілу мүмкіндіктерін анықтайдын адамның жеке және интеллектуалды қасиеттерінің жиынтығы.

Жүзеге асырылған еңбек әлеуеті адами капиталды құрайды.

Адами капитал – белгілі бір уақыт аралығында табыс табуға мүмкіндік беретін және салынған инвестициялардың нәтижесі болып табылатын адамның өндіруші активтері (*қабілеттер, білім, бейімдер*).

Персоналды баскарусыз кәсіпорындардың, кез келген менишіктегі мекемелердің қалыпты қызмет етуі мүмкін емес. Бағытты анықтау мен персоналмен жұмыс істеудің бағыттарымен негіздерін анықтау үшін, оған қойылатын жалпы және ерекше талаптарды анықтау үшін кәсіпорынның кадрлық саясаты жасалынады.

Кәсіпорынның кадрлық саясаты деп персоналмен жұмыстың негізгі бағыттарын анықтайдын теориялық көзқарастардың, талаптардың, қагидалардың жүйесін, сонымен қатар жоғары еңбек өнімділігіне жетуге мүмкіндік беретін жұмыс істеу әдістерін айтады. Кәсіпорынның персоналды басқару жүйесі туралы жалпы сипаттаманы 16-суреттеген көрге болады.

Кадрлық саясатты жүзеге асыру үшін жоспарлар жүйесі, нормалар мен нормативтер, әкімшілік, экономикалық, әлеуметтік және басқа да шараларды қажет етеді.

Iрі компаниялар мен үйымдарда персоналды жұмысқа алу мен таңдауды әдетте *кадрлар болімі* жүзеге асырады, ал шагын кәсіпорындарда *персонал бойынша менеджер* немесе олардың тікелей басшысы жүзеге асырады.

Кез келген менеджер үшін өз қызметінде *кадрларды жұмысқа қабылдау, яғни белгілі бір лауазымдық қызметке сәйкес келетін адамдарды іздеу мен жұмысқа тарту үрдісі маңызды орын алады*. Персоналды таңдаудағы жетістік кәсіпорынға адами факторға деген өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Таңдаудың ең маңызды талаптары:

Стратегиялық жоспарлау негізінде кадрлық саясатты қалыптастыру және
кәсіпорын максаттарын анықтау

Кадрлық жоспарлау (персоналга деген сапалық және сандық қажеттілікті
анықтау)

Персоналды таңдау мен жана қызметкерлерді бейімдеу

Кандидаттарды тарту
көздері

Таңдау

Бейімдеу

Персоналды оқыту мен дамыту

Персоналды оқыту, қайта
оқыту, біліктілігін арттыру

Резервті
қалыптастыру мен
онымен жұмыс істеу

Карьераны
жоспарлау

Багалау мен бақылау

Персоналды
аттестациялау

Персоналмен жұмыс істеу бағыттарын
бақылау

Кәсіпорының корпоративті мәдениетін қалыптастыру

Еңбекті материалды және
моральды ынталандыру жүйесі

Персоналды
акпараттандыру жүйесі

Әлеуметтік қорғау
мен жеңілдіктер
жүйесі

Кадрлық іс жүргізу

16-сурет. Персоналды баскару жүйесінің элементтері

- жоғары кәсіби біліктілігі мен оқуга деген қабілеті,
- сойлесу қабілеті мен ынтымақтастыққа деген да-
йындығы.

Кәсіпорын шешімнің екі нұсқасын таңдай алады: жұмысты
өз бетінше орындау, жұмысты кәсіби мамандарға тапсыру.

Жалпы түрде, қабылдау үрдісі келесідей сатылардан
тұрады:

- ✓ бос орындарды, олардың ерекшеліктері мен қатар қажетті
кандидаттар санын есептеу;
- ✓ қабылдау әдістері мен тәсілдерін таңдау;
- ✓ резюмені зерттеу мен алдын ала әңгімелесуді өткізу;
- ✓ кандидаттар тізімін дайындау (17-18 сурет).

6.2. Еңбек ұжымының қалыптасуы.

Жаңа персоналды іздеу каналдары және таңдау әдістері

Кәсіпорын персоналы үйім мен қызметкерлер мұдделерін сәйкестендіру жолымен қалыптасады. Үйымның мұддесі түргысынан алғанда персоналдың қалыптасуы қызметкерлердің қажеттіліктерін жеткілікті деңгейде қана-
гаттандыра отырып, кәсіпорынның дамуын инновациялық әдістермен жүргізуге септігін тигізуі керек. Соңықтан да кәсіпорын персоналының қалыптасу үрдісі оның ағымдық және болашақтағы атқаратын қызметтің жүйелі түрде жоспарлауды кешенді түрде жүргізу керек.

Қызметкерлерді жалдау баламалары.

Жаңа қызметкерлерді таңдау жұмысы бойынша шешім қабылдамас бұрын, кәсіпорында жалға алу баламасы бойынша барлық іс-шаралардың жүйесін пайдаланған ұтымды. Оларға мыналар жатады:

- жұмыстан тыс уақытта жұмыс істеу, еңбектің интен-
сивтілігін арттыру;
- құрылымдық қайта үйімдастыру немесе өндірістің жаңа
сұлбасын пайдалану.

Өркениетті елдерде персоналды іріктеумен әдетте рекрутингтік агенттіктер айналысады. Соңғы уақытта мұндай агенттіктер Қазақстан Республикасында да пайда болды.

Рекрутингтік бизнес үш деңгейде дамиды:

1. Томенгі деңгейде бала күтушілерді, жүргізушилерді, курьерлерді, аудармашиларды жұмысқа орналастырады.

Жұмысқа қажетті кандидаттарды бұкаратың ақпарат құралдарының негізінен «Жұмыс» айдарында жарияланатын газеттердің көмегімен іздестіреді.



17-сурет. Кадрларды калыптастыру көздері

Жеке жұмыздық келісімшарт – жазбаша нысанда жасалған жұмыс беруші мен қызметкер арасында жасалған келісім. Ол бойынша қызметкер белгілі мамандығы, біліктілігі немесе заңнама актілерін колдана отырып өз лауазымын атқаруға, ал жұмыс беруші тараптардың келісімімен және заңнамамен қарастырылған жалақыны және басқа да төлемдерді толық көлемде төлең отыруға, еңбек шарттарын қамтамасыз стүге міндеттенеді.

Кәжетті шарттар:

- Өз калауының болуы
- Жұмыс орны
- Еңбек функциясы
- Еңбекакы төлеу
- Жұмыстың басталу уақыты
- Жұмысқа қабылдау факті

Қосымша жағдайлар:

- Келісімшарт мерзімі
- Сынақ мерзімі туралы
- Жұмыс режимі туралы
- Көлік
- Тұрғын-үй
- Әлеуметтік-тұрмыстық

Келісімшарт мерзімі:

- Белгісіз мерзімі
- Белгілі мерзім (1 жылдан кем емес)
- Жұмысты орындау уақытына уақытша жок қызметкердің орыннан толтыру уақытына
- Сынақ мерзімі (3 айға дейін)

Келісімшарт түрлері:

- Дара еңбек келісімшарты
- Мердігерлік келісімшарт
- Қатар жұмыс істеу туралы
- Уақытша жұмыс туралы
- Маусымдық жұмыс туралы
- Қызметтерді көрсету туралы
- Тапсыру келісімшарты
- Авторлық келісімшарт

Мазмұны:

- тараптардың реквизиттері
- еңбек функциясы (лауазымы, мамандығы, кәсібі)
- келісімшарт мерзімі
- еңбек міндеттерін жүзеге асырудың басталу мерзімі
- еңбек жағдайларының сипаттамасы, қызметкерлердің кепілдемелері мен отемакылары
- жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимі
- енбекті төлеу мен коргау шарттары
- қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері
- келісімшартты өзгерту, бұзу және ұзарту шарттары
- тараптардың жауапкершілігі және т.б.

18-сурет. Жеке еңбек келісімшарты

2. Орта деңгейде рекрутингтік агенттіктер орташа және жыгары персоналмен жұмыс істейді. Мұнда, көбінесе агенттіктің базасында жинақталған ақпарат қолданылады.

3. Ең жыгары деңгей – «элитарлы» (*executive search*). Мұнда ең жыгары класты қасіби мамандар іздестіріледі: көбінесе тек ірі компаниялар үшін топ- менеджерлер, жоғары буын басшылары. Мұндай деңгейдегі мамандар жұмыссыз қалмайтындықтан, өз резюмелерін агенттіктерге жібермейді. Сонымен қатар оларда әдетте қосымша екі-үш жұмысқа шакыру туралы ұсыныстар болғандықтан, мұндай мамандарды іздестірудің жалғыз тәсілі «білікті мамандарды іздеу» қағидасы болып табылады.

Атапан іздеу тәсілінің ерекшелігі келесіде: «жаңа орынга деңген үміткерлер» секілді, *executive search* іздеушілер де бұқаралық ақпарат құралдарына жарнама бермейді және мүдделі жұмыспен де ісі болмайды – оларға тек өте жыгары деңгейдегі, еңбекпен қамтылған эксклюзив керек.

6.3. Кәсіпкерлік қызметтегі еңбек ресурстарының жоспарлау

Кәсіпкерлік қызметтегі еңбек ресурстарын жоспарлаудың мақсаты кәсіпорынның дамуына ғана емес, сонымен қатар оның экономикалық дамуын қамтамасыз ететін персоналдың сандық және сапалық құрамын қыска мерзімге, орта мерзімге және ұзақ мерзімге анықтау болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін персоналдың ұтымды құрылымы, кәсіпорынның кадрлық әлеуеті мен қызметкерлердің әлеуетін толық пайдалану арқылы қол жеткізіледі.

Жұмыс күшін оңтайтын түрде пайдалану келесідей шарттарды орындаған кезде қол жеткізуге болады:

- еңбек өнімділігінің мотивациясы (сыйақы жүйесінің көмегімен қол жеткізіледі);
- материалдық және жұмыс тапсырмасын ұтымды орындаған кезде;
- оқыту және өз бетінше оқыту жолымен қызметкерлердің өндірістік қабілеттерін дамыту;
- бірігіп қызмет ететін қызметкерлер топтарын құрылымдау көмегімен біріккен жұмысты қамтамасыз ету.

Персоналды жоспарлау негізін жинақталған және қайта өңделген деректер құрайды. Бұл деректерді алу қындығына байланысты, бірқатар кәсіпорындарда келесідей мәселелер туындауды мүмкін:

- персоналды жоспарлау сенімсіз түрде жүргізіледі. Ол өндірістің дамуы мен оның технологиялары туралы әр түрлі болжамдардан шығуы керек еді. Ал қолда тек персоналдың қазіргі жағдайын қамтитын жоспарлаудың сандық әдістері ғана бар;
- жоспарлаудағы қындықтар персоналды жоспарлауга әсер ететін барлық көрсеткіштердің жан-жақты зерттелмеуімен байланысты туындаиды;
- жоспарға қажетті өзгермелі ақпарат деректерін жинақтау мен талдауға не бөгет болатындығын анықтай талдау керек. Персоналды жоспарлауга қатысты деректер өңделетіндегі әдістерді пайдалану керек.

Персоналды жоспарлауда, оның жағдайына байланыссыз, уш бағыт бөлініп көрсетілуі мүмкін:

Құрылымдық белгісі бойынша жоспарлау – еңбек болінісіне негізделген өндірістік үрдісті жоспарлау; жұмыс күшін пайдалану бойынша негізгі ережелер анықталады. Мұнда, сөз ең алдымен жеке жұмыс орындарының қалай құрылатындығы, жеке қызметкерге сұраныстың тұсу тәртібін және жеке қызметкерлер арасындағы ұтымды ынтымақтастыққа қалай қол жеткізуде болатындығы туралы болып отыр.

Жеке жоспарлау – бұл жағдайда жоспарлау объектісі болып, жұмысшылар тобы емес тек жеке қызметкер алынады. Персоналды жеке түрде жоспарлау әдісі келесі жағдайларға байланысты болады:

- қызметкер, машинаға қараганда икемді, себебі ол қосымша ақпарат алу немесе тәжірибе жинақтау інтижесінде өз қабілетін дамытады;
- кәсіпорынның басқарушылық иерархиясындағы мүмкіндік болатын лауазымдардың саны үнемі азайып отырады. Сондықтан да болашақта қажет болатын персоналды жоспарлаудың мәселеі әрбір лауазымға қажетті қызметкерді ұсыну болып табылады.

Ұжымдық жоспарлау – жоспарлаудың барысында бірінші кезекке ұжымның жеке мүшесі емес, барлық қызметкерлер не- месе олардың жеке топтары шығады. Жоспарлау әдіс емес, персоналды басқару функциясы болып табылады. Ол жұмыс берушілер мен жұмыс алушылардың мүдделерін сәйкестендіру бағыты бойынша қызметтік жүзеге асыру үшін жүргізіледі.

Ұйымдастырушылық құралдарды қолдану барысында ен алдымен қызметкерлердің жеке тұлға болып табылатындығын ескеру керек. Ал мотивация мен біліктілікке келетін болсақ, ұйымдастырушылық құралдар еңбек үрдісі барысында қызметкерлердің мінез-құлқының ерекшеліктерін ескере отырып, оларды кәсіпорын мүдделеріне қарай «бағыттау» керек. Қызметкерлерден басқа, персоналга қатысты стратегиялық басқарудың объектілері, персонал құрылымы, еңбек жағдайлары және т.б. болып табылады. Персонал құрылымын орта мерзімді және ұзак мерзімді басқару кезінде құрылым тиімділігіне әсер етпейтін көптеген факторлардың үйлесімділігін анықтау қажет.

6.4. Кәсіпорын персоналының бағалау әдістемесі

Кәсіпорының қызметіне ерекше әсер ететін категориялар: персонал, өнім, пайда. Бірінші орында сөзсіз персонал тұр. Сондықтан да оны бағалау қажеттілігі туындаиды. *Персоналды бағалау* кәсіпорын алдында тұрган міндеттермен тікелей байланысты.

Кәсіпорын тірі организм секілді өз дамуында әр түрлі сатылардан өтеді және олардың әрқайсысында алуан түрлі қабілеттері бар қызметкерлер қажет. Мысалы, *интенсивті өсу сатысында* кәсіпорынға жоғары коммуникациялық қабілеттері мен инновациялық әлеуеті бар, қызметтің жаңа бағыттарын менгеріп кете алуға қабілетті жігерлі адамдар қажет. *Тұрақтандыру сатысында* бір ағымдағы жұмысқа қабілетті және еңбеккор, жұмыс үрдісін белгілі бір тәртіп бойынша жүргізе алатын адамдар қажет.

Кәсіпорын қызметтің аялары кеңейген жағдайда персоналды бағалау, қандай да бір себептермен бағаланбай келген дарынды және қабілетті қызметкерлерді анықтауга мүмкіндік береді. Кейде қандай да бір бөлімшениң қызметкерлері жеке

тұлға ретінде жақсы жұмыс атқаруы мүмкін. Дегенмен олар қызметтің инновациялық стратегиясын жасайтын және жұмысшыларды қойылған мақсатқа байланысты біріктіре алатын басшы қажет. Бұл жағдайда үміткердің іскерлік қасиеттерін бағалау, бос орындарға деген кандидаттарға қойылатын талаптарды нақтылауға мүмкіндік береді.

Әдетте, *кәсіпорын персоналын бағалау келесідей жағдайларда жүргізіледі:*

- жаңа қызметкерлерді бағалау қажеттілігіне байланысты немесе бос орынға ең лайық деген кандидатты таңдау кезінде;
- жиі келіспеушіліктер туындаған жағдайда. Бұл жағдайда келіспеушілік себептерін анықтап, ұтымды шешім қабылдауға мүмкіндік болады;
- нарықтық орта өзгерістеріне бейімделу қажет болған жағдайда;
- кадрлық резервті анықтау және жаңа қызметкерлерге деген талаптарды нақтылау қажет болған жағдайда, яғни қәсіпорынды қайта құрылымдау мен өзгеріс енгізу барысында;
- сәйкес өзгерістерді, жаңа лауазымдық міндеттерді және ынталандырудың басқа түрлерін талап ететін қәсіпорынның жаңа стратегиялық мақсаттарын анықтау. Бұл жағдайда қандай өзгерістер тиімділікке жеткізетінін талдау қажет.

Қызметкерді бағалау оның жеке тұлғалық қасиеттерінің, қызметтің сандық және сапалық нәтижелерінің, оған қойылатын қызметтік талаптарға, еңбегінің мазмұны мен сипатына, сонымен қатар техникалық құралдарды, жұмыстың ең тиімді әдістерін және т.б. пайдаланумен, өндірісті ұтымды түрде үйімдастыру қабілетін анықтау мақсатында откізілетін жұмыстардың жиынтығы түрінде сипатталады. Бағалауда тек қана жұмысқердің әлеуеттік мүмкіндіктері мен оның қәсіби құзыреттілігі ғана емес, сонымен қатар оған жүктелген міндеттерді орындау барысында осы мүмкіндіктерді жүзеге асыру анықталады. Сонымен қатар, өндірістің нақты жағдайларына сәйкес жұмысты орындау үрдісінің, ал еңбек нәтижелерінің – нормативті талаптарға, жоспарланған көрсеткіштер мен қойылған мақсаттарға сәйкестігі бағаланады.

Багалаудың мәні жұмыскерлердің жеке категориялар үшін бірдей болмағандығымен, ол жұмыскерлердің барлық категорияларына қатысты.

Персонал қызметін багалаудың мақсаттары үшін ең маңызды көрсеткіштер:

- ағымдық қызметті жақсарту;
- өндірістік мақсаттар мен міндеттерді анықтау;
- окуға (дамуга) деген қажеттіліктерді анықтау.

Кадрлардың іскерлігін багалау – әдістемелік және үйымдастыру шылық түрғыдан біршама күрделі жұмыс. Қазақстанда да, шетелде де персоналды кешенді багалау үшін, әлі де болса бірегей әмбебап әдістеме қалыптаса қойған жоқ. Осы себептен де кәсіпорындар көбінесе персоналды багалау бағдарламаларын, оны өткізу әдістемелерін өз бетінше жасауға ұмтылады. Сонымен қатар, басқа да кәсіпорындардың тәжірибелерін қолдана отырып, оларды өз мақсаттарына жұмсау үшін уақыт пен қаржы мүмкіндіктеріне сәйкестендіре отырып жүргізу әдісін басшылыққа алады. Кейбір жағдайда багалаудың мақсаттарына байланысты әдістемелік және тәжірибелік түрғыдан білікті мамандары бар кәсіпорындардың қызметіне жүгінеді.

Кадрлардың іскерлігін багалау бағдарламасын жасап шыгару тәртібі үш сатыдан турады:

1. *Багалау мазмұны анықталады.*
2. *Бағалауды өткізу әдістемесі.*

3. *Багалау үрдісімен байланысты міндеттер шешіледі.*

Жұмыскерлер енбегінің нәтижелерін бағалаудың тиімді жүйесін қалыптастыру үшін келесідей шаралар жүргізіледі;

- әрбір жұмыс орны үшін енбек нәтижелерінің стандарттарын орнату және оны бағалау көрсеткіштерін анықтау;
- енбек нәтижелерін бағалауды өткізу саясатын жасап шыгару (қашан, қалай және қай уақытта өткізу керек);
- бағалауды өткізетін адамдардың міндеттерін анықтау;
- бағалауды өткізуге міндетті адамдарға, енбек нәтижелері туралы деректерді жинақтауды жүктеу;
- жұмыскер қатысумен бағалау нәтижелерін талқылау;

- шешім қабылдау және бағалауды құжаттау.

Бағалаудың тиімді процедуралары келесідей талаптарға жауап беруі керек:

- бағалау көрсеткіштері бағалаушыға да, атқарушыға да түсінікті болуы керек;
- бағалау үшін қолданылатын акпараттың қолжетімділігі;
- бағалау нәтижелерінің сыйақылау жүйесімен байланысты болуы;
- бағалау жүйесі жағдайға сәйкес болуы керек.

Нақты жұмыс орнында еңбекті бағалауды өткізу үшін келесідей іс-шаралар қажет:

- ✓ қызметкерлер функцияларының сипаттамасы;
- ✓ жалпы бағалауды есептеу;
- ✓ стандарттармен сәйкестендіру;
- ✓ қызметкер деңгейін бағалау;
- ✓ оған бағалау нәтижелерін жеткізу.

Персоналды бағалау процедурасы төрт сатыдан тұрады:

- 1) міндеттерді нақтылау және бағалау көрсеткіштерін анықтау;
- 2) кәсіпорынның қаржылық мүмкіндіктері және максаттарымен тікелей байланысты болатын бағалау бағдарламасын жасап шыгару;
- 3) көрсетілген процедураларды өткізу;
- 4) жинақтау және нәтижелерді талдау.

Көп жағдайларда, бағалау негізіне дара әнгімелесулерден тұратын психологиялық талқылау, интервью, анкеталарды толтыру, психологиялық тестілеу, іскерлік ойындар алынады. Кейде бағалау процедурасын өткізу бағдарламасына тренингтерді және оқыту семинарларын қосқан дұрыс. Ол әр түрлі мәселелерді және келіспеушілік жағдайларды шешуге мүмкіндік береді. Ол өз кезегінде әрбір қызметкердің өзін кәсіби тұргыдан көрсетуіне және қандай негізде шешім қабылданғанын анықтауға мүмкіндік береді. Еңбекті бағалаудың негізгі деңгейлері 6-кестеде көрсетілген.

Теориялық ұстаным қандай да бір табиги немесе қоғамдық үрдісті тану құралы бола отырып, әрқашанда қандай да бір ша-

мада басқарудың тәжірибелік мақсаттарынан қашықтау болады. Сондыктан да теориялық жетістіктерді мақсатты түрде қолдануға мүмкіндік беретін арнайы тәсілдерді, белгілі бір әдістерді жасап шыгару қажеттілігі туындаиды.

Персоналды бағалау кезінде, тәжірибе жүзінде қолданылатын тәсілдердің көбісі салыстыру әдістерін пайдалануға негізделген. Бұл түргыда персоналды бағалауга арналған шартты түрде жүйеленген үш түрлі бағыт бар. Олар келесі жағдайларды салыстыруға негізделген:

- 1) қызметкерлердің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді накты жетістіктермен салыстыру;
- 2) жұмыс нәтижелерін белгілі бір нормативпен немесе стандартпен салыстыру (мысалы, лауазымдық нұсқаулармен);
- 3) қызметкерлерді бір-бірімен салыстыру.

6-кесте. Еңбекті бағалаудың негізгі деңгейлері

Бағалау деңгейі	Кезеңділігі	Әдіс	Пайдалану мүмкіндіктері
Көсіби қызметті (күшті және әлсіз жақтарын) күнделікті бағалау	Күніне, аптасына бір рет	Накты іс-әрекеттері бойынша анкеталау. Талқылау	Бағаланған деңгей мен, мінездікілік пен оқытустырымаңыздың мүмкіндіктерін анықтаудағы көрінісін сипаттаудың мүмкіндіктері
Міндеттеді орындауды кезеңдік бағалау	Жарты жылда, бір жылда бір рет	Накты іс-әрекеттері және еңбек нәтижелері бойынша сауалдама жүргізу. Интервью. Талқылау.	Болашақты анықтауда және бірегей мақсаттарды жасап шыгару
Әлеуетін бағалау	Бір реттік, өзгермелі	Тестілеу	Кадрлық болжамды құрастыру, карьераны жоспарлау

Сонымен қатар, жоғарыда аталған шартты түрде жүйеленген әдістермен қатар, озіндік ерекшелігі бар әдістер де пайдаланылуы мүмкін (7-кесте).

Және де мұнда аталған әдістердің ешқайсысы мінсіз болыш табылмайды. Бірнеше әдістерді бір мезгілде пайдалану мен сәйкестендіру кезінде ең объективті бағалауға қол жеткізіледі. Біракта тәжірибеде бағалау нұсқауларының қайсысын таңдайтындығын анықтау керек.

Тәжірибеде көбінесе кәсіпорын деңгейінде жұмысты бағалаудың төрт әдісін колданады:

- жұмыстарды ранжирлеу маңызына, сапасына және т.б. ерекшеліктері бойынша – топтау. Бұл жағдайда әрбір жұмыс аталған кәсіпорын үшін маңыздылығы, сапасы бойынша бағаланады, құндылығы, күрделілігі бойынша шамалас топтарға болінеді. Ранжирлеу дәрежесі үйім қажеттіліктерімен анықталады;
- жұмыстардың жіктелуі – онда жалақының дәрежесі мен деңгейлері анықталады. Содан кейін жұмыстың өзі жанжақты қарастырылады;
- жұмыстың балдық жүйесі – онда жұмысқа әсер етуші және құраушы факторлар жеке түрге болініп, оның әркайсысы бағаланады. Жұмыстың құндылығы барлық бағаланған фактордың қосындысы ретінде анықталады;
- бақылаусыз жұмыс уақыты – онда жұмысшылармен орындалатын жұмыс бақылаусыз қалуы мүмкін.

7-кесте. Персоналды бағалау әдістері

Әдіс	Қысқаша мазмұны
Өте қын жагдайлар бойынша бағалау әдісі	Негізгі назар тиімді немесе тиімсіз қызметті сипаттайтын негізгі қасиеттерді сипаттауға аударылады. Мысалы, клиенттердің сұраныстарына әсер ету жылдамдығы. Ол қызметкердің қандай қасиеттерін жетілдіруді қажет ететіндігін анықтау үшін ақпарат жинақтауга мүмкіндік береді

Багалаудың балдық жүйесі (шкаласы)	<p>Ең ескі және танымал әдістердің бірі. Және де мұнда жұмыстың келесідей негізгі талаптары анықталады: жұмыстың көлемі мен сапасы, білім деңгейі, өзара әрекеттесу, шыншылдық, ынталылық және т.б. Багалаушы әрбір қасиетке сәйкес балл береді. Мысалы 1-ден (өзінің негізгі міндеттерінің сипаттамасы туралы аз ақпараттандырылған) 5-ке дейін (өзінің атқаратын жұмысының барлық жүйесін жақсы біледі)</p>
Мақсаттары бойынша басқару мен багалау әдісі	<p>Төрт негізгі жағдайға негізделген:</p> <ul style="list-style-type: none"> нақты және айқын мақсаттарды анықтау бірлесіп жұмыс істеу, басшы мен бағынышты тұлға арасында орындауга деген ынтымактастық. қойылған мақсаттарды орындаудың «уақытылы» қағидаларын анықтау; багалау нәтижелері бойынша кері байланысты тетіктерін жүзеге асыруда (басшыдан бағыныштыға, бағыныштан басшыға)
Жұмыскерлерді бірбірімен салыстыру әдісі	<p>Әрбір қызметкер басқамен салыстырылады. Бірі екіншісінен қай жағынан әлсіз немесе күшті екені анықталады. Аталған әдіс турлерінің ішінде қызметкерлерді жұмыс істеуіне қарай жіктеу, топтау, жұптық салыстыруды атаяуға болады (бұл әдісті басқа қосымша әдістермен салыстырса, жазбаша мінездемелермен толықтырса жақсы болар еді)</p>

Жалақы деңгейі еңбектің көлемі мен сапасына байланысты болады. Еңбекақы төлеуде ең шешуші фактор ретінде

қызметкердің белгілі бір жұмысты орындау қабілетінің маңызы зор. Қызметкердің біліктілік деңгейін оның жалпы білімімен, кәсіби дайындығымен және өндірістік тәжірибесімен анықтайды, яғни біліктілігі жоғары қызметкер біліктілігі төмен қызметкерге қарағанда жоғары жалақы алуы керек.

Еңбек мөлшері әдетте заңнамалық тәртіпте орнатылатын жұмыс күнінің ұзақтығымен анықталады. Кәсіпкер жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін, жұмысшыларды жақсы, сапалы жұмыс атқаруға ынталандыратын механизмдерді кеңінен пайдалану керек. Сондыктан, жалақы екі құрамдас бөлімнен тұрады: бірі – өзгермейтін және кепілдендірілген, екіншісі – өзгермелі және қол жеткізілген жеке нәтижелерге байланысты. Тәжірибе жүзінде мерзімді немесе кесімді жалақы түрінде төленетін жалақымен қатар көбінесе қосымша ақшалай қаражаттар төленеді. Оларға мерзімнен тыс жұмыс істегені үшін, демалыс күндері жұмыс істегені үшін төлемді, тұнгі уақытта жұмыс істегені үшін төленетін үстеме ақыны, аудандық коэффициенттерді, жұмыстың зиянды жағдайлары үшін үстеме ақыны, еңбек өнімділігі үшін сыйақыларды және басқа да үстеме ақылар мен сыйақыларды жатқызуға болады.

Кәсіпкер барлық құралларды қолдана отырып, қызметкерді кәсіпорындағы еңбекке қызықтыруы керек және әрқашанда материалды ынталандырумен, қатар моральдық түргыдан ынталандыруды, енбекті ынталандырудың жаңа әдістері мен түрлерін үнемі іздестіріп отыруы керек.



Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар

1. Кәсіпкерлік қызметтің кадрмен қамтамасыз етудің мәні неде?
2. Еңбек үжымының басқаруда қандай әдістер қолданылады?
3. Үйымдастыруыштық-әкімшілік әдістер басқарылуышы обьектке қандай әсерін тиігізеді?
4. Персоналды басқарудың экономикалық әдістерінің мәні неде?
5. Еңбек үжымының басқаруда қандай әлеуметтік-экономикалық әдістер қолданылады?
6. Дарап еңбек келісімшарттының мәні неде?
7. Адамдарды басқарудың негізгі қагидалары қандай?
8. Кәсіпкерлік қызметтегі еңбек ресурстарын жоспарлауды ашып корсетіңіз.
9. Қызметкерлердің жұмысқа тарту үшін кәсіпорында қандай әдістер қолданылады?
10. Кәсіпорында жұмысшылардың бос орнын толтыру үшін кандидаттарды таңдау барысында қандай әдістер қолданылады?



КӘСІПКЕРЛІК МӘМІЛЕЛЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

7.1. Кәсіпкерлік қызметтегі әріптестік байланыстар

Кәсіпкер өз қызметін нәтижелі түрде жүзеге асыра алатын, тиімді әріптестік байланыстарды қажет етеді. Сондыктан әрбір кәсіпкер өз қызметін ұйымдастыру және бизнес-жоспарды жасау барысында міндепті түрде қажетті және тиімді әріптестік байланыстарды орнату мүмкіндігін қарастырады. Осы жұмыстың аясында нарықтың қажетті инфрақұрылымын құрайтын, көптеген қызмет көрсететін ұйымдар бар, олардың көмегімен кәсіпкерлер іскерлік қарым-қатынастарды орнатып коммерциялық операцияларды жүргізе алады.

Әріптестік байланыстар негізінде кәсіпкерлер экономикалық тиімділікке қол жеткізу үшін әрбір жеке әріптес-кәсіпкермен өзара қарым-қатынастардың ең тиімді түрін таңдап алуы қажет. Бизнес аясында әріптестік байланыстар іскерлік жобаны жүзеге асыру бойынша кәсіпкерлік іс-әрекеттердің маңызды құраушы элементі гана емес (нарықтың жүйемен, жалдамалы қызметкерлер ұжымымен, әріптестермен өзара қарым-қатынастар), кәсіпкерлердің коммерциялық қызмет нәтижесінде олардың белгілі бір деңгейде пайда табу мен бірнеше кәсіпкерлер арасындағы мәмілелік жұмыстардың тиімділігінің көрінісі де болып табылады.

Әріптестік байланыстардың келесідей түрлері болады:

- тұрақты немесе ұзақ мерзімді;
- қысқа мерзімді;
- кездейсоқ (спонтандық) келісімшарт.

Тұрақты немесе ұзақ мерзімді әріптестік байланыстар кәсіпкер нарыққа тауар шығару мен қызмет көрсетуді ұзақ мерзімге жоспарлаған кезде қолданылады. Байланыстың мұндай түрі жасалған келісімшартты қажеттілікке байланысты ұзарту жолымен жүзеге асырылады.

Қысқа мерзімді әріптестік байланыстар кәсіпкер тауардың тәжірибелік партиясын нарыққа экеліп, оның жаңа

тауарға деген сұранысын анықтау және өзара келісуші тараптар ретінде шығатын екі кәсіпкер де өзіне жүктелген міндеттерді орындау арқылы, бір-бірінің мүмкіндіктеріне сенімді болған жағдайларда қолданылады.

Кездейсоқ (спонтандық) келісімшарттық әріптестік байланыстар кәсіпкерлер қызметінде әрқашан қосалқы рөл аткарады және қосымша пайда табудың қарапайым түрі болып табылады.

Кәсіпкерлік әріптестік байланыстар *келісімшарттар, келісімдер, контрактілер негізінде құрылады* және қалыптасады. Олар әріптестердің күкіктери мен міндеттерін, шығындардың орнын толтыру мен пайданы үlestіру тәртібін, әріптестік қызметтің мерзімдерін, оны тоқтату шарттарын және т.б. реттейді. Әрбір кәсіпкер әріптестік байланыстардың ең тиімді түрін іздеуге мүдделі. Бұл тұргыда жақсы нәтижеге, ынтымақтастықтың әр түрлі ұтымды нұсқаларын салыстыру, талдау арқылы жетуге болады (*8-кесте*).

8-кесте. Кәсіпкерлік қызметтің негізгі аялары бойынша әріптестік байланыстардың түрлері

<i>Кәсіпкерлік қызмет аясы</i>	<i>Әріптестік байланыстардың нысандары</i>
<i>Tauar ондіру мен қызмет көрсету аясы</i>	Бірлескен кәсіпкерлік (ішкі және халықаралық) Өндірістік кооперация Мердігерлік (қосалқы мердігерлік) өндіріс Лицензиялау Контракт бойынша басқару Жобалық қаржыландыру және т.б.
<i>Сауда жүйесі мен тауар сату аясы</i>	Бартерлік мәміле Қарама-қайшы сауда Қарсылай жеткізу Коммерциялық триангуляция (сегменттеу) Сауда мәмілелерінің түрлері (қарапайым, форвардты, спот мәмілесі және т.б.) Консигнация (сатуға беру) және т.б.

<i>Материалдық-техникалық қызмет көрсету аясы</i>	Концессия Франчайзинг Лизингтік қызмет (қаржылық, оперативті, қосалқы мердігерлік және т.б.)
<i>Қаржы және сақтандыру қатынастарының аясы</i>	Факторинг Коммерциялық трансферт Венчурлік қаржыландыру Мемлекеттік және коммерциялық сақтандыру, оның ішінде хеджирлау Эккаунтинг, аудитті қосқандағы Форфейтинг Қаржылық лизинг және т.б.
<i>Кәсіпкерлік құрылымдар үшін кадрларды даярлау аясы</i>	Мемлекеттік оқу мекемелері Коммерциялық орталықтар, бизнес-мектептер Кәсіпкерлерді даярлау бойынша бизнес - инкубаторлар Интернет арқылы қашықтықтан оқыту Оқу-іскерлік орталықтар (ОІО) Консалтинг және т.б.
<i>Әлеуметтік әріптестік аясы</i>	Әлеуметтік қорғау мекемесі Әлеуметтік әріптестік (кәсіподақтар) Әлеуметтік мониторинг қызметі Ассоциациялар, одақтар және т.б.

Қойылған міндетке байланысты келтірілген жіктеме (несие немесе қажетті құрал-жабдықты алу, мамандарды іздестіру және жұмысқа алу, білікті қызметкерлерді даярлау мен қайта даярлау, қажетті шикізатты алу, онімді тасымалдау, қызметтің басқа да түрлерін көрсету және т.б.) әрбір жеке әріптеспен өзара қарым-қатынастардың тиімді түрін тандауга мүмкіндік береді.

Жіктеменің белгілі бір шарттылығына қарамастан, әріптестік байланыстардың нысандары бір-бірімен тығыз байланысты және көп қырлы сипатқа ие болады. Ал кәсіпкерлік құрылымдардың көбісінің көпсалалық кәсіпорындар болатындығын ескер-

сек, ынтымақтастық түрлерінің өзара ықпалдастыры мен функционалдық байланысы күшіне түседі.

Әріптестік катынастар кәсіпкерлік қызмет аясында кәсіпкерге оның әріптестерімен, серіктестерімен ынтымақтастық орнату үшін міндеттері мен құқықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Кәсіпкердің мұндай құқықтары мен міндеттері, кәсіпкер мен оның әріптесі арасындағы жасалатын келісімшартпен бекітіледі.

7.2. Кәсіпкерлік мәмілелер және түрлері

Экономиканың кез келген саласындағы кәсіпорындардың қызметі шаруашылық жургізуши әріптестермен жасалған және тараптармен орындалатын мәмілелермен бекітіледі. *Мәміле* деп азаматтық құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыруға, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған азаматтар мен заңды тұлғалардың іс-әрекеттері танылады. Мәмілелердің сипаттамаларын 19 және 20-суреттерден көруге болады.



19-сурет. Мәмілелердің жіктелуі

Мәмілелер бір жақты, екі жақты және көп жақты болуы мүмкін. Бір жақты деп заңнамага немесе тараптардың келісіміне сәйкес, тараптардың бірінің еркі қажетті және жеткілікті болатын мәміле танылады. Мәмілелердің соңғы

екі түрі келісімшарттар болып табылады. Яғни оларды жүзеге асыру үшін екі тараптың (екі жақты мәміле), үш немесе одан да көп тараптардың (көп жақты мәміле) еріктері қажет. Келісімшарт мәміленің бір түрі болып табылады және әркашанда жазбаша түрде жасалады.

Мәміле – азаматтық құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыруға, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған азаматтар мен заның тұлғалардың іс-әрекеттері

БЕЛГІЛЕРІ

- Бұл өз қалауыша жасалатын акт, яғни адамдардың іс-әрекеттері
- Ис-әрекеттері заны
- Заны факт

МӘМІЛЕЛЕРДІҢ ТҮРЛЕРИ

Ауызша түрі

➢ Заннамамен немесе тараптардың келісімімен жазбаша немесе қандай да бір басқаша түрі белгіленбеген мәміле ауызша жасалу мүмкін, атап айтқанда жүзеге асырылуы кезінде жасалған барлық мәмілелер

➢ Жазбаша нысандагы келісімшартты орындау бойынша мәмілелер, тараптардың келісімі бойынша ауызша орындалуы мүмкін

Мәмілелердің тіркеу

Меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы, жедел басқару құқығы, бір жылдан астам мерзімге жер пайдалану құқығы, жылжымайтын мүлікес рента, сенім билдіру арқылы басқару құқығы мемлекеттік тіркеуден откен кезден бастап пайда болады

Басқа

➢ Конклюденнтті іс-әрекеттер

Егерде тұлғаның мәмілені жасауға деген еркі болған жағдайда, мәміле жасалған болып саналады

Тек кана ауызша түрде жасалады

➢ Үндемеу

Заннамамен немесе тараптардың келісімімен қарастырылған жағдайларда үндемеу мәмілесін жасауға еркі бар деп танылады

Карапайым

Жеке және заны тұлғалардың мәмілелері

Нотариалды

Заннамалық актлермен немесе тараптардың келісімімен бекітілген

Жазбаша түрі

➢ Егер мәмілелердің жеке түрлеріне заннамамен немесе жеке іскеरлік қызмет ерекшелерімен ерекше нұсқулар қарастырылмаган жағдайда, касіткерлік қызмет пен оны жүзеге асыру үшін мәмілелер жасау қатар жүрген жағдайда ол жазбаша жасалынады

➢ 100 АЕК көрсеткіштен жогары сомага

➢ Заннамамен немесе тараптардың келісімімен қарастырылған басқа да жағдайларда

20-сурет. Мәмілелердің мәні

Бір жақты мәміле мәмілені жасаған тұлғага міндеттемелер жүктейді. Бұл мәміле жағдайында заңнамалық актілермен немесе осы тұлғалармен жасалған келісім жағдайларындаға басқа тұлғалар үшін міндеттер жүктей алады.

Бір жақты мәмілелерге сәйкесінше міндеттемелер мен келісімшарттар туралы жалпы ережелер қолданылады. Өйткені бұл жағдай мәміле заңнамасына, табигатына және мәніне қарама-қайшы келмейді.

Егер тараптар өз құқықтары мен міндеттерін тоқтатудың болуы немесе болмауы белгісіз жағдайларды ескере отырып жасаған кезде мәміле кейінге қалдырган шартпен жасалды деп саналады. Сондықтан мәмілелік құқық пен міндет оны жасаған кезде емес, жағдайдың туындауына байланысты болады.

Мысалы, бір азамат екіншісіне жиһаз сатқанда, ол жаңа жиһаз сатып алғаннан кейін, сатып алушы меншік иесі болады деген мәмілелеге енгізеді.

Егерде тараптар өз құқықтары мен міндеттерін тоқтатуды белгілі бір жағдайдың туындауына байланысты жасаған кезде мәміле болдырмайтын шартпен жасалды деп саналады.

Мысалы, азамат өз саяжайын басқа біреуге жалға беру кезінде, оған әйелі шетелден ғылыми іс-сапардан келгенге дейін береді, ал ол келгеннен кейін, жалға алушының құқығы тоқтатылады.

Мәміленің абстрактілігі (дерексіздігі) оның жарамдылық негізіне байланысты емес, яғни мәміле мақсатына байланысты болмайтындығын білдіреді.

Мақсатты байланыстық мәмілелер – мазмұнынан оның тараптары қандай мақсатты көздейтіндігі көрсетілетін мәмілелер. Каузальды мәміленің шынайылығы оның мақсатына байланысты қойылады. Мақсат заңды және колжетімді болуы керек. Каузальды мәміле абстрактілі мәміленің қарама-қайшы түрі болыш табылады.

Мәміленің жарамдылық шарттары 21-суретте көрсетілген.

МӘМІЛЕЛЕРДІҢ ЖАРАМДЫЛЫҚ ШАРТТАРЫ



21-сурет. Мәмілердің жарамдылық шарттары

Мәміленің жазбаша түрі (келісімшарт) тарараптармен қол қойылған бір құжатты құрастыру жолымен, сонымен қатар электронды, телефонды, телеграфты, пошталық немесе басқа да байланыс құралымен қамтамасыз етілуі мүмкін.

Мәміленің нотариалды куәландырылуы жазбаша түрде орындалған құжатқа, нотариалды іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы нотариустың немесе басқа лауазымды тұлғаның куәландырылатын қолының қойылуымен жүзеге асырылады. Мәмілерді нотариалды куәландыру келесідей жағдайларда міндетті: заңда көрсетілген жағдайларда, заң бойынша аталған қызмет түрлері үш тарараптардың келісімімен қарастырылған жағдайда. Заңға сәйкес жылжымайтын мүлікке меншік құқығының пайда болуымен, басқа біреуге отуімен немесе тоқтатылуымен және басқа да құқықтармен байланысты мәмілер мемлекеттік тіркеуден отуі тиіс. Жылжымайтын мүлікке жер участеклері, жер астындағы байлықтар, су объектілері, ормандар, көп жылдық өсімдіктер, үйлер, гимараттар және т.б. жатады.

Мәміленің жаралық шарттары 22-суретте көрсетілген.

МӘМІЛЕНІҢ ЖАРАМСЫЗДЫҚ ШАРТТАРЫ

Мазмұнында
кемшиліктері
бар
мәмілелер

Мәміле мазмұны заң немесе басқа да нормативті-құқықтық актілер талаптарына қарама-кайшы болып табылады

Субъективті
құрамында
кемшиліктері
бар мәмілелер

Жеке тұлғалардың мәмілелері

Мәмілелер:

- Жас балалар
- 14-18 жас аралығындағылардың ата-анасының, күтүшісінің келісімінен
- Әрекет стүге мүмкіндігі жоқ азамат
- Әрекет стүй шектеулі азамат

Еркінен тыс
жасалатын
мәмілелер

Егерде мәмілелер жасалса:

- Алдан-арбай асерімен;
- Коркыту-үркіту жолымен;
- Әділесіз мәміле;
- Бір тараш екіншінен екінші тарап оқіліне зұлымдық ойластыру нәтижесінде
- Жалған мәмілес
- Ойдан шығарылған мәміле

Нысанында
кемшиліктері
бар
мәмілелер

Жазбаша (карапайым, нотариалды) нысанының бұзылуымен, сонымен катар мемлекеттік тіркеу талаптарының бұзылуымен жасалған мәміле

Заңды
тұлғалардың
мәмілелері

- Жалпы және арнайы құқықтық кабілеттің бұзылуымен
- Күрылтай құжаттарымен шектеулі құқықтық кабілеттің бұзылуымен
- Жеке тұлға органының жарғылық құзыреттілігінің бұзылуымен
- Қажетті лицензияны алмай немесе лицензияның жарамдылық мерзімі аяқталған соң жасалған мәмілелер
- Әділесіз бәсеке немесе іскерлік этика талаптарының бұзылуымен жасалған мәмілелер

22-сурет. Мәміленің жарамсыздық шарттары

Мәміленің қарапайым жазбаша түрін ұстанбау оның жарамсыздығын білдірмейді, алайда талас болған жағдайда, тараптарды оның жасалуын, мазмұнын немесе күәгерлік көрсетулермен орындалуын растау құқықтарынан айырады.

Алайда тараптар күәгерлік көрсетулерден, дәлелдеулерден басқа жағдайларда оның жасалуын, мазмұнын немесе жазбаша немесе басқа да дәлелдеулермен негіздеуіне құқықтары бар. Заннамалық актілерде тікелей көрсетілген жағдайларда немесе тараптардың келісімі жағдайында, мәмілелердің қарапайым түрлерін ұстанбау оның жарамсыздығына экеледі. Сыртқы экономикалық қызметте де мәміленің қарапайым жазбаша түрін ұстанбау мәміленің жарамсыздығына себеп болады.

7.3. Келісімшарт – кәсіпкерлік мәмілелерді жүзеге асырудың негізгі құжаты. Келісімшарттардың жіктелуі

Келісімшарт кәсіпкерлік мәмілелерді жүзеге асыру заңдылығын қамтамасыз ететін жетекші механизм болып табылады. Кәсіпкерлердің (ұйымдардың) барлық шаруашылық серіктестермен жасалатын келісімшарттары, кәсіпорындар қызметін реттеудің жетекші түрлерінің бірі болып табылады. Келісімшартты жасау барысында міндеттемелердің орындалу мерзімін, қамтамасыз ету түрін (тұрақсыздық айыбы, кепілзат, ұстап қалу, кепілдендіру, банктік кепілдеме, алдын ала төлем) және орындалу орнын қарастыратын, келісімшарт мәнінен шыгатын міндеттемелерді орындау туралы ережелер ерекше маңызға ие болады. Келісімшарт туралы жалпы сипаттама 23-суретте көрсетілген.



23-сурет. Келісімшарт туралы жалпы ереже

Келісімшарт тараптардың құқықтарын, міндеттемелері мен жауапкершіліктерін бекітетін заңды құжат (егер ол заңға сәйкес құрастырылса). Егер келісім жасалғаннан кейін жаңа заң

қабылданып, келісімшарт жасалған кезге қарағанда тараптар үшін басқа ережелер белгіленген болса, бұрынғы келісімшарт өз күшін сақтап қалады. Әдетте, келісімшарт жасау тараптардың келісімі ретінде үш сатыдан тұрады: *жасалуы, орындалуы және тоқтатылуы* (24-сурет).

КЕЛІСІМШАРТТЫ ЖАСАУ

Егерде тараптар арасында талап етілген және қажетті жағдайларда барлық манызды шарттар бойынша келісімге кол жеткізілсе, келісімшарт жасалған деп танылады.



КЕЛІСІМШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ НЕГІЗДЕРІ

Тараптардың келісім бойынша

Заңнамалық актілермен қарастырылған

Сот шешімі бойынша

- Келісімшартты бір тараф бұзған жағдайда
- Азаматтық кодекспен, басқа да заңнамалық актілермен немесе келісімшартпен қарастырылған басқа да жағдайларда

САЛДАРЫ

Келісімшартты өзгерту

Келісімшартты бұзу

Тараптардың міндеттемелері өзгерілген түрде жүзеге асырыла береді

Тараптардың міндеттемелері тоқтатылады

КЕЛІСІМШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ НЕМЕСЕ БҰЗУ

Өз еркімен жүргізілетін тартиппе

Келісімшартты өзгерту немесе тоқтату туралы тараптармен келісімге кол жеткізілген кезден бастап, міндеттемелер өзгерілген немесе тоқтатылған болып саналады

Сот тартибі

Соттың келісімшартты өзгерту немесе тоқтату туралы шешімінен бастап, міндеттемелер өзгерілген немесе тоқтатылған болып саналады

24-сурет. Келісімшартты жасасу, келісімшартты өзгерту немесе тоқтату

Келісімшарт бір тарапқа екінші тараппен *оферта* (келісімшартты жасау туралы ұсыныс) және *акцепті* (осы ұсынысты қабылдау) жіберу арқылы жасалады.

Оферта – бұл бір немесе бірнеше тұлғаға келісімшарт жасауға жіберілген ұсынысы қабылданған жағдайда, ұсыныс жасаушының адресатпен келісім жасалғанын білдіретін шешім.

Акцепт – бұл оферта жіберілген тұлғаның оны қабылдау туралы жауабы (коммерциялық үйымның, дара кәсіпкердің). Акцепт толық және сөзсіз қабылдануы керек.

Офертада акцепт үшін мерзім көрсетілсе, егер *акцепт* офертаны жіберген тұлғамен, онда көрсетілген мерзімде альнаса, *келісімшарт* жасалған болып саналады. Егерде тараптар келісілген түрде келісімшарт жасау туралы келісімге келсе, ол осындай түрде жасалған болып саналады. Келісімшартта оның жасалған жері көрсетілмегендіктен, келісімшарт кәсіпкердің тұргылықты жерінде немесе офертаны (келісімшарт жобасын) жіберген коммерциялық үйимда жасалды деп саналады. Егер басқаша көрсетілмесе, келісімшарт *сауда жүргізу жолымен* жасалуы мүмкін. Келісімшарт *аукцион* немесе *конкурс* түрінде де жасалады. Сауданы жүргізуді жеңіп алған тұлға, және сауданы үйимдастыруши конкурссты немесе аукционды өткізу күні кезінде келісімшарт күші бар сауда нәтижелері туралы хаттамаға кол қояды.

Келісімшартты өзгерту немесе бұзы Азаматтық кодекспен, заңнамалық актілермен немесе келісімшартпен қарастырылмаган жағдайда, тараптардың келісімі арқылы жүзеге асады. Келісімшарт тараптарының бірінің талабы бойынша келісімшарт сот шешімі арқылы келесідей жағдайлардаған өзертіледі немесе тоқтатылады: келісімшартты бір тарап бұзған жағдайда, Азаматтық кодекспен, басқа да заңнамалық актілермен немесе келісімшартпен қарастырылған басқа да жағдайларда.

Егерде келісімшартты орындауға тараптардың біржакты бас тартуы болған (келісімшарттан толығымен немесе жартылай бас тарту) жағдайда келісімшарт өзертілген немесе бұзылған болып танылады. Келісімшартты өзгерту немесе бұзы туралы келісім заңнамамен, келісімшартпен, ягни келісімшарт түрінде жасалады. Келісімшартты өзгерту немесе бұзы туралы талап

келісімшартты өзгертуге немесе бұзуга басқа тарап бас тартқан жағдайда, солқа өтініш берілгеннен кейін немесе келісімшартпен немесе заңнамен орнатылған мерзімде жауап ала алмаганнан кейін, ал ол болмаған жағдайда отыз күн ішінде қойыла алады.

Шаруашылық тәжірибеде алуан түрлі типтегі келісімшарттарды жасау қажеттілігі кездеседі және соларға сәйкес алуан түрлі келісімшарттық міндеттемелерді ұстануы тиіс. Келісімшарттардың түрлері 25-суретте көрсетілген.

КЕЛІСІМШАРТТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Күкіктар мен міндеттемелерге қоз қойылған кезден бастап

Консенсуалды

Келісімшарт жасасу үшін барлық маңызды шарттар бойынша тараптардың бірнің келісімі жеткілікті

Накты

Келісімшарт жасасу үшін тараптардың келісімінен басқа заттың берілуі қажет

Карама-қайши ұсыныстың болуына байланысты

Қайтарымды

Өз міндеттемелерін орындағаны үшін тарап толем немесе карама-қайши ұсыныс алған жағдайда

Қайтарымсыз

Бір тарап екінші тараптан толем немесе карама-қайши ұсыныс алмай өз міндеттемелерін орындауға міндеттенеді

Күкіктар мен міндеттемелерді болуға байланысты

Бір жақты

Бір жақта тек кана – күкіктар, екінші жақта тек кана міндеттемелер

Әзіздеуден

Әрбір тараптың өз күкіктары мен міндеттемелері бар

Занды бағытталуы бойынша

Алдын ала жасалынғатын

Тараптар болашекта келісім жасасуга келеседі

Негізгі

келісімшарт негізінде

Жасау ерекшеліктері бойынша

Бірігу келісімшарты

- Келісімшарт шарттары тараптардың бірімен формулярларда немесе баска да стандартты нысандарда жасалады
- Бұл шарттар екінші тараппен кабылдануы мүмкін, тек жалпы келісімшартка косылу жолыменғанда

Күкіктар мен міндеттемелердің пайды болу кезінен бастап

Жариялы келісімшарт

Коммерциялық үйіммен жасалған және тауарларды сату, жұмыстарды немесе қызметтерді орындау туралы оның міндеттемелері белгіленген келісімшарт. Мұндай үйім өз қызметтінін сипаты бойынша оған ұсыныс жасаганиның барлығына қатысты қызмет корсетуді жүзеге асыру керек (белше сауда, байланыс қызметтері, мейрамханалық қызмет корсету, энергиямен камсыздандыру және т.б.)

Коммерциялық үйімнің келісімшартта қарастырылған жағдайларынан басқа жариялы келісімшартқа қатысты бір тұлғага екінші тұлғаның алдында бас тартуына күкіргі жок.

Келісімшарт тараптары арасында келісімге келу мәні бойынша келісімшарттардың келесі түрлері болінген: сатып алу-сату, бөлшек сауда жүйесінде сату-сатып алу, тауарларды тасымалдау, энергиямен жабдықтау, жылжымайтын мүлікті сату, кәсіпорынды сату, сыйлау, рента, жалға алу, үйлер мен гимараттарды жалға алу, қаржылық жалға алу, жүкті тасымалдау, көлік экспедициясында жолаушыларды тасымалдау, несиелік келісімшарт, қарызға беру, комиссия келісімшарттары және т.б. Және де мұнда банктік шот, несиелеу мен сақтандыру келісімшарттары қызмет түрлеріне байланыссыз кез келген кәсіпорынмен (кәсіпкермен) жасалады.

7.4. Сатып алу-сату келісімшарттың жасауға қойылатын негізгі талаптар, құрылымы және мазмұны

Сату-сатып алу келісімшарты – бұл тараптар арасындағы келісім, оған сәйкес бір тарап (сатушы) екінші тараптың (сатып алушының) иелігіне затты (тауарды) беруге, ал сатып алушы ол тауарды алуға және ол үшін белгілі бір ақшалай соманы (бағаны) төлеуге міндеттенеді.

Келісімшарттың құрылымы мен мазмұны 9-кестеде келтірілген.

9-кесте. Келісімшарт құрылымы мен мазмұны

Тараулардың аталуы	Мазмұны
Преамбула	<p><i>Ол келесідей маңызды маліметтерді қамтиды:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ келісімшарттың аталуы мен нөмірі ➤ жасау орны мен мерзімі ➤ тараптардың анықталуы
Келісімшарт пәні	<p><i>Жасалатын мәміленің негізгі мазмұны көрсетіледі:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ іс-әрекет міндетті түрде өткен шақта көрсетіледі (мысалы, сатып алушы сатып алды, ал сатушы сатты) ➤ егерде бұл халықаралық контракт болса, тауарлардың тасымалы қандай базистік шарттарда жүзеге асырылатындығы көрсетіледі

Келісімшарт пәні	<p><i>Жасалатын мәміленің негізгі мазмұны корсетіледі:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ екі жақты түсінікті білдірмейтін затты дұрыс және нақты анықтау ➤ кредитордың негізгі және қосымша міндеттемелері ➤ қарыз алушының негізгі және қосымша міндеттемелері ➤ міндеттеме заты КР АҚ корсетілген міндеттемелерге сәйкес анықталады ➤ тауарлар мен кызметтердің дара белгілері болуы керек (тауардың нақты маркасы, кызметтің болінуі және т.б.)
Тараптардың міндеттемелері	<p>әрбір тараптың басты міндеттемелерінің толық тізбесі</p> <p>әрбір тараптың қосымша міндеттемелерінің толық тізбесі</p> <p>міндеттемелерді орындау кезектілігі</p> <p>келісімшарт «толық және нақты инструкциялы» болуы керек</p> <p>келісімшарт оның бөліктер бойынша жүзеге асырылуын анықтау керек</p> <p>өзара міндеттемелерді орындау тәртібі мен кезектілігі</p> <p>қарыз алушымен баламалы міндеттемелерді орындау тәртібі</p> <p>қарыз алушының бірімен бірегей міндеттемелерді орындау тәртібі</p> <p>бірегей несие берушілердің біріне өз міндеттемелерін толығымен орындау қарыз берушіні басқа несие берушілерге өз міндеттемелерін орындаудан босатады</p> <p>ақшалай міндеттеме нотариалды кенсе депозитына қарызды төлеумен орындалуы мүмкін</p> <p>келісімшарт үшінші тұлғаның пайдасына орындалуы мүмкін</p> <p>міндеттеменің орындалуы үшінші тұлғага жіктелуі мүмкін</p>

Келісімшарттагасы мен жалпы сомасы	<p>Контрактілі баға әрқашанда тауардың бір бірлігіне орнатылады (тонна, дана). Бағалардың келесідей түрлері қолданылуы мүмкін:</p> <ul style="list-style-type: none"> ► <i>турақты баға</i> – келісімшартты жасасу кезінде белгіленеді және есеп айрысу біткенге дейін өзгермейді ► <i>озгермелі баға</i> – сыртқы жағдайларға байланысты (мысалы, инфляция) тауардың нақты тасымалдау уақытына түзету енгізілетін, келісімшарт жасасқан кездегі келісілген базалық баға ► <i>кейіннен белгіленетін баға</i> – келісімшартты жасау кезінде бағаны орнатпайды, тек контрактыда оның қашан және қалайша анықталатыны көрсетіледі. <ul style="list-style-type: none"> • Тауар бірлігінің бағасы + опциоң • Тауардың барлық санының құны + опциоң • Баға тасымалдаудың белгілі бір базисіне орнатылады • Тауар бағасына қосылған шығындар • Контрактыны орындау барысында тауар бағасының өзгеруі
Тауарлардың жеткізу мерзімдері	<p>Сатып алушылардың мерзімдерді нақты үстануға деген талаптары экономикалық түргыдан негізделген. Осыған байланысты тауарлар тасымалының мерзімін откізіп алғаны үшін санкциялар күшнейеді. Әдетте келісімшартта тасымалдау мерзімін шамалығана откізуудің шекті мерзімі көрсетіледі немесе тасымалдау мерзімі бірден көрсетіледі. Мерзімдер келесідей болуы мүмкін:</p>

Тауарларды жеткізу мерзімдері	<ul style="list-style-type: none"> ► басты міндеттемелерді орындау мерзімі; қосымша міндеттемелерді орындау мерзімі ► келісімшартта жалпы іс-эрекет ету мерзімін анықтау ► орындау мерзімдерінің орындалу кезектілігі (тауар айналымы операциялары кезінде – тауарды тиесінде пропорционалды немесе сәйкестендірілген көлемде нақты қарама-қайши шарттарда жүргізіледі) ► орнатылған мерзімі болмаган жағдайда міндеттемелердің орындалуы егерде келісімшартпен немесе заңмен басқаша анықталмаса, несие беруші талап еткен 7 күннен бастап жүргізіледі ► міндеттеменің мерзімнен тыс орындалу мүмкіндігі корсетіледі (заңмен, келісімшартпен немесе басқа да міндеттемелерден қарастырылмаса, қарыз берушінің өз міндеттемелерін мерзімнен ерте орындауга құқығы бар)
Тасымалдау базисі	<p><i>Сыртқы экономикалық келісімшарттар ушін:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> ► келісімшарттың орындалу орнын анықтау ► егерде затты беру меншік құқығын беру уақыты болып анықталмаса, меншік құқығы, беру мерзімін анықтау мерзімі деп танылады ► кездейсоқ қайтыс болу тәуекелін беру (келісімшартпен басқаша көрсетілмесе, меншік құқығының пайда болуы кезінде туындаиды)

Төлем шарттары	<p>Біздің республика аумағындағы барлық есеп айырысулар үлттық валюта – <i>теңгемен</i> жүзеге асырылады, егерде тараптардың келісімімен басқаша көзделмесе. Көбінесе тәжірибеде <i>төлемдердің</i> келесідей түрлері кездеседі:</p> <ul style="list-style-type: none"> ▶ банктік аударымдармен есеп айырысу ▶ чектермен есеп айырысу ▶ инкассо есеп айырысулары ▶ аккредитивтармен есеп айырысу ▶ алдын ала төлем ▶ толық тасымал/орындалған жұмыс үшін төлем ▶ толық төлем үшін аванс ▶ барлық тасымал шегіндегі әрбір нақты тасымал үшін төлем ▶ аккредитив бойынша төлем ▶ банктік сақтандыру/кепілдемесі бойынша төлем
Тауар сапасы мен оның кепілдемелері	<p>КР АК 422-бабының 1-тартмагына сәйкес, сатушы сапасы келісімшарттағыға сәйкес болатын тауарды сатып алушыға беруге міндеттенеді. <i>Келісімшартта мыналар көрсетілуі керек:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> ▶ келісімшарт бойынша жалпы саны ▶ опцион ▶ минималды саны (тасымалдың минималды партиясы (вагон, контейнер және т.б.) ▶ сандық орындалу сатылары (графигі) ▶ тасымалдау санын тасымалдау (барлық бойынша жабдықтаушы міндеттемесінің алдын ала тасымалданған санына (сонымен қатар талапқа сай емес қабылдау, кепілдеме және т.б.) тәуелділігі; ▶ сапаға қойылатын талаптар ▶ сапасын тексеру (біріккен немесе бір жақты актілер, тәуелсіз сарапшылар) ▶ саны және сапасы бойынша қабылдау, актілерді ресімдеу

Көлік шарттары	<p>Келісімшартпен сатып алушының немесе сатушының тауарды сақтандыру міндеттемелері қарастырылуы мүмкін.</p> <p><i>Колік шарттары:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> ► көлікпен қамтамасыз ету бойынша тараптардың міндеттемелері (әдетте, көлікті базисқа дейін сатушы, базистан кейін – сатып алушы қамтамасыз етеді); ► көлік түрі, қосалқы бөлшектермен қамтамасыз ету және т.б; ► кім тікелей және кімнің есебінен сатушы қоймасынан жүкті тиесуді жүргізеді, штабельдеуді, түсіруді, кайта тиесуді және т.б тасымалдау бойынша шығындарды үlestіру; <p>Инкотермс - 2000 – тасымалдаудың базистік шарттары</p>
Маркалау, қораптау	<p>Тауарды маркалауга қойылатын талаптар, әдетте көрсетіледі: сатушы, шықкан елі, контракт №, сатып алушы, оның мекен-жайы, орны нөмір/барлық партия орнының нөмірі, темір жол бағытының станциясы, келу аэропорты, сақтау мерзімдері және т.б., брутто-нетто, жәшік мөлшерлері</p> <p><i>Кораптауга қойылатын қарапайым талаптар:</i> ылғалдан корғауды сақтау, тауар сипатына байланысты қарапайым қораптау (құрал-жабдық үшін ғаша, пластикалық, пластмассалық</p> <p>корап крандармен қайта тиесуге жарамды болуы керек</p> <p>кораптау алдындағы құрал-жабдық консервациясы;</p> <p>корапқа спецификациясы салынады (қорапта парап-тауарлар тізімі, саны және т.б.)</p> <p>► қораптау габариттері жылжымалы құралдардың мөлшерлеріне сәйкес болуы керек (құрал-жабдық мөлшерлері дайындаушымен келісіледі)</p>

Күжаттандыру, ескерту	<ul style="list-style-type: none"> ► тауармен бірге берілетін күжаттар – сапа сертификаты, ветеринарлық сертификат, спецификациясы, лицензиясы; тауарды төлеу үшін талап етілетін күжаттар – тауарлық-көлік күжаттары, сақтандыру полисі, шот-фактура ► реквизиттердің, берілгендердің ауысуы туралы ескертулер және т.б ► күжаттарды беру мен ұсыну тәсілдері, жазу тәсілдері (тапсырысты хатпен жіберу, почталық жіберу, жіберу туралы ескерту, бағалы қағаз, факсимильді хабарландыру, ұсынушыға беру, үшінші тұлғага күжаттарды беру) ► делдалдық операциялар кезінде делдал- фирмама сатушыға сатып алушымен ұсынылатын барлық күжаттардың қошірмесі жіберілуі керек – ол түсініспеушіліктерді болдырмау үшін қажет
Өнімді сақтандыру	<ul style="list-style-type: none"> ► көлікті және басқа да тәуекелдерді сақтандыру ► сақтандыру компаниясын анықтау ► сақтандыру шарттары ► сақтандыру сомалары мен төлемдері, бөлү ► сақтандыру өтемакысын төлеуден бастарту жағдайлары
Наразылықтар мен санкциялар	<ul style="list-style-type: none"> ► орындау мерзімін өткізіп алғаны үшін (мерзімнен кейін орындау), орындаудан бастартқаны үшін (орындалуы болмады және болмайды да), күжаттарды беру мерзімін өткізіп алғаны үшін айыппулдар мен осімақылар ► санкциялардан басқа келісімшарт келесілерді қарастыруы керек: келісімшарт бұзылған жағдайда сомаларды қайтару инфляция коэффициентінен немесе банктің депозиттік ставкасының пайзынан шыға отырып есептеледі

Наразылықтар мен санкциялар	<ul style="list-style-type: none"> ► санкция мөлшерлерін келісіп алу; санкцияны есептеу әдістері (келісімшарт сомасынан, тауардың таза құнынан, өткізіп алған әрбір күн үшін өсімақы, «пайызды пайызға» есептеу әдісі) ► тұрақсыздық айыбын (пеня, айыппұлдар) сұрау туралы шақырту мерзімдері ► сот тек қана заңға қайшы келмейтін келісімшарт шарттары негізінде ғана шешім шығарады
Тараптардың таластары (сот таластары)	<ul style="list-style-type: none"> ► келісімшартты орындау туралы заңды тұлғаның талаптарына жауап берушінің орналасуы бойынша, ал келісім алдындағы таластары бойынша – басқа көрсетілмесе, тауарды, қызметтерді жеткізетін тұлғаның орналасуы бойынша сәйкес соттарда қарастырылады; ► егерде талас третейлік сотта қарастырылуы қажет болса, сот ісі мұндайға дейін қарастырылмайды ► сыртқы сауда операциялары бойынша таластар, сонымен қатар халықаралық (арбитражды) үйымдарда да қарастырылады ► сыртқы сауда қатынастарында колданылатын құқықты анықтау қажет ► <i>келесінің көрсету қажет:</i> егерде тараптардың бірі халықаралық арбитражды соттың шешімдеріне бағынбаса, басқа тараптың сот шешімі дәлелденген факт ретінде қолданылатын, жауап берушінің тіркеу орны бойынша сотқа жүгінуге құқығы бар (арнайы түсініктемесі бар)

Форс-мажор және күтпеген жағдайлар	<p><i>Форс-мажорлы жағдайларға жоғарғы мемлекеттік органдардың шешімдері (импорт немесе экспортқа тыйым салу, валюталық шектеулер және т.б.), шерулер, соғыстар, революциялар және т.б. жатады. Форс-мажорлы жағдайлар болған жағдайда келісімшартты орындау бойынша міндеттемелер кейінге қалдырылады.</i></p> <p><i>Жеңе алмайтын күшке стихиялы апаттар (жер сілкіністер, су тасқындары) немесе болуын алдын ала көре алмайтын немесе біле алмайтын, тоқтатуға болмайтын басқа да жағдайлар жатады. Жеңе алмайтын күш жауапкершіліктен босататын міндет болыш табылады (аталған жағдайда – келісімшарттық міндеттемелерден).</i></p>
Жалпы шарттары	<ul style="list-style-type: none"> ► келісімшарттың өз күшіне енуі, мысалға, келісімшарт мына күннен бастап өз күшіне енеді: ► несиелік қаражаттардың қарыз алушының есеп айырысу шотына түсіу (несиелік келісімшарт) ► хаттармен, телеграммалармен, факттермен, телекстермен келісімшарттың өз күшіне енгендігі туралы акпарат алмасу ► аккредитив ашу ► орындалған жұмыстарды қабылдау актісіне қол қою ► жұмыстарды орындауды нақты бастау ► затты нақты беру, ал беру болған жағдайда келісімшартқа қол қою кезінен бастау және кепілдемелік заннама ► келісімшартты тіркеу мерзімінен бастап ► келісімшартқа қол қою кезінен бастап.

Корытынды шарттары	<ul style="list-style-type: none"> ► үшінші тұлғаға құқықтар мен міндеттемелерді беру немесе бермеу мүмкіндігі ► келісімшарттың қол қойылған орны ► келісімшарт беттерінің саны және барлық данасының саны және т.б.
Тараптардың реквизиттері мен колдары	<ul style="list-style-type: none"> ► фирмалардың реквизиттері көрсетіледі: мекен-жайы, почталық бөлімі, есеп-айырысу шоты, банк коды, МФО, телефондары ► директордың немесе сенімхат бойынша жұмыс істейтін тұлғаның лауазымы мен толық аты-жөні ► келісімшарттың әр бетіне қол қойылады (беттің шынайылығы екенін дәлелдейді)
Келісімшартты бұзу	<ul style="list-style-type: none"> ► міндеттемелерді орындаудан бір жақты бас тартуға немесе келісімшарт шарттарын бір жақты өзгертуге жол берілмейді ► келісімшартты бұзуды қалайтын тарап басқа тарапқа сәйкес ұсыныс жібереді. Мұндай ұсынысты қабылдаған тарап ұсынысты алғаннан кейін 10 күннің ішінде жауап беруі керек. Келісімге келмеген, сонымен қатар жауап алмаган жағдайда сот третейлік сотпен немесе ведомство бойынша басқа органмен шешіледі ► бұзу үшін негіз – затты беру бойынша міндеттемені орындау, сатып алушының сатып алынған затты алудынан бас тартуын
Міндеттемелердің тоқтатылуы	<p><i>Міндеттемелер тоқтатылады, егерде:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> ► талап лайық емес атқарылған жағдайда, ол орындауды қабылдағаны туралы кредиторлық қолхатпен дәлелденеді. Егер кредитор қолхатты бермесе, қарыз беруші орындауды тоқтатуға немесе мерзімін

<p>Міндет-темелердің тоқтатылуы</p>	<p>созуга құқы бар (кредитордың мерзімі қарыз берушіге зияндардың орнын талап ету құқын береді)</p> <ul style="list-style-type: none"> ► мерзімі болған немесе уақыты анықталған қарама-қайшы бір жақты талапты ескерумен. Бірақ та сұрау мерзімі отіп кеткен талаптарды есепке алу жүргізілмейді (қарыз алушы өмірлік ұсталуы немесе өлімге, денсаулығына зиян келуіне қатысты өзіне тиесілі талаптарды орындаі алмауы мүмкін) ► қарыз беруші мен кредитор бір тұлға болған жағдайда ► тараптардың келісуімен ► орындаі алмау мүмкіндігімен (жене алмайтын күш жағдайларымен)
-------------------------------------	--

Сату-сатып алу келісімшартының шарттары келісілген болып саналады, егерде келісімшарт тауардың аталуы мен санын анықтауға мүмкіндік берсе. Сату-сатып алу келісімшарты бойынша тауарды беру кезінде сатушы бір мезгілде тауарды берумен қатар сатып алушыға оның қажетті құралдарын, сонымен қатар оның заңмен қарастырылған құжаттарын (техникалық паспорты, сапа сертификаты, іске қосу бойынша нұсқаулар және т.б.) беруі керек. Сату-сатып алу келісімшартында ақшалай сиптігі тауардың саны, ассортименті, қораптары туралы мәліметтер және т.б. мәліметтер көрсетілуі тиіс.

7.5. Кәсіпкерлікегі деңдаудардың рөлі

Нарықтық жүйе экономикалық өнім өндіруші мен тұтынушының қатынастарының аясы болып табылады. Соган байланысты нарықта өндіруші мен тұтынушының өздері немесе олардың занды өкілдері қатысуы керек. Өндіруші мен тұтынушының мұдделерін қорғайтын (кейде олардың атынан жұмыс істейтін), бірақ өнім өндіруші немесе тұтынушы болып табылмайтын занды немесе жеке тұлғалар деңдаудар деп аталаады.

Делдалдық аясындағы кәсіпкерлік белсенділік ең қысқа мерзімдерде өндіруші мен тұтынушының экономикалық мүдделерін сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Өндіруші көзқарасы тұргызынан, делдалдық оның жұмысының тиімділігін арттырады. Өйткені, тауарды тұтынушыға жеткізудегі қызмет функцияларын делдалға жүктей отырып, өнім өндіруші өз белсенділігін толығымен тек өндіріске жұмылдыруға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, делдалдың өндіруші мен тұтынушы арасындағы қатынастарға араласуы капитал айналымының мерзімін біршама қыскартады және өндірістің пайдалылығын арттырады.

Тауарды бөлу каналы – бұл тауар қозғалысының өндірушіден тұтынушыға (сатып алушыға) жеткізу жолы. Бөлу каналдары тиімдірек болады, егер ол тікелей байланыстармен ғана шектелмейді, делдалды қосу негізінде жүргізілсе (26-сурет).

Делдалды пайдалану ең алдымен, оның қызметінің жоғары тиімділігімен анықталады. Оған тауар өндіруші көптеген жағдайда өзі қол жеткізе алмайды. Делдалды «өндіруші-тұтынушы» тізбегіне қосу арқылы тауардың барлық тұтынушылары үшін кеңейтілген қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, делдал өндіруші тауарын мақсатты нарықтарға жеткізуді тиімді түрде жүргізе алады.

Тұтынушы көзқарасы жағынан делдалдық – тауарды тиімді каналдар арқылы жеткізіп, оның қажеттіліктерін мүмкіндігінше тез және толығырақ қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Делдалдықтың ең кеңінен таралған түрі агенттік болып табылады, яғни онда агент өндіруші мен тұтынушы арасында делдал ретінде шығатын қатынастар типі. Агент – бұл тауарды өндіруші немесе тұтынушы мүдделерін қанагаттандыру мақсатында іс-әрекет ететін тұлға. Агенттің мүдделерді қанагаттандырудагы іс-әрекет ететін тұлғасы *принципал* деп аталаады.

Принципал ретінде агентке сатуды тапсыратын тауар иесі немесе агентке сатып алушы тапсыратын тауар тұтынушысы шығуы мүмкін. Осылайша, агенттің қатысуымен жүргізілетін делдалдық екі немесе, үш субъекттің өзара қатынастарынан тұрады. Агенттер бірнеше түрге болінеді: өндірушілердің агенттері; өткізу бойынша құзыретті агенттер; сатып алу бойынша агенттер.

Өнімді болу желісі, ол откізу аясында оз бизнеснің қоғағыздандыруға үмттаптатын үйыммен күршілді және басекелестер тарағынан бағалық қысымды болоңырақтады

Делдалдар
желісін
пайдалануды
негіздейтін

■ Тауардың көзігілік үрдісін үйимдастыру белгілі каржы ресурстарының болуын талап етеді

■ Тауар көзігілік үрдісін оптималды жүйесін курастыру, оз тауарының нарық конъюнктурасы, сату мен үлестіру адістерінің аясында, тауар исесінін сойкес белім мен тәжірибелесінің болуын карастырады

Делдалдық үйимдардың түрлері

Тәуелсіл делдалдар из бетінше жұмыс істепейді және шындағы ари қарай откізу мақсатында тауардың из менингде сатып алады

Тәуелсіл делдалдар комиссиялық сыйыра үшін жұмыс істей отырып, мешіткің құрылымын шемделуге үмттептебейді

■ Тұрақты тиғитегі дистрибуторлар (кімба орындары бар):

Бұл өндірушіден тауарларды сатып алута және оларды озинің тұрақты клиенттеріне откізуге (белуге) маманданған делдал. Онеркаситік бағыттағы тауарлардың дистрибуторларының (олардың әріптестері болын) тұтынтуға дайын тауарларды ондертеп көспіктер (табылады) және бішшек слудагерлерге тауарларды сатып алушылардан билип корсетеді. Делдалдық операциялардың екі көн тарғын түрі дилерлік атас.

Дилер – бұл аддете оз атынан және оз есебінен тауарларды қайта сатуда жүзеге асыратын делдалдың күршілім (анды немесе жеке тұлға). Дилерлік пайды тауарларды сатып алғандағы бағасы мен дилерден озинің тауардың сату бағасы арасындағы айырма ретінде күралады. Сатушымен ерекше көлісімшарт бойынша дилер оларға нарық тұралы акваратты ұснып алады, жарнама бойынша қызметтер көрсете алады. Сонымен катар еткізгілетін тауарларға сатудан кейінгі қызмет көрсете алады

■ Откізу агенттері – тауарды ондіруші немесе тұтынушы мұдделерінде, оз атынан іс-арекет етепті тұлғалар Агенттің мұдделеріне іс-арекет етепті тұлғасы принципі деп аталауды

■ Брокер-тұлғалар, олардың негізі міндет – сатушыларды сатып алушылармен көдестіруге және оларға көлісімге келуте комектесу

■ Комиссионерлер – белгілі бір сыйыра (комиссионерлық сыйыра) үшін, бірақ оз атынан комитеттің пайдастына мәміле жасасынан делдал, жеке немесе заңды тұлғалар.

■ Аукциондар – аукционды салыныма қойылатын тауарды мемдемен құттығын үшін сатып алушылардың жарасы. Мұндай операциялардың жүзеге асыруға үш субъект қатысады: аукционатор, аукционист, аукционерлер.

■ Сауда маклерлері – бұл мәмілен жасасуға оздері қатыстырыны, тек оны жасау мүмкіндігін көрсететін көспіктер-делдалдар. Олардың функциясы мәміле бойынша әріптестерде (кімба орындары жок) көдестіруге негізделеді

Джобберлер – дайын ойім корлары бар, тауарлардың тасымалы мен сакталуын камтамасыз етепті делдалдық сфера субъекттері

Оқыл саудацер – потенциалды сатып алушыларға каталогтарды тарату жөнімен тауарларды откізумен айналысадын көспіктер-делдал. Бұл жағдайда делдал озінде кімба орынның болуын көрсетуру керек. Сонымен катар, аддете кандай да бір тиімді колік түрінің болуы (немесе пайдаланылуы) көрсетілгенде

Коммивояжер – бұл тауарды тек кін сатып кана коймай, сатып алушыга жеткізетін көспіктер-делдал (жеткізіліммен сату). Коммивояжерлерге аддете сатып алушыларға тауардың үлгісін ұсынтын сауда фирмаларының алудан тұрлі оқандарын жатқызыды. Коммивояжерлер тауарларға тиімді жарнама жүргізеде және оның оңайда откізуиді тиімді каналдарын, сонымен катар сатудан кейінгі қызметтін тиімді каналдарын күрайды

26-сурет. Өнімді откізу үшін делдалдар желісін пайдалану

Биржасы қасіпкерлік, кәсіби қасіпкерлік қызметтің басқа да түрлерімен салыстырғанда бірқатар ерекшеліктері бар. Соңдықтан оны ерекше тип ретінде және іскерлік тәжірибенің

өз бетінше жүзеге асырылатын бағыты ретінде бөліп көсетуге болады (27-сурет).

Биржасы – үйімдастыруышылық түрде ресімделген және тұрақты қызмет ететін нарық, онда тұрақты және нақты сапалық параметрлері бар жаппай тауарларды сату жүргізіледі. Әдетте әрбір биржа үшін географиялық аймақтың берілгендерімен (аймақтық әмбебап бижалар) немесе өз қызметінің таңдалу аясымен аныкталған мамандану тән

БИРЖАЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРИ

Тауарлық биржасы – сапалық біртектілігі бар шикізаттық және азық-түліктік тауарлардың улken партиялармен жүргізілетін көтерме сауда

Валюталық биржасы – бұл алтын мен валютаны сату-сатып алу операцияларын жүзеге асыру орны

Кор биржасы – бұл бағалы қағаздарды сату-сатып алу бойынша жүйелік операциялар орталығы

Фьючерсті биржасы – сауда фьючерстік контрактлермен жүргізілетін тауарлық биржасының түрі

Еңбек биржасы – жұмыс күшінің алушан түрлеріне деген қажеттілік және колда бар жұмыс күшінін

27-сурет. Биржалардың түрлері мен қызмет ету механизмі

Біріншіден, биржалар делдалдық құрылымдар болып табылады. Бұл жағдайда олардың бірқатар делдалдардан айырмашылығы, оларга жүгінбей бірде бір кәсіпкердің қызмет ете алмайтындығы. Екіншіден, биржаның басты функциясы – клиенттерге қызмет көрсету. Қазақстанда биржалардың бұл функциясы өзінше сипатта ие – биржалар тек қана қызмет көрсетеп қана қоймай, өндірушіні бағалар жүйесін қамтамасыз ету арналары арқылы бақылайды. Кәсіпкерлік қызметті биржалар қызметінің мазмұны мен қагидаларын ескермей тиімді түрде жүргізу мүмкін емес.



Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар

1. Кәсіпкерлік қызметтегі әріптестік қатынастар қалайша жіктеледі?
2. Кәсіпкерліктің алудан түрлі аясындағы әріптестік ынтымақтастықтың қандай түрлері қолданылады?
3. Мәмілелердің мәні неде және қандай түрлері бар?
4. Қандай мәмілелер жарамсыз деп танылуы мүмкін?
5. Кәсіпкерлік келісімшарттардың мәні мен түрлері.
6. Тараттар келісімінің заты бойынша келісімшарт түрлерін сипаттап беріңіз.
7. Кәсіпкерлік келісімшарттардың жасау тәртібі қандай?
8. Келісімшарттарды өзгерту мен бұзы қалайша жүзеге асырылады?
9. Келісімшарттың негізгі бөлімдерін атап өтіңіз және болімдерге қысқаша сипаттама беріңіз.
10. Коммерциялық мәміленің қатысуышысы болып қандаи түргалар танылады?



КӘСІПКЕРЛІК ҚҰПИЯ ЖӘНЕ ОНЫ ҚОРҒАУ ТӘСІЛДЕРІ

8.1. Кәсіпкерлік құпияның мәні. Кәсіпкерлік құпияны құрайтын мәліметтердің жіктелуі

Кәсіпкерлік құпия – бұл таралуы зиян келтіретін кәсіпорынның қызметі туралы мәліметтерді құпиялауға (мәліметтерді пайдалануға шектеу қою) кәсіпорынның, кәсіпкердің заңмен қорғалатын құқығы. Кәсіпорын мен кәсіпкерлер таралуы олардың нарықтағы позициясын әлсірететін және бәсекелестері үшін қызығушылық тудыратын, өз қызметінің барлық жақтары туралы ақпаратты құпияда ұстауға құқықтары бар.

Кәсіпкерлік құпия – бұл ең алдымен өндірістік құпия, гылыми-зерттеушілік, жобалық-конструкторлық, технологиялық зерттеулердің, косалқы міндеттердің жеке шешімдері және нақты өндіріс үрдісінде пайда болатын нәтижелер. Ол өндірістік техникасы мен технологиясы, жобаланып және өндіріске дайындалып жатқан өнімнің жаңа түрлері, олардың өзіндік күны мен болжамдық бағасы, өндірісті ұйымдастыру және т.б. туралы ақпарат болуы мүмкін. Сонымен қатар нақты өндірістік үрдістердің басқару әдістеріне қатысты арнағы техникалық шешімдер де болуы мүмкін. Құпияның коммерциялық мәні мәмілеге қатысуышылардың оны дайындауымен және жүзеге асыруымен тікелей байланысты. Кәсіпкерлік құпияны құрайтын мәліметтердің жіктелуі 28-суретте келтірілген.

Iрі кәсіпорындар ақпараттың таралып кетпеуін (оның ішінде *онеркәсіптік тыңышылық* нәтижелері), яғни бәсекелестерге қандай да бір артықшылықтар беретін немесе оларға өткізу мен табыс алушының көзі болуга айналатын кәсіпорынның гылыми-техникалық, коммерциялық, өндірістік қызметтері мен бөлімшелерінің қызмет ету нәтижелерін қайтарымсыз түрде қолдануға мүмкіндік беретін жағдайлардың алдын алу

мақсатында сақтық шаралар жүзеге асырылады. Сонымен қатар кәсіпорындар өздері өз қызметінің иетижелері тура-лы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тұтынушыларға ақпарат береді, коммерциялық және өндірістік жетістіктері мәліметтер таратады. Дегенмен, өндірістік үрдістердің мәнін ашып көрсетпейді. Бұл жағдай кредиторлар мен сатып алу-шылар тарапынан оларға деген сенімді арттырады, өнім откізу нарығын кеңейтеді, бағалы қағаздар нарығындағы ак-циялар курсын арттырады және т.б.

Ақпарат нарықтық экономикада тауар болып табылады. Сондықтан да оны алу, сақтау, беру, пайдалану нарықтық эко-номика заңдарына бағынуы керек.



28-сурет. Кәсіпкерлік құпияны құрайтын мәліметтердің жіктелуі

Коммерциялық құпия кәсіпорын меншігі болып табылады. Оның мақсаты – бәсекелік күресте кәсіпорынға экономикалық артықшылықтарды қамтамасыз етіп отыру. Коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат бірқатар таланттарға жауап беруі керек.

1. Ақпаратты ашық қолдану кәсіпорын үшін зиянмен байданысты.
2. Ақпарат занұдың негіздік түргыдан жалпыға белгілі және жалпыға қолжетімді болып табылмайды.
3. Кәсіпорын экономикалық және басқа да тиімділікті қамтамасыз ету үшін құпиялылықты сактау бойынша қажетті шараларды жүзеге асырады.
4. Ақпарат қоргауды қажет етеді.
5. Бұл мәліметтерді құпияда ұстау кәсіпорынға зиян тигізбейді.

Экономикалық жүйеде нарықтық механизмдерінің қалыптасуы коммерциялық құпияның құқықты негізінің қалыптасуын қажет етеді. Ол кәсіпорынды және ұйымды әділетсіз бәсекелестерден қорғау, интеллектуалды қызмет өнімдерін, яғни өнертабыстарды, инновацияларды, компьютерлік бағдарламаларды, басқарушылық шешімдерді қайтарымсыз қолдануды болдырмау мақсатынан туындайды.

Заңнамаға сәйкес кәсіпорынның коммерциялық құпиясын құрайтын ақпаратты мемлекеттік органдарға бермеуге құқығы бар. Коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтер тізбегі кәсіпорын басшысымен анықталады.

Коммерциялық құпия келесідей ақпараттардан тұрады:

- кәсіпорынның сауда қатынастары;
 - қаражаттар айналымын ұйымдастыру мен олардың мөлшері;
 - откізу нарықтарының жағдайы;
 - банктік операциялар;
 - жабдықтаушылар мен тұтынушылар;
 - патенттердің мазмұны;
 - капиталдар құрылымы;
 - инвестициялар жоспарлары;
 - жасалған контрактілер;
 - тауарға деген бағалардың қалыптасуы;
 - табыс мөлшерлері мен өндіріс көлемдері.
- Өндірістік құпия келесідей ақпараттардан тұрады:
- өндіріс пен технология тәсілдері;

- еңбекті үйымдастыру;
 - техникалық жаңалықтар мен өнертабыстар;
 - зерттеу жұмыстарының максаты мен сипаты.
- Іскерлік ақпарат мыналарға қатысты:
- кәсіпорын қаржылары (қаржылық есептілік, клиенттермен есеп айырысу жағдайы, карыз, несиeler, төлем қабілеттілік, табыс, өнімнің өзіндік құны);

- өндірісті дамытудың стратегиялық және тактикалық жоспарлары, оның ішінде жаңа технологияларды, өнертабыстарды, ноу-хауды пайдалану;
- өнімді өткізу жоспарлары мен көлемдері (маркетинг жоспарлары, сауда операцияларының сипаты мен көлемі, бағалар деңгейі, қойма қорлары);
- өз өнімнің бәсекеге қабілеттілігін, экспорт пен импорт тиімділігін, нарыққа шығудың болжамды мерзімін талдау мәліметтері;
- жарнама қызметінің жоспарлары;
- сауда және басқа клиенттердің, делдалдардың, бәсекелестердің тізімі, олармен өзара қатынас туралы, қаржылық жағдайы туралы, контрактілердің шарттары туралы мәліметтер;
- басқару әдістері мен үйымдастыру;
- кәсіпорын персоналының беделі мен сипатын бағалауы;
- еңбекті үйымдастыру жүйелері.

8.2. Кәсіпкерлік қупияны қорғау жүйесі

Коммерциялық қупия болыш табылатын ақпаратты қорғау барысында кәсіпорын екі бірдей міндетті шешуі қажет. *Бірінші*, ол өз қызметі жайында тұтынушылар және жабдықтаушыларды жарнамалау және ақпараттық мәліметтермен қамтамасыз етуі қажет. *Екінші*, кәсіпорын қызметінің көптеген аспектілерін жарнамалау үшін, оның накты ақпараттық мәліметтерін ашық пайдаланбау мүмкін емес. Бұл жағдайда кәсіпорынның коммерциялық қупиясын ашу проблемасы туындайды (29-сурет).

Кәсіпорынның коммерциялық құпиясына жататын мәліметтердің тұрақты тізбегі	1	Құжаттарды қоштуру және көбейту құралдарын бақылау жүйесі
Жаңа материалдар мен өнімдерді есепке алу мен коргау жүйесі	2	Байланыс және есептеудің техника құралдарында коммерциялық құпияны қоргау тәртібі
Кәсіпорын аумагын коргау жүйесі	3	Құпия ақпаратты беру кезіндегі байланыстың анықтамаларын қолдану тәртібі
Кәсіпорынға басқа тұлғалардың келуін бақылау жүйесі	4	Коммерциялық құпияны қоргау тәсілдерін кәсіпорын персоналына оқыту және ынталандыру жүйесі
Коммерциялық құпияны құрайтын күжаттармен іс жүргізу тәртібі	5	Кәсіпорынның коммерциялық құпиясын қоргау бойынша мамандандырылған қызметтер

29-сурет. Кәсіпорынның коммерциялық құпиясын қоргау механизмі

Құпияны қоргаудың барлық әдістеріне қарамастан, ақпараттың таралып кететін жағдайлары болады. Сондықтан да кәсіпорынның коммерциялық құпиясын қоргау бойынша заңнаманы бұзудағы кінәлілерге әсер етудің барлық құралдары болу керек (30-сурет).

Айыппул санкциялары	Ақпаратты запсыз тұрға алу үшін қолданылған техникалық құралдарды жою
Накты зиянның орнын толтыру (моральдық тиңдік косқанда) және сот шығындарын телеу	Сот органдарының шешімдерін анықтауда жауап беру және санкцияларды қолдану
Зансыз жолмен ақпаратты пайдалануға заммен тыйым салу	Кәсіпорынды жабу
Коммерциялық құпияны үшінші тұлғанын ашуы	Ақпараттың тарауынан кінәлі қызметкерлерді жұмыстан босату
Тікелей коммерциялық құпияны құрайтын күжаттар мен заттарды жою	Кінәлілерге қылмыстық жауапкершиліктің азашын тұрларын қолдану

30-сурет. Коммерциялық құпияны таратқаны үшін кінәлілерге әсер ету әдістері

КР Үкіметі шешімімен коммерциялық құпияны құрмайтын мәліметтер тізбегі анықталған. Ол:

- кәсіпорынның құрылтай қүжаттары, тіркеу куәліктері, патенттер, лицензиялар;
- бюджетке төлемдер мен салықтардың дұрыс есептелгенін тексеру үшін қажетті және есептіліктің орнатылған тұрлери бойынша мәліметтер;

- төлем қабілеттілік туралы мәліметтер; қызметкерлердің саны, құрамы, олардың жалақысы мен еңбек жағдайлары туралы, сонымен қатар бос жұмыс орындары туралы мәліметтер;
- салықтар мен міндетті төлемдерді төлеу туралы құжаттар;
- қоршаган органдың ластануы, монополияға қарсы заннаманың бұзылуы немесе еңбек жағдайларының қауіпсіздігі, түрғындардың денсаулығына зиян тигізетін өнімді өткізу туралы және заннамаларды бұзғаны туралы мәліметтер.



Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар

1. Кәсіпкерлік құтияның мәні неде?
2. Кәсіпкерлік құтияның коммерциялық құтиядан ерекшелігі қандай?
3. Кәсіпкерлік құтияны құрайтын негізгі мәліметтерді атап отиціз.
4. Кәсіпкерлік құтияны құрайтын мәліметтердің таралуы кәсіпорынның қаржы-экономикалық жағдайына қалаіша әсер етеді?
5. Кәсіпкерлік құтияны қорғау механизміне сипаттама беріңіз.
6. Коммерциялық құтияны құрайтын мәліметтер тізімін атап отиціз?



КӨСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ СУБЪЕКТИЛЕРИНІң ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

9.1. Кәсіпкер жауапкершілігінің мәні және түрлері

Жалпы түрде кәсіпкерлердің жауапкершілігі деп мемлекеттің, қызметкерлердің, клиенттердің, шаруашылық жүргізу субъектілерінің құқықтарын бұзуга, орындалмаған (келісімшарттық) міндеттемелерді қалпына келтіруге бағытталған белгілі бір іс-әрекеттерді жасау қажеттілігін, міндеттін түсінеді. Сөйкесінше, шаруашылық жүргізуі әріптестер, мемлекеттік органдар кәсіпкерлердің құқықтарын бұзатын шешімдерді қабылдаған жағдайда, келісімшарттық міндеттемелерді орындалмаған жағдайда кәсіпкерлердің алдында жауапты болады. Жауапкершілік келісімшарттарды дұрыс орындауда немесе мүлдем орындауда жағдайында заңмен белгіленген міндеттер мен міндеттемелерді орындаудан пайда болады.

Кәсіпкерлер заңдық тұргыдан жауапкершілікте болады. Ол кәсіпкерлердің құқықтық нормалармен және келісімшарттық міндеттер мен міндеттемелердің орындалмау салдарынан болатын, қолайсыз жағдайға душар болуына қарамай, құқықтық нормалармен белгіленген міндеттерді орындау қабілеттілігі. Заңдық нормаларды салалық ерекшеліктеріне қарай жатқызылуына байланысты кәсіпкерлердің азаматтық-құқықтық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігі деп бөлуге болады. Сонымен қатар тәртіптік, материалдық, моральдық жауапкершілік деп те белінеді (31-сурет).

Кәсіпкерлер нарықтық экономиканың субъектілері, азаматтық қызметке қатысушылар ретінде ең алдымен азаматтық жауапкершілікте болады. Бұл жағдайда ол қарастырылған міндеттер мен міндеттемелерді мүлдем орындауда немесе дұрыс орындауда азаматтық заңнамамен белгіленген заңдылықтың салдары болып табылады (10-кесте). Азаматтық жауапкершілік мемлекетке немесе басқа тұлғага (кредиторға) қатысты құқық бұзушы үшін залалдың орнын толтыру, мулікті

түткіндау, зияндардың орнын толтыру, тұрақсыздық айыбын төлеу түріндегі занды бұзушыға, мұліктік (қаржылық) тұргыдан заңмен белгіленген жауапкершілікті орындауга міндетті шаралар ретінде сипатталады.

Азаматтық жауапкершілік мұліктік болып табылады. Ол өтемакылық сипатқа ие, өйткені оның басты мақсаты зиян шеккен тарағтың (кредитордың) құқықтарын қалпына келтіруге болып табылады.

Кәсіпкерлердің жауапкершілігі – мемлекеттің, қызметкерлердің, тұтынушылардың, шаруашылық субъекттердің құқықтарын бұзуга, өрындалмаган (келісімшарттық) міндеттемелерді қалпына келтіруге бағытталған белгілі бір іс-арекеттерді жасау қажеттілігі, міндетті

Кәсіпкерлер жауапкершілігінің түрлері

Азаматтық жауапкершілік – карастырылған міндеттер мен міндеттемелерді мүлдем орындауда немесе дұрыс орындаудың азаматтық заннамамен орнатылған занды салдары

Әкминшілік жауапкершілік – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында кәсіпкерлермен және кәсіпкерлік үйимшардың лауазымды тұлғаларымен әкминшілік құқық бұзушылықты жасаганы үшін орнатылады

Қылмыстық жауапкершілік – бұл (КР Қылмыстық кодексінің ережелеріне сәйкес) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында, занға қарама-қайшы іс-арекеттерді жүзеге асыру кезінде пайдада болатын, кәсіпкерлердің занды жауапкершілік түрлерінің бірі

Тәртіптік жауапкершілік – енбек тәртібін бұзғаны үшін бұзушыларға асер ету түрі (алым) ретінде. Тәртіптік шаралардың келесідей түрлерін колданады: ескерту, бұйрық шыгару, жұмыстаран болсату

Материалдық жауапкершілік – қызметкердің занга кайши және кіналі мінездүкілік жағдайларда зиян тигізгені үшін орнатылады.

Материалдық жауапкершіліктің 2 түрі болады:

Шектеуіл (орташа айлық жалакынын 1/3 шегінде).
Толық дара немесе үзімдік материалдық жауапкершілік туралы келісімшарт жасаган қызметкер үшін орнатылады

Моральдық жауапкершілік – адам іс-арекеттерінің моральдық нормаларға сәйкес болу немесе болмауын, сонымен катар оз қылмыстарының нәтижелері мен салдарын сезінуі

31-сурет. Кәсіпкерлер жауапкершілігінің мәні және түрлері

10-кесте. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік

АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК	ЖАУАПКЕРШІЛІК ТҮРЛЕРИ	МАЗМУНЫ	
	<i>Бірлескен</i>	Зиянды тигізген топтың бірлесе отырып зиян орнын толтыру	
	<i>Улестік</i>	Өзінің тигізген зиянының үлесіне байланысты әрқайсысының зиян орнын толтыру	
	<i>Косымша (субсидиарлы)</i>	Басқа тұлғаның жауапкершілігіне косымша жауапкершілік	
	<i>Қайта талап ету (рекрессивті)</i>	Бір тұлғаның екінші тұлғаның ісі үшін жауапты болуы	
	<i>Аралас</i>	Кінә дәрежесіне сәйкес тараптардың өзара жауапкершілігі	
ШАРТТАРЫ			
Мінез-құлықтың қарама-қайшы болуы			
Зияндардың немесе залалдардың болуы			
Мінез-құлық пен салдардың себептік байланысы			
Кінәлі болуы мен анық-қанығына жетуі			
САНКЦИЯЛАРЫ			
<i>Тәркілеу</i> – мемлекет пайдасына мүлікті қайтарымсыз алу	<i>Ынталан- дырушы</i> – зиянга бай- ланыссыз айыппұл, өсімпұл алу	<i>Өтемақылық</i> – зияндардың орнын толтыру Құқығын асыра пайдаланған жагдайда қорғаудан бас тарту	
СУРАУ МЕРЗІМІ: жалпы мерзімі – 3 жыл			

Азаматтық жауапкершілік *мүліктік* болып табылады және өтемақылық сипатқа ие. Өйткені оны қолданудың басты мақсаты зиян шеккен тараптың (кредитордың) құқықтарын қалпына келтіру болып табылады. Кәсіпкерлердің азаматтық жауапкершілігі келісімшарттан тыс қатынастардан пайда болады. Ол өз кезегінде құқықтың сәйкес нормаларымен белгіленеді. Сонымен қатар, жасалған келісімшарттардың орындалмауы не-

месе дұрыс орындалмауы нәтижесінен шығады. Кінәлі тараптың жауапкершілік деңгейіне (рөліне) байланысты азаматтық жауапкершілік үlestік, бірлескен, қосымша және аралас болып бөлінеді (10-кесте).

Бірлескен жауапкершілік немесе бірлескен талап ету егер міндеттемелік зат бөлінбейтін жағдайда, бірлескен міндет пен талап ету келісімшартпен немесе заңмен қарастырылған жағдайда пайда болады. Егер заңмен, басқа да құқықтық актілермен немесе міндеттеме шарттарымен, басқаша жағдайлар қарастырылмаса, кәсіпкерлік қызметпен байланысты, бірнеше борышкерлердің міндеттемелері, осындай міндеттемедегі бірнеше кредиторлардың талаптары секілді бірлескен болып табылады. Борышкерлердің бірлескен міндеттемесі кезінде кредитордың барлық борышкерлерден немесе әрқайсысынан жеке түрде қарызды толығымен немесе белгілі бір бөлігін қайтаруды талап етуге құқығы бар. Бірлескен борышкерлердің бірінен борышын толық алып қанағаттанбаған кредитор міндеттеме толығымен орындалмайынша міндетті болып кала беретін басқа бірлескен борышкерлерден, сол борышкердің отей алмаганын қарызын талап етуге құқығы бар. Борышкерлердің бірімен бірлескен міндеттеменің толығымен орындалуы, қалған борышкерлерді міндеттемелерін орындаудан босатады. Осылайша, өз үlestерін толық салмаган жауапкершілігі шектеулі қоғам қатысушылары, әр қатысушының міндеттемелері бойынша белгіленген салым мөлшерінде бірлескен жаупкершілікте болады.

Қосымша (субсидиарлы) жауапкершілік деп заңмен немесе келісімшартпен қарастырылған жағдайларда кредиторлар алдында міндеттемелерді дұрыс орынданмаганы үшін, борышкермен катар жауап беретін тұлғалардың (азаматтардың) қосымша жауапкершілігі танылады.

Қайта талап ету (регрессивті) жауапкершілік, заңдық тұрғыдан бір тұлғаның жауапкершілігін екінші тұлға отейді. Мысалы, жұмыс беруші, өз жұмыскерінің әрекетінен болған зардапты, оны шегушіге отегеннен кейін, зардап мөлшерін жұмысшыдан өндіріп алуға құқығы бар, яғни қайта талап ету әдісімен.

Аралас жауапкершілік деп екі тараңтың да кінәсі бойынша міндеттемелерді дұрыс орындауда немесе толық орындауда нәтижесінде пайда болатын жауапкершілік танылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде кәсіпкерлік қызмет аясындағы қылмысты істерге арналған – «Экономикалық қызмет аясындағы қылмыстар» атты арнайы тарау бар.

«Экономикалық қызмет аясындағы қылмыстар» тарауды бойынша жиі кездесетін қылмыстық істерге келесілер жатады:

- 1) заңды кәсіпкерлік қызметке қарсы тұру;
- 2) заңсыз кәсіпкерлік;
- 3) жалған кәсіпкерлік;
- 4) заңсыз жолмен алынған ақшалай қаражаттарды немесе басқа да мүлікті заңдастыру;
- 5) монополиялық іс-әрекеттер мен бәсекені шектеу;
- 6) тауарлық белгіні заңсыз пайдалану;
- 7) акцизделуге жататын тауарларды маркілеу ережелері мен тәртібін бұзу, акциздік алым маркаларын қолдан жасау мен пайдалану;
- 8) экономикалық контрабанда;
- 9) кедендік алымдар мен төлемдерді төлеуден бас тарту;
- 10) бухгалтерлік есеп ережелерін бұзу;
- 11) кредиторлық борышты төлеуден бас тарту;
- 12) азаматтың салықты төлеуден бас тартуы;
- 13) ұйымдардың салықты төлеуден бас тартуы;
- 14) тұтынушыларды алдап-арбау;
- 15) мәмілені жасауға күштеу немесе одан бас тартуға күштеу.

Қылмыстық жауапкершілік келесідей түрлерде қарастырылған:

- 1) 25-25000 дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде немесе 2 аптадан 1 жылға дейінгі кезеңге сотталғаның жалақысының немесе басқа да табысының мөлшері ретінде айыппул;
- 2) белгілі бір қызметпен айналысуга немесе белгілі бір лауазымынан айыру құқығы, негізгі жаза ретінде 1-5 жылға дейінгі

аралықта және қосымша жаза ретінде 6 айдан 3 жылға дейінгі аралықта;

- 3) 60 сағаттан 240 сағатқа дейінгі аралыққа қоғамдық жұмыстарға тарту;
- 4) 2 айдан 2 жылға дейінгі тәртіп жұмыстарына жіберу;
- 5) 1-6 айға дейінгі аралыққа түткynдау;
- 6) мүлікті тәркілеу арқылы немесе 6 айдан 15 жылға дейінгі аралыққа бас бостандығынан айыру.

9.2. Кәсіпкерлердің әкімшілік жауапкершілігі

«Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (ары қарай Кодекс) кәсіпкерлік қызмет, сауда мен қаржылар аясындағы, сонымен қатар салық салу аясындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарға арналған арнайы тараулары бар (11-кесте).

11-кесте. Әкімшілік құқық бұзушылықтар

Аялары	Құқық бұзушылық түрлері	
	1	2
Әкімшілік құқық бұзушылықтар кәсіпкерлік қызмет аясында		<ol style="list-style-type: none">1) сәйкесінше тіркеусіз немесе лицензиясыз, арнайы рұқсатсыз, біліктілігі туралы аттестатсыз (куәліксіз) кәсіпкерлік немесе басқа да қызметпен айналысу;2) кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерімен айналысу;3) бөтен тауарлық белгіні, қызмет көрсету белгісін, кәсіпорынның атапуын немесе тауардың шығу орнын заңсыз пайдалану;4) кәсіпкерлік қызмет туралы ақпаратты ұсынбау немесе уақытылы ұсынбау;5) монополияга қарсы заңнаманы бұзу;6) жалған кәсіпкерлік;7) заңды тұлғаны, филиалды, өкілдікти сәйкесінше қайта тіркеусіз кәсіпкерлік қызметпен айналысу.

<i>сауда мен қаржылар аясында</i>	<ol style="list-style-type: none"> 1) тауарлардың және басқа да заттардың зансыз саудасын жүргізу; 2) құжатсыз тауарларды сату; 3) салықтық емес төлемдерді бюджетке толық мөлшерде немесе уақытысында төлемеу; 4) лауазымды тұлғамен бухгалтерлік есеп туралы занды бұзы; 5) занды тұлғамен бухгалтерлік есеп туралы занды бұзы; 6) міндettі аудитті өткізуден бастарту (шетелдік қатысуы бар барлық кәсіпорындарда міндettі жыл саинығы аудит өткізілуі қажет); 7) төлемдерді өткізу бойынша Қазақстан Республикасының заннамалық актілерімен бекітілген шектеулерді бұзу (басқа тұлғаның пайдалына 4000 айлық есептік көрсеткіштен жоғары сомага азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша қолма-қол тәртіпте занды тұлғалармен төлемдерді жүзеге асыру).
<i>салық салу аясында</i>	<ol style="list-style-type: none"> 1) салық органында салық есебіне тұру мерзімін бұзу; 2) салық есептілігін ұсынбау, сонымен қатар салық төлеушінің мониторингін өткізу үшін құжаттарды ұсынбау; 3) салық салу, объектілерін көрсетпеу; 4) салық салу объектілерін, табыстары мен шығыстарын есепке алу ережелерін бұзу; 5) салықтар мен бюджетке төленетін басқа да сомаларды төмендету;

Әкімшілік құқық бұзушылықтар	<p>6) салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдерді ұстап қалу және (немесе) аудару бойынша салық агентімен және басқа да құзыретті орган алдындағы (үйыммен) өз міндеттемелерін орындауы;</p> <p>7) Жалған шот-фактуранды жазып беру;</p> <p>8) акцизді тауарларды кіргізу, тасымалдау, өндіру, сақтау мен өткізу ережелерін бұзу;</p> <p>9) акцизді алым маркаларымен акцизді тауарларды маркілеу тәртібі мен ережелерін бұзу;</p> <p>10) фискалды жадысы бар бақылау-кассалық машиналарды қолдану тәртібін бұзу;</p> <p>11) салық қызметі органдары мен олардың лауазымды тұлғаларының занды талаптарын орындау.</p>
салық салу аясында	

Кодекстің басқа тарауларында кәсіпкерлік қызметпен байланысты құқық бұзушылықтарды және олар үшін жауапкершілікті қарастыратын тараулар бар. Олардың ішінен жиегезесетін әкімшілік құқық бұзушылықтарға мыналар жатады:

1) белгілі бір тәртіпте бекітілген жобалық құжатсыз, сараптаманы өткізусіз немесе құрылыш жұмыстары құқығына рұқсат алмай объектілерді тұрғызу және қайта құру жағдайлары бойынша құрылыш, құрылыш-монтажды, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу, тұрғын үйлерді қайта жабдықтау мен қайта жобалау;

2) белгілі бір тәртіпте іске қосылмаған объектілер мен кешендерді іске қосу;

3) коршаган органды қорғау бойынша экологиялық талаптарды бұзу және жерді дұрыс пайдаланбау;

4) Қазақстан Республикасының шетелдік жұмыс күшін тарту мен пайдалану ережелерін бұзу.

Әкімшілік Кодекспен заңды тұлғалардың жауапкершілігі, ал Кодекстің жеке тарауларында – үйымның лауазымды тұлғаларының жауапкершілігі қарастырылған. Бұл жағдайда, кәсіпкерлік қызмет күрылымдарында басқару функциясын атқаратын, үйымдастырушылық-реттеуші немесе үйымдастырушылық-шаруашылық қызметтегі міндеттемелерді орындау барысында, әкімшілік құқықты бұзған басшылар мен басқа да қызметкерлер жауапты.

Дара кәсіпкерлер лауазымды тұлғалар ретінде әкімшілік жауапкершілікте болады. Кодекс тарауларында заңды тұлғаның жауапкершілігі қарастырылған жағдайда – дара кәсіпкерлер заңды тұлға ретінде жауапкершілікте болады.

Құқық бұзушылық үшін жауапкершілік бестен екі мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш есебіндегі *айыппұл түрінде*, ал кейбір жағдайларда тіпті одан да жоғары көлемде қарастырылған. Кейбір құқық бұзушылықтар үшін айыппұл белгілі бір сомадан пайыздық мөлшерде есептелінеді. Мысалы, салық төлеуші – салық салу объектісінің заңды тұлғасы ретінде салық салу объектілерін көрсетпеген жағдайда, салық салу объектілерінің көрсетілмеген құнының слу пайызы мөлшерінде айыппұл толеуге міндетті.

Айыппұлдардан басқа, Кодексте қосымша немесе өз бетінше жұмыс істейтін *әкімшілік-құқықтық әсер етудің келесідей шаралары қарастырылған*:

1) азаматтығы жоқ тұлғалар мен шетелдіктерді Қазақстан Республикасынан тыс жерге шыгару;

2) 15 тәулікке дейінгі әкімшілік тұтқындау;

3) құқық бұзушылықтың тікелей объектілері болып табылатын тауарлар мен көлік құралдарын тәркілеу;

4) лицензия, арнайы рұқсат немесе білікті атtestat (куәлік) іс-әрекетін тоқтату.

Әкімшілік жауапкершіліктің қағидалары болып мыналар табылады:

* заңдылығы;

- жазаның даралығы;
- материалды қарастыру мен ол бойынша шешім қабылдаудың жариялышы;
- жауапкершіліктің (жазаның) болмауының мүмкін еместігі;
- тек құқық бұзу мен кінәлі болған жағдайдағы жауапкершілік.

9.3. Кәсіпкерлердің міндеттемелерін қамтамасыз ету шарттары және тәсілдері

Міндеттеме деп азаматтық заңнамада бір тұлға (борышкер) екінші тұлғаның (кредитор) пайдасына қатысты белгілі бір іс-әрекет жасауға деген құқық қабілеттілігін түсінеді. Мысалы, бір тұлғаның (борышкердің): мүлікті беру, жұмысты орындалу, қарызды толеу және т.б. немесе белгілі бір іс-әрекетті жасау қабілеті, ал кредитордың борышкерден өз міндеттемелерін орындауды талап етуге құқығының бар болуы.

Міндеттемелер заң талаптары мен оның шарттарына, басқа да құқықтық актілерге сәйкес орындалуы қажет. Ал олар болмаған жағдайда – іскерлік айналым дәстүрлеріне және басқа да қойылатын талаптарға сәйкес орындалуы керек. Искерлік айналым дәстүрлер қандай да бір құжатта тіркелмеген, заңмен қарастырылмаған кәсіпкерлік қызметтің қандай да бір аясындағы қалыптасқан және кеңінен қолданылатын мінез-құлық ережесі болып танылады. Заңнамага немесе келісімшарт ережелеріне қарама-қайшы қатысушылардың міндеттемелері өз кезегінде іскерлік айналым жүйесіне жатпайды.

Міндеттемелердің пайда болу негіздері :

- ❖ Заңмен қарастырылған келісімшарт пен басқа да мәмілелерден, сонымен қатар заңда қарастырылмаган, бірақ оған қайшы келмейтін мәмілелерден.
- ❖ Заңнама күшіне қатысты азаматтық-құқықтық салдарды тұгызатын әкімшілік актілерден.
- ❖ Заңнамалық актілермен тыйым салынбаган негіздер бойынша мүлікті жасау мен сатып алу нағијесінде.

- ❖ Азаматтық құқықтар мен міндеттерді орнатқан сол шешімінен.
- ❖ Өнертабыстарды, өнеркәсіптік үлгілерді, гылым, әдебиет және өнер туындылары салдарынан туындайтын және интеллектуалды қызыметтің басқа да нәтижелерінен.
- ❖ Басқа тұлғага залал тигізу салдарынан.
- ❖ Басқа тұлға есебінен мүлікті негізсіз сақтау немесе салып алу (негізсіз бауы).
- ❖ Азаматтар мен заңды тұлғалардың басқа да іс-әрекеттерінің салдарынан.
- ❖ Азаматтық-құқықтық салдардың пайды болуына байланысты заңнамалық жағдайлар салдарынан.

Міндеттемені тоқтату негіздері:

- дұрыс орындау;
- борышты кешіру;
- бас тарту;
- орындау мүмкіндігінің болмауы;
- есепке алу;
- мемлекеттік орган актісі;
- кредитор мен борышкер бір тұлға болған жағдайда;
- азаматтың қайтыс болуы;
- міндеттемені жаңарту;
- заңды тұлғаның жойылуы;
- заңнамамен және келісімшартпен міндеттемелерді тоқтатудың басқа да негіздері болуы мүмкін.

ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес міндеттемелерді орындау тәсілдері болып табылады:

- айппұл;
- кепіл;
- борышкер мүлкін ұстап қалу;
- кепілгер болу;
- банктік кепілдеме;
- кепілпұл және заңмен немесе келісімшартпен қарастырылған басқа да тәсілдер (12-кесте).

**12-кесте. Міндеттемелерді орындауды
қамтамасыз ету тәсілдері**

Тәсілдің аталуы	Ерекшеліктері						
1	2						
<p>Айыппұл – бұл борышкер кредиторға міндеттемені мүлдем орындаған немесе толық орындау жағдайында, атап айтқанда орындау мерзімі өтіп кеткен жағдайда төлеуге тиісті заңмен немесе келісімшартпен белгіленген ақшалай сома. Кредитор зияндарды келтіру себептерін дәлелдеуге міндетті емес.</p>							
Айыппұл түрлері	<p align="center">Пайда болу негіздері бойынша:</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="padding: 5px; vertical-align: top;"> <p>Заннамамен анықталады. Оның мөлшері заннамамен тыйым салынбаса тарастардың келісіуімен көбейтілуі мүмкін.</p> </td><td style="padding: 5px; vertical-align: top;"> <p><i>Келісімшарттық</i> – келісімшартпен анықталады</p> </td></tr> </table> <p align="center">Зияндардың орнын толтыру аракатынасына байланысты:</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="padding: 5px; vertical-align: top;"> <p><i>Айыппұлдық</i> – зиян айыппұлдан жогары толық со-мада алынады</p> </td><td style="padding: 5px; vertical-align: top;"> <p><i>Есепке алу</i> – зиянның айыппұлмен алынбаган бөлігі алынады</p> </td><td style="padding: 5px; vertical-align: top;"> <p><i>Айрықша</i> – зиян толық алынбайды, тек айыппұл гана алынады</p> </td><td style="padding: 5px; vertical-align: top;"> <p><i>Баламалы</i> – кредитордың калауы бойынша зиян немесе айыппұл алынады</p> </td></tr> </table>	<p>Заннамамен анықталады. Оның мөлшері заннамамен тыйым салынбаса тарастардың келісіуімен көбейтілуі мүмкін.</p>	<p><i>Келісімшарттық</i> – келісімшартпен анықталады</p>	<p><i>Айыппұлдық</i> – зиян айыппұлдан жогары толық со-мада алынады</p>	<p><i>Есепке алу</i> – зиянның айыппұлмен алынбаган бөлігі алынады</p>	<p><i>Айрықша</i> – зиян толық алынбайды, тек айыппұл гана алынады</p>	<p><i>Баламалы</i> – кредитордың калауы бойынша зиян немесе айыппұл алынады</p>
<p>Заннамамен анықталады. Оның мөлшері заннамамен тыйым салынбаса тарастардың келісіуімен көбейтілуі мүмкін.</p>	<p><i>Келісімшарттық</i> – келісімшартпен анықталады</p>						
<p><i>Айыппұлдық</i> – зиян айыппұлдан жогары толық со-мада алынады</p>	<p><i>Есепке алу</i> – зиянның айыппұлмен алынбаган бөлігі алынады</p>	<p><i>Айрықша</i> – зиян толық алынбайды, тек айыппұл гана алынады</p>	<p><i>Баламалы</i> – кредитордың калауы бойынша зиян немесе айыппұл алынады</p>				
Айыппұл туралы келісім нысаны:							
<p>Негізгі міндеттеменің түріне тәуелсіз жазбаша түрде жасалуы керек.</p> <p>Жазбаша түрді ұстанбау оның жарамсыздығына айыппеледі.</p>	<p>Орындалмаган немесе дұрыс орындалмаган міндеттемеге қа-тысты катан ақшалай сомада немесе пайыздық мөлшермен анықталады.</p>						

Кепіл – міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі. Ол бойынша кредитордың (кепілді ұстаушының) (борышкермен (кепіл берушімен) кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған жағдайда) мүлікті басымды түрде, басқа кредиторлар алдында салынған мүлік құнынан өз үлесін алу құқығы пайда болады.

Пайда болу негіздері:

Кепіл келісімшарт күшіне байланысты туындарды.	Кепіл көрсетілген міндеттемелер болған жағдайда заңнамалық актілер негізінде пайда болады.
--	--

Кепіл заты

Бола алады: мүлік, оның ішінде заттар мен мүліктік құқықтар (тапттар); ақшалар, бағалы қағаздар мен басқа да мүлік.	Бола алмайды: айналымдағы шектеулі заттар; айналымнан алынып тасталған заттар; кредитор тұлғасымен байланысты құқықтар.
--	--

Кепілдеме (гарантия) – бұл міндеттемені орындауды қамтамасыз ету түрі. Оған сәйкес гарант басқа тұлғаның кредиторы (борышкері) алдында осы тұлғаның міндеттемесі үшін заңнамамен қарастырылған жағдайлардан басқа кезде толығымен немесе борышкермен бірлесе отырып міндеттемені орындауга жауапты болады.

Пайда болу негізі:

- Келісімшарт
- Нормативті-құқықтық акт

Жауапкершілік

Гарант айыппұлды, сыйақыны, қарыздың орнын толтыру бойынша сот шығындары және басқа да зияндары бойынша борышкер секілді кредитор алдында жауап береді.

Нысаны

- Міндетті түрде жазбаша. Бұл түрді ұстанбау оның жарамсыздығына алып келеді

	Тоқтатылуы
	<ul style="list-style-type: none"> ➤ қамтамасыз етілген міндеттеменің тоқтатылуы жағдайында ➤ жауапкершіліктің көбеюіне әкелетін міндеттеме өзгерген жағдайда ➤ қарызды басқа тұлғага аударған жағдайда ➤ орындау талабын қабылдаудан бас тартқан жағдайда ➤ келісімшартта көрсетілген мерзім біткен жағдайда
КЕПІЛДІК БЕРУ	<p>Кепіл беруші – бұл міндеттемені орындауды қамтамасыз ету тәсілі, оған сәйкес кепілгер басқа тұлғаның кредиторы (борышкери) алдында осы тұлғаның міндеттемесі үшін қосымша (субсидиарлы) немесе толығымен жауап беруге міндеттенеді.</p> <p><i>Пайда болу негізі:</i> Келісімшарт.</p> <p>Жауапкершілік: Кепіл беруші кепілгерлік келісімшартта көрсетілген сома шегінде кредитор алдында жауап береді.</p> <p><i>Түрі:</i> Міндетті түрде жазбаша. Оны ұстанбау, оның жарамсыздығына алып келеді</p>
	<p style="text-align: center;">Тоқтатылуы</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ міндеттеменің тоқтатылуы жағдайында; ➤ жауапкершіліктің көбеюіне әкелетін міндеттеме өзгерген жағдайда; ➤ қарызды басқа тұлғага аударған жағдайда; ➤ орындау талабын қабылдаудан бас тартқан жағдайда; ➤ келісімшартта көрсетілген мерзім біткен жағдайда.
АЛДЫН АЛА ТӨЛЕМ	<p>Алдын ала төлем – бір тараппен келісімшарт бойынша басқа тарапка берілетін және келісімшарттың орындалуы мен жасалуын қамтамасыз етуге берілетін күндылық (каражат).</p> <p><i>Зат:</i> Тек ақшалай сома</p> <p><i>Түрі:</i> Сомасына байланыссыз міндетті түрде жазбаша</p> <p style="text-align: center;"><i>Жауапкершілік:</i></p> <p>Егер алдын ала төлемді берген тарап жауапты болса, ол басқа тарапта қалады</p> <p>Егер алдын ала төлемді алған тарап жауапты болса, ол басқа тарапқа алдын ала төлемнің екі еселенген сомасын төлеуге міндетті</p>

Міндеттеменің орындалмағаны үшін жауапты тарап басқа тарапқа алдын ала төлем сомасын ескере отырып зиянның орнын толтыру керек, ейткені келісімде басқаша қарастырылмаған.

Алдын ала төлеу функциялары

Төлемді – негізгі міндеттеме бойынша тиеслі төлемдер есебінен беріледі

Куаландыратын – алдын ала төлем келісімшарттың жасалғанына дәлел ретінде беріледі

Қамтамасыз ететін – алдын ала төлем негізгі міндеттеме есебіне есептеледі және осы тұрғыда оның орындалуын кепілдендіреді

Өтемақылық – міндеттеменің орындалмауы үшін жауапты тарап келісімшартта басқаша көрсетілмесе басқа тарапқа алдын ала төлем сомасын есепке ала отырып зиян сомасының орнын толтыруы керек.

Жоғарыда келтірілген кестедегідей кәсіпкерлер өз міндеттемелерін қамтамасыз етудің алуан түрлі тәсілдерін пайдаланады. Олар:

- жауапкершіліктен босату негіздері;
- құқық бұзушылық құрамының жоқтығы;
- жеңе алмайтын күш (форс-мажор);
- сұрау мерзімінің өтіп кетуі;
- ақшалай міндеттеме бойынша борышкер төлеу мерзімі өтіп кеткені үшін сыйақы (мұдде) төлеуге міндетті емес.



Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар

1. Кәсіпкердің жауапкершілігі деп нені айтады?
2. Жауапкершіліктің пайдасы болу шарттары қандай?
3. Кәсіпкердің әкімшілік-құқықтық жауапкершілігі дегеніміз не?
4. Бірлескен жауапкершіліктің мәні неде? Ол үшін кім жауап береді?
5. Қосымша (субсидиарлы) жауапкершілік дегеніміз не? Ол қалайша жүзеге асырылады?
6. Кәсіпкерлердің азаматтық жауапкершілігінің мәні неде?
7. Кәсіпкерлер өз міндеттемелерін (міндеттерін) қамтамасыз ету тәсілдері қандай?
8. Кәсіпкерлердің әкімшілік жауапкершілігінің мәні неде? Құқық бұзушылықтың қандай түрлері оған жатқызылады?
9. Қандай құқық бұзушылықтары үшін кәсіпкерлер қылмыстық жауапкершілікке тартылады?
10. Салықтың құқық бұзушылықтың қандай түрлері бар?



КӘСІПКЕРЛІК МӘДЕНИЕТ ПЕН ЭТИКА

10.1. Кәсіпкерлік мәдениеттің мәні және мағынасы

Кәсіпорын (ұйым) қызметінде кәсіпкерлік мәдениет маңызды рөл атқарады. Ол кәсіпорының тек жогары беделін ғана қамтамасыз етіп қоймай, сонымен қатар өндіріс тиімділігінің, өнімдер мен қызметтер сапасының артуына және табыстардың үлғауына септігін тигізеді.

«Кәсіпкерлік мәдениет» түсінігінің бірнеше анықтамасы бар.

1) *Кәсіпкерлік мәдениет* – бұл құндылықтар туралы түсінік пен нақты сенімді үйлестіре отырып жүзеге асыру жүйесі. Бұл тұргыда құндылықтар туралы түсінік кәсіпорын үшін не маңызды екендігін, ал сенім – кәсіпорын қалай қызмет ету керек және оны қалай басқару қажет екендігін анықтауға мүмкіндік береді (32-сурет).



32-сурет. Кәсіпкерлік мәдениеттің қалыптасуы

2) Ұйымдық мәдениетке кәсіпорының өзінше ерекше нысан екенін көрсететін түсініктер, құндылықтар мен ережелер жиынтығы жатқызылды.

Сонымен қатар, кәсіпкерлік мәдениетке аясы кең үйлемшерінде төмендегідей де анықтама беріледі.

Кәсіпкерлік мәдениет – белгілі бір уақыт аралығында субъектілерді кәсіпкерлік аяда экономикалық белсенділіктің қандай да бір түрлеріне бағыттайтын, кәсіпкерліктің тұракты дамуына септігін тигізетін, жинақталған тәжірибелі беруді қамтамасыз ететін міnez-құлық үлгілерінің, құндылықтар жүйесінің, әлеуметтік нормалардың, іргелі қағидалар мен қоғамдық институттардың жиынтығы болып табылады.

Адамдарга әсер етудің, яғни оларды басқарудың уш түрлі құралы бар, олар:

- *иерархия* (үйлем), онда адамға әсер етудің негізгі құралы бағындыру болып табылады;
- *нарық*, онда көлденең түрде тепе-тендіктен қарым-қатынастар қалыптасады;
- *мәдениет* – жасап шыгарылған және қоғаммен танылған құндылықтар, міnez-құлық ерекшеліктері, әлеуметтік нормалар.

Мәдениет қызметтің әр түрлі нысандарында және әлеуметтік жүйелердің әр түрлі деңгейлерінде танылады. Мәдениеттің екі жағын бөліп көрсетеді: *рухани және материалдық*. *Материалдық мәдениеттің* құрамына нысандары мен типтері бойынша алуан түрлі материалдық-өндірістік база, оның ішінде шикізат және энергетикалық ресурстар, еңбек құралдары және материалдық өндірістің басқа да өнімдері, адамдардың материалдық-заттық, тәжірибелік қызметі, өндіру, айырбастау және тұтыну барысындағы материалдық-заттық қатынастар, материалдық құндылықтар жатқызылады.

Материалдық мәдениеттің құрамдас бөлігі *кәсіпкерлік мәдениет* болып табылады. Оған басқару мен үйлемдастыру, айырбастау мен үлестіру, технологиялар, еңбек жағдайларының және т.б. мәдениеті жатады. Яғни, ол кәсіпкерлік қызмет үрдісі барысындағы субъектілер арасындағы қатынастардың үдайы өндірісімен байланысты.

Кәсіпкерлік қызметті үйлемдастыру мәдениетінің 10 негізгі белгісін боліп көрсетуге болады:

- 1) мәдениет әлеуметтік болып табылады, өйткені оның қалыптасуына фирма қызметкерлерінің басым бөлігі әсер етеді;
- 2) ұжым мүшелерінің мінез-құлқын реттейді;
- 3) адамдар құрады;
- 4) барлық қызметкерлер қабылдайды;
- 5) дәстүрлерді ұстануға негізделген;
- 6) танымды сипатқа ие болады;
- 7) өзгеруге бейім;
- 8) көпқырлы, яғни оны қандай да бір тәсіл арқылы ғана тану мүмкін емес;
- 9) сезілетін және сезілмейтін;
- 10) тұракты даму үстінде болады.

Кәсіпкерлік қызметтің қалыптасуы мен дамуы:

- біріншіден, табиғи жолмен жүзеге асырылады. Яғни, онда кәсіпорындар өткен және қазіргі тәжірибелі ескере отырып, қойылған мақсаттарды қамтамасыз етуде нәтижеге әкелетін мәдени дәстүрлерді қолдайды;
- екіншіден, мінез-құлықтың белгілі бір кешендерін енгізу жолымен қалыптасуы мүмкін.

Кәсіпкерлік мәдениет келесідей функцияларды атқарады:

- *коммуникативті-интегративті* – әлеуметтік-экономикалық ортада төсөлуді және тұрақтылықты қамтамасыз етеді;
- *консервативті* – кәсіпкерлік еңбектің дәстүрлі үлгілерін қайта жаңғырту есебінен, сыртқы қарама-қайшылықтарға төзімділік пен ішкі тұрақтылық күштерін құрайды;
- *инновациялық* – өзгермелі жағдайға дұрыс бейімделген жаңа үлгілерді танытады;
- *трансляциялық* – ақпаратты берумен айналысады;
- *мақсатты* – құндылықтарды, үлгілерді қалыптастырады;
- *багалауши* – іс-әрекеттерді бағалау әдістері мен көрсеткіштерін құрастырады.

Кәсіпкерлік мәдениеттің басты функциясы – құндылықтардың алуан түрлі типтері мен нысандарын сактап қалу, үдайы шыгарып отыру және оларды болашақ үрпақтарға табыс ету.

Кәсіпкерлік мәдениеттің қалыптасуына келесілер әсер етеді:

- жалпы адами құндылықтар (борыш, әділеттілікке деген үмтүліс және т.б.), өмірдің мәні, адамның парызы туралы жалпы түсініктер;
- елдегі өмір сұру сипатының ұлттық-мәдени және дини-мәдени стереотиптері (таптаурын);
- мінез-құлық нормалары мен ережелері, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің өзара әрекеттесу үлгілері;
- еңбекке, байлыққа, жағдайға деген құндылық-мотивациялық қатынас (еңбек этикасы);
- шаруашылық жүргізуіндегі мәдени үлгілері;
- елдің орналасу, ландшафттық, климаттық және оның жер көлемінің ерекшеліктері.

Кәсіпкерлік мәдениеттің қалыптасуы ең алдымен, кәсіпкерлік үйымдардың мәдениетімен, кәсіпкерлердің өздерінің мәдениетімен, іскерлік этика деңгейімен, іскерлік қатынастардың мәдениетімен қалыптасады. *Кәсіпкерлік үйымдардың мәдениеті бірқатар сыртқы және ішкі факторлармен анықталады, олардың ішінде маңыздылары келесілер:*

- үйым қызметкерлерінің өз назарларын сыртқы міндеттерге аударуы – ашықтылығы, тұтынушыларға анық және сапалы қызмет көрсетуі, тұтынушылармен жақсы, өзара қарым-қатынастарда болуы;
- қызметкерлердің үйым мүдделеріне берік болуы, үйымның аралық және шекті мақсаттарға жетуі барысында олардың өз рөлінің қаншалықты маңызды екендігі туралы акпарат алуы;
- үйымда шешім қабылдау барысында шешімдерді қабылдаудың топтық нысандарының басым болуы;
- үйым қызметінің алдын ала жоспарларға сай жүруі, жеке бір қызметкерлер мен қызметкерлер тобы арасындағы тығыз ынтымақтастық;
- үйымдағы инновациялық үрдістер, үйымның инновациялармен катар жүретін тәуекел деген құбылысқа дайын болуы.

Корпоративтік мәдениет кәсіпорын ерекшеліктерін көрсеттін, үйым мүшелерінің өзара пікір алмасулары, мінез-құлық,

көңіл-күй сипаттары, қызмет жүргізудегі қарым-қатынастар мен механизмдер кешені ретінде анықталады.

Корпоративтік мәдениет өзара байланысты екі құрамдас болімнен тұрады. Біріншісі – ұйым мүшелерінің сыртқы, яғни көзге көрінетін мәдени өлшемдері: киім кио өнері, арнаулы белгілер, ұйымдық салт-дәстүрлер, жұмыс жағдайының колайлығы және т.б. Екіншісі – кәсіпорын қызметкерлерінің мінез-құлқын анықтайтын, реттейтін құндылықтар мен т.б. көрсеткіштерді қамтиды.

Корпоративтік мәдениет негізінен екі маңызды фактормен анықталады:

- ұйым мүшелерінің кәсіпорынның негізгі құндылықтарын қабылдау дәрежесімен;
- ұйым мүшелерінің осы құндылықтарға адалдығы дәрежесімен.

Корпоративтік мәдениеттің қажетті деңгейін ұстан тұрудың қындығы жаңадан қабылданған қызметкерлер оздерімен бірге жаңа идеялар мен кәсіби міндеттерді шешудің жеке тәсілдерін ғана емес, өздерінің дербес құндылықтарын, көзқарастарын, сенімдерін алыш келуінде. Қызметкерлердің жеке тұлғалық құндылықтары ұйым ішінде қалыптасқан мәдени құндылықтардың әсерімен ауыткуы мүмкін. Сондықтан, қызметкерлердің құндылықтары мен ұйым құндылықтарын мейлінше жақыннату үшін ұйым басшылығы қызметкердің жеке басының құндылығы мен кәсіпорын құндылығының үйлесімділігін қалыптастыруға үнемі ықпал етіп отыруы қажет.

Ұйымдық, корпоративтік және кәсіпкерлік мәдениет түсініктерінің ерекшеліктер 13-кестеде келтірілген.

Тәжірибеде ұйымдық, корпоративтік және кәсіпкерлік мәдениет түсініктерін сәйкестендіру олардың араласуына алыш келеді.

Кәсіпкерлік қызметте барлық қабылданған заңдарды ұстану мәдениеттің басты элементі болып табылады. Өз жұмысы барысында ұйым мемлекетпен, когаммен, жабдықтаушылармен және тұтынушылармен, өз қызметкерлерімен алуан түрлі қатынастарға түседі. Осы жағдайларда оған кәсіпкерлікке тікелей немесе жанама түрде әсер ететін қабылданған құқықтық актілерді, стандарттарды, ережелерді, нормаларды қатаң ұстану қажет.

Қабылданған міндеттер мен міндеттемелерді қатаң үстану кәсіпкерлік қызмет мәдениетінің тағы да бір маңызды элементі болып табылады. Кез келген ұйымның заңнамалық актілерден, келісімшарттардан келіп шығатын міндеттемелері бар. Оларды бұзу серіктестерге, жабдықтаушылар мен тұтынушыларға, ұйым қызметкерлеріне мүліктік және моральдық зиян әкеледі.

Кәсіпкерлік қызмет мәдениетінің тағы бір маңызды элементі – *бизнесті әділетті түрде жүргізу*. Барлық дамыған әлемде адамдарға, бизнес жүйесіндегі әріптестерге, мемлекетке қатысты әділетті және таза қарым-қатынас кәсіпкерлік мәдениеттің маңызды белгісі болып табылады.

Кәсіпкерлердің жалпы этикалық нормаларды үстануы кәсіпкерлік қызмет мәдениетінің маңызды элементі болып табылады. Ол нормалар кәсіби этикадан, бизнесті жүргізудің жалпыға бірдей ережелерінен және кәсіпкерлердің өздерінін тәрбиелілігі мен мәдениеттілігінен тұрады.

13-кесте. Ұйымдық, корпоративтік және кәсіпкерлік мәдениет түсініктерін салыстыру

Салыстыру параметрлері	Ұйымдық мәдениет	Корпоративтік мәдениет	Кәсіпкерлік мәдениет
Талдау объектісі	Жергілікті салалық ұйым	Көн��оғильді компания Халықаралық корпорация	Ұйым шаруашылық субъектісі ретінде
Концептуалды диапазон	Жеке ұйым деңгейінде	Корпорация деңгейінде	Ел ауқымында
Мазмұны	Жалпы	Ұйымдардың барлық түрлеріне тән емес, жеке	Ерекше, тарихи негізделген жағдайларға көзқарас тұргысынан ұйым мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттайтын

Пайда болу көзі	Басшы	Директорлар кенесі	Басшы Меншік иесі
Талдау деңгейі	Макро	Мезо	Микро
Басымды институционалдық құндылық	Сапаны арттыру Нарықтағы ресурсты үнемдеу Өндірістің орттехникалық дамуы Тұлғаның дамуы	Сапаны арттыру Нарықтағы ресурсты үнемдеу Өндірістің орттехникалық дамуы Тұлғаның дамуы	Сапаны арттыру Нарықтағы ресурсты үнемдеу Өндірістің орттехникалық дамуы Тұлғаның дамуы
Үйымдық мәдениет проблемасының өзектілігін көрсететін жағдай	Үйым мәдениетінің, құрылымының, стратегиясының сәйкесіздігі	Бір кәсіпорындардың қосып алуы Қазақстандық нарықта шетелдік кәсіпорындардың құрылуды мен қызмет етуі	Кәсіпорынның, бизнестің жаңа аяларының күрт дамуы
Әсер ету	Үйым элементтері мен оның персоналды	Бизнес бойынша серіктестер арасында өзара әрекеттесу	Іскерлік әріптестердің аласу үрдісі Іскерлік әріптестердің бизнесін үйимдастыру

10.2. Іскерлік қарым-қатынастар. Іскерлік келіссөздер

Іскерлік қарым-қатынастар – бұл нарық пен ұжымдағы бірлескен қызмет үрдісінде пайда болатын әріптер, серіктестер мен тіпті бәсекелестер арасында өзара байланыс ретінде танылатын жүйе.

Іскерлік қарым-қатынастарда этикалық ережелер мен нормалардың үш типі бар:

- қабылданған және қорғалатын ресми зандар;
- жалпы адами этикалық нормалар («ұрлама», «кісі өлтірме» және т.б.);
- топтық (кәсіби) мінез-құлық нормалары.

Ескертетін бір жайт, этикалық ережелер мен нормалардың бір-бірімен сәйкес болу қажеттілігіне қарамастан, тәжірибе жүзінде олардың арасында ерекшеліктер бар.

Іскерлік қатынас мәдениеті іскерлік сейлесу мәдениетінен, іскерлік жиналыс өткізуден, клиенттерді қабылдау және олармен сойлесуден, телефон арқылы сейлесу қабілетінен, іскерлік кештерден, тұсаукесерлерден, киім-кию мен жүріс-тұрыстан, іскерлік жазбаша қарым-қатынастан және факс бойынша іскерлік ақпаратпен алмасу және т.б. тұрады.

Кәсіпкерлік қызмет барысында белгілі бір адамға немесе адамдар тобына шешімдер қабылдауга тұра келеді. Бұл жағдайда адамның мінез-құлқына кәсіпкерлік қызметтің жалпы мәдениетіне сай шешілетін мәселелердің сипаты мен іскерлік қарым-қатынас мәдениеті әсер етеді. Іскерлік қарым-қатынас оның тиімділігін арттырудың маңызды құралы болып табылатын белгілі бір ережелерге сай жүргізіледі. Ол этикет, сәйкестендіру, өзара әрекеттесу мен өзін-өзі көрсете білу ережелері.

Іскерлік қатынас – бұл бірлескен жұмыс нәтижесінде белгілі бір нәтижеге қол жеткізу, нақты міндетті шешу немесе қойылған мақсатты жүзеге асыруды қарастыратын іскерлік ақпарат пен жұмыс тәжірибесінің алмасуын қарастыратын үрдіс. Бұл үрдістің ерекшелігі регламент уақыты, яғни аталған аумақта қабылданған ұлттық және мәдени дәстүрлермен, тұлғалардың аталған кәсіби тобындагы кәсіби этикалық қағидалармен анықталатын белгілі бір шектеулерге бағыну болып табылады.

Іскерлік қатынас шартты түрде *тікелей* (тікелей араласу) және *жанама* (әңгімелесу барысында қандай да бір кеңістіктік уақытқа тәуелді болады, яғни хаттар, телефонмен әңгімелесу, іскерлік хаттар және т.б.) болып белінеді.

Тікелей қатынастың үлкен нәтижелілігі, эмоционалды әсер ету мен сездіру күші бар, ал жанаманың ондай күшті нәтижесі болмайды. Онда міндетті түрде қандай да бір әлеуметтік-психологиялық механизмдер болады. Жалпы түрде іскерлік қатынастардың бейресмиден айырмашылығы, онда кез келген уақытта әріптестермен келіссөз жургізу үшін белгілі бір рұқсатты талап ететін нақты міндеттер мен мақсаттар койылады. Қарапайым достық кездесуде мұндай нақты мақсаттар мен міндеттер сияқты мәселелер көтерілмейді. Сондықтан да мұндай кездесуді қатынасты жаңғыру мүмкіндігін жогалтпай (екі тараптың келісімі бойынша) тоқтатуға болады.

Іскерлік қатынас түрлері:

- әңгімелесулар;
- келіссөздер;
- жиналыстар;
- қатысулар;
- көпшілік алдында сез сөйлеу.

Іскерлік қатынас қоғамдық өмірдің барлық аяларына енуде. Коммерциялық, іскерлік қызыметтің барлық меншік нысанындағы және түріндегі кәсіпорындар, сонымен қатар жеке кәсіпкерлер іскерлік қатынастың дамуына мүдделі болуда.

Іскерлік қатынас аясындағы құзыреттілік әр салада та-быспен немесе сәтсіздікпен тікелей байланысты: гылым, өнер, өндіріс, сауда және т.б. Менеджерлерге, кәсіпкерлерге, өндірісті үйымдастырушыларға, басқару аясында қызмет ететін адамдарға және жеке кәсіпкерлерге келетін болсақ, олардың коммуникативті құзіреттілігі, яғни олардың кез келген жағдайда қалыптасқан жағдайды дұрыс талдай отырып шешім қабылдауы олардың кәсіби сипатының ең басты құраушыларының бірі болып табылады.

Іскерлік қатынас үрдіс ретінде қатысуышылар арасында өзара байланысты орнатуды, бірлескен қызыметті атқару, әріптестікті

орнату үшін белгі, әлі бір акпараттық мәліметтермен алмасуды және т.б. қарастырады.

Қызмет аясындағы байланыстар әріптестік бастамалардан және өзара қажеттіліктерден, жалпы мұдделерден турады. Мұндай байланыстар еңбек пен шығармашылық белсенділікті арттырады және тиімді бизнестің маңызды факторы болып табылады.

Көсіпкердің өзінің әріптестерімен сөйлесе білуі, өзін-өзі біліктілігі жағынан жоғары деңгейде көрсете білуі оның табысқа жетуінің негізгі факторларының бірі болып табылады. Мамандардың зерттеу қортындысы бойынша, кез келген адамның жетістігінің 15%-ы кәсіби біліміне, ал қалған 85%-ы өзі жұмыс істейтін үйым мүшелерімен оның араласу қабілетіне байланысты деген тұжырым бар.

Іскерлік қатынас құрылымы бес негізгі фазадан турады

1. Әңгімелесудің басталуы.
2. Ақпарат беру.
3. Дәлелдеу.
4. Әңгімелесушінің дәлелдерін мойындау (мойындаамау).
5. Шешім қабылдау.

Әңгімелесуді дұрыс бастау үшін төмендегідей жағдайларды ескеру қажет: әңгімелесу мақсатын дұрыс сипаттау, әңгімелесушілерді өзара таныстыру, такырыптың аталуы, сұхбаттасуды жүргізетін кісіні таныстыру, мәселелерді талқылау тәртібін жариялау.

Әңгімелесуді аяқтау кезінде іс-әрекеттер тәртібі кері болуы керек: сөзді әңгіме жетекшісі алады және ол әңгімелесушіге берумен аяқтайды.

Әңгімелесушімен жеке байланысты орнату кезінде неге назар аудару қажет?

Біріншіден, анық, жинақы және мазмұнды кіріспе сөздер мен түсіндіруге.

Екіншіден, әңгімелесушіге міндетті турде аты-жөнін толық атау арқылы әңгімелесу.

Үшіншіден, әңгіме арқауына сәйкес сырт келбеті болуы керек (киім, жинақылық пен әлпет, түрі).

Әңгіме барысында әңгімелесуші тұлғага сыйластықпен карау, оның ойлары мен қызығушылықтарына назар аудару кез келген әңгімелесудің айнымас болып табылады.

Әңгімелесушінің ескертулері оның сізді мүкияттында отыргандығын, сіздің сөйлеуізді бақылат отыргандығын, сіздің дәлелдеріңізді мүкият тексеріп, бәрін ой елегінен өткізіп отыргандығын білдіреді. Ескертулері жок әңгімелесуші – ол өз ой-пікірі жок адам деп саналады. Сондыктan да, әңгімелесу барысында әңгімелесушінің ескертулері мен дәлелдерін, нәтижеге жетудің кедергілері ретінде қарастырудың қажеті жок. Қайта олар әңгімелесуді жеңілдетеді және сол арқылы істің мәні турады не ойлайтындығын байқауға болады.

Ескертулердің келесідей түрлері бар: айтылмаган ескертулер, қате түсініктер, күлкілі ескертулер, әкпарат алу мақсатындағы ескертулер, өзін таныту мақсатындағы ескертулер, субъективті ескертулер, қарсылық таныту мақсатындағы ескертулер.

Оларды толығырақ қарастырайық. Ескертулердің себептері, оларға қалай әсер ету керектігі өте маңызды рөл атқарады.

Айтылмаган ескертулер. Бұл әңгімелесуші айтып үлгермейтін, айтқысы келмейтін немесе айта алмайтын ескертулер. Сондыктan біз оларды өзіміз анықтап, оның кері әсерін болдырмауымыз керек.

Қате түсініктер. Олар әңгімелесуші көзқарасы қате болған жағдайда, ынғайсыз ескертулерді тудыратын себептерге жатады. Оның үстанымының эмоционалды негізі бар, сондыктan бұл жерде барлық логикалық аргументтер қажет болмайды. Біз әңгімелесушінің аргументтері агрессивті тұрғыдан негізделуінен ерекше талаптар қойып, сөйлесудің тек теріс жақтарын ғана көретінін байқаймыз. Мұндай ескертулердің себебі, сіздің тарапыңыздан дұрыс емес тәсіл, сізге деген жаратпаушылық сезім, келеңсіз көріністер болып табылады. Демек, сізге әңгімелесушінің көзқарасы мен мотивтерін анықтап, өзара түсінушілікке келуге үмтүлу керек.

Ирониялық (кемсітүши) ескертулер. Мұндай ескертулер әңгімелесушінің теріс қоңыл-куйінің салдары немесе кейбір жағдайда оның сіздің шыдамдылығының бен салмақтылығыныңды тексеруге деген қалауының салдары бо-

лұы мүмкін. Сіз ескертулердің әңгіме барысымен тығыз байланысы жоқ екендігін, тіпті бұл ескертуге жәбірлеуші сипат тән екендігін байқайсыз.

Мұндай жағдайда не істеу керек? Бұл жағдайда ескерту шындыкка жанаса ма, әлде қарсы шығу мақсатында болды ма, соны анықтау керек. Кез келген жағдайда әңгімелесушінің созіне еруге болмайды. Сіздің реакцияңыз тапқырлықпен жауап беру, немесе мұндай ескертуге мүлдем мән бермеген жөн.

Ақпарат алу мақсатындағы ескертулер. Мұндай ескертулер сіздің әңгімелесушініңдең қызығушылық танытқанының дәлелі болып немесе ақпаратты беру барысында кейбір жағдайларды косымша анықтау әдісі ретінде қолданылады.

Сондыктан сіз барынша түсінікті, жан-жакты жауап беруіңіз керек.

Өзін корсету мақсатындағы ескертулер. Бұл ескертулер әңгімелесушінің өз ойын жеткізуге деген үмтілісін білдіреді. Ол сіздің ықпалыңызға ермей, осы мәселе бойынша өзінің барынша әділ болуға үмтілатындығын көрсетеді.

Мұндай сипаттағы ескертулерге сіздің тараптыңыздан ойыңызды күшті эмоциялық тұргыдан жеткізуіңіз себеп болуы мүмкін. Мұндай жағдайда қалай істеу керек? Осы жағдайда сіздің әңгімелесушінің өз идеялары мен ойларына дәлелді тұжырымдама табуы қажет.

Субъективті ескертулер. Мұндай ескертулер адамдардың белгілі бір санаттарына тән. Мұндай әңгімелесушілерге тән типтік тұжырымдама: «Мұның бәрі керемет, бірақ маған мұның ешқайсысы жарамайды».

Мұндай ескертулердің себебі неде? Сіздің ақпаратыңызға сенім аз және сіз әңгімелесушінің қызығушылығына жеткіліксіз назар аударасыз. Ол сіздің ақпаратыңызға сенбейді, сондыктан да келтірілетін фактілерді бағаламайды. Мұндай жағдайда қалай істеу керек? Өзіңдің әңгімелесушінің орнына қою керек. оның мәселелерін ескеру керек.

Объективті ескертулер. Бұл әңгімелесуші өз күмәндарын жокка шығару үшін айтатын ескертулер. Бұл ескертулер шынайы, ешқандай алдаң-арбаусыз айттылады. Әңгімелесуші өз ойын анықтау үшін жауап алғысы келеді.

Мұндай ескертулердің мәні сізben әңгімелесушінің мәселені шешуде басқа жолы бар, сондыктан ол сіздікімен келіспейді. Мұндай жағдайда әңгімелесушіге ашық түрде қарсы шықпай, оған оның көзқарастарын ескеретізді жеткізу керек. Содан кейін мәселені шешудің сіз ұснатын жолының қандай артықшылықтары бар екендігін түсіндіру керек.

Карсыласу мақсатындағы ескертулер. Бұл ескертулер, әдетте әңгіменің басында пайда болады, сондыктан да олар накты болып табыла алмайды.

Бұл жағдайда әңгімелесуші сіздің дәлелдеріңізбен алдын ала таныспаған, сондыктан әңгіме тақырыбы нақты анықталмаған. Мұндай жағдайда не істеу керек? Әңгіме тақырыбын жүйелі түрде накты анықтау керек. Егер түсініспестік күшейген жағдайда әңгімелеу тактикасын қайта қарау керек. Ал бұл жағдай да нәтиже бермесе әңгіме тақырыбын өзгерту қажет.

Iскерлік қатынас қагидалары.

Қагидалар – белгілі бір нәрсеге немесе құбылысқа деген адамның танымдық көзқарасына сүйене отырып, оның озінің мінез-құлқын, өз іс-әрекеттерін дұрыс қалыптастыруға мүмкіндік беретін абстракциялық жалпылама ұғымдар жүйесі.

Іскерлік қатынас қагидалары концептуалдық этикалық тұрғыдан қызметкерлерге шешімдерді, іс-әрекеттерді, өзара қарым-қатынастарды және т.б. іске асыруға мүмкіндік береді.

Бірінші қагида: Копшілік макұлдаған «алтын стандарт» деп аталағын ортақ жағдайдағы ережесі: «Өзіне де қаламайтын жат қылық пен әрекеттерді, қызмет жағдайында өз қарамағында жұмыс істейтіндерге, басшыларға, әріптестерге, тұтынушыларға және т.б. ешқашан көрсетпеу».

Екінші қагида: Қызметкерлерді лауазымдық қызметіне сәйкес қажетті ресурстармен (акшалай, шикізаттық, материалдық және т.б.) тен дәрежеде қамтамасыз ету қажет.

Үшінші қагида: Кімнің және қай уақытта этикалық үстанымдарды бұзғанына қарамастан, оны міндетті түрде түзету қажет.

Прогресс максимумы деп аталағын *төртінші қагидага* сәйкес, қызметкердің іс-әрекеттері мен қызметтік мінез-құлқы ұйымның (немесе оның бөлімшелерінің) дамуына септігін

тигізсе, ол моральдық көзқарас тұрғысынан емес, этикалық көзқарас тұрғысынан танылады.

Төртінші қагиданың логикалық жалғасы *бесінші қагида* – прогресс минимумы қагидасы. Егер қызметкердің немесе үйымның іс-әрекеттері этикалық нормаларды бұзбаса, олар жалпы этикалық болып табылады.

Алтынышы қагиданың мәні, егер үйым қызметкерлері басқа үйымдардағы, аймактардағы, елдердегі моральдық үстанимдарға, дәстүрлерге және басқа да жағдайларға үстамдылықпен караса ол этикалық үстанимдылық болып табылады.

Жетінші қагида дара релятивизм (салыстырылымдық) мен этикалық релятивизмді жалпы адами этика талаптарымен алуан түрлі сәйкестендіруді ұсынады.

Сегізінші қагидага сәйкес іскерлік қатынастарда шешімдерді дайындау мен оны қабылдау кезінде дара және ұжымдық бастама бірдей негізге алынады.

Тогызынышы қагида бойынша кез келген қызметтік мәселелерді шешу барысында өз ойын айтудан қорықпау қажет деп есептелінеді. Бірак, қызметкер өз ойын айтуда этикалық шектерден шықпауы керек.

Онынышы қагида – кәсіби жұмыстарын атқаруда және тапсырмалар беруде қызметкерлерге ешқандай күштеу әдістерін пайдаланбау қажет.

Он бірінші қагида – этикалық стандарттар үйым өміріне бірmezгілді бүйіркепен емес, менеджерлер мен қатардағы қызметкерлер тарапынан үнемі және тұрақты түрде жүргізілуі қажет.

Он екінші қагида – әсер ету жағдайына байланысты (ұжымга, жеке қызметкерлерге, тұтынушыларға және т.б.) оған қарсылық көрсететін күштер мен факторларды ескеру қажет.

Он ушінші қагиданың мәні қызметкердің жауапкершілігіне, оның күзіреттілігіне, сенімді актау сиякты қасиеттеріне баса көніл аудару.

Он төртінші қагида келіспеушілікті, дауды болдырмауга барынша ұмтылу.

Он бесінші қагида – басқалардың бостандығын шектемейтін еркіндік.

Он алтынышы қагиданы септігін тигізу қагидасы деп айтуда болады. Қызметкер тек өзі ғана этиканы ұстанбай, оны өз әріптестерінің де ұстануына септігін тигізу керек.

Он жетінші қагида бәсекелесінді сынама деген ұстаным.

Бұл жерде қагиданың мәні тек қана бәсекелесуші үйым туралы ғана емес, сонымен қатар «ішкі бәсекелес» – кәсіпорынның басқа болім ұжымымен де және әріптестер арасындағы бәсекелестер туралы да болыш отырып.

Іскерлік қатынас этикасының қагидалары кез келген кәсіпорынның әрбір қызметкери үшін өзінің жеке этикалық жүйесін жасап шығаруға негіз болуы керек.

Қагидалар тізбегі қандай да бір үйым қызметінің ерекшеліктерін ескеру арқылы жалғаса береді. Кәсіби этика қагидалары да бар.

Барлық кәсіптер үшін жалпы қагида келісілген мүмкіндіктер шегінде жұмыстың ең жоғары сапасы болып табылады. Корпоративтік мұдделерді тұтынушы мұдделеріне қарсы қоюды болдырмау қажет.

Клиентке, сатып алушыға және т.б. кәсіби қызметтің объектісі емес, субъектісі ретінде қатынасадын, адамдарды еркінен тыс басқаруды, адамдарды алдауды болдырмаудың жалпыға бірдей талабы көптеген кәсіп түрлерінде «акпараттандырылған келісу» қагидасы түсінігі ретінде қабылданады.

Акпараттандырылған келісу көптеген кәсіп түрлерінде бар және Адам құқықтарының декларациясымен кепілдендірілген. Ол құжатта адамның өзі мен мұдделеріне қатысты талаптары сипатталады.

Акпараттандырылған келісу мамандар тарапынан ұсынылатын деңсаулыққа, уақытқа, материалдық шығындарға, мүмкін болатын басқа да себеп-салдарға немесе моральдық түргыдан зиян келтіруге экелетін жағдайларға байланысты толық акпаратты беруді білдіреді.

Бұл акпарат тұтынушының, пациенттің, оқытушының және т.б. тұлғалардың қызмет көрсету түрлерінің артықшылықтары мен кемшиліктерін ескере және көре отырып, олардың сапасы, бағасы және т.б. нәтижелерді өз еріктерімен қабылдауына мүмкіндік береді.

Барлық кәсіп түрлері үшін негізгі қағида ретінде кәсіби құпияны, тұтынушылар туралы ақпаратты, ақпараттық сұраныстар, қызметтер, технологиялар, рецептерді сақтау қағидасы болып табылады.

Маманың жұмысына катысты құпияны, яғни маманға катысты және маманың қызмет міндеттерін орындау нәтижесінде пайда болған, оның жетістігіне айналған мәліметтерді жарияламау тұргысынан түсіну қажет.

Меншік құқыктарын сыйлау – кәсіби этиканың маңызды қағидасы.

Көптеген кәсіп түрлерінде коллегиялық (алқалық) қағида түрі кездеседі.

Демократия жағдайында сын айтуға құқық кәсіби этиканың маңызды қағидасы болып табылады.

Экологиялық қағида мамандарды жұмыс орнының тазалығы мен ауасын таза ұстауға, эпидемия кездерінде кәсіби шараларды откізуге, табигат пен адамды қорғау шарттары ретінде жылуды, суды, электр энергиясын үнемдеуге міндеттейді.

Гедонизм – этика қағидасы, оған сәйкес рахат алуға құштарлық пен жапа шегуді көрмеуге деген адамның ұмтылышы, оның табиғи құқығы болып табылады.

Гедонизм кәсіпкерлерді оптимизмге, жұмыска, өмірге деген құштарлық пен ләzzat алуға ұмтылдырады.

Ауызша және жазбаша сөз мәдениеті көбінесе кәсіби этиканың негізі болып табылады. Оның маңызды көрсеткіштері ретінде сойлесу стилі, функционалдық сауаттылық көрініс табады.

Кәсіби әнгімелесуде тіл мен сойлесу өнеріне деген этикалық талаптар өте қарапайым болғанымен, оларды орындау өте күрделі. Әрбір айтылған сөзге үлкен жауапкершілікпен қарау керек.

Іскерлік келіссөздер. Келіссөздер – бұл екі тараптың да өзара сәйкес келетін немесе қарама-қарсы мүдделері болған жағдайдағы келісімге келу мақсаты үшін адамдардың өзара байланыс құралы.

Келіссөздер негізінен өзара ой-пікір алмасу (талқылауға ұсынылған мәселелерді шешу үшін алуан түрлі ұсыныстар)

арқылы екі тараптың да мұдделеріне жауап беретін келісімге келу және барлық қатысушылардың көңілінен шығатын нәтижелерге қол жеткізуге арналады. Олар ой-пікір алмасудан қажетті сұрақ-жауап беру, қаралатын мәселелер бойынша ескертулер мен дәлелдерден тұрады. Келіссөздер жеңіл немесе ете күрделі жағдайда жүргізілуі мүмкін. Әріптестер келіссөздер кезінде күрделі мәселені шешуде өзара келісімге келуі немесе келмеуі де мүмкін. Сондыктan да әрбір келіссөздер жүргізу барысында арнайы тактикалық ұстанымдарды тұжырымдап, оны жүргізу техникасын үнемі жетілдіре отырып жүргізу қажет.

Келіссөздердің алуан түрлілігіне байланысты олардың нақты моделін ұсыну мүмкін емес. *Оларды откізу негізінен төмендегідей тәртіп бойынша жүргізіледі:*

1. Келіссөздерге дайындық.
2. Келіссөздерді өткізу.
3. Мәселені шешу (келіссөздердің аяқталуы).
4. Іскерлік келіссөздер қорытындыларын талдау.

Іскерлік келіссөздерді дайындау

Келіссөздердің табыстылығы сіздің оған қаншалықты мүқият дайындалғандығынызга байланысты. Келіссөздер басталғанға дейін олардың дайындалған моделі болу керек:

- келіссөздер қандай мәселеге арналады және талқылатын сұрақтардың нақты жүйесі болуы қажет. Келіссөздерде бастамашылық мәселені жақсы білетін және терең түсінетін тарап жағында болады;
- міндетті түрде нақты бағдарламаны, келіссөздерді өткізу сценарийін құрастыру керек. Келіссөздердің киындықтарына, күрделілігіне байланысты бірнеше жобалар болуы мүмкін;
- келіссөз жүргізуі мақсатка жету үшін қандай жағдайда қарсыласының уәжіне келісу немесе келіспеу кездерін анықтап алуы керек.

Аталған модельді жүзеге асыру кезінде төмендегідей жағдайлар ескерілуі қажет:

- 1) келіссөздердің мақсаты;
- 2) келіссөздер бойынша әріптес;
- 3) келіссөздерді өткізу нысаны;
- 4) келіссөздердің талаптары мен шарттары;

- 5) келіссөздерге қатысушылар;
- 6) келіссөздерді ұйымдастыру.

Келіссөздерді откізу. Тәжірибе жүзінде іскерлік келіссөздерді жүргізу дің келесідей негізгі әдістері қолданылады:

- вариациялық әдіс;
- интеграция әдісі;
- тенденстіру әдісі;
- ымыраға келе отырып шешім қабылдау әдісі.

1. Вариациялық әдіс

Күрделі келіссөздерге дайындалу барысында (мысалға, карсы тараптың оң реакциясын алдын ала байқауга болатын кезде) келесідей сұраптарды анықтау керек:

- Аталған мәселені шешудің ұтымды шешімі (жүзеге асыру жағдайларына тәуелсіз) неде?
- Ұтымды шешімдердің қандай аспектілерінен (кешенді түрде қаралатын мәселенің, әріптес пен оның болжамды реакциясын ескере отырып) бас тартуға болады?
- Күтілетін нәтиже бойынша кездесетін қызындықтар мен кедергілерді жүйелеп және саралау, талдау тәсілдерін пайдаланып ұтымды (жүзеге асырудың жоғары дәрежесі) шешімді қалай қабылдауға болады?
- Шешімді біржақты жүзеге асыру кезінде мүдделер (өзара тиімді, материалдық, қаржылық, заны және т.б. қамтамасыз ету кезінде сәйкесінше шешімді қысқарту немесе кеңейту) қайшылығынан әріптестің сенім артқан болжамына эсер ету үшін қандай аргументтер қажет?

- Мерзімі шектеулі келіссөздер кезінде қандай мәжбүрлі шешім қабылдауға болады?
- Әріптестің қандай ете жоғары сұранысымен ұсыныстарын міндепті түрде қабылдамау керек және қандай дәлелдердің көмегімен?

Мұндай талқылаулар келіссөздердің мақсаты мен мәнін ба-ламалы талқылау шектерінен шығады. Олар қызметтің барлық түрлеріне, шыгармашылық және шынайылық түрғысынан бағалауды талап етеді.

2. Интеграция әдісі

Әріптес интеграция қажеттілігін сезінуге қол жеткізу үшін оның заңды мұдделерін естен шыгармау қажет. Соңдықтан да келіссөз барысында талқылаудың нақты мазмұнына байланысты болмайтын және әріптес мұдделеріне сәйкес келмейтін тәсілдерден бас тарту қажет. Керісінше, әріптеске өз ұстанымыңызды баяндаңыз және келіссөздер нәтижесі үшін бірлескен жауапкершілік шектерінің қандай іс-әрекеттерін одан күтептініңді анықтап көрсетіңіз.

Сіздің үйымдық мұдделеріңіз әріптес мұдделерінің сәйкесіздігіне қарамастан, келіссөздерде талқыланатын мәселені шешу қажеттілігі мен оны шешу нүктелерінің шегін ерекше атап көрсетіңіз.

Мұдделер аясында өзара тиімділікке қол жеткізудің барлық ортақ аспектілері мен мүмкіндіктерін анықтап көрсетуге тырысыңыз.

Қиялға берілменіз және келіссөздердің әрбір тармагы бойынша келісімге келуге болады деп санамаңыз, олай болған жағдайда келіссөздер тіпті қажет болmas еді.

3. Тәңдестіру әдісі

Бұл әдісті қолдану кезінде төменде келтірілген ұсыныстарды ескеріңіз.

Әріптесіңізге сіздің ұсынысыңызды кабылдау үшін қандай сендірерлік дәлелдер (фактілер, есептеулер нәтижесі, статистикалық мәліметтер және т.б.) қажет екенін анықтаңыз.

Сіз қандай да бір уақыт аралығында өзіңізді әріптесіңіздің орнына қойып ойланып көріңіз, яғни қаралатын мәселеге оның көзқарасы тұргысынан қарау керек.

Әріптес тарапынан «иә» деген жауап алу үшін, мәселелерді жан-жақты қарастырып, оның артықшылықтарын әңгімелесушіге ұтымды түрде жеткізу қажет.

Сонымен қатар, әріптестің карсы дәлел келтіру мүмкіндігін ойластырып, оларды «ескеріп», туындастырып жағдайға байланысты өз дәлелініңді дайындауыңыз керек.

Әріптесіңіздің келіссөздер барысындағы карсы дәлелдерін елемеуге болмайды. Ол сізден өз күдіктеріне, ескертулеріне және т.б. жағдайларға байланысты нақты тұжырымды күтеді. Бұл жағдайды болдырмау үшін әріптесіңіздің мүндай мінездің көзқарасы тұргысынан қарау керек.

құлқына не себеп болғанын анықтаңыз (сіздің ескертулеріңізді толық түсінбеу, жеткіліксіз құзыреттілік, тәуекелге барғысы келмейтіндігі, уақытты создырғысы келетіндігі және т.б.).

4. Ұмырага келе отырып шешім қабылдау әдісі

Келіссөздерге қатысуышылар ұмырага келуге дайын болуы керек: әріптестің мүдделері сәйкес келмеген жағдайда келісімге сатылы түрде келу керек.

Ұмырага келу барысында әріптестер өзара келісімге келудің сәтсіздікке ұшырауы мүмкін жағдайда жаңа көзқарастарды еске-ре отырып, өз талаптарынан жартылай бас тартады (бір нәрседен бас тартады, жаңа ұсыныстар қояды).

Әріптес ұстанымына жақындау үшін, өз мүдделерін жүзеге асыру барысында ұмыралық шешімнен туындастын салдардың нәтижесін алдын ала ойластыру мен оған көнудің мүмкін болатын шектерін сыни тұргыдан бағалау керек.

Ұсынылған ұмыралық шешім сіздің құзыретіңіздің аясынан асып түсетін жағдайлар болуы мүмкін. Әріптеспен байланысты сактап қалу мүдделеріне қарай сіз бірден шартты келісімге (мысалы, құзыретті басшының келісіміне сілтеуініз мүмкін) баруыңыз да мүмкін.

Екі тарап үшін де өз талаптарынан бас тарту арқылы тез келісімге келу өте қыын. Сонымен қатар, басталған жұмыс ағымы бойынша әріптестер өз ойларын жүзеге асыруға үмтүлады. Мұнда шыдамдылық, мотивация және келіссөздерден шығатын барлық мүмкіндіктерді пайдалану кезінде, мәселені жаңа дәлелдер мен тәсілдер көмегімен қарастыру қабілеті өте қажет.

Ұмыралық негіздегі келісім, келіссөздердің үзіліу әріптестер үшін қолайсыз жағдай тудырганда және келіссөздердің жалпы мақсатына қол жеткізу қажет болған жағдайда жүргізіледі.

Келіссөздерді жүргізуінде келтірілген әдістері жалпы сипатка ие. Оларды жүргізу барысында нақтылайтын бірқатар тәсілдер, әдістер мен қагидалар бар.

1. Кездесу және байланыс орнату. Сізге бірнеше адамнан тұратын делегация емес, тек бір гана әріптес келген жағдайда, оны вокзалда немесе әуежайда күтіп алыш, қонақүйге орналастыру қажет. Келетін делегация басшысының деңгейіне бай-

ланысты оны қарсы алушы делегация басшысының өзі немесе жүргізілетін келіссөзге қатысушылардың бірі күтіп алуы мүмкін.

Қарсы алу және байланыс орнату сатысы — тікелей, жеке іскерлік байланыстың басталуы. Бұл келіссөздердің жалпы, бірақ маңызды сатысы.

Қарсы алу процедурасы өте кысқа уақытты алады. Қарсы алуудың еуропалық елдерде кең тараған түрі – қол алысу, онда бірінші болып қолын күтіп алушы созады.

Келіссөздердің басталу сәтін көрсететін әңгіме өрісі қатысушыларды шаршатпайтын деңгейде өтуі тиіс. Аталған жағдайда, яғни қонақтарды қарсы алу кезінде емес, үстелге отырып келіссөздер жүргізу барысында визит карточкаларын ұсыну рәсімі жүргізіледі.

2. *Келіссөздерге қатысушылардың назарын өзіне аудару* (келіссөздердің іскерлік болігінің басталуы). Ақпарат пайдалы болған жағдайда әріптесінің сізді мұқият тыңдайды. Сондықтан да сіз әріптесінізді қызығушылығын тудыруыңыз қажет.

3. *Ақпарат беру*. Бұл іс-әрекеттің мәні келіссөздер барысында пайда болған қызығушылық негізінде әріптеске ұсынылып отырған келісімнің тиімділігін көрсету, оны жүзеге асыру, оған және оның үйымына әлеуметтік-экономикалық тиімділік әкелетіне көзін жеткізу.

4. *Ұсыныстарды жсан-жақты түрде негіздеу (далелдеу)*. Әріптеске ұсынылған идеялар мен ұсыныстар қызығушылық тудыруы мүмкін және олардың мақсаттылығын да түсінуі мүмкін. Бірақ, ол өз үйымында ұсынылған идеялар мен ұсыныстарды пайдалану мүмкіндігі мен тиімділігін бірден көре алмауы мүмкін. Сондықтан да іскерлік келіссөздерді өткізу барысындағы келесі қадам, қызығушылықтарды анықтау және күмәндарды жою (ескертулерді болдырмау, жоққа шыгару) болып табылады.

Келіссөздердің іскерлік белгінің аяқталуы әріптестер мүдделерін ескере отырып нақты шешімдер (шешім ымыралық негізде қабылданады) қабылдаумен аяқталады.

Келіссөздердің аяқталуы. Егер келіссөздер барысы жемісті болса, онда оның соңғы сатысында қозғалған жайларды қорыттындылап, негізгі ережелерді қысқаша қайталау

кажет. Келіссөзге катысушилар болашақ келісімнің негізгі ережелерін жан-жақты талқылап қабылдау барысында үлкен жетістікке қол жеткізілді деген пікір қалыштасады. Сонымен қатар келіссөздердің он нәтижелеріне негізделе отырып, жаңа кездесулерді дамыту аясын да талқылаган жөн.

Келіссөздер теріс нәтижемен аяқталған жағдайда да әріптеспен субъективті байланысты сақтап қалған жөн. Аталған жағдайда, келіссөздердің магынасына емес, болашақта іскерлік байланыстарды сақтап қалуға мүмкіндік тудыратын тұлғалық аспектілерге назар аударылады. Яғни, он нәтижелерге қол жеткізілмеген келіссөздердің тараулары бойынша қорытынды жасаудан бас тарту қажет. Екі тарап үшін де қызығушылық тұбызынан жағдайды жеңілдететін және достық қатынасты қалыптастыратуға септігін тигізетін тақырыпты табу қажет.

Хаттамалық шаралар келіссөздердің айнымас құраушысы болып табылады. Келіссөздер барысында қойылған міндеттерді шешуде үлкен рөл аткарады. Іскерлік хаттамада келесідей іс-әрекеттер қамтылады: кездесулерді үйымдастыру және келіссөздерге қызмет корсету, әнгімелерді жазып алу, базарлықпен қамтамасыз ету, киім нысаны, мәдени бағдарлама және т.б. Осы мәселелерді шешу үшін үйымда хаттамалық рәсімдермен айналысатын хаттамалық топты (2-3 адам) құру қажет.

Іскерлік келіссөздердің қорытындыларын талдау. Келіссөздер аяқталған деп санауға болады, егер олардың нәтижелері мүқият және жауапты түрде талданса. Оларды жүзеге асыру үшін қажетті шаралар қабылданса, келесі келіссөздерге дайындалу үшін белгілі бір тұжырымдар жасалады:

1) *Келіссөздердің қорытындыларын талдау* келесідей мақсаттарды қоздейді:

- келіссөз мақсаттарын олардың нәтижелерімен салыстыру;
- келіссөз нәтижелерінен шығатын шаралар мен іс-әрекеттерді анықтау;
- болашақ келіссөздерді өткізу үшін немесе өткізілгендерді жалғастыру үшін іскерлік, жеке және үйымдастырушылық тұжырымдар.

2) Искерлік келіссөздерді қорытындылауды талдау келесідей үші багыт бойынша жүргізілу керек:

- келіссөздер аяқталғаннан кейін бірден жүргізілетін талдау. Мұндай талдау келіссөздер барысы мен нәтижелерін бағалауға, пікір алмасуға және келіссөздердің қорытындыларымен (атқарушыларды тағайындау мен қол жеткізілген келісімді орындау мерзімдерін анықтау) байланысты алдыңғы қатарлы іс-шараларды анықтауға септігін тигізеді;

- ұйым басшылығының жогары деңгейіндегі талдау. Келіссөз нәтижелерінің мұндай талдауының мақсаты келесілер:

- a) келіссөздер нәтижесі туралы есенті талқылау және алдын ала орнатылған директиваларды анықтау;

- ә) кабылданған шаралар мен жауапкершілік туралы ақпаратты бағалау;

- б) келіссөздерді жалғастырумен байланысты ұсыныстардың негізділігін анықтау;

- в) келіссөз бойынша әріптес туралы қосымша ақпарат алу.

Искерлік келіссөздерді дара түрде талдау – бұл жалпы ұйымдастыру және өз міндеттеріне деген әрбір қатысушының жауаптылығын анықтау. Бұл жағдайда бакылау және келіссөздер жүргізуден сабақ алу мақсатында сынни тұрғыдан өз іс-әрекетін талдау.

Дара талдау барысында келесідей сұрақтарға жауап алуға болады:

- Келіссөз бойынша әріптестің мұдделері мен мотивтері дұрыс анықталды ма?

- Келіссөздерге дайындық қалыптасқан жағдай мен талаптар, нақты жағдайларға сәйкес болды ма?

- Імьеңдерге дайындық қалыптасқан жағдай мен дәлелдер қаншалықты дұрыс анықталған?

- Мазмұнды және әдіstemелік түрдегі дәлелдеудің нақтылығын қалайша арттыруға болады?

- Келіссөздер нәтижесінде не анықталды? Болашакта келіссөздерді жүргізу барысында теріс жағдайлардың қалай алдын алуға болады?

- Келіссөздердің тиімділігін арттыруды жүргізетін адамдар не істеуі қажет?

Соңғы сұраққа объективті және толық жауап алу үйім болашағы үшін шешуші маңызға ие болады.

Келіссөздердің тиімділік шарттары. Іскерлік келіссөздер табыстылығының объективті және субъективті факторлары мен шарттары болады. Ең алдымен, келіссөз бойынша әріптестермен келесідей шарттар орындалуы қажет:

- екі тараптың да келіссөз мазмұнына қызыгуышылығы болуы қажет;
- олардың соңғы шешімді қабылдауда жеткілікті күзіреттіліктері болуы керек (келіссөздер жүргізуге деген сәйкес қуқығы);
- әріптестердің келіссөз мазмұнына қатысты жеткілікті біліктіліктері, қажетті білімдері болуы керек;
- екінші тараптың субъективті және объективті мүдделерін ұтымды түрде ескеру қабілеті және ымыралыққа бару мүмкіндігі болуы керек;
- келіссөздер бойынша әріптестер белгілі бір шамада бір-біріне сенімді болуы қажет.

Келіссөздердің тиімділігін қамтамасыз ету үшін белгілі бір ережелерді ұстану қажет.

Негізгі ереже, екі тараптың да келіссөздердің нәтижесі оларға тиімді деген сенім қажет.

Келіссөздерде ең басты – ол серіктес. Оны ұсынысты қабылдауға сендіру керек.

Келіссөздер – бұл ынтымақтастық. Кез келген ынтымақтастықтың жалпы базасы болуы қажет. Сондықтан да әріптестердің алуан түрлерінің мүдделері үшін «ортақ бөлгішті» табу керек.

Өзекті мәселелерсіз келіссөздер өте сирек түрде өтеді. Сондықтан да сіздің ымыралыққа жүгінуге бейімділігіңіз маңызды.

Кез келген келіссөздер диалог түрінде өтуі керек. Сондықтан да сұрақты дұрыс қойып, әріптесті мұқият тындау қабілеті өте маңызды.

Келіссөздердің он нәтижесін оның табиғи аяқталуы ретінде қарau керек. Сондықтан да қорытындыда әріптестердің барлық

мұдделері сипатталған келісімшарт мазмұнына тоқталып өту қажет.

Егер келіссөз нәтижелері мүкият тексерілсе және олардың негізінде сәйкес тұжырымдар жасалса, онда келіссөздер аяқталған болып саналады,


10.3. Іскерлік және кәсіби этика

Этика туралы түсінік алғаш рет Аристотель еңбектерінде кездеседі. Ол этиканы адамға не істеу керектігін тануға, не істеуге болатындығын анықтауға және неден бас тарту қажеттігін сезінуге көмектесетін ұғым ретінде түсіндіреді. Біз үшін этика – бұл ең алдымен білім саласы, ерекше ғылым, ол адамдық қатынастарды қалыптастыру мен дамытуға мүмкіндік береді. Этика идеал және *ic-әрекет* ретінде бөліп қарастырылады. Бұл жерде этиканың екі түрі де біздің қызығушылығымызды туғызғанымен, әсіресе кәсіби этика немесе *кәсіпкерлік этика* аясындағы мәселелерге көніл болінеді.

Кәсіпкерлік этика елде, әлемде, сонымен қатар қандай да бір қызмет аясында қалыптасатын кәсіби этикада байкалатын мінез-кулықтың жалпы этикалық нормалары мен ережелеріне негізделеді. Азаматтардың мінез-құлқының жалпы этикалық нормаларына байланысты, кәсіпкерлік этика адалдық, адамгершілік, ар-ождан, абырай, мәрттік, сыйпайылық, сыйластық, атаққұмарлық, намыс, арсыздық, екіжүзділік, табалаушылық, есек, кек алу, арамдық, дөрекілік және т.б. түсініктермен байланысты. Көрініп тұргандай, бір түсініктер адам мінез-құлқының он (позитивті) қагидаларымен, ал екіншілері – теріс (негативті) қагидаларымен байланысты.

Кәсіби этиканың мазмұны мен мәні 33 және 34-суреттерде көлтірілген.

Кәсіби этика – сибек қызметінде адамның кәсіби міндеттеріне, борышы мен адамдардың өзара катынасына деген катынастарды реттейтін адамгершілік нормалары.



33-сурет. Кәсіби этиканың мазмұны мен мәні

Жеке кәсіпкерлер мінез-құлқының ерекше сипаттарын тізбектеу кәсіпкерлік этиканың кешенді түсінігін сипаттайтын. Ол қағидаларына, ескішілдікке, заңсыз, біліксіз бизнеске емес жалпыадами, жалпыізгілік, инновациялық, заңды кәсіпкерліктің жалпы қағидаларына негізделген.

Этика мәселелерін қозгай отырып, кәсіби этиканың бірнеше постулаттарын қарастырайық. Олардың негізінде кәсіпкердің этикалық кодексін анықтауга болады. Оларды келесідей түрлерге бөледі:

- жалпы адами (эмбебап) этика;
- кәсіби этика;
- корпоративтік және этиканың басқа да түрлері.

Әмбебап этика – бұл кәсіби бейімділігі мен әлеуметтік функцияларына тәуелсіз, барлық адамдар үшін міндетті ережелер мен нормалар және қагидалар.

Кәсіби этиканың ерекшеліктері

- кәсіби этика адамдардың күнделікті танымында, олардың тәжірибелік енбек кызметінде әрекет етеді
- енбек аясындағы мораль әлеуметтік сипатқа не болуы мүмкін (кәсіпкер, менеджер, жалдамалы кызметкер және т.б. моральдары)
- кейір кәсіптердің кызметкерлеріне жоғары талаптар қойылады. Ол адамдардың омірі мен денсаулығы байланысты болатын (медицина, көлік және т.б.) және адамның ішкі дүниесіне арапасу құқығы бар (педагогика, психиатрия және т.б.) мамандар
- тұлғаның манызды моральдық сипаттамалары, кәсіби қасиеттері, енбекке деген қатынасы болып табылады. Адамның адамгершілік қасиеттері оның кәсіби жарамдышын шарттарының бірі ретінде қарастырылады
- кәсіби мораль көгамдық сезінумен, жалпыға ортақ моральдық нормалар жүйесімен тызыз байланыста болады. Енбек этикасының бұзылуы жалпы моральдық ұстанымдардың бұзылуына экеледі, көгамға зиянны тигзеді

Ақпараттық дамудың қалыптасу кезеңінде алдыңғы қатарға проблемалар қойылады

- кызметкерлердің біліктілігі;
- кәсібілілік
- іскерлік қасиеттер, құзыреттілік

Кәсібілік, адалдық, өз кызметтің нәтижесі үшін жауапкершілік және т.б. моральдық нормаларға негізделген

34-сурет. Кәсіби этиканың ерекшеліктері

Кәсіби этика кызметтің белгілі бір түрлеріне тән нормалардың, стандарттардың, талаптардың жүйесі болып табылады. *Кәсіби этиканың негізгі қагидалары:*

- бейтараптылық, объективтілік ;
- турашылдық, толық дәлелдеу;
- құпиялышық;
- үлкен ұмтылыс (қамқорлық міндеттемесі);
- кәсіби міндеттерді нақты орындау;
- әлеуетті немесе айқын кикілжіндерді болдырмау.

Кәсіби этиканы зерттеу объектілеріне мыналар жатады:

- енбек ұжымдарының қатынасы;
- қажетті деңгейде кәсіби борышын орындауга мүмкіндік беретін маманның адамгершілік қасиеттері;
- кәсіби тұрғыдан тәрbiелу ерекшеліктері;

➤ аталған кәсіби үжым үшін ерекше болатын адамгершілік нормалар, оның ішінде өзара қатынастар.

Іскерлік этика келесідей ережелерге сүйенеді:

- ❖ бәсеке әділетті болуы керек;
- ❖ ең жоғары онімділік пен табыс қоршаган органды бұзу есебінен қамтамасыз етіле алмайды;
- ❖ адам техникаға емес, техника адамға қызмет етеді;
- ❖ еңбекпен құрылған игіліктерді түргындардың белгілі бір санаттары бойынша ерекше бөлінуін болдырмайтындағы етіп құру керек;
- ❖ экономика қоғамдық мұдделермен санаса отырып, нақты моральдық нормаларға бағынуы керек;
- ❖ қызметкерлердің кәсіпорын істеріне қатысуы жауапкершілік сезімін дамытады, еңбектенуге деген қалаудың күшейтеді.



Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар

1. *Кәсіпкерлік мәдениеттің мәні мен мағынасы неде?*
2. *Кәсіпкерлік мәдениеттің құраушы элементтерін атап отіңіз.*
3. *Кәсіпкерлік мәдениеттің қалыптасуына не әсер етеді?*
4. *Кәсіпкерлік үйым мәдениетінің мазмұны неде?*
5. *Іскерлік қатынас пен іскерлік әңгіме қалай сипатталады? Олардың ерекшелігі неде?*
6. *Іскерлік әңгіме қагидаларын атап отіңіз.*
7. *Іскерлік келіссоздердің мәні неде?*
8. *Іскерлік келіссоздерді откізу сатыларын атап отіңіз.*
9. *Іскерлік келіссоздерді откізу барысында қандай әдістер қолданылады?*
10. *Іскерлік келіссоздердің қорытындысын талдаудың мәні неде?*
11. *Кәсіпкерлік этика қалайша сипатталады?*
12. *Кәсіби этиканың ерекшеліктерін атап отіңіз.*
13. *Неліктен іскерлік және кәсіби этика кәсіпкерлік мәдениеттің маңызды элементтері деп саналады? Олардың мәні неде?*
14. *Кәсіпкерліктегі іскерлік этиканың ролі.*
15. *Әмбебап этика дегеніміз не?*



КӘСІПКЕРЛІК АЯСЫНДАҒЫ БӘСЕКЕ ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК

11.1. Бәсеке түсінігі және тұрлери. Бәсекенің дамуы

Бәсеке – табиғи жағдайда немесе заңнама аясында объективті және субъективті қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін бәсекелестер арасындағы куресте жеңіске немесе басқа да мақсаттарға қол жеткізу үшін субъектінің өзінің артықшылығын басқару үрдісі.

Жоғарыда көлтірілген анықтамаға сәйкес келесідей үрдістердің болуы мүмкін:

- қоғамдық және жеке;
- экономикалық, құқықтық, әлеуметтік және табиғи;
- басқарушылық және өндірістік;
- қамтамасыз ету, түрлендіру және аяқтау үрдісі;
- материалдық және виртуалдық;
- объективті және субъективті;
- тепе-тендікті сақтайтын (баланс) және ұдайы өндірістік;
- логикалық және эмоционалдық және т.б.

«Бәсеке» түсінігіндегі «басқару» сөзінің құраушылары:

Бәсекелік артықшылықты іздестіру, жасап шыгару, қолдау, пайдалану, дамыту және оның ескіруі.

«Бәсеке» түсінігінде «субъектілер» ретінде кез келген әлеуметтік, өндірістік және биологиялық жүйелер болуы мүмкін.

Субъектілердің бәсекелік артықшылықтары мұрагерлік, құрылымдық, технологиялық, ақпараттық, біліктілік, басқарушылық, табиғи-климаттық және т.б. болуы мүмкін.

Жүйе мақсаттары ретінде мыналар болуы мүмкін:

- кәсіпорын миссиясын орындау;
- спорт жарыстарында немесе шығармашылық конкурстарда жеңімпаз болу, нарықтық жүйеде накты тауардың бәсекелестігімен жеңіске жету;
- сыртқы және ішкі даму немесе бәсекелесті өз құрамына косып алу арқылы белгілі бір жоғары деңгейге қол жеткізу;

- қол жеткізілген деңгейді сақтау және жақсарту;
- Қажеттіліктер төмендегідей болуы мүмкін:
 - объективті (табигат немесе қогам туындаған) немесе субъективті (басқару субъектісі арқылы);
 - бастапқы немесе жоғарғы;
 - өткен, қазіргі және болашактағы;
 - байланысқан немесе байланыспаған;
 - ғаламдық және жеке;
 - теріс немесе он;
 - дара немесе қогамдық және т.б.

Заңнама жүйесіне мыналар кіреді: бәсекелік күрес, экологиялық құқық, Азаматтық кодекс, Салық кодексі, кедендей жүйе, еңбек құқығы және т.б.

Бәсеке интенсивтілік дәрежесі бойынша келесідей болуы мүмкін:

- тартымды, осы жағдайда аталған сегментте субъект өз қажеттіліктерін сапалы түрде қанағаттандырады және алдыңғы сегментке қараганда табысты көбірек алады;
- біркелкі (қалыпты), бұл жағдайда бәсеке субъектісінің іс-әрекеттері нарықтың аталған сегментінде бәсекелік ортага колдау көрсетеді;
- бәсеке объектісінің күштілігі жасынан, бұл жағдайда субъект аталған сегментке объектіні қосып алады немесе шеттетеді, ал кейбір жағдайда олардың жұмысын тоқтатуы мүмкін;

Бәсеке нысандары:

1) заттық – бірдей қажеттілікті қанағаттандыратын тауарлар ассортиментінің топтары және ұқсас объектілер арасындағы бәсеке;

2) функционалдық – алмастыруға болатын тауарлар (объектілер) арасындағы бәсеке;

3) тұлғалық.

Бәсеке әдістері:

- 1) тауар сапасын арттыру негізінде (бағалық емес);
- 2) тауарды тұтынушыларға, қызмет көрсету сапасын арттыру көрсеткіштері негізінде;
- 3) бағаны төмендету негізінде;

4) тауар тұтынушыларының эксплуатациялық шығындарын төмөндөтү негізінде;

5) басқару үрдістерінің сапасын арттыру негізінде;

6) объект пен субъекттің барлық бәсекелік артықшылықтарын пайдалану негізінде (интегралды).

Бәсеке келесі деңгейлерде жүргізілуі мүмкін:

- *жергілікті* (топта, бөлімде, үйымда және т.б.);
- *аймақтық* (аймақта, қалада, облыста және т.б.);
- *ұлттық* (елде);
- *ұлтаралық* (бірнеше елдерде);
- *галамдық* (елдері нақты анықталмаған әлемдік масштабта).

Нарық – этикалық, құқықтық нормалар мен ережелерді үстанудың, бәсекенің белгілі бір интенсивтілік жағдайында, тауардың нақты түрін сату сатып алу мен сауда мәмілелерін жасауды жүзеге асырудың шартты орны.

Нарық жетілген және жетілмеген болуы мүмкін.

Жетілген нарық моделі сауда мәмілелерінің барлық катысушылары, тек айрықша экономикалық-құқықтық және этикалық қағидаларды негізге ала отырып әрекет етеді деңгей болжамға негізделген. Сонымен қатар, жетілген нарыққа келесідей жағдайлар тән:

– белгілі бір түрдегі барлық тауарлар сапасына, сыртқы түріне және қорапталуына байланысты үқсас және олардың бағасы сәйкес келеді;

– бәсекелік курес жағдайлары барлық сатушылар мен сатып алушылар үшін бірдей, оларда қандай да бір кеңістіктік, тұлғалық және уақыттық сипаттағы артықшылықтар жок;

– нарықтың мәлдірлігі: сатушылар мен сатып алушылардың нарықты толық шолуға, мәмілелерді өткізу дің барлық жағдайлары (бағалары, жеңілдіктері, тауар сапасы, жеткізу мен төлеу шарттары) туралы жеткілікті аппарат алуға мүмкіндігі бар.

Нарық түрлерінің ерекшеліктері мен сипаттамасы 14-кестеде көлтірілген.

14-кесте. Нарык түрлерінің сипаттамасы

			Нарык мысандары	
Парамергриері (нарык белгілері)	Жетілген немесе таза бәсеке	Монополиялық бәсеке	Олигополия	Монополия
Өндірушілер (са- тушлар) саны	Көп	Көп, бірақ тауарлардың арқайсының өзіндік ерекшеліктері бар	Шамалы (2-8)	Біреу
Салып алушылар саны	Көп	Көп	Екі және одан да көп	Бір немесе бірнеше
Бәсеке күші	Оте күшті	Күшті	Әлсіз	ЖКОК
Нарыктагы үлестері	Шамалы	Шамалы	Улкен	Барлық нарык
Нарыкка жолжетмділігі	Ашық	Киындау	Киындау	Жабылған
Салу көлемдері	Тауарга деген сұраныспен, бәсекеге кабілеттілікпен аныкталады	Тауарга деген сұраныспен, бәсекеге кабілеттілікпен және катысуушылар сімімен аныкталады	Тауарга деген сұраныспен, бәсекеге кабілеттілікпен желкесуушылар аныктапады	Сұраныспен, Сұраныспен және аныкталады
Баға белгілеу сая- саты	Сұраныс пен ұсыныс заны негізінде	Сұраныс кабілеттілік негізінде	Сұраныс бәсекеге кабілеттілік негізінде	Өндірушімен (с агуышымен) аныкталады
Бәсекедегі рел	Сала	Оте жогары	Жогары	Жағдаймен аныкталады
Тауарды еткүзудегі жарнаманын релі	Жогары	Жогары	Оте жогары	Жағдаймен аныкталады
Өндіруші табы- сының нормасы (шамамен)	Шамалы	2-8%	8-20%	20%-дан жогары
Ресурстарды пай- далану тиімділігі	Оте жогары	Жогары	Оргаша	Төмсөн

Кәсіпорын арасындағы бәсекенің озгеру нұсқалары
келесілер:

- 1) бәсеке бәсекелесуші кәсіпорындар санының көбеюіне байланысты күшейеді;
- 2) ірі кәсіпорындар басқа кәсіпорынды өзіне қосып алғанда және оны қошбасшыға шығару барысында шешуші шаралар қабылдаған кезде бәсеке күшейеді;
- 3) тауарға деген сұраныс баяу өскен кезде бәсеке күшті болады;
- 4) саладагы шаруашылық жүргізуіндің жағдайлары, кәсіпорынды бағаны төмендетуге немесе сату қолемдерін көбейтуіндің басқада тетіктерін қолдануға итермелеген кезде бәсеке күшейеді;
- 5) өнімнің бір түрінен екіншісіне өту кезіндегі сатып алушылардың шығындары онша жоғары болмаған жағдайда бәсеке күшейеді;
- 6) бір немесе бірнеше кәсіпорындар нарықтағы өнімдерінің алатын үлесімен қанағаттанбаган жағдайда бәсеке күшейеді;
- 7) ұтымды стратегиялық шешімдердің эсерінен табыс пропорционалды түрде өскен жағдайда бәсеке күшейеді;
- 8) нарықка шығу шығындарының көбеюі және кедергілер көп болған жағдайда бәсеке күшейеді;
- 9) кәсіпорындардың стратегиялары, ресурстары, ұйымдастырушылық ерекшеліктері, миссиясы арасында айырмашылық болған жағдайда бәсеке барысы белгілі болады.

Экономикада бәсеке бірқатар функцияларды атқарады:

Өндірісті реттеу функциясы. Бәсеке тауардың нарықтың құнын анықтайды және белгілейді, накты еңбекті қогамға қажетті еңбекке айналдырады: өнім өндіруші тұтынушыға қажетті бұйымдарды ұсынуы керек, ал ол тауарлар сұранысы көп салаларға жіберілуі керек.

Кәсіпкерлік мінез-құлышты мотивациялау функциясы. Кәсіпкер үшін бәсеке тәуекел мен мүмкіндікті білдіреді. Сапасы бойынша ең жақсы өнімді нарыққа ұсынатын кәсіпорындар пайда табу арқылы артықшылыққа ие болады. Яғни, олар өндірісті дамыту, инновациялық тетіктерді ендіру үрдісіне үмтүлады.

Қажеттіліктердің өзгеруіне баяу икемделетін және сапасы төмен тауарды ұсынатын кәсіпорындар зиян шегеді немесе нарықтың жүйеден шеттеу қалады.

Өндірушілер табысын бөлу функциясы. Бәсеке басқару тиімділігі мен еңбек өнімділігіне байланысты дара құндылықтарды өзара тенестіруге және сәйкесінше пайданы ұтымды түрде бөлуге септігін тигізеді.

Нарықта қатысуышылардың мінез-құлқын бақылау функциясы. Бәсеке экономикалық таңдауды жүзеге асырады, сатып алушыларға бірнеше өнімді сатушылар арасынан тауарды таңдауга мүмкіндік береді. Сонымен қатар олардың нарықтың жалпы жағдайына әсер етуіне мүмкіндік бермей, әрбір сатушының мінез-құлқын шектейді.

Бәсекелік стратегияга байланысты бәсекелік мінез-құлқытың келесідей типтерін бөліп көрсетуге болады:

- креативті,
- бейімделгіш,
- кепілдендірлген.

Креативті мінез-құлық бәсекелестерге қарағанда ұstemдікке (жана өнімдер, өнімді өткізу мен технологияның жаңа нысандары, жаңа жарнама) жеткізетін іс-әрекеттермен сипатталады. Креативті мінез-құлқытың маңызды белгісі кәсіпкерлердің сұраныс пен ұсыныстың қазіргі жағдайын өзгертуге деген ұмытылышы болып табылады.

Бейімделгіш мінез-құлық бәсекелестердің іс-әрекеттерінің алдын алумен және өндірісті жаңартумен байланысты. Бұл жағдай әсіресе кәсіпкер өз іс-әрекеттеріне толық сенімді болмай, қысқа уақыт ішінде өз бәсекелестерінің жетістіктерін өзіне толығымен пайдалануға ұмтылған жағдайларда байқалады.

Кепілдендірлген мінез-құлық кәсіпкерлердің өнім сапасын арттыру, өнім ассортиментін өзгерту, алуан түрлі қызметтерді құру есебінен нарықтағы қол жеткізілген позицияларын ұзақ мерзімді болашакта сақтап қалуға және тұрақтандыруға деген ұмытылышымен анықталады.

11.2. Кәсіпорынның бәсекелік артықшылығы және бәсекеге қабілеттілігі

Кез келген жүйенің (кәсіпорынның, аймақтың және т.б.) бәсекелік артықшылығы – бұл оның өзіне ғана тән және оған бәсекелестеріне қарағанда артықшылық беретін қандай да бір ерекше құндылық. Құндылық – бұл жүйенің иелігіндегі (өзінде бар) және болашақта сақтап қалуға тырысатын қандай да бір ерекше бағалы нәрсе. Бәсекелестеріне қарағанда кәсіпорын шығаратын өнімінің бәсекелік артықшылығы және алдына қойған мақсаттарына жетуі оның таңдап алған бәсекелестік стратегиясына тікелей байланысты болады.

Бәсекелік артықшылықтардың ерекшеліктері бойынша жіктелуі:

- 1) артықшылықтардың сыртқы және ішкі түрлерімен сипатталатын жүйеге (үйімға) деген қатынасы арқылы;
- 2) артықшылықтардың пайда болу аясы табиғи-климаттық, әлеуметтік-саяси, технологиялық, мәдени және экономикалық болуы мүмкін;
- 3) артықшылық факторының мазмұны, тауар сапасы мен бағасына, тұтынушының оған жұмсаған шығындарына және қызмет көрсету сапасына байланысты;
- 4) артықшылыққа ие болудың куралы немесе әдісі ретінде мамандарды оқыту, жаңашылдықтарды енгізу және бизнес жүргізу үшін онтайлы жерге орналасу факторларын атауга болады;
- 5) артықшылықтарды жүзеге асыру орны адамдардың жұмыс орны, кәсіпорын, аймақ, сала, ел, әлемдік қоғамдастық болуы мүмкін;
- 6) артықшылықты жүзеге асыру уақыты стратегиялық және тактикалық факторларға байланысты;
- 7) артықшылықты жүзеге асырудан алынатын тиімділіктің түрлері гылыми-техникалық, экологиялық, әлеуметтік және экономикалық болуы мүмкін.

Әрбір кәсіпорында бәсекелік артықшылықтарды жіктеудің өз ерекшеліктері бар. Ол алуан түрлі экономикалық және басқарушылық аспектілердің қажетті көлемін қамтуға, сонымен қатар бәсекелік артықшылықтарды іздестіру мен іздеу үрдістерін

автоматтандыруға мүмкіндік береді. Соған қарамастан, бәсекелік артықшылықтардың барлық түрлерін кешенді бағалау жеткілікті түрде күрделі, еңбек сыйымды және бәсекелестер бойынша бірқатар акпараттың жабық болуына байланысты әрқашан да шынайы нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік бере бермейді. Сондықтан да талдаудың тек бақыланатын объектісінде ғана бәсекелік артықшылықтарды толық және жеткілікті түрде анықтау мүмкін болады. Тауарлар мен қызметтердің бәсекелік артықшылықтарын анықтаудың жалпы тәсілі екі түрден тұрады, олар – шығындар төмендігі мен тауарлар дифференциациясы. Бұл екі түрі де қандай да бір шамада жоғарыда көлтірілген жіктемедегі бәсекелік артықшылықтың барлық белгілерінің мәнін қамтиды.

Төмен шығындарға ұмтылу қәсіпорындарға бәсекелестеріне қарағанда аз шығындармен өнімді өндіру және оны тұтынушыларға өткізу барысында пайда мөлшерін ұлғайтуға септігін тиғізеді.

Дифференциация – бұл қәсіпорынның тұтынушыларды бәсекелестеріне қарағанда сапалы, жоғары сұранысқа ие ерекше тұтынушылық қасиеттері бар тауарлармен қамтамасыз ету қабілеті.

Бәсекелік стратегияны тандау барысында қәсіпорындар бәсекелік артықшылықтың екі түріне де назар аударуы қажет. Бірақ, оның біреуін ғана ұстануы да мүмкін. Өнімді аз шығындармен өндіруге бағытталған қәсіпорын, тауарлардың қажетті сапасын жақсарту мен қызмет көрсетуді жетілдіру керек.

Кәсіпорынның бәсекелік артықшылықтарының түрлерін, оған қол жеткізу мүмкіндігі тұргысына байланысты екі топқа бөлуге болады: *төмен және жоғары тәртіптегі артықшылықтар*.

Бәсекелік артықшылықтары төмен (болмашы) қәсіпорындар арзан еңбек күшін, материалдарды, шикізат пен энергияны пайдалану мүмкіндігімен байланысты. Төмен деңгейдегі артықшылықтар тұрақсыз, бағаның және жалақының өсуінен, сонымен катар бәсекелестері арзан өндірістік ресурстарды пайдаланған жағдайда немесе сатып алған кездерде артықшылығын жоғалтып алуы мүмкін. Басқаша айтқанда,

төмен деңгейдегі артықшылықтар – бұл тұрақтылығы аз және бәсекелестер алдында артықшылықты қамтамасыз етуге қабілетсіз.

Жоғары деңгейдегі артықшылықтарға өнімнің бірегейлігі, жаңа технологиялар мен жоғары білікті мамандарды, кәсіпорынның жақсы беделін жатқызуға болады. Өнімнің бірегейлігі кәсіпорынның өнім өндіруімен байланысты, ал бәсекелестері болса дәл сондай өнімді жасап шыгаруы немесе одан да жақсысын ойлап табуы қажет. Бұл іс-әрекеттердің барлығы уақыт пен адамдардың күш-куатын және шығындарды қажет етеді. Бірегей өнімді шыгаратын қандай да бір кәсіпорын басқалардың қолы жетпейтін жетекші орында болады, яғни тұрақты түрде бәсекеге қабілетті болып табылады. Сонымен қатар, мұндай кәсіпорынның нарықтағы тағы да бір артықшылығы – оның беделі пайда болады. Бұл артықшылыққа қажырлы еңбек арқылы қол жеткізіледі, ал қол жеткізген жетістікті сактау үшін қажетті мөлшерде шығындар да керек. Сол себептен де белгілі шетелдік компаниялар өз өнімдерінде сәл ғана ақау болғаның өзінде тұтынушылар үшін оларды тегін жөндейді немесе тауарды алмастырады.

Әрбір кәсіпорын өзінің бәсекелік артықшылықтарын жоғары деңгейге жеткізу үшін өз бәсекелік стратегиясының мақсат, міндеттерін берік ұстануы керек.

Кез келген кәсіпорынның өз ерекшеліктері мен айрықша белгілері бар. Сондықтан да өз өнімнің бәсекелік артықшылықтарын қамтамасыз ету үшін, кәсіпорын стратегиясын тандау олардың әрқайсысы үшін дара сипатқа ие және оның мақсаттары мен мүмкіндіктеріне тікелей байланысты болады.

Бәсекеге қабілеттілік Қазақстанның ұлттық экономикалық жүйесінің, сонымен қатар жеке тауар өндірушілердің экономикалық жағдайын талдауда қолданылатын маңызды интегралды сипаттамалардың бірі болып табылады. Әдетте, оны шаруашылық жүргізуши субъектілердің экономикалық қызметінің тиімділігі мен бағалау көрсеткіштері ретінде қолданады.

Тәжірибе жүзінде бәсекеге қабілеттіліктің келесідей негізгі турлерін боліп корсетеді:

- ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі;
- тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігі;
- өндірілген өнімнің нақты түрлерінің бәсекеге қабілеттілігі;
- қызмет көрсетудің бәсекеге қабілеттілігі;
- шикізат пен шикізат көздерінің бәсекеге қабілеттілігі.

Бәсекеге қабілеттілік жалпы экономикалық санат ретінде екі субъектінің – тауар өндіруші мен тұтынушы арасындағы және еркін бәсеке жағдайындағы тауар нарығының объектіге, яғни тауарға (қызметке) катысты экономикалық катынастардың қалыптасқан жағдайын сипаттайты.

Бәсекеге қабілеттілік экономикалық жүйенің екі элементіне – еркін бәсеке жағдайындағы объект пен шаруашылық субъектіге тән. Ол уақытка тәуелсіз. Сондыктан кез келген уақытта анықтауға болады. Әдетте, кәсіпорын тауарының бәсекеге қабілеттілігі, оның өнімін жаңа нарыққа шығару немесе оның нарықтық сегментте алатын үлесін көбейту мақсатында зерттеу жұмыстарын жүргізген кезде анықталады.

Осы ережелерге байланысты, экономикалық санат ретінде бәсекеге қабілеттілікті түсіну үшін «бәсекеге қабілеттілік» терминінің негізгі құраушы қағидалары ретінде келесілерді атауға болады:

- 1) бәсекеге қабілеттілік тек еркін нарықтаған байкалады;
- 2) «бәсекеге қабілеттілік» түсінігі нарықтық катынастардың объектісіне (тауарлар, қызметтер), сонымен қатар субъектісіне де таралуы мүмкін;
- 3) бәсекеге қабілеттілік тауар өндіруші тарарапынан, сонымен қатар сатып алушы тарарапынан да тауардың (қызметтің) сапасын ескереді;
- 4) бәсекеге қабілеттілік деңгейін анықтау кезінде міндетті түрде тауарлардың аталған нарығындағы тұтынушының ақшалай табыстарының деңгейі ескеріледі;
- 5) өнім өндірушінің бәсекеге қабілеттілігі экономикалық, технологиялық және басқа да параметрлерімен, сонымен қатар еркін нарықтағы үлесімен де анықталады;
- 6) тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігі серпінді даму үрдістерінде, сонымен қатар тұрақты түзетуші жағдайдада болады;

7) тауардың бәсекеге қабілеттілігін қандай да бір еркін тауарлық нарықта қалыптасатын бәсеке басқарады.

Экономикалық қатынастардың объектісі мен субъектісі үшін бәсекеге қабілеттіліктің келесідей анықтамалары болады.

Кәсіпорының бәсекеге қабілеттілігі – бұл еркін нарық жүйесінде, бәсеке жағдайында, тұтынушылардың талаптарына объектілердің сәйкестік дәрежесін сипаттайтын және серпінді нарықта өнімнің белгілі бір үлесі бар субъект қасиеттерінің жиынтығы.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі – бұл өнімнің бәсекелес-үксас өніммен салыстырғанда, карастырылған мерзімдік кезеңде аталған нарықтың талаптарына сай келу қабілеті.

Бұл анықтамада үш ерекше белгі бар:

- 1) *кеңістік* – нақты нарық (ел, нарық сегменті);
- 2) *мерзім* – белгілі бір уақыт мерзімі;
- 3) *салыстырмалы танымдылық*.

Сондықтан да бәсекеге қабілеттілікті бағалау нақты өнімді сәйкес өніммен «уақыт-кеңістік» жүйесінде салыстыруды карастырады.

Шаруашылық қызмет субъектісі түрғысынан өнімнің бәсекеге қабілеттілігі тұтынушыны қызықтырмайтын, бірақ дайындаушы (қызмет көрсетуші, сатушы) үшін шешуі болып табылатын – нарықтагы коммерциялық табыстың маңызы зор. Коммерциялық табыс табыстар шығындардан көп болған жағдайда, яғни табыс алған кезде орын алады. *Бәсекеге қабілеттілік* бағалау кезінде қолданылатын *корсеткіштер*:

- *сапалық* (тауардың сәндік және т.б. үлгілерге сәйкестігі, ақаудың болмауы немесе болуы және т.б.);

- *сандық* (станоктің өнімділігі, тұтынушының қуат және т.б.).

Бәсекеге қабілеттілік критерийі – бұл өнімнің сапалық немесе сандық сипаттамасы.

Критерийлерді есепке алу мен бағалау сияқты сипаттамалар бәсекелік артықшылықтар туралы шешім қабылдауга мүмкіндік береді, қажеттіліктердің алуан түрлі топтарының канаттандыруын сипаттайды:

- иерархияга байланысты – базалық және алға жылжусы;
- құрамына байланысты – курделі және қарапайым;
- сипатталу дәрежесіне байланысты – айқын және жасырынды.

Бәсекеге қабілеттілік критерийін кем дегенде екі белгісі бойынша жіктеуге болады: қанагаттандырылатын қажеттілік түрлері және ескерілетін сипаттамалар саны (15-кесте).

Осылайша, «қауіпсіздік» және «шынайылық» критерийлері өнімнің қарапайым (базалық) қажеттіліктегерді қанагаттандыру қабілетін сипаттайтын:

– қорғануга деген қажеттілік (денсаулық, мүлік, қоршаган орта) және өнім дайындаушыдан (сатушымен, қызмет көрсетушімен) алданып қалмау қажеттілігі.

15-кесте. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі kritерийлерінің жіктелуі

Жіктеу белгісі	Бәсекеге қабілеттілік критерийі
Қанагаттандырылатын қажеттілік түрлері	<ul style="list-style-type: none"> ❖ Сапа деңгейі ❖ Әлеуметтік мекен-жайлық ❖ Шынайылық ❖ Қауіпсіздік ❖ Тұтынушылық тұргысынан ❖ жаңашылдығы ❖ Имидж ❖ Акпараттандырылуы ❖ Тұтыну бағасы
Ескерілетін сипаттамалар саны	<ul style="list-style-type: none"> ❖ Бірлік ❖ Топтық ❖ Жинақталған

«Сапа деңгейі» критерийі өнімнің базалық деңгейден бастап (мысалы, азық-түлік өнімдері есебінен физиологиялық қажеттіліктер) алға жылжушы ерекшеліктерімен аяқтай отырып (эстетикалық қажеттіліктер, мысалы, киім, жиһаз және т.б. есебінен сатып алушының белгілі бір критерийге

жатқызылуын сипаттайтын қажеттіліктер) қажеттіліктердің кешендік сұранысын қанагаттандыруға деген қабілетін бағалауға мүмкіндік береді.

Тауардың «жасаңашылдық критерий» деңгейі оның белгілі көрсеткіштерді жақсарту есебінен айқын қажеттіліктерді, сонымен қатар тұтынушы әлі сезініп үлгермеген қажеттіліктер немесе жаңа туындаған қажеттіліктерді, яғни жасасырынды (латентті) қажеттіліктерді қанагаттандыру қабілетін анықтайды.

«Ақпараттандырулы» критерий құзіретті түргыдан таңдау үшін тауарлардың бәсекелік артықшылықтары туралы акпаратты алуға деген үмтүлісінан туындаған қажеттіліктерді қанагаттандыруға мүмкіндік береді.

«Әлеуметтік мекен-жайлық» критерийін қолдану онімнің қасиеттерін әлеуметтік топтың немесе адамның дара қажеттіліктерін өтеу қажеттілігін анықтауға бағытталған.

«Имидж» критерийі өнім дайындаушының (сатушының, қызмет көрсетушінің) беделін сипаттайтын және сапа тура-лы мәліметтер тапшы болған жағдайда, функционалдық және қаржылық тәуекелді болдырмас үшін жабдықтаушының жоғары беделіне сүйенуге мүмкіндік береді.

«Тұтыну бағасы» критерийі сатып алушының материалдық мүмкіндіктеріне сәйкес болатын өнімді сатып алу мен пайдалану қажеттілігін, оның материалдық игіліктерді алуға деген үмтүлісін сипаттайтын.

Бәсекеге қабілеттілікті бағалау кезінде ескерілетін сипаттамалар санына байланысты бірлік және кешенді критерийлер болып болінеді.

Бәсекеге қабілеттіліктиң бірлік критерийі бәсекеге қабілеттілікті анықтайтын қарапайым сипаттамалардың бірін сипаттайтын. Мысал ретінде сату бағасын, приборды автоматтандыру дәрежесін келтіруге болады.

Бәсекеге қабілеттіліктиң кешенді критерийі бәсекеге қабілеттілікті анықтайтын сипаттамалар жиынтығынан тұрады. Оның түрлері топтық және жинақталған критерийлер болып табылады.

Бәсекеге қабілеттіліктің топтық критерийі – бұл қандай да бір жағынан тауардың бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын сипаттамалар тобынан тұратын кешенді критерийі.

Бірлік және топтық критерийлердің түсініктеп біршама шартты. Өйткені бәсекеге қабілеттілікті бағалау шарттары мен субъектілері алуан түрлі болуы мүмкін. Кейбір критерийлер бірлік, сонымен қатар топтық критерий ретінде де болуы мүмкін. Мысалы, *сату бағасы тұтынуышы тұргысынан – бірлік критерийі*, ал *дайындаушы қасіпорын тұргысынан – топтық болып табылады*.

Бәсекеге қабілеттіліктің жинақталған критерийі – бұл бәсекеге қабілеттіліктің кешенді критерийі. Ол бойынша өнім бәсекеге қабілеттілігін бағалау нәтижесінде шешім қабылданады. Мысалы, өнімнің бәсекеге қабілеттілігі деңгейі, тауар рейтингі т.б.

Өнім бәсекеге қабілеттілігі деңгейі – бұл өнімнің бәсекелестердің өнімдерімен салыстыру барысында нақты нарықтық жүйенің талаптарын қанагаттандыруға деген қабілеттінің сандық сипаттамасы.

Бәсекеге қабілеттілікті бағалау қағидалары.

Бәсекеге қабілеттілікті бағалау кезінде белгілі бір бастапқы ережелерге – қағидаларға сүйену керек. Ол қағидаларды ұстану бағалаудың нақтылығын арттыруға, нарық субъектілерінің мұдделерін ескеруге, бағалау процедурасы мазмұнын құрайтын іс-әрекеттер тәртібін бір ізге салуға мүмкіндік береді.

Нарықтың белгілі бір субъектің тұргысынан бағалау: дайындаушы, сатушы, тұтынуышы. Нарық субъектісіне байланысты топтық және бірлік критерийлер номенклатурасы таңдалынады. Тұтынуышы тұргысынан бағалау кезінде оның қажеттіліктерін қанагаттандыру туралы тек салыстырмалы тұтынуышылық көрсеткіштер бойынша жүргізуге болады. Оның себебі мұндай әдіс тұтынушыларға түсінікті болады.

Нарықтың белгілі бір сегментіне бағытталуы.

Техникалық заннама, нормативтік және занды құжаттардың талаптарына сәйкестік. Ішкі нарыққа арналған отандық тауарлар, ең алдымен техникалық регламенттердің, мемлекеттік стандарттардың, санитарлық ережелер мен нормалардың, сонымен қатар міндетті нормативтері көрсетілген басқа да

күжаттардың міндетті талаптарына сай болуы керек. Сәйкестік куәлігі, сәйкестік сертификаты немесе декларациясы болып табылады.

Экспортты өнім үшін маңызды шарт тауардың халықаралық стандарттарға (БСУ, КЭК және т.б.), сонымен қатар тауар сатып алушы елдің шетелдік стандарттарына сәйкестігі болып табылады. Тауарды экспортқа шығарушы елдің өнімді өткізу мүмкіндігі оның патенттік тазалығымен анықталады. Сәйкестікті бағалау баламалы нысанда беріледі – «сәйкес» немесе «сәйкес емес». Соңғы жағдайда нарықтық жүйеде тауарды өткізу мүмкіндігі болмайды және оның бәсекеге қабілеттілігін бағалау қажеттігі туындалады.

Нарықтың белгілі бір түріне (сыртқы, ішкі) бағытталу. Сыртқы нарық кез келген экспорттың өнімге белгілі бір деңгейде талап қояды және олар әрбір сатып алушы ел үшін ерекше талап қойылады.

Бірінші кезекте өнімнің патентті тазалығы мен патенттік қорғанысын сипаттайтын патенттік-құқықтық көрсеткіштерге қойылатын талаптар болып табылады. Оларды ескере отырып өнімді экспорттау елі таңдалынады. Бұлардан басқа жалпы талап ретінде экспортқа шығарылатын тауар кораптамасында штрих-код болуы қажет.

Белгілі бір елдер үшін ерекше талаптар шетелдік стандарттардың ерекшеліктерімен, іске қосу жағдайларымен (ылғалды тропикалық климат, құрамында тұзы бар атмосферада іске қосу мүмкіндігі), елдің ұлттық ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

Екіжакты есепті болдырмау. Бірқатар критерийлердің озгеруі тауардың немесе қызметтің пайдалылығында, сонымен қатар оның күнында сипатталды. Мысалы, сенімділікті арттыру, бір жағынан сапа деңгейін тұрақтандыруды арттырады, ал екінші жағынан – тұтыну бағасын төмендетеді. Тиімділіктің екі жаққа бірдейлігі, оны бөлуді киыннатады, ал кейбір жағдайда мүмкін емес. Сондықтан, сапаның интегралды көрсеткіштерін есептеудің нақтылығын қамтамасыз ету үшін, сенімділік көрсеткіштерінің мәнін екіжакты есептеуді болдырмау қажет. Яғни, сапалық сенімділік көрсеткішін салыстырмалы сипаттама формуласының алымында немесе бөлімін ескерген жөн.

Екіжақты шоттың ерекшелігін алдын ала ескеру, сонымен қатар «жаңашылдық деңгейі» критерийін қолдану кезінде де, бәсекеге қабілеттілікті бағалау кезінде де ескеру қажет. Егер, жаңашылыққа сапа көрсеткіштерін (тауарды жаңарту, жетілдіру) жақсарту арқылы қол жеткізілсе, онда бұл жағдайды екі критерийді – «жаңашылдық деңгейін» немесе «сапа деңгейін» есептеген кезде ескерген жон.

Ұсынылатын талаптарды ескере отырып бәсекеге қабілеттілік критерийлерінің номенклатурасын қалыптастыру және міндettі талаптардың артуы.

Талаптардың объектілері ретінде тауардың сенімділігі мен экстетикалық ерекшеліктеріне қойылатын талаптар алынаады. Тауардың осы талаптарға сәйкестігі оның сәйкес сапасын қамтамасыз етеді. Осы талаптардың артуы тауарға бәсекелік артықшылықтарды береді. Талаптар негізінде сапа көрсеткіштері бәсекеге қабілеттілік критерийлерінің номенклатурасын аныктайды.

Міндettі талаптардың (қауіпсіздік, экологиялық) негізін құрайтын көрсеткіштер шектеулі болып келеді. Өйткені олардың стандарт нормаларына сәйкес болуы міндettі сертификаттау мен бәсекеге қабілеттілігін бағалау үшін жіберілу шарты болып табылады.

11.3. Кәсіпкерлік қызметтің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар

Бәсекеге қабілеттілік факторы – бәсекеге қабілеттіліктің бір немесе бірнеше критерийлерін өзгертуге қажетті және жеткілікті болуының тікелей себебі. *Факторлық талдау* деп аталағын өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің жеке критерийлерін томендегетін себептер мен бәсекеге қабілеттілікті арттыратын факторларды анықтау – дайындаушы-кәсіпорындар мен сатушы-кәсіпорындар қызметінің маңызды аспектісі. Бәсекеге қабілеттілік факторларының жіктемесі 16-кестеде келтірілген.

16-кесте. Бәсекеге қабілеттілік факторларының жіктемесі

Жіктеме белгісі	Факторлары
1. Іс-әрекет ету аясы	1.1. Макроэкономикалық 1.2. Микроэкономикалық
2. Пайда болуы	2.1. Негізгі (табиғи) 2.2. Дамыған (жасанды)
3. Мамандануы	3.1. Жалпы 3.2. Маманданған
4. Қамтамасыз ету сатылары	4.1. Өндірістік 4.2. Откізу 4.3. Қызмет көрсетуші 4.4. Нарықтық
5. Әлеуметтік-экономикалық табиғаты	5.1. Ресурстық 5.2. Инфрақұрылымдық
6. Әрекет ету интенсивтілігі	6.1. Шамалы әсер ететін 6.2. Әжептәуір әсер ететін 6.3. Өте күшті әсер ететін
7. Әсер ету сипаты	7.1. Оң 7.2. Теріс

Кәсіпорын қызметі сыртқы ортада, яғни макроортада өтеді. Оның компоненттері елдің, аймақтың, саланың бәсекеге қабілеттілігі болып табылады.

Макрорта компоненттері кәсіпорынға тікелей (мысалы, елдің басқару органдарының заңнамалық немесе салықтық әсер етуі) немесе жанама (халықаралық, экономикалық және басқа да факторлар арқылы) түрде әсер өтеді (35-сурет).



35-сурет. Елдің макроэкономикалық жүйесіндегі кәсіпорындардың орны мен рөлі

Iс-әрекет ету аясы бойынша макроэкономикалық және микроэкономикалық факторларды бөліп көрсетеді. Біріншілері экономиканың салалары мен мемлекет деңгейінде кездеседі.

Екінші (микроэкономикалық) факторлар нақты тауарлар мен қызметтер, кәсіпорындар деңгейінде әсер етеді.

Кәсіпорынга өз бәсекелестерімен құреске түсуге мүмкіндік беретін бірқатар ресурстардың статистикалық сипаттамасы бар. Бұл ресурстар кәсіпорынның бәсекелесуге деген қабілетін анықтайтын дәстүрлі факторлардың бірінші деңгейі. Оларға мыналар жатады:

Кәсіпорын қызметінің тиімділігі мен экономикалық әлеуеті (активтер, негізгі капитал, меншікті және қарызы капиталы, өнімді сату колемі, өнім сату колемдерінің карқыны, нарықтағы үлесі, сату колеміне, тартылған инвестициялық капитал, акционерлік капитал бойынша табыс);

Кәсіпорынның нақты нарықтық сұранысқа сәйкес жогары сапалы және қысқа мерзімде қандай да бір өнімді ондіруге мүмкіндік беретін ондірістік және өткізу әлеуеті (инновациялық технологиялар, өндірістік және өнім өткізу қуаттары, шикізат базасының, колік құралдарының болуы, техникалық қызмет көрсету орталықтары, өндіріс үрдісінде жұмыс істейтін қызметкерлердің жалпы саны, шыгарылатын өнім номенклатурасын жаңарту);

Гылыми-зерттеушілік әлеует (гылыми зерттеулерді үйімдастыру, зерттеу орталықтарының, лабораториялардың, патенттеу аясындағы бағытталған гылыми зерттеулердің саны, техниканың қандай да бір саласында кәсіпорынның монополиялық жағдайды иеленуін бағалау);

Қаржылық жағдайы (төлем қабілеттілігі, яғни кәсіпорынның қажетті мерзімде өз қаржылық міндеттемелерін отеу қабілеті, несие қабілеттілігі мен несиелеу шарттары, капитал құрылымы, пайда (табыс) массасы мен нормасының өсуі);

Ел нарығындағы кәсіпорынның орны (ұзақ мерзімді сұраныс өсімінің жылдамдығы, сатушылар құрамы мен өнімді пайдалана тәсілдерінің өзгеруі, өнімді жаңарту, маркетингтік инновациялар, тұрақты сатып алушылардың қалаулары, нарық үлесінің өсуі);

Әлемдік нарықтагы кәсіпорынның орны (ірі техникалық және технологиялық жетістіктердің таралуы, шығындар мен тиімділіктегі өзгерістер, сыртқы нарықтагы ашықтылық тәуекелі мен белгісіздіктің азауы, нарық үлесінің өсуі);

Кадрлық әлеует (кәсібілік, ынтымақтастық, ұжымдылық, жұмыс күшінің мобильділігі, бәсеке рухы, кәсіпорынның жақындығы).

Негізгі (табиги) факторлар – бұл табиги ресурстар, климаттық жағдайлар, елдің географиялық түргыдан орналасуы, біліксіз және жартылай білікті жұмыс күші. Олар елге «тегін» беріледі немесе оларды іске қосу біршама салымдарды қажет етеді. Бұл факторлар ғылымды қажетсінетін өндірісте үлкен рөл аткарады: өндеу өнеркәсібінде, азаматтық объектілер (мектеп, тұрғын үй және т.б.) құрылышында, ауыл шаруашылығымен байланысты салаларда.

Дамыған (жасанды) факторлар көбінесе интеллектуалдық қызметтің нәтижесі болып табылады – өндірістің ғылыми орталықтарын үйімдастыру және жогары білімді кадрларды қалыптастыру, акпарат алмасудың жақсы дамыған инфрақұрылымы.

Жалпы факторлар – бұл салалардың әр түрлі жүйесіне әсер ететін факторлар: автокөлік және теміржол желісі, жогары білімі бар персонал.

Маманданған факторлар – салалардың шектеулі түрінде немесе тіпті жалғыз біреуінде ғана қолданылатын факторлар (мысалы, тар шеңберлі аяға маманданған персонал, оптика аясындағы FЗИ жақсы дамыған желісі, ерекше типтегі инфрақұрылым (гарыш саласы үшін инженерлерді мақсатты дайындау және т.б.)).

Маманданған факторлардың қалыптасуы тұрақты және едәүір деңгейде қаржыландыруды талап етеді. Бірақ, бұл факторларды шетелдік бәсекелестер физикалық және психологиялық түргыдан да қайталай алмайды. Өйткені оларды қалыптастыру үшін үзак мерзімді инвестициялар қажет.

11.4. Кәсіпкерліктердің бәсекелестерді талдау

Кандай да бір еркін нарықта, бәсеке шарттары мен бәсекелестерді зерттеу қандай да бір тауар өндірушіге, ең алдымен оның бәсекелестері алдындағы артықшылықтары мен кемшіліктері қандай болатындығын анықтау үшін қажет. Бұл жағдайда кәсіпорынның табысты бәсекелік стратегиясын жасап, еркін нарықта бәсекелік артықшылығын өз деңгейінде сақтау қалуга мүмкіндік береді. *Еркін нарықтагы кәсіпорынның бәсекелік позициясын бағалау үшін келесі жағдайлар қажет:*

- шыгарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша шараларды жасап шыгаруға;
- бәсекеге қабілетті өнімді бірлесіп шыгаруды үйымдастыру үшін әріптес кәсіпорынды таңдауға;
- болашағы бар өндіріске инвестициялық қаражаттарды немесе банктік несиelerді тартуға;
- өзінің бәсекеге қабілетті өнімімен кәсіпорынның жаңа нарықтық жүйелерге шығу бағдарламасын жасау үшін.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі деңгейін бағалаудың негізгі мақсаты белгілі нарықтық жүйедегі кәсіпорынның жағдайын және оның қызметтің ұтымды түрде жүргізу стратегиясын анықтау болып табылады.

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың жедел және объективті әдістемесі болу керек.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың келесідей әдістері белгілі.

1. Матрицалық әдіс (Бостондық консалтингтік топ жасап шыгарған)

Бұл әдістеменің негізінде – тауардың (қызметтің) өмірлік циклін ескере отырып бәсекеге қабілеттілігін талдау. Бағалаудың мәні координаталар жүйесі қагидасы бойынша құрастырылған матрицаны талдауда: көлденең – сыйықты масштабтағы сату көлемдерінің өсу(кыскару) қарқындары;

тігінен – нарықтағы тауардың (қызметтің) салыстырмалы үлесі. Бәсекеге қабілеттілігі жоғары кәсіпорындар ретінде жедел дамып келе жатқан нарықтық жүйеде біршама үлесі бар кәсіпорындар саналады.

Әдістің артықшылықтары: өнім өткізу көлемдері туралы шынайы ақпарат болған жағдайда әдіс бағалаудың жоғары деңгейдегі дәлдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әдістің кемшіліктері: белгілі ортада болып жатқан жағдайдың себептерінен талдауды жүргізуді болғызбайды және басқарушылық шешімдерді жасап шығаруды қыннадатады.

Негізгі тәсіл ретінде кәсіпорынның тауарын (қызметтін) бағалауға пайдаланатын әдіс.

Бұл әдіс өнімнің бәсекеге қабілеттілігі жоғары болған сайын өнім өндірушінің бәсекеге қабілеттілігі де жоғары болады деңгеге негізделеді. Тауардың (қызметтің) бәсекеге қабілеттілігін бағалау көрсеткіші ретінде екі сипаттаманың: баға мен сапаның арақатынасын қолданады. Осы сипаттамалардың оптимальды арақатынасы болған жағдайда тауар бәсекеге қабілетті болып табылады:

$$Бт = \frac{С}{Б} \quad (1)$$

мұндағы: С – тауар сапасының көрсеткіші; Б – тауар багасының көрсеткіші; B_t – тауардың бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші.

Тауардың тұтынушылық құны мен сатып алушының ол үшін төлейтін бағасы арасындағы айырмашылық көп болған сайын, тұтынушы үшін тауардың бәсекеге қабілеттілігі деңгейде жоғары болады.

Әдістің артықшылықтары: ол кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін ең маңызды факторды – тауардың бәсекеге қабілеттілігін ескереді.

Әдістің кемшіліктері: кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі тауардың бәсекеге қабілеттілігі сипатына ие болады және басқа да әсер ететін аспектілерді қозғамайды. Сондықтан кәсіпорын жұмысының артықшылықтары мен кемшіліктері туралы шектеулі мағлұмат алуға ғана мүмкіндік береді.

2. Тиімді бәсеке теориясына негізделген әдіс

Бұл теорияға сәйкес, бәсекеге қабілетті кәсіпорындар оның барлық болімшелері мен қызмет көрсету бөлімдерінің жұмысы жақсы ұйымдастырылған кәсіпорындар болып табылады. Әрбір қызмет көрсету бөлімінің жұмыс істеу тиімділігіне көптеген

факторлар – кәсіпорын ресурстары әсер етеді. Сондыктан әрбір бөлімше жұмысының тиімділігін бағалау осы ресурстарды пайдалану тиімділігін бағалау болып табылады. Әдіс негізінде бәсекеге қабілеттілікті төрт топтық көрсеткіштер арқылы бағалау жатыр.

Бірінші топқа өндірістік үрдісті басқару тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер кіреді: өндірістік шығындардың үнемділігі, негізгі қорларды (негізгі капиталды) пайдаланудың тиімділігі, тауарды дайындау технологиясын жетілдіру, өндірісте еңбекті ұйымдастыру.

Екінші топқа айналым қаражаттарын басқаруды сипаттайтын көрсеткіштер енеді: кәсіпорынның қаржыландырудың сыртқы көздеріне тәуелсіздігі, кәсіпорын өз қарыздары бойынша есеп айрысу қабілеті, кәсіпорынның болашақта тұрақты даму мүмкіндігі.

*Үшінші топқа жарнама және ынталандыру құралдары арқылы нарықта тауарды жылжыту мен откізу*ді басқару тиімділігі туралы түсінік алуға мүмкіндік беретін көрсеткіштер кіреді.

Төртінші топ – тауардың бәсекеге қабілеттілігі көрсеткіштері: тауар сапасы мен оның бағасы.

Бұл көрсеткіштердің әрқайсысының, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі коэффициентін ($K_{БК}$) есептеу үшін маңыздылық дәрежесі әр түрлі болғандықтан, сараптамалық әдіспен критерийлердің салмақтылық коэффициенттерін жасау қажет.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі коэффициенті мен критерийлерін есептеу орташа арифметикалық өлшем формуласы бойынша жүргізіледі:

$$K_{БК} = a\mathcal{E}_t + b\Phi_t + c\mathcal{E}_o + d\mathcal{B}_t, \quad (2)$$

мұндағы: $K_{БК}$ – кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі коэффициенті; \mathcal{E}_t – кәсіпорынның өндірістік қызметі тиімділігі критерийінің мәні; Φ_t – кәсіпорынның қаржылық жағдайы критерийінің мәні; \mathcal{E}_o – нарықта тауарды жылжыту мен откізу үйымдастыру тиімділігі критерийінің мәні; \mathcal{B}_t – тауардың бәсекеге қабілеттілігі критерийінің мәні (1-формуланы қараңыз); a, b, c, d – критерийлердің салмақтылық коэффициенттері.

Сарапшыларанықтаған критерийлердің есептік салмақтылық коэффициенттерінің мәнін формулаға қоя отырып келесідей мәліметтер жүйесін аламыз:

$$K_{kp} = 0,15\mathbb{E}_t + 0,29\Phi_t + 0,23\mathbb{E}_o + 0,33B_t,$$

Бұл жерде: \mathbb{E}_t , Φ_t , \mathbb{E}_o коэффициенттерді ескере отырып қажет көрсеткіштер келесідей формулалар бойынша есептеледі:

$$T_k = 0,31\mathbb{W} + 0,19K + 0,40P_t + 0,10E, \quad (3)$$

мұндағы: T_k – кәсіпорынның өндірістік қызметі тиімділігінің критерийі; \mathbb{W} – өнім бірлігіне қажетті өндіріс шығындарының салыстырмалы көрсеткіші; K – көр қайтарымдылығының қатысты көрсеткіші; P_t – тауар рентабельділігінің қатысты көрсеткіші; E – еңбек өнімділігінің қатысты көрсеткіші; $0,31$; $0,19$; $0,40$; $0,10$ – көрсеткіштердің салмақтылық коэффициенттері.

$$K_k = 0,29K_A + 0,20T_k + 0,36K_o + 0,15A_o, \quad (4)$$

мұндағы: K_k – кәсіпорынның қаржылық жағдайының критерийі; K_A – кәсіпорын автономиясының салыстырмалы көрсеткіші; T_k – төлем қабілеттілігінің қатысты көрсеткіші; K_o – кәсіпорын өтімділігінің салыстырмалы көрсеткіші; A_o – айналым қаражаттары айналымдылығының салыстырмалы көрсеткіші; $0,29$; $0,20$; $0,36$; $0,15$ – көрсеткіштердің салмақтылық коэффициенттері.

$$T_t = 0,37P_o + 0,29D_t + 0,21\Theta_k + 0,14Y_t, \quad (5)$$

мұндағы: T_t – тауарды жылжыту мен өткізуді үйімдастыру тиімділігінің критерийі; P_o – өнім рентабельділігінің қатысты көрсеткіші; D_t – дайын өнім тауарлығының салыстырмалы көрсеткіші; Θ_k – өндірістік қуаттарды пайдаланудың салыстырмалы көрсеткіші; Y_t – өнімді өндіруді ынталандыру тетіктері мен жарнама тиімділігінің салыстырмалы көрсеткіші; $0,37$; $0,29$; $0,21$; $0,14$ – көрсеткіштердің салмақтылық коэффициенттері.

Тауардың бәсекеге қабілеттілігі критерийлерін есептеу бірінші әдісте сипатталған формула бойынша жүргізіледі.

Жалпы түрде *атаған әдіспен кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі коэффициентін есептеу алгоритмі уш сатылы әдісті қарастырады:*

1-саты. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің бірлік көрсеткіштерін есептеу және көрсеткіштерін салыстырмалы шамаларға (балдарға) ауыстыру.

Көрсеткіштерді салыстырмалы шамаларға (балдарға) ауыстыру үшін оларды базалық көрсеткіштермен салыстыру жүргізіледі. Базалық көрсеткіштер ретінде (салыстыру базалары) төмендегі мәліметтерді алуға болады:

- орташа салалық көрсеткіштер;
- кез келген бәсекелесуші кәсіпорынның немесе нарықтың аталған сегментіндегі жетекші кәсіпорынның көрсеткіштері;
- бағаланатын кәсіпорынның өткен кезеңдегі көрсеткіштері.

Көрсеткіштерді салыстырмалы шамаларға ауыстыру мақсатында 10 балдық шкала қолданылады. Бұл жағдайда 3 балмен – базалық көрсеткішке қарағанда мәні нашар көрсеткіш, 5 балмен – базалық көрсеткіш, ал 10 балмен – базалық көрсеткіштерге қарағанда жақсы көрсеткіш бағаланады.

2-саты. Жоғарыда ұсынылған формулалар бойынша кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі критерийлерін есептеу.

3-саты. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі коэффициентін есептеу ($K_{бк}$).

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін бұл әдіспен бағалау кәсіпорынның шаруашылық қызметінің барлық маңызды жақтарын бағалауды қамтиды. Жеке көрсеткіштердің қайталануын болдырмайды, салалық нарықтағы кәсіпорын жағдайын тез және объективті түрғыдан сипаттауға мүмкіндік береді. Бағалау барысында әр түрлі уақыт аралығындағы көрсеткіштерді салыстыруды кеңінен пайдалану, бұл тетігі жеке бөлімдердің қызметін жедел бақылау нұсқауының әдісі ретінде қолдануға мүмкіндік береді.

3. Нарықтагы сатып алушылардың мінез-құлқына негізделген әдіс

Кәсіпорында шығарылатын өнімге деген нарықтың қандай да бір сегментіндегі тұтынушылар мен кәсіпорын қызметінің экономикалық көрсеткіштерінің арақатынасына байланысты, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің жалпылама көрсеткішін есептеудің басқада формулаларын пайдалануға болады. Берілген экономикалық-математикалық модельдін

негізінде өндірілетін өнімнің сапасын қалыптастыру мақсатында кәсіпорын шығындарын ғана емес, сонымен қатар тұтынушылардың табыстарын ескере отырып шыгарылатын азық-түлік тағамына деген тұтынушылардың талабы да есептеледі.

$$B_{\text{кәсіпорын}} = (a\mathcal{E}_T + b\Phi_T + c\mathcal{E}_o + d\mathcal{B}_T) K_{\text{кәсіпорын}} \quad (6)$$

$$B_{\text{кәсіпорын}, i} = K_{\text{пр}} \cdot K_{\text{кәсіпорын}, i} \quad (7)$$

Немесе толығырақ түрде бұл экономикалық-математикалық модель келесідей түрде сипатталады:

$$B_{\text{кәсіпорын}, i} = \sum_{i=1}^N K_i \cdot R_i \cdot \sum_{j=1}^k Y_{dj} \cdot R_{\text{нас.}} \cdot \prod_{i=1}^n P_i / P_{\text{на.}i}. \quad (8)$$

Ұсынылған экономикалық-математикалық модельдер табыс деңгейлері алуан түрлі болатын сатып алушылардың ой-пікіріне қатысты. Берілген кәсіпорын өндіретін жеке тауарлардың (азық-түлік) бәсекеге қабілеттілігін бағалауға байланысты бәсекеге қабілеттілік деңгейін объективті бағалауға болады.



Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар

1. Бәсекениң мәні неде?
2. Кәсіткерлікте бәсеке қандай функцияларды атқарады?
3. Бәсекениң қандай түрлері мен әдістері бар?
4. Өнім өндірушілер мен тұтынушылар саны арасындағы арақатынасқа байланысты бәсекелік құрылымдардың қандай түрлерін бөліп көрсетуге болады?
5. Бәсекелік стратегияга байланысты бәсекелік мінез-құлықтың қандай түрлері бар?
6. Кәсіпорынның бәсекелік артықшылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің мәні неде?
7. Бәсекеге қабілеттілікті бағалаудың қандай қагидалары бар?
8. Бәсекеге қабілеттілік критерийлері дегеніміз не?
9. Бәсекеге қабілеттілікке әсер ететін факторларды сипаттан беріңіз.
10. Кәсіткерлікте бәсекелестерді бағалаудың қандай әдістері бар?



КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ ТИІМДІЛІГІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

12.1. Кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін бағалау тәсілдері

Кәсіпкерлік қызметтің талдау дегеніміз оның қызметтің дамуы мен тиімділігін жақсарту мақсатында, артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтап, қажетті іс-шаралар жүргізу үшін зерттеу үрдісін айтады.

Кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін талдаудың басты мақсаты, оның болашақ дамуына қажетті ұйымдық, инвестициялық, технологиялық және т.б іс-әрекеттер мен оның тиімді түрде қызмет етуін анықтау болып табылады (17-кесте).

Талдаудың негізгі міндеттері:

- кәсіпкерлік қызметтің экономикалық нәтижелеріне қол жеткізу;
- бизнесің кемшіліктері мен оң жағдайларын анықтау;
- кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін мен пайдасын арттыру жолдарын анықтау.

17-кесте. Кәсіпкерлік қызметті талдау түрлері

Аталуы	Сипаттамасы
Жедел талдау	<p>Бұл жылдық талдауга қарағанда қысқа мерзіммен (ай, тоқсан, жарты жыл) ерекшеленеді. Ол мүмкіндіктер мен тәуекелдерді, кәсіпорынның күшті және әлсіз жақтарын анықтауға бағытталған. Жедел талдау өндірістік-шаруашылық қызметтің барлық тараптары мен аспектілерін қамти отырып, мыналарды қарастырады:</p> <ul style="list-style-type: none">• кәсіпорын қызметтің қорытындыларын талдау• өндіріс шығындарын талдау• өнімді талдау

Жылдық талдау	Кәсіпорын қызметінің нәтижелерін бағалауға бағытталған, ресурстарды басқарудың тиімді құралы болып табылады, сонымен қатар өнім сапасын қамтамасыз ету мен шығындарды онтайландыруды маңызды рөл атқарады
Кешенді талдау	Бұл талдауда кәсіпкерлік қызметтің барлық жақтары қарастырылады
Такырыптық талдау	Кәсіпкерлік қызметтің жеке кезендері, түрлері талданады.
Толық талдау	Талдаудың барлық объектісінің тәжірибелік материалдары қолданылады.
Таңдамалы талдау	Белгілі бір нақты материалдар қолданылады.

Кәсіпкер жұмысының тиімділігі, оның құрылған кәсіпорын жұмысының нәтижелерімен, сонымен қатар нақты қабылданған шешімдердің жоғары нәтижеге жеткен көрсеткіштері арқылы анықталады. Кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін бағалау барысында көрсеткіштердің кейбір жағдайда қарама-қайшылығы мен тепе-тенсіздігін ескере отырып талдау өте маңызды рөл атқарады (18-кесте).

18-кесте. Талдау маңсаттарына байланысты қолданылатын әдістер

Аталуы	Сипаттамасы
Көрсеткіштердің салыстыру әдіси	Болып жатқан үрдістердің сапалы сипаттамасы біргекті үрдістер арқылы берілсе, ол сәйкес көрсеткіштері арасындағы айырмашылықтардың шамасын ғана емес, сонымен қатар бұл көрсеткіштерді өсіру (төмендету) қарқындарын да анықтауға мүмкіндік береді. Есепті жылдың нақты нәтижелерін жоспарлы кезең нәтижесімен салыстырады және қандай да бір көрсеткіштің даму динамикасына талдау жасайды

Элиминирлеу әдісі	<p>Факторлардың өзгермейтіндігі жағдайында зерттелетін көрсеткіштердің шамасына негізгі факторлардың әсерін сапалы өлшеуге мүмкіндік береді. Элиминирлеу әдісінің мәні жеке жоспарлы көрсеткіштерді нақты көрсеткіштерге аудистыруды сатылы және біртіндеп жүргізуде. Орнын аудистыру жолымен бір факторлар екіншілерден бөлінеді және қандай да бір факторлардың әсерінен болған аудиңку мөлшерлері анықталады. Аталған әдісті сәйкестендірілетін көрсеткіштердің базистік және есепті шамалары арасындағы абсолюттік айырмаларды есептеу тәсілі ретінде өзгертулген және жілдетілген түрі ретінде қолдануға болады.</p>
Құраушы көрсеткіштерді орналастыру әдісі	<p>Өнімді өндіру шығындарындағы өндірістік шығындардың жеке түрлерінің өзгеру себептерін зерттеу кезінде қолданылады. Өйткені шығындардың әрбір түрі екі элементтен тұрады: өнім бірлігін өндіруге жүмсалған натурады шығындардың колемі мен шығындалған ресурстар бірлігінің ақшалай бағалануы.</p>
Экономикалық-математикалық әдістер	<p>Аталған әдістер факторлардың көптігіне байланысты құрделі экономикалық көріністерді зерттеу кезінде тиімді. Бір мақсатқа қол жеткізуға әр түрлі жолдармен жетуге болатындықтан, экономикалық-математикалық әдістер ресурстарды пайдаланудың онтайлы және тиімді нұсқасын тандауға мүмкіндік береді.</p>

Кез келген кәсіпорын мөлшерлеріне, қызмет аяларына, пайдалылығы мен зияндылығына байланысты тәуелсіз курделі жүйе болып табылады. Ол нарықтық ортамен өзара қарым-

катаңаста болады. Соның салдарынан кәсіпорын қызметінің барлық аспектілерін көрсете алатын жалғыз көрсеткішпен сипаттауға болмайды, яғни көрсеткіштер жүйесі қажет.

Ұтымды кәсіпкерлік шешімдерді іздеу үшін кәсіпкерлік жүйеде имитациялық (ұқсастыру) және сараптамалық модельдермен қатар оптимизациялық (оңтайландыру) модельдер де колданылады.

Шешім қабылдаудың оңтайландыру қағидасы басқару, жоспарлау, болжау теориясында, жоспарлы-жобалық, өндірістік, коммерциялық қызметте кеңінен таралған. Бірақ, оны пайдаланау әдетте қарапайым жеңілдетілген нысанды пайдалану арқылы немесе қолда бар нұсқаны таңдаумен байланысты.

Мұндай сипаттағы таңдау оңтайландыру шартына толық сәйкес емес. Ол оңтайландыру әдісінің шартына жауап береді, онда қарастырылатын нұскаулардың аясы шектеулі болады және ең жақсы нұска оның шегінен тыс болуы мүмкін.

Имитациялық және оптимизациялық модельдер арасында нақты айырмашылықтар бар: олардың барлығының мақсаты мүмкін болатын нұсқалардан ең ұтымдысын (оптимальдысын) таңдау болып табылады. Айырмашылық тек модельдері құрастыру негізіне байланысты (имитациялық модельдер үрдістің ағымы бойынша, ал оңтайландыру – талдау әдістерін пайдалануды қарастырады).

Оңтайландыру үрдісінің өзі барлық проблемалық-бағыттаушы модельдерге тән қасиетті жүзеге асыру кепілі екені белгілі. Оңтайландыру, бұл жағдайда, жүзеге асырылатын проблемалық-бағыттаушы модельдеудің мазмұны ретінде көрініс табады. Оның негізгі міндетті жүйелік білім беру алдындағы мақсаттарға қол жеткізуінің нақты жолдарын анықтаудың шешуші механизмі болып табылады.

Кәсіпкерлік қызметті модельдеу кезінде оңтайландырудың маңызы зор. Кәсіпкерліктің оңтайлы моделін таңдау алуан түрлі болатын факторлар мен оңтайландыру шартына байланысты үрдістер мен көріністерді зерттеуге, олардың үйлесімділігін камтамасыз стүге мүмкіндік береді.

Оңтайландырудың ерекшелігі модельдеудің вариантық нұскауларын анықтау үрдісінде танылады. *Варианттылық*

(вариантты әдіс, вариантты тәсіл) ұтымды шешімдер қабылдау үшін модельдің алдын ала жобаларын жасап шыгару үрдісі болып табылады. Басқаша сөзбен айтқанда, *вариантты әдіс* – бұл шешімдердің көптігіне байланысты нұсқаулардың ұтымды бірін таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ететін тәсіл.

Таңдау мүмкіндігі түбекейлі шешімдерді бағалау үшін түпкілікті түрде қажет. Мысалы, басқарушылық шешімді қабылдауда олардың бірнеше нұсқалары жасалынады, ал олардың ішінен шешім қабылдаушы өз нұсқасын таңдай алады.

Вариант түсінігі «*varians*» деген латын сөзінен тарапланған, ол өзгермелі дегенді білдіреді. Орыс тілінде вариант деп өзгеруді, бір нәрсенің түрін, сонымен қатар қандай да бір туындының, ресми құжаттың немесе оның бөлігінің бірнеше редакцияларын айтады.

Талдауды жүргізу тізбектілігі мен тәртібі кәсіпкерлік қызметтің ерекшеліктеріне, қойылған мақсат пен талданатын нақты материалға байланысты болады. Талдау жүргізудің белгілі бір тәртібі келесідей сипатта болады:

- ❖ талдау жүргізу жоспарын құрастыру;
- ❖ нақты материалға таңдау, тексеру және зерттеу жүргізу;
- ❖ нақты мәліметтерге талдау жасау;
- ❖ алынған нәтижелерді жинақтау;
- ❖ ұсыныстарды, тұжырымдарды жасап шыгару;
- ❖ шешімдерді қабылдау.

Бәсекелік артықшылықтарын көбейтуге және олардың көмегімен өзінің нарықтық позицияларын қамтамасыз етуге үмтүлательн кәсіпкерлік қызметтің мақсатты бағыттары ретінде, нәтижелі көрсеткіштердің кең жүйесі (сандық, сонымен қатар сапалық) қолданылады: сату көлемі мен табыстың өсімі, үлкен мақсатты сегментті иемдену, өндірілетін тауардың сипаттамаларын мақсатты нарық тұтынушыларына бейімдеу және т.б. Мұндай бағыттар оларға қол жеткізуінен ең үнемді тәсілдері ретінде қойылған міндеттер мен оларды шешу тәсілдеріне бейімделген, бағалау көрсеткіштерін негіздеу кезінде толық және жан-жақты сипаттауды талап етеді.

Бұл шаруашылық жүргізудің нарықтық нысандарына негізделген, Қазақстан экономикасының дамуындағы әлеуетті және нақты табыстар, көбінесе өндірісті басқару мен жоспарлаудагы әдістер мен жүйелерді, ұтымды пайдалану масштабтарына байланысты екенін көрсетеді. Сондықтан, қасіпкерлік қызметті жоспарлауды тек көрсеткіштер жүйесінің көмегімен ғана жүзеге асыруға болады.

Нарықтық қатынастар жағдайында шағын қасіпорындағы қасіпкерлік қызметтің нәтижелілігі қасіпорынның қолда бар және пайдаланылатын экономикалық әлеуетіне тікелей байланысты болады. Осыған байланысты, қасіпкерлік қызметті жоспарлау жүйесі фирмашілік жоспарлаудың көрсеткіштер жүйесі секілді, қасіпорынның қолда бар экономикалық әлеуетіне негізделуі керек. Ол өз кезегінде қасіпорынның еңбек, материалдық, қаржылық және басқа да ресурстар мөлшерімен, сонымен қатар табыс алу мен қызметтер көрсету аясында ресурстарды пайдалануға деген қызметкерлердің қабілеттерімен сипатталады.

Нәтижесінде, қасіпорынның экономикалық әлеуетін пайдалану тиімділігін талдау, оның өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мүмкіндерін анықтауға мүмкіндік береді. Өз кезегінде, көрсетілетін қызмет пен шыгарылатын тауарлардың сапасын арттыру, сонымен қатар ресурсты үнемдеу, сату қөлеміне және табыс (пайда) алуға әсер ететін тауардың бәсекеге қабілеттілігін тікелей анықтайды.

Касіпорынның экономикалық әлеуеті төмендегідей көрсеткіштер жүйесімен анықталуы мүмкін (19-кесте):

- материалдық ресурстардың саны және сапасымен, оларды ұтымды пайдалану мүмкіндіктерімен;
- қасіпорынның барлық ұжымының өнім өндіруге деген қабілетімен (яғни қызметкерлердің білімі, біліктілік, мотивациялық әлеуеті);
- қасіпорынның өндірістік куаттарын ұтымды пайдалану;
- қасіпорынның инновациялық мүмкіндіктерімен, атап айтқанда өндірісті жаңарту кезеңділігі мен технология ауысымымен және т.б.;

- акпаратты өңдеу мен талдау бойынша кәсіпорынның акпараттық мүмкіндіктермен;
- кәсіпорынның қаржылық мүмкіндіктерімен (несие қабілеттілігі, инвестициялық тартымдылық және т.б.).

19-кесте. Кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін бағалаудың көрсеткіштер жүйесі

№	Көрсеткіштер	Көрсеткіштер жүйесі
1	Кәсіпорынның сыртқы ортадағы жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер	<ul style="list-style-type: none"> ■ салыстырмалы экономикалық әлеует көрсеткіштері ■ өнімнің техникалық деңгейінің көрсеткіштері ■ сәйкестендірілетін сапалы сипаттамалар көрсеткіштері (сапа тиімділігі) ■ сыртқы қаржылық аспектілерді сипаттайтын көрсеткіштер (төлем қабілеттілік көрсеткіштері)
2	Кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметтің көрсеткіштері	<ul style="list-style-type: none"> ■ өнімді шығару, өткізу және бәсекеге қабілеттілік колемдерінің көрсеткіштері ■ материалдық ресурстарды пайдалану көрсеткіштері (материал сыйымдылығы, қалдықтарды азайту және т.б.) ■ техникалық, ұйымдастыруышылық және инновациялық даму көрсеткіштері (шығармашылық жетістіктер деңгейі, клиенттерге қызмет көрсету деңгейі, өнімді жаңарту көрсеткіші және т.б.) ■ персоналдың сандық және сапалық сипаттамаларының көрсеткіштері (жұмысшылар саны, кадрлар ағымдылығы және т.б.) ■ қаржылық көрсеткіштер ■ кәсіпкерлік тәуекелдерді бағалаулар
3	Тиімділік көрсеткіштері	<ul style="list-style-type: none"> ■ табыстылық көрсеткіштері ■ енбекті пайдалану тиімділігі ■ активтерді пайдалану тиімділігі
4	Жыныстық көрсеткіштер	<ul style="list-style-type: none"> ■ төлем қабілеттілік көрсеткіштері ■ табыстылық көрсеткіштері ■ кәсіпорынның іскерлік белсенделік көрсеткіштері.

Жоғарыда келтірілген көрсеткіштер жүйесі серпінді болумен қатар, сыртқы және ішкі орта талаптарына бейімделуі керек. Соған байланысты, көрсеткіштердің ұсынылған жүйесі нақты кәсіпорынның қызмет етуіне байланысты, оған кіретін элементтердің өзгеру мүмкіндігін қарастырады. Одан басқа, қолдану ерешелігіне байланысты жүйенің жеке элементтерінің іріленуі немесе бөлшектенуі де болуы мүмкін.

Кәсіпкерлік қызметті жоспарлау үшін ұсынылатын көрсеткіштер жүйесінің ерекшелігі ретінде, оның бәсеке жағдайындағы тұрақты дамуы ретінде – мақсатты бағытталуын айтуда болады. Ол кәсіпорын үшін сыртқы органды сипаттайтын көрсеткіштер жүйесін, сонымен қатар тиімділік көрсеткіштерінің кұрамын бөліп көрсетуді сипаттайды.

Сыртқы ортада кәсіпорынның жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер, ең алдымен, стратегиялық әсер етудің бағыттарын ары қарай жасап шығару (түзету) үшін, жетекші кәсіпорын, яғни бәсекелестердің қол жеткізген деңгейімен салыстыру және оның көрсеткіштеріне сәйкестендіру міндеттерін орындауга бағытталған.

Қазіргі жағдайларда шағын кәсіпорындарда, кәсіпорын табысын көбейту, өндіріс тиімділігін өсіру және шектеулі ресурстарды үнемдеуге қол жеткізу үшін шекті нәтижелердің мазмұны мен бағытталуы бойынша көрсеткіштер жүйесін қолдану керек.

12.2. Кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін бағалау қағидалары және әдістері

Кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін кешенді бағалаудың көрсеткіштерін біріктірудің алуан түрлі әдістері бар. Қебінесе жиі пайдаланатын интегралды көрсеткіш арқылы сарапшылар маңызды сипаттамалар беретін және шешім нұсқаларының салыстырмалы маңыздылық «индекстерін» анықтауға мүмкіндік беретін эвристикалық түргыдан құрылған «таразы», «салыстырмалы маңыздылық коэффициенттерін» сипаттайтын «салмақты» көрсеткіштер негізінде анықталады. Нәтижесінде, тиімділіктің өзгеруінің жалпы тенденциясын анықтауға мүмкіндік беретін рейтингтік бағага қол жеткізіледі.

Рейтингтік бағалау әдісін бір топтың, мысалы қаржылық топтың көрсеткіштерін интегралды әдіспен есептей отырып, пайдалануға болады. Бірақ, тиімділікті кешенді бағалау кезінде көрсеткіштер жүйесін жоғалтып алуға болмайды. Мұндай әдістердің бірі *Феликс-Риггс әдісінің* негізінде ұсынылған балдық әдіс болып табылады. Оның мәні келесіде даму бағытын бақылау үшін кәсіпорын тиімділіктің алуан түрлі бағыттарын бақылауда ұстауы керек. Эрбір көрсеткіш бойынша жоспарланатын жағдайга жақындау дәрежесі қандай да бір мақсатқа жету дәрежесі болып табылады. Қарастырылатын мерзім сараптамалық бағалаулар көмегімен, жеке көрсеткіштерді анықтау жолымен жиынтық қорыттынды индекске қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мұндай көрсеткіштердің құрамы да нақты кәсіпорын жағдайларына байланысты сараптамалық түрде анықталады.

Қызмет нәтижесі әрқашан да мақсатпен байланысты болғандықтан, экономикалық обьектінің ол үшін қолайлы жағдайға қол жеткізуге деген ұмтылысы оның мақсатты мінездүркүлкүн анықтайды. Мақсат, осылайша кәсіпкерлік қызметтің негіздерін қалыптастырады.

Тиімділік түсінігі қызметті жүзеге асырудың белгілі бір жағдайларында нәтижеге (мақсатқа қол жеткізу) жетуді сипаттайды. Кәсіпкер жұмысы тиімділігінің төмен деңгейі, тек қана рационалды емес шешімдер және іс-әрекеттермен ғана емес, сонымен қатар ұйымда мақсатты мәселелерге жеткілікті назар аударылмаған жағдайдағы, мақсаттың нақты анықталмауымен де түсіндіруі мүмкін. Мұнда жүйенің кейбір мақсаттары сәйкес болмай, қарама-қайшы сипатқа ие болуы да мүмкін. Мақсатты сапалы түрде қойған жағдайда, қарама-қайшылық салдарынан бірқатар жағдайларда төмен деңгейдегі мақсаттарды біріктіретін, жоғары тәртіптегі мақсаттарды құрастыру жолымен жойылуы мүмкін.

Казіргі маркетингтік концепцияга негізделетін кәсіпкерлікке әрқашан да мақсаттардың қолтігі тән. Ол ең алдымен, мақсатты үрдістің баламалығы бойынша танылады. Онда мақсаттардың көбісінің ішінен тиімділік қағидаларына сәйкес келетін тек біреуі ғана тандалынады. *Мақсаттардың қолтігі*

оның көпэлементті құрамымен танылуы мүмкін. Кәсіпкерлік қызмет өз аясында үш тетікті байланыстырады: *өндірістік, коммерциялық және қаржылық*.

Әдette, кәсіпкерлік құрылымның қызметін бағалау кезінде кез келген шаруашылық субъект қызметінің басты мақсатынан – *кәсіпорынның ұзақмерзімді (стратегиялық) тұрақтылығының қамтамасыз етуден шығатын критерийлер ескеріледі*, олар:

- оның бәсекеге қабілеттілігі (*B*);
- пайдалылығы (*P*);
- қаржылық тұрақтылығы (*K*). Оны үш өлшемді координат жүйесі арқылы сипаттауга болады:

$$\mathcal{E} = f(B, P, K)$$

Мақсатты қою кезінде, қарама-қайшылықтар туындайтын болса, басқарудың нарықтық тұжырымдамасы ретінде маркетинг қагидаларын жүзеге асыра отырып, кәсіпкердің нарықтық позицияларының тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін сипаттайтын мақсаттарға басымдылық беру керек.

Мұндай тәсіл маркетингтік концепцияға сәйкес пайданы максималдауға деген ұмтылысқа қарама-қайшы болмайды. Бірақ ұзақ мерзімді болашақта табысты қызмет ету үшін жағдайлар жасайды. Және де мұнда тиімділікті бағалау стратегиялық басымдылықтарды ескере отырып жүргізіледі. *Негізінде кәсіпкерлік төмендегі көрсетілген жағдайларға бағытталған кезде тиімді бола алады:*

- бәсекеге қабілетті өнімді өндіруге;
- өнімнің касиеттері мен сапалық сипаттамаларын үздіксіз жақсарту үрдісіне.

Отандық кәсіпкерлер үшін өнімнің сапасын жақсарту мәселесі өте өзекті. Ол *кәсіпкерлік құрылымның өз бетінше жұмыс істейтін, шаруашылық субъект ретінде қызмет етуіне тек қана сыртқы гана емес, сонымен қатар ішкі орта да әсер ететін ашиқ әлеуметтік-экономикалық жүйе ретінде сипатталынады*.

Зерттеу мәліметтері көрсеткендей, *кәсіпкер жұмысының тиімділігін бағалау кезінде келесідей қагидаларды үстану қажет*:

- ❖ тиімділік көрсеткіштерін серпінділік тұрғысынан талдау;
- ❖ көрсеткіштерді орташа салалық, сонымен қатар тікелей бәсекелестердің үқсас көрсеткіштерімен салыстыру;
- ❖ кәсіпкерлік құрылымды басқару тиімділігін кешенде түрде бағалау;
- ❖ жеке көрсеткіштер арасында себепті-салдарлық және функционалдық байланыстарды ашып көрсететін нәтижелерді сараптамалық бағалау;
- ❖ тиімділікті бағалау модельдерінің стратегиялық бағытталуы мен олардағы кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің өзгеруін есепке алу.

Тиімділікті бағалаудың көптеген әдістері мен процедуralары бар. Бірақ, олардың барлығы жоғарыда келтірілген қагидалардың жүзеге асырмайды. Көп жағдайларда алуан түрлі үйымдардың үқсас қызметтеріне салыстырмалы бағалау жүргізіледі және ол атап айтқанда, маркетингтік және бенчмаркингтік жүйелердің аясы бойынша жүргізіледі.

Интегралды түрде кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін кәсіпорынмен алынған пайда мен рентабельділік бойынша бағалаған жөн. Бірақ, пайданың қандай фактордың есебінен алынғандығы, оның үйымның болашағына қалай әсер ететіндігі бүл талдауда қарастырылмайды.

Кәсіпкер қызметтің тиімділігін бағалаудың қазіргі қагидаларын толығымен жүзеге асыру үшін критерий ретінде кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі өсімін пайдалана ұсынылады. Ол пайданы алуудың негізі болып табылады. Өйткені бәсекеге қабілеттіліктің төмендеуі өнім откізу нарығын жоғалтуға экеледі.

Қызмет тиімділігінің деңгейі қойылған мақсаттарға байланысты. Сондықтан да тиімділік моделін нақты кәсіпкерлік құрылым басымдылығының бағытына байланысты – үзак уақыт қызмет ету ме, әлде жоғары пайдаға қол жеткізу ме соған байланысты қою керек. Егер де біріншісі болса, онда үйымның бәсекеге қабілеттілігі өсіміне экелетін кәсіпкерлік қызметті тиімді деп санау қажет. Және де мұнда шектеу ретінде теріс емес пайда немесе теріс емес шекті табыс (жеке мәмілелер бойын-

ша) функциясы болуы қажет. t -*I* мерзімінен t мерзіміне дейінгі кәсіпкер жұмысының тиімділігі, t -*I* мерзімінің басына және t мерзімінің аяғына дейінгі бәсекеге қабілеттілік деңгейлерінің арақатынасына байланысты бағаланады:

$$\mathcal{E} = \text{КСП}_t - \text{КСП}_{t-1},$$

$$\text{мұнда } \sum_{i=0}^t \Pi(MD)_i \geq 0, \quad (1)$$

Егер өткен талдау мерзімдері бірнеше болса, онда мерзім басын «0» индексі деп белгілең, біз төмендегідей формула аламыз:

$$\mathcal{E} = \text{КСП}_t - \text{КСП}_0,$$

$$\text{мұнда } \sum_{i=0}^t \Pi(MD)_i \geq 0, \quad (2)$$

Егер басымдылық жоғары пайдаға берілсе, онда $t-1$ мерзімінен t мерзіміне дейінгі кәсіпкер жұмысының тиімділігі, осы мерзімде алынған пайда шамасы бойынша бағаланады:

$$\mathcal{E} = \sum_{i=0}^t \Pi_i$$

$$\text{мұнда } \text{КСП}_t - \text{КСП}_{t-1} \geq 0 \quad (3)$$

Егер өткен талдау мерзімдері бірнеше болса, онда мерзім басын «0» индексі деп белгілең, біз келесі жағдайдың көрінісін байқаймыз:

$$\mathcal{E} = \sum_{i=0}^t \Pi_i$$

$$\text{мұнда } \text{КСП}_t - \text{КСП}_0 \geq 0 \quad (4)$$

Кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін бағалау барасында жалпы (баланстық) пайданы пайдалануға болады. Бірақ, кәсіпкер қызметтің накты нәтижесі, оның салықтарды төлегеннен кейінгі пайдасы, яғни таза пайда нақты түрде көрсетіледі.

Кәсіпкерлік қызметтің негізгі нәтижесі ретінде *пайданы қалыптастыру мен талдау моделі* ұсынылады. Онда шығындардың күралуы өнімнің өмірлік циклінің сатысына

байланысты болады. Бұл жағдайда пайданы есептеу кезінде келесілерді ескеру қажет:

- жаңадан қалыптасып келе жатқан нарық бойынша (енгізу сатысында) тек тікелей шығындарды ескеру;
- тез дамып келе жатқан нарық бойынша (өсу сатысында) есептеу кезінде толық шығындар мен несие бойынша пайыздарды төлеуді ескеру;
- толу және кемелдену сатысында толық шығындарды ескеру;
- томендеу сатысында тек тікелей шығындарды ескеру қажет.

Осылайша, пайданың жалпы сомасы, өнімнің омірлік циклінің әр түрлі сатылары бойынша пайда болған сомасы ретінде анықталады. Кәсіпкерлік қызмет нәтижесінің өнімнің өмірлік циклінің сатысына тәуелділігін ескерсек, кәсіпкерлік қызметтен пайда табу моделі келесідей түрде сипатталуы мүмкін:

$$\begin{aligned} PP = \sum_{i=1}^6 (I - H_{ci}) &= \left(\sum_{j=1}^k (u_j - s^{np}_j) * P_j + \sum_{l=1}^m (u_l - s_l) * P_l - \right. \\ &\quad \left. - K_p * I_{kp} + \sum_{d=1}^n (u_d - s_d) * P_d + \sum_{f=1}^r (u_f - s^{np}_f) * P_f \right) (I - H_{cm}), \end{aligned}$$

мұндағы: j – енгізу сатысындағы өнім түрі;

k – енгізу сатысындағы өнім түрлерінің саны;

u_j – j – түріндегі өнім бірлігінің бағасы;

s^{np}_j – j – түріндегі өнім бірлігіне жұмсалатын тікелей шығындар;

P_j – j – түріндегі өнімді өткізу көлемі;

I – өсу сатысындағы өнім түрі;

m – өсу сатысындағы өнім түрлерінің саны;

u_l – l – түріндегі өнім бірлігінің бағасы;

s_l – l – түріндегі өнім бірлігіне жұмсалатын толық шығындар;

P_l – l – түріндегі өнімді өткізу көлемі;

K_p – өндірісті дамытуға алынған несие сомасы;

I_{kp} – есеп айрысу кезіндегі несие бойынша пайыздық ставка;

d – нарықтың толуы мен кемелденуі сатысындағы өнім түрі;

n – нарықтың толуы мен кемелденуі сатысындағы өнім түрлерінің саны;

ц_d – d – түріндегі өнім бірлігінің бағасы;

s_d – d – түріндегі өнім бірлігіне жұмсалған толық шығындар;

P_d – d – түріндегі өнімді өткізу көлемі;

f – төмендеу сатысындағы өнім түрі;

г – төмендеу сатысындағы өнім түрлерінің саны

ц_f – f – түріндегі өнім бірлігінің бағасы;

s^{np}_f – f – түріндегі өнім бірлігіне жұмсалған тікелей шығындар;

P_f – f – түріндегі өнімді өткізу көлемі.



Өзін-өзі бақылауга арналған сұрақтар

1. Кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін бағалауга деген варианты тәсілдің мәні неде?
2. «Тиімді» және «тиімділік» түсініктерінің ерекшеліктері неде?
3. «Нәтижес» және «мақсат» түсініктерінің байланысы неде?
4. Кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін бағалаудың негізгі қадарын атап оттіңіз.
5. Өнімнің өмірлік циклінің сатыларын сипаттап беріңіз.
6. Кәсіпорын имиджінің көрсеткіші немен сипатталады?
7. Кәсіпкерлік қызмет көрсету концепциясы деп нені айтады?
8. «Бенчмаркинг» түсінігіне сипаттама беріңіз.
9. Кәсіпкерліктің тиімділігін бақылау жүйесін сипаттап беріңіз.
10. Кәсіпорының ондірістік-шаруашылық қызметті қандай көрсеткіштермен сипатталады?



КӘСІПКЕРЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

13.1. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың мәні және қажеттілігі

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті дамытуды мемлекеттік тұрғыдан қолдауға ерекше көңіл бөлініп келеді. Бұл тұрғыдан алғанда мемлекет тарапынан қабылданатын іс-шаралардың негізгі мақсаты кәсіпкерліктің дамуы үшін құқықтық және экономикалық жағдайларды қалыптастыру, кәсіпорындардың тұрақты дамуы мен қызмет жасауына қолайлы әріптестік қатынастарды орнату, бәсекелік органды қорғау, қабылданатын экономикалық шешімдердің кәсіпкерліктің дамуына ықпал жасау тұрғысынан жүргізуін қадағалау т.б.

Мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары, нысандары, масштабтары республикадағы кәсіпкерліктің даму аясында пайда болатын экономикалық және әлеуметтік мәселелердің сипаты мен өзектілігімен анықталады.

Қазақстандағы кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуы оны қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламаларында қарастырылған. Алғаш рет бұл мәселелер 1990 жылдың қабылданған Қазақстан Республикасының «Қазак КСР-дағы шаруашылық қызметтің еркіндігі мен кәсіпкерліктің дамуы туралы» Заңында көрініс тапты. 1992 жылдың кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде пайда болатын мәселелерді шешу мақсатында «Кәсіпкерлікті қорғау мен қолдау туралы» Заң қабылданды. 1992-2010 жж., 1992-1994 жж., 1994-1996 жж., 1996-1998 жж., 1999-2000 жж., 2001-2003 жж., 2004-2006 жж., 2007-2009 жж. және т.б. жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мен дамыту бағдарламалары мен іс-шаралар жүйесі жүзеге асырылды.

Мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қалыптастыру мен дамытудағы іс-шаралар негізінде келесідей жағымды өзгерістерді атауға болады:

- несиелер алу үшін женілдік беретін жағдайлар жасау;
- екінші деңгейдегі барлық банктермен шағын кәсіпкерлік субъектілерін несиелендірудің минималды мөлшерін орнату (банктің негізгі қарызынан 10% төмен емес деңгейде);
- өндірістік объектілер мен аландарды, кеңсе орындағын сатып алуша оның құнын белгілі бір уақыт аралығында боліп төлеу, сонымен қатар оларды жалға беру немесе сенімді басқаруга беру бойынша заңнамалық жеңілдіктер беру;
- қызмет түрлерін анықтау, атап айтқанда импортты алмастыратын халық тұтынатын тауарларды өндіретін кәсіпорындарды құру мен жұмыс істеп тұргандарын дамыту және агроенеркәсіптік кешен өнімдерін терендесіп өндіреу бойынша өндірістік жүйені дамыту;
- жеке кәсіпкерлер мен жеке кәсіпорындарды құру және тіркеу. Сонымен қатар екінші деңгейлі банктерде олардың шоғын ашу процедуralарын женілдету;
- бақылаушы және инспекциялық мемлекеттік органдар санын және олармен көрсетілетін ақылы қызметтер санын кыскарту.

«Қазақстан-2030» Стратегиясы, «Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасында», «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасында Қазақстанның экономикасын дамытудағы кәсіпкерлік аяны ары қарай қүштейтудің негізгі бағыттары анықталған. Бұл тұрғыда басты мақсат – индустриялық-инновациялық және технологиялық даму негізінде үлттық экономиканы әртараптандыруды жүзеге асыруға жетекші рөл берілген. Сондықтан да Қазақстанның үлттық экономикасының құрылымдық аясын жаксарту, салааралық және аймақтық деңгейде кәсіпкерлік атқаратын қызмет аясын кенейту мақсаттары белгіленген.

Кәсіпкерлікті дамыту басымдықтары жүргізілетін құрылымдық, өнеркәсіптік және сыртқы экономикалық саясаттарға сай болуы керек және олар аймақтық саясаттың негізгі бағыттарымен байланыстырыла отырып жүргізіледі. Жүргізілетін үрдістердің тұрақты болуын ескере отырып, кәсіпкерлікті дамыту үшін оның қызмет етуінің ең тиімді салааралық және аймақтық деңгейде кәсіпкерлік атқаратын қызмет аясын кенейту мақсаттары белгіленген. Оларға мыналар жатады:

- жергілікті өндірістік және өзіндік нарықтық жүйесі бар салалар;
- өнімнің көп ассортиментін шығару мен өзгермелі сұранысқа бағытталған салалар;
- монополиялық үстемдігі жоқ салалар, яғни өнім номенклатурасы тұрақсыз болатын және технологиялары жетілмеген, даму сатысындағы салалар.

Кәсіпкерліктің дамуына, кәсіпорындардың қуатты, экономикалық құрылымдардың өндірістік желілеріне интеграциялық кіргізу септігін тигізеді. Бұл жағдайда мәселені шешуде, ерекше рөлді қаржы-өндірістік топтар атқара алады. Мұндай интеграцияның үйымдастырушылық нысандары алуан түрлі: лизинг, франчайзинг, белгілі бір қаржылық кепілдер бойынша қосалқы болшектерді тасымалдауға деген ұзакмерзімді контрактілер; сенімгерлік операциялар; несиелік міндеттемелер (қарыздар) мен төлемдерді және т.б. қосқандығы өзара талаптарды есепке алудың вексельді және басқа да нысандары. Өнеркәсіптік кәсіпорынды үйымдастырудың мұндай нұсқасының артықшылығы болып кәсіпкерлік үшін кепілдендірілген өткізу нарықтарын, әсіресе қаржы өндірістік топтардың экспорттық нарыққа қарқынды түрде шыққандығы болып табылады.

Қаржы-өндірістік топтар бір құрылымда экономикалық қызметтің бірнеше деңгейлерінің бірқатар объектілері мен субъектілерін біріктіреді. Ол үдайы өндірісті, қаржылық, өндірістік және тауарлық капиталдардың айналымын, олардың жинақталуын, шоғырлануы мен жалпы ел экономикасы мен өнеркәсіптік сектордың басым бағыттарын түрде инвестициялауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың жоғарыда аталған нысандарын пайдалана отырып, кәсіпорындардың қызметтіне мемлекеттің әсер етуі (тікелей және жанама) мен мемлекеттік әсер етудің (үйымдастырушылық-құрылымдық, қаржы-салықтық және мұліктік) функционалдық бағыттарына қарай топтастырылған біртұтас жүйені ұсынуға болады.

Кәсіпорындарды қолдаудың тікелей нысандары келесі критерийлер бойынша бөлінуі керек: шағын кәсіпкерліктің дамуы үшін жалпы жағдайларды қамтамасыз ететін инфрақұрылым

элементтері мен басқа да шаруашылық субъектілердің қатысуының тікелей болуы. Мысалы, шағын кәсіпорындарға тікелей салықтық жеңілдік беру Олардың болашактағы инвестициялық жобаларын жеңілдікпен қаржыландыру үшін бюджеттен қаражаттың бөлінуі, шағын кәсіпорындарға тегін пайдалануға немесе жеңілдікпен жалға алуға мемлекеттік аландарды ұсыну және т.б.

Кәсіпорындарды мемлекеттік қолдаудың қосымша нысандарын жанама түрде – ірі және орташа өнеркәсіптік компанияларды, банктерді, сақтандыру фирмаларын, қоғамдық (сауда-өнеркәсіптік палаталар, кәсіподактар және т.б.) және халықаралық ұйымдарды ынталандыру арқылы жүргізу қажет. Сонымен қатар кәсіпкерлікті дамытудың жалпы жағдайларын (оку орталықтары, бизнес-инкубаторлар, технопарктар, лизингтік, консалтингтік және аудиторлық фирмалар және т.б.) қамтамасыз ететін шағын кәсіпкерлік инфрақұрылым элементтерін іске қосу арқылы да жүзеге асырылады. Сонымен қатар, кәсіпкерліктің дамуының жогары деңгейін сыйакылау ретінде, аймактар мен жергілікті өкілдік органдарына субвенциялар мен дотацияларды бөлу ретіндегі мемлекеттік қолдау нысандарын да жатқызуға болады.

Ірі кәсіпорындарға тапсырыстар беру, ал олардың өз кезегінде шағын кәсіпкерлік нысандарға тапсырыстың белгілі бір мөлшерін орналастыруы жанама көмектің мысалы болып табылады.

Аталған топтастыру, кәсіпкерлікті қолдаудың жалпы мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларының міндеттерін шешу тетіктерін таңдау кезінде қолданылуы мүмкін.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың нысандарын біріктіретін жоғарыда аталған топтарды құрамдастыру, кәсіпорындардың қызметін жоспарлауға билік органдарының әсер стуїнің көптеген нысандарын тәжірибелік тұрғыдан синтездеу мен терең турде талдауды қажет ететін міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

13.2. Кәсіпкерлік инфрақұрылымы

Экономикалық қатынастарды ұтымды түрде дамытудың қажетті шарттарының бірі нарыққа бейімделген инфрақұрылымды қалыптастыру болып табылады.

Кәсіпкерлік қызметтің инфрақұрылымдың қамтамасыз ету түсінігінің қураушылары:

- ❖ өндірістік инфрақұрылым;
- ❖ әлеуметтік инфрақұрылым;
- ❖ институционалдық инфрақұрылым;
- ❖ ақпараттық инфрақұрылым;
- ❖ экологиялық инфрақұрылым (36-сурет).




36-сурет. Кәсіпкерлік қызметтің инфрақұрылымдың жүйесін қамтамасыз ету түсінігі блок-схемасы

Инфракүрылымды дұрыс басқаруга кәсіпорын немесе үйм жұмысының жалпы табысы, жалпы өнеркәсіптік шығындардағы инфракүрылымға деген шығындардың үлес салмағы, инженерлік жүйелер мен құрал-жабдықтың жағдайы, оларға қызмет көрсетуге жүмсалған шығындар, инфракүрылымды жақсарту үшін арнаулы қордың болуына байланысты болады. Кәсіпкерлік, жүйе құраушы рөлді атқара отырып, барлық экономикалық күрылымға, салааралық, салалық және аймақтық кешендерге өз әсерін тигізеді.


Кәсіпкерлік инфракүрылым экономикалық жүйеде ерекше рөл атқарады. Өйткені ол тарихи және логикалық тұрғыдан сибек үрдісінің функцияларын негізгі және қосалқы деп бөлу барысында пайда болып, ал ары қарай инфракүрылымдың салалардың пайда болуына тікелей әсер етеді.

Кәсіпкерлік қызметті жүйелеу нәтижесінде, әр түрлі әдістемелік тәсілдерді пайдалана отырып, оларды бірегей күрылымдың сыйбага жинақтауға болады (37-сурет). Бұл жағдай кәсіпкерлік қызметтің теориялық, әдістемелік негіздерін ескере отырып, оны қалыптастыру мен дамытуға мүмкіндік береді.



37-сурет. Кәсіпкерлік инфракүрылымның қагидалары мен тәсілдерінің күрылымдық сыйбасы

Кәсіпкерлік инфрақұрылымды зерделеу оның инфрақұрылымын қамтамасыз етуде үлттық және аймақтық ерекшеліктерді ескеріп, қажетті іс-шараларды жүргізуге, күралжабдықтарды жасап шығаруға мүмкіндік береді. Өз кезегінде ол аймақтың, қаланың, ауданның, әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен әсер етеді (38-сурет).



38-сурет. Кәсіпкерлік қызметті инфрақұрылым жүйесімен қамтамасыз ету негіздері

Кәсіпкерлік қызметтің қолдаудың тиімді шешімдерінің бірі мемлекеттің, аймақтың және жергілікті жердің өзін-өзі билеу органдарының кәсіпкерлік инфрақұрылымын құруға және дамытуға белсене араласуы болып табылады. Өз кезегінде бұл үрдіс жергілікті, аймақтық және ұлттық экономиканың тиімділігін арттыруға әсер етеді (39-сурет).




39-сурет. Мемлекеттің кәсіпкерліктің дамуына әсері

Кәсіпкерліктің тиімді қызмет етуі тек оның ғана емес, сонымен қатар ол қарым-қатынас жасайтын басқа да үйлемдардың өзара үйлесімді дамуына байланысты. Олардың өзара байланысы нарықтық инфрақұрылым арналары мен элементтері арқылы қамтамасыз етіледі. Демек, әлеуметтік және экономикалық қатынастардың үйлесуіне бағытталған қоғамдағы сапалық өзгерістер біршамадәрежеде нарықтық инфрақұрылымның дамуына байланысты болады. Сондықтан барлық инфрақұрылымдың кешен мен оның құраушыларының қалыптасуының ішкі байланыстарын, дамуына әсер ететін факторларын жүйелі түрде зерттеуді қажет етеді.

Кәсіпкерлік инфрақұрылымы оны қалыптастыратын жиынтық элементтерімен бірге отырып, нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында шаруашылық жүргізу субъектілердің қызметі мен сыртқы органың әсер етуінің алуантүрлілігін ескере отырып, бизнестің өсіп бара жатқан

транзакциялық шығындарын азайтудың пәрменді механизмін пайдалану қажет.

Осы түргыдан алғанда, шағын және орта кәсіпкерліктің қалыптасуына әсер ететін жүйелік қураушы факторлар оның қызметінің сыртқы және ішкі ортасының жиынтығымен аныкталады (40-сурет).



40-сурет. Шағын және орта кәсіпкерліктің сыртқы және ішкі ортасының базалық элементтері

Шағын және орта кәсіпкерлік аясындағы мемлекеттік саясатты жасау мен жүзеге асыру тізбегін накты түрде пайдаланған кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың толыққанды, көпденгейлі инфрақұрылымының қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етеді.

13.3. Кәсіпкерлік қызмет инфрақұрылымының институттары. Шағын бизнес орталықтарының құрылуы мен қалыптасуы

Кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымы жеңе кәсіпкерлік қызметті құрудың, қызмет етуі мен дамуының қолайлы жағдайларын қамтамасыз ететін үйымдар кешенін сипаттайды.

Қазақстан Республикасында мұндағы үйымдарга мыналарды жатқызуға болады:

- мемлекеттік үйымдар және мемлекеттің қолдауымен құрылған үйымдар;
- үкіметтік емес үйымдар;
- халықаралық және шетелдік үйымдар;
- коммерциялық үйымдар.

Функционалдық бағытталуына байланысты инфрақұрылым институттарының құрылымы келесідей түрде болады:

- кәсіпкерліктің қалыптасуы, қызмет етуі мен даму кезеңдерінде мемлекет тарапынан қолдау көрсету;
- жаржылық қолдау;
- акпараттық-талдаушылық қолдау;
- білім беру мен кадрлардың біліктілігін арттыру аясындағы қолдау;
- материалдық-техникалық қолдау.

Үйымдық және функционалдық құрылымдарды сәйкестендіру Қазақстандағы кәсіпкерліктің даму үрдісіндегі институттардың оған қатысу деңгейінің матрицасын құрастыруға мүмкіндік береді (20-кесте).

20-кесте. Қазақстандағы кәсіпкерліктің даму үрдісіндегі инфрақұрылым институттарының қатысу матрицасы

Инфрақұрылым үйымдары	Функциялары				
	Мемлекеттік қолдау мен көмек көрсету	Жаржылық қолдау	Акпараттық- талдаушылық қолдау	Білім беру аясындағы қолдау	Материалдық- техникалық қолдау
Мемлекеттік басқару органдары	Ж	Ж	Ж	Ж	Ж
Халықаралық және шетелдік үйымдар		Қ	Қ	Қ	
Үкіметтік емес үйымдар			Қ	Қ	
Коммерциялық үйымдар	Қ	Қ	Қ		
Ескерту: Ж – жауапты тұлға, ол үрдістің етуі мен шекті нәтижесіне жауап береді					
Қ – үрдісті өткізуге қатысады					

20-кестенің мәліметтеріне жүгінсек мемлекеттік басқару органдарына жоғарыда аталған бағыттар бойынша кәсіпкерлікке септігін тигізу саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыру бойынша құқықтар мен құзыреттілік берілген. Мемлекет олардың сапалы түрде өтуі мен алынған нәтиже үшін жауапты болады.

Кәсіпкерлікті дамытуға септігін тигізетін барлық ұйымдардың қызметіне әсер ететін факторларға байланысты олардың өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Кәсіпкерлерге қатысты шешімдер қабылданған жағдайда, біреулерге мотивация ретінде коммерциялық мақсат басым болса, ал басқа жағдайда басшылық тарапынан өз қажеттіліктерін қанагаттандыруға деген мүдде көбірек әсер етуі мүмкін.

Мемлекеттік ұйымдар мен мемлекет бастамасымен құрылған ұйымдар

Кәсіпкерліктің дамуы үшін жауапты және саясатты жүзеге асыратын жоғары мемлекеттік орган – *Қазақстан Республикасының Индустрія және әсау технологиялар министрлігі* (ИЖТМ). Министрлік орталық атқарушы органға жатады және ел Президенті мен Үкіметке есеп береді. Мемлекеттік органдардың құзыреттерін тарату сызбасы 41-суретте келтірілген.

Ұйымдық құрылым ретінде ИЖТМ-нің құрамына *Кәсіпкерлікті дамыту департаменті* кіреді. Ол кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау аясындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен нормативтік-құқықтық реттеу бағыттары бойынша функцияларды жүзеге асырады.


Құжаттарда көрсетілгендей, департамент қызметін реттейтін оның негізгі міндеттері болып мыналар табылады:

- кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау аясындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру;
- кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасау;
- инвестицияларды тарту бойынша шараларды жасап шыгару.

Департамент құзыреттілігіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың қызметін қадағалау.

Аталған функциялардан басқа, Департамент сонымен қатар кәсіпкерліктің дамуына бөгет жасайтын шенеуніктердің

қарама-қайшы іс-әрекеттеріне деген кәсіпкерлердің өтініштерін қарастырып, олар бойынша қажетті шараларды жүзеге асыруға міндetti.



Республикадағы кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік құрылымының келесі деңгейі Алматы және Астана қалалары мен облыстары Әкімдерінің аппараты аясында жергілікті атқарушы органдар болып табылады. Кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау аясындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін әкімшіліктер жанынан *Кәсіпкерлік бөліміне* кіретін *Кәсіпкерлік пен өнеркәсіп департаменттері* (Басқармалары) құрылған.

Облыстық *Кәсіпкерлік пен өнеркәсіп департаменті* (Алматы мен Астана қалаларынің сияқты) өз құзыреттілігі шегінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауды жүзеге асыра алады.

Қойылған міндетті жүзеге асыру үшін Департаментке мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бойынша келесідей функциялар мен құқықтар берілген:

- кәсіпкерлік аясындағы бірегей мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыру;
- мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының қызметін қадагалау;
- қоғамдық бірлестіктермен және басқа да мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдармен өзара әрекеттесу;
- белгіленген тәртіп бойынша хаттарды, өтініштерді, ұсыныстарды және тұлғалардың жеке ұсыныстарын қарастыру.

Кәсіпкерлік жүйесіндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыру тұргысындағы іс-әрекеттер, құрамында кәсіпкерлік мәселелерімен айналысуға міндетті Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі мен Экономика мен қаржы бөлімі бар, республиканың аудандары мен қалалары Әкімшілігінің аппаратымен белгіленген аумақтық атқарушы органдар болып табылады. Аумақтық атқарушы органдарға қабылданған мемлекеттік саясатты тікелей жүзеге асыру және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын жоспарларды, бағдарламаларды жүзеге асыру функциялары жүктелген.

Осылайша, атқарушы мемлекеттік органдар мемлекет пен кәсіпкерліктің өзара қарым-қатынастарын реттеу аясында үкімет тарапынан белгіленген кәсіпкерлік саясатты жүзеге асырудың негізгі субъектісі болып табылады.

Кәсіпкерлік органдарының бастамаларын жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау және Үкімет тарарапынан қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында, жергілікті органдарда әкім аппараттары жанынан *Кәсіпкерлік істер жөніндегі комиссиясын* құру арқылы кәсіпкерлермен «көрі байланыс» жүйесі жұмыс істеуде. Оның негізгі функцияларына мыналар кіреді:

- шағын және орта бизнестің дамуына бөгет болатын мәселелерді зерттеу;
- атқарушы органдардың жергілікті және аумақтық органдар үшін ұсыныстар жасау.

Мұндай «көрі байланыс» жүйесін ұйымдастыру үшін кәсіпкерлермен орталық атқарушы органдар деңгейінде *Қазақстан Республикасы Президенті жанынан құрылған Кәсіпкерлер кеңесі* бар. *Кеңестің негізгі міндеттері* болып мыналар табылады:

- кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуға бағытталған ұсыныстарды жасап шыгару;
- нарықтық экономиканың дамуын ынталандыратын жағдайларды қарастыру;
- Қазақстан Республикасында жұмыс жасайтын іскерлік оргалықтарды, кәсіпкерлік ассоциациялар мен одақтарды құру;
- кәсіпкерлік жұмыс аясындағы маңызды мемлекеттік мәселелерді шешу үшін ұсыныстарды дайындау.

Қазақстан Республикасы Президенті жанынан құрылған Кәсіпкерлер кеңесі кәсіпкерлікті одан әрі дамыту мен кәсіпкерлікті дамыту жолындағы кездесетін кедергілерді жүйелі түрде жою мақсатында Президентке, Үкімет пен Парламентке нақты ұсыныстарды дайындауды. Сонымен қатар, бұл Кеңес кәсіпкерлік істер бойынша ассоциациялардан, кәсіпкерлерден түсетін акпаратты өндіре және жинактау жұмыстарымен де айналысады.

Кәсіпкерлікті мемлекет тарарапынан қолдау мақсатында оларды материалдық-техникалық және ақпараттық-талдаушылық, қаржылық түргыдан қамтамасыз ету бағыттары бойынша жұмыстар жүргізеді. Қолдаудың бұл түрлері жергілікті және аумақтық деңгейлерде қабылданатын алуан түрлі бағдарламаларды жүзеге асырумен, сонымен қатар, мемлекеттік

капиталдың қатысусымен құрылған арнайы үйымдар көмегімен, мемлекеттік атқарушы органдармен іске асырылады.

Жоғарыда аталған функцияларды орындастырып үйымдарға келесідей мемлекеттік компаниялар жатады (21-кесте).

21-кесте. Кәсіпкерліктің қолдау инфрақұрылымының даму институттары

Кұрылу мақсаты	Орталықтың негізгі функциялары
1. «Инжинириング және технологиялар трансферті» АҚ Орталықтың негізгі мақсаты жаңа технологиялар трансфертің үйымдастыру. Сонымен қатар республикадағы инновациялық қызметті белсендендіру жолымен Қазақстан экономикасының нақты секторы салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттырады	<ul style="list-style-type: none">инжинирингтік қызметтерді көрсету;алдыңғы қатарлы шетелдік технологиялар, сонымен қатар басқа да инновациялық онімдер трансферті және оларды Қазақстанға енгізу;технологиялар трансферті көзінде кенес берушілік, ақпараттық, заңдық және басқа да қызметтерді көрсету;технологиялардың сыртқы және ішкі нарықтарының маркетингі және аталған аядагы дамудың әлемдік тенденцияларын талдау.
2. «Маркетингтік-талдау зерттеулерінің орталығы» АҚ Мемлекеттік саясатты қалыптастыру, оның ішінде кәсіпкерлікті дамыту бойынша да Үкіметке ақпараттық-талдаушылық көмек көрсетеді	<ul style="list-style-type: none">дамудың негізгі тенденцияларын анықтау мен әлемдік экономикадағы Қазақстанның бәсекелік артықшылықтарын анықтау мақсатында отандық және халықаралық нарықтарды, экономика салалары мен секторларын, алуан түрлі өндірістерді талдау;

- болашақтағы бәсекеге қабиеттілікке, жүзеге асырылуына және инвестициялық жобалардың пайдалылығына талдау жасау;
- Қазақстан Республикасындағы іскерлік климат пен экономикалық конъюнктураны талдау.

3. «Шагын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ

Несиelerді ұсыну арқылы шағын және орта кәсіпкерлікке қаржылық қолдауды жүзеге асырады

- шагын кәсіпкерлікті қаржылық қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын жасауға және жүзеге асыруға қатысу;
- шагын кәсіпкерлік субъектілерін мақсатты несиелеу;
- екінші деңгейлі банктерден шагын кәсіпкерлік субъектілерінің несие алуы үшін кепілдер ұсыну;
- несиелеу бағдарламаларына қатысу.

4. «Үлттыхық инновациялық қор» АҚ

Инвестицияларды тарту мен жобаларды қаржыландыру жолымен инновациялық кәсіпкерлік бастамаларды қаржылық қолдауды жүзеге асырады

- инвестицияларды тарту мен инновациялық жобаларды қаржыландыру;
- жоғары технологияны және гылымды қажетсінетін өнімді өткізудің перспективті нарықтарына конъюнктуралық және маркетингтік зерттеулер жүргізу;

- колданбалы ғылыми зерттеулерді және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру;
- сыртқы нарықтарға отандық инновациялық өнімдерді жылжыту;
- инновациялық жобалар бойынша мәліметтердің ақпараттық кор күру, перспективті жобалар туралы жеке инвесторларды ақпараттандыру;
- технопарктарді, бизнес-инкубаторлар мен инновациялық инфрақұрылымның басқа да элементтерін күруга қатысу.

5. «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ

Қазіргі заманғы және алдыңғы қатарлы технологияларды қолданатын, шикізат пен материалдарды терендетілген өндеуді жүзеге асыратын кәсіпорындардың жарғылық капиталына қосымша инвестиция салу жоғымен қаржылық қолдау

- қазіргі заманғы және алдыңғы қатарлы технологияларды қолданатын, шикізат пен материалдарды терендетілген өндеуді жүзеге асыратын кәсіпорындардың жарғылық капиталына қосымша инвестиция салу;
- ҚР корпоративтік бағалы қазадар нарығының дамуын ынталандыру;
- отандық және шетелдік кәсіпорындар арасындағы өндірістік кооперацияға септігін тигізу;
- шет елдегі қазақтандық кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігінің артуына септігін тигізу.

6. «Қазақстанның даму банкі» АҚ

Каржылық қолдау	<ul style="list-style-type: none"> • мемлекеттік инвестиациялық қызметті жетілдіру мен тиімділігін арттыру; • өндірістік инфрақұрылым мен өңдеуші өнеркәсіпті дамыту; • ел экономикасына инвестиацияларды тартуға септігін тигізу.
Технопарктар – ЖОО-ның ғылыми әлеуетін пайдалану мен технопарктар аумағында шағын инновациялық кәсіпорындарды құру мен дамыту арқылы, жасап шығарылған технологияларды коммерцияландыру мақсатында, негізінен ғылыми-зерттеу институттары немесе жоғары оку орындарының мекемелері негізінде құрылатын құрылымдар.	
Мақсаты: ғылыми зерттеулер мен оның нәтижелерін тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін инновациялық қызмет субъектілерін үйімдастыру Кәсіпкерлік құрылғы мен дамыту салынында материалдық-техникалық қолдау	<ul style="list-style-type: none"> • отандық және әлемдік ғылыми-техникалық прогрессің алдыңғы қатарлы жетістіктерін өндіріске енгізу; • ғылыми-техникалық зерттеулер мен инновациялық өндірістерді инвестициялау; • инновациялық кәсіпкерлікті құру мен дамытуда материалдық-техникалық көмек көрсету.

Бизнес-инкубаторлар – бұл кәсіпкерлерді қажетті кеңес берулермен және қолдаумен қамтамасыз ететін бизнеске көмектесу бағдарламалары. Әдетте бизнес-инкубаторлар жұмысын жаңа бастап келе жатқан фирмалар орналасқан арнайы кеңселерде болады. Олар орын мен құралжабдықты бірлесіп қолданып қана қоймайды, сонымен қатар бизнестің алуан түрлі бағыттары бойынша, кеңес берулерді қосқандагы, бизнес-инкубатормен көрсетілетін барлық қызметтерге де тең дәрежеде қолжетімді болады. Қызметтердің бірнеше түрлерінің құны жалдау құнына қосылуы мүмкін, көрсетілетін қызметтердің басқа түрлерінің құндары төмен дәрежеде болады.

Мақсаты: қайта құрылатын кәсіпорындар тәжірибе жинақтап ары қарай да-муына, өз позициярын нарықта күшетту үшін көмек беруге, бастап келе жатқан кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдайлар жасау

Дамудың белгілі бір дәре-жесіне жеткеннен кейін, әдетте үшінші жылдан кейін, фирма бизнес-инкубатордан кетеді және өз бетінше жұмыс істей бастайды. Бірақ ол кезде оның оған бастапқы кездесетін тек банкроттықты болдырмауға ғана емес, сонымен қатар ары қарай өсу мүмкіндігін беретін біршама тәжірибесі мен әлеуеті болады. Ал босаған орынға бизнесті жаңадан бастайтын жаңа кәсіпорындар келеді.

Өнеркәсіптік аймақ шағын өзара бөлінген кәсіпорындар орналасатын және бірге өндірістік алаңда («бір шатыр астында») қызмет ететін объектіні сипаттайтын.

<p>Мақсаты: шағын кәсіпкерлік пен отандық тауар өндірушіні дамытуды жақсарту, кәсіпкерлерге, әсірепе қызметтің бастапкы сатысында көмектесу және қолдау көрсету</p>	<p>Өнеркәсіптік аймақ алаңында бөлініп қызмет ететін шағын кәсіпорындар орналасады. Олардың әрқайсының жеке орны мен онда үйымдастырылған өндірісі болады. Бір өнеркәсіптік аймаққа алуан түрлі шағын кәсіпорындарды орналастырудың жалғыз шарты салалық және технологиялық сәйкестік болып табылады. Өнеркәсіптік аймақтың барлық кешенінің қалыпты қызмет етуі арнайы органмен – басқарушы компаниямен қамтамасыз етіледі. Ол аландарды жалға бергеннен басқа бизнесті басқару мен жүргізумен байланысты басқа да қызметтерді көрсетеді.</p>
--	--

Мемлекет тарапынан құрылыш жатқан кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының көмегімен жаңа кәсіпорындардың табисы өседі және өндіріс көлемдерін өсіруге септігін тигізетін кәсіпкер мен қоршаган орта арасындағы қатынастар жүйесі құрылады.

Мемлекет арнайы құрылған даму институттары арқылы кәсіпкерлікті қаржыландыру үшін икемді жағдайлар жасайды, өнеркәсіпті дамыту мәселелері мен болашағын зерттейді. Кәсіпкерлік мәселелері бойынша құрылған кеңес пен комиссия ағымдағы мәселелерді шешуге және даму жолындағы кедергілерді жоюға көмектеседі.

13.4. Шағын кәсіпкерлікті ақпараттық қамтамасыз ету

Кәсіпкерлік қызметтің карқынды дамуы кәсіпкерлік құрылымдардың тиімді қызмет етуін ақпараттық жүйемен қамтамасыз етілуінің қажеттілігін тудырады. Кәсіпкерлердің бизнесің бірқатар бағыттары бойынша нақты ақпараттық мәліметтермен қамтамасыз етілмеуі, көбінесе олардың даму жолындағы маңызды кедергілердің бірі болып табылады. Бұл жағдай өз кезегінде ақпараттық жүйелердің жеткіліксіз даму деңгейімен байланысты. Яғни, олар кәсіпкерліктің табысты түрде жұмыс істеуіне кедергі болады, оның өз қызметінде табыска деген мүмкіндіктерін төмендедеді.

Кәсіпкерліктің ақпараттық қамтамасызы етілуі – отандық шағын бизнесі дамытудың маңызды элементтерінің бірі. Бұл үрдіске құрылымдардың бірқатары жұмылдырылған, олардың әрқайсысы басқалармен тығыз әрекеттесе отырып, өзіне тиесілі функцияларды орындауы қажет.

Кәсіпкерлік қызметтің ақпараттық түргыдан қамтамасызы етілуіне нарық инфрақұрылымның косалқы жүйелерінің немесе алуан түрлі элементтерінің дұрыс жолға қойылған үйлесімді жұмысы арқылы қол жеткізіледі, олар: каржынесиелік, әлеуметтік-тұрмыстық, институционалдық, сыртық экономикалық, сауда-делдалдық, ғылыми-техникалық, экономикалық-құқықтық, ақпараттық (42-сурет). Жиынтық түрде инфракұрылымның бұл түрлерінің барлығы кәсіпкерлік қызметтің тиімді қызметін қамтамасызы ететін ортаны құрайды.



42-сурет. Кәсіпкерлік қызметті инфракұрылыммен қамтамасызы ету

Нарықтық жүйенің аясында, оның ішінде мемлекет пен көгамдық ұйымдардың қызметі мен аяларындағы инфрақұрылым арасында өзара тиімді әріптестік негізінде жүргізілетін іс-шаралар кәсіпкерлердің жұмысын жақсартуға септігін тигізеді.

Кәсіпкерлік қызмет субъектілері арасындағы ақпараттық ағымдармен жиі алмасу, бизнесі жүргізу үшін интернет-ресурстарды кең түрде пайдалану, ғаламдану жағдайында кәсіпкерлердің әріптестермен виртуалды тұрғыдан байланыстарының ұлғаюы – кәсіпкерлік тиімді жұмыс істеу үшін ақпараттың озық үлгілерімен қамтамасыз етілуі керек.

Ақпараттық технологиялардың дамуымен және олардың мәнінің артуына байланысты ақпарат іскерлік қызметтің барлық аяларында байланыстыруыш элементке айналуда. Кәсіпорын интернет, компания сайты, электронды және почталық хабарландырулар, факс, телефон, электронды почта арқылы жіберілетін хаттар арқылы алынатын ақпарат мәліметтері болмаса кәсіпорынның тұрақты дамуы қамтамасыз етілмейтіндігі белгілі.

Шагын бизнесінде дамуы кәсіпкерліктің сыртқы ортасын жетілдіруді талап етеді. Оны құрудың шарттарының бірі ақпарат нарығының қалыптасуы мен жаңа ақпараттық катынастарды дамыту болып табылады. Ақпарат пен жаңаша ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар шагын кәсіпкерлік қызметінің тиімділігін арттырудың негізгі факторының бірі болып отыр.

Тәжірибе көрсеткендегі, шагын кәсіпкерлік оны мемлекеттік қолдау нақты жүргізілетін жерде және ақпараттық жүйенің ұтымдылығы жағдайында жақсы нәтижелер беруде. Сондыктан да шагын кәсіпкерлікті қолдаудың ақпараттық инфрақұрылымының өміршең институттарын қалыптастыру маңызды болып табылады. Аталған жағдайда мемлекеттің ақпараттық саясаты, жоғары технологияларды, қазіргі телекоммуникацияларды дамытуға, шагын кәсіпкерлікті қолдаудың ақпараттық инфрақұрылымын дамытуға, шагын бизнесте ақпараттық катынастарды реттейтін өміршең институттарды құруға бағытталуы қажет болып отыр.

Шагын кәсіпкерлікті ақпараттық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету Қазақстандағы ақпараттандыру үрдісінің айрықша ерекшелігіне айналуда.

Ұлттық ақпараттық инфрақұрылым (ҰАИ), келесідей басты компоненттерден тұрады:

- 1) *ақпараттық ресурстар*, ол ақпаратты алыш жүруші, мәліметтер мен маглұматтарды және т.б. қамтиды;
- 2) *үйымдық құрылымдар*, ол ҰАИ қызмет етуі мен дамуын, атап айтқанда ақпаратты жинақтауды, өндөуді, сактауды, таратуды, іздеу мен беруді қамтиды;
- 3) *азаматтарға ақпараттық әсер ету мен сәйкес ақпараттық технологиялар негізінде олардың ақпараттық ресурстарға деген қолжетімділігін қамтамасыз ету құралдары бағдарламалық-техникалық құралдар мен үйымдастырушылық-нормативтік құжаттарды қамтиды*. Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын құру мен дамыту ашық жүйелер концепциясы негізінде әлемдік қоғамдастықпен жүзеге асырылатын ғаламдық ақпараттық инфрақұрылымды (Global Information Infrastructure – GII) қалыптастыру үрдісінің бір бөлігі болып табылады.



Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар

1. Кәсіпкерлік қызметті инфрақұрылымдың қамтамасыз етудің мәні неде?
2. Кәсіпкерлік инфрақұрылымын зерттеу тәсілдері мен қагидалары.
3. Шагын және орта кәсіпкерліктің сыртқы және ішкі ортасының базалық элементтері қандай?
4. Кәсіпкерлік инфрақұрылымының дамуна мемлекеттің ықпалы.
5. Кәсіпкерліктің қолдау инфрақұрылымы институттарының құрылымы функционалдық бағыттарына қарай қалай анықталады?
6. Қазақстандагы кәсіпкерліктің даму үрдісіндегі инфрақұрылым институттарының қатысу матрицасының мәнін анып корсетіңіз.
7. Кәсіпкерліктің қолдау аясындағы үйымдар мен мемлекеттік органдардың құзыреттілік құрылымының мәні неде?
8. Кәсіпкерліктің қолдау инфрақұрылымының қандай даму институттары бар?
9. Кәсіпкерліктің дамыту институттары не үшін құрылады және олардың негізгі функциялары қандай?
10. Шагын кәсіпкерліктің ақпараттық қамтамасыз етудің мәні неде?



КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ТОҚТАТУ

14.1. Кәсіпкерлік үйымдарды қайта құру мен сауықтыру

Қайта үйымдастыру – бұл заңды тұлғалардың мұрагерлік қатынастарына әкелетін заңды тұлғаның мүлкі мен істерін таратпай-ақ құқықтық жағдайын өзгерту.

Заңды тұлғаны қайта үйымдастыру қызмет етуді тоқтату тәсілі болып табылады. Ол келесідей нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін:

- ❖ бірігу;
- ❖ қосылу;
- ❖ боліну;
- ❖ болініп шыгу;
- ❖ қайта өзгеру.


Қайта үйымдастыру құзіретті құрылтай құжаттары бар заңды тұлға органымен немесе оның құрылтайшыларының (қатысушыларының) шешімі бойынша откізуі мүмкін.

Заңды тұлғаларды қайта үйымдастыру үрдісінің маңызды элементі, олардың құқықтары мен міндеттерінің мұрагерлігін қамтамасыз ету болып табылады. Өйткені аталған үрдіс әмбебап құқықтық мұрагерлікке негізделген, ол мұрагерге қайта құрылатын заңды тұлғаның міндеттері мен құқықтарын шектемей, толығымен беруді қарастырады. Іс жүзіндегі пайдаланып жүрген заңнамамен қайта құрылатын заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттері жаңадан пайда болатын заңды тұлғага келесідей тәртіпте беріледі деп бекітілген:

- қайта құрылу, бірігу мен қосылу кезінде – беру актісіне сәйкес;
- боліну және болініп шыгу кезінде – боліну балансына сәйкес.

Бұл жағдайда, беру актісі мен боліну балансындағы құқықтық мұрагерлік туралы ережеде, қайта құрылатын заңды тұлғаның барлық несие берушілер мен борышкерлерге

қатысты міндеттемелері және басқа да тараптар алдындағы міндеттемелері толығымен қарастырылуы қажет. Аталған күжаттар заңды тұлға мүлкінің иесімен немесе заңды тұлғаны қайта құру туралы шешімді қабылданған органмен бекітіледі. Қайта құрылған заңды тұлғаның құрылтай күжаттарына немесе жұмыс істеп тұрған заңды тұлғаның құрылтай күжаттарына озгерістер енгізу үшін олар міндетті түрде тіркеуден отуі керек. Қайта құру процедураларын өткізу кезінде беру актін немесе беліну балансын құрастыруға ерше назар аудару керек. Өйткені аталған күжаттардың типтік нысандары іс жүзінде заңмен бекітілмеген. Ең алдымен, бұл күжаттарды құрастыру алдында көрсетілген мәліметтердің растығын дәлелдеу үшін міндеттемелер мен мүлікті түгендеуді өткізу керек (43-сурет).



43-сурет. Қайта үйімдастыру нысандары

Ұйымдардың бірігуі деп бір немесе бірнеше ұйымдардың барлық құқықтары мен міндеттерін беру жолымен немесе олардың қызметін тоқтату арқылы жаңа ұйымның пайда болуын айтады. Ұйымдардың бірігуі кезінде олардың әркайсысының барлық құқықтары мен міндеттері жаңа құрылған ұйымға беру актісі бойынша отеді.

Ұйымдардың қосылуы деп басқа ұйымға барлық құқықтары мен міндеттерін бере отырып бір немесе бірнеше ұйымдардың өз қызметтерін тоқтатуын айтады.

Ұйымның болінуі деп кайта құрылатын ұйымдарға барлық құқықтары мен міндеттерін беру жолымен, ұйымның қызметін тоқтатуын айтады.

Ұйымның қайта озгеруі деп занды тұлғалардың жеке үйымдастырушылық-құқықтық нысандары туралы КР АК ережелеріне сәйкес бір үйымдық-құқықтық нысандағы занды тұлғаның басқасына айналуын айтады.

Беру актісі келесідей ақпараттарды қамтығаны жөн.

- қайта үйымдастырылған занды тұлғаның және құқықтық мұрагердің аталуы мен үйымдық-құқықтық нысаны;
- мерзімі мен қайта үйымдастырудың үйымдық нысаны;
- қайта құрылатын құқықтық тұлғаның, оны қайта құру мерзіміндегі активтері мен пассивтерінің баланстық сомасы және оның бөлімдері бойынша таңдамасы;
- алынатын бухгалтерлік есеп нысандарының және басқа да құжаттардың тізімі; дебиторлық және кредиторлық борыш бойынша аналитикалық мәліметтер; кәсіпорынның есептік саясаты бойынша бүйрығы, салыстыру ведомостары, түгендеу құжаттары және т.б.

Бухгалтерлік баланстың типтік нысаны бойынша курастырылатын боліну балансы, бұрын жұмыс істеген занды тұлғаның жалпы балансы мен барлық жаңа тұлғалардың баланыстарынан тұрады.

Егер де заңнамалық актілермен немесе қайта құру туралы шешіммен басқаша жағдайлар қарастырылmasa, мұліктік күкіңкілдер мен міндеттемелер күкіңкіл мұрагерге тіркеу кезінде өтеді. Қайта құру үрдісінде маңызды жағдайлардың бірі қайта күрылатын заңды тұлғаның барлық несие берушілерді уақытылы жазбаша ескертүі болып табылады. ҚР АК 48-бабы осы аталған жағдайды реттейді.

Жеке тұрде заңды тұлғаларды қайта құру үрдістері толығырақ тұрде арнайы нормативтік актілерде қарастырылады.

Қайта үйымдастыру ерікті немесе мәжбүрлі тұрде жүргізілуі мүмкін.

Беру актісі мен боліну балансында келесідей мәліметтер қарастырылуы қажет:

➤ қайта үйымдастырылатын заңды тұлғаның аталуы, үйымдық-күкіңкіл нысаны;

➤ қайта күрылатын заңды тұлғаның барлық несие берушілер мен борышкерлерге қатысты міндеттемелері және тараптардың талас тудыратын міндеттемелерін қоса алғандагы күкіңкіл мұрагерлік ережелері;

➤ заңды тұлға мүлкінің иесімен немесе қайта күрылу туралы шешім қабылдаған органмен бекітіледі;

➤ қайта күрылған заңды тұлғалардың күрылтай құжаттары тіркеу үшін немесе жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың күрылтай құжаттарына өзгерістер енгізілген жағдайда олар әділет органдарына міндетті турде тіркелуі керек.

14.2. Көсіпкерлік үйымдарды тарату

Тарату – төлем қабілетсіз борышкердің қызметін тоқтату үшін, заңды тұлғаның міндеттері мен қүкіңкіл нысаны баска күкіңкіл мұрагерлік тұлғага отпейтін, сот шешімі бойынша жүзеге асырылатын рәсім. ҚР АК заңды тұлғаны тарату тәртібінің екі тәсілін қарастырады: қарапайым және мәжбүрлі (44, 45-суреттерді қараңыз).



44-сурет. Занды тұлғаны тарату механизмі

Занды тұлаға мүлкінің иесі немесе занды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған орган (КР АК 50-бабының 1-тармагы) ол туралы тіркеу органына бірден хабарлауға міндетті.

Tіrkeu органына таратуды тіркеу үшін келесідей құжаттар ұсынылады:

- бекітілген нысан бойынша таратуды тіркеу туралы отініш (мемлекеттік үlestік катысы бар ұйым үшін – реестр-ұстаушының белгісі бар етініш);
- занды тұлғаны тарату туралы шешім (соттың, құзіретті органның, занды тұлаға мүлкінің иесінің және т.б шешімі);
- құрылтай құжаттарының және статистикалық карточканың түпнұсқалары;
- занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасы;

1. Занды тұлғаны тарату туралы шешім күзыретті органмен немесе занды тұлға мүлкінің исесімен кабылданады
2. Занды тұлғаны тарату туралы шешім әділет органына немесе салық комитеттіне хабарлама күзыретті органмен немесе занды тұлға мүлкінің исесімен ұсынылады (үш күндік мерзімде)
3. Занды тұлғаны борышкерлердің талаптары бойынша тарату туралы мерзімі мен тәртібі, тарату комиссиясының әділет органының орталық ресми мерзімді басылымдарында тарату хабарландыру жариялау арқылы жүргізіледі. Отініштерді кабылдау мерзімі тарату туралы хабарландыру жариялаганнан кейінгі екі айдан кем болмау керек
4. Тарату комиссиясының жұмысы, занды тұлғаны тарату мерзімі мен тәртібі занды тұлға мүлкінің исесімен немесе күзыретті органмен жүзеге асырылады. Тарату комиссиясын тағайындағаннан кейін оған занды тұлға істері мен мүлкін басқару бойынша күзыреттер отеді
5. Занды тұлғаны таратуды бастау туралы мәліметтерді бірегей Мемлекеттік регистрge енгізу әділет органдарымен жүргізіледі
6. Несие берушілерді айқындау мен занды тұлғадан дебиторлық борышты талап сту тарату комиссиясымен жүзеге асырылады
7. Арапык тарату балансын құрастыру мен бекіту несие берушілермен отініштерді талап сту мерзімі өткеннен кейін тарату комиссиясымен жүзеге асырылады, онда (аралық тарату балансында) таратылатын занды тұлғаның мүлкінің қурамы туралы, несие берушілермен жасалған етініштер тізімі туралы және оларды қарастыру нәтижелері туралы мәліметтер бар
8. Бұкарапық саудаларды ұйымдастыру мен несие берушілердің талаптарын канагаттандыру үшін ақша жеткілікті болмаса, замен қарастырылған тәртіпте тарату комиссиясымен жүзеге асырылады.
9. Занды тұлғаның несие берушілерімен есеп айрысуы арапык тарату балансы бекітілген күннен бастап КР АК 51-бабына сәйкес тәртіпте жүргізіледі. Несие берушілердің талаптарын канагаттандырганнан кейін мүлік құрылтай құжаттарында көрсетілген максаттарға жұмсалады.
10. Тарату балансын құрастыру мен бекіту тарату комиссиясымен жүргізіледі. Ол занды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған құзыретті органмен исесі занды тұлға мүлкінің исесімен бекітіледі.
11. Құқық коргау органдарының лицензиялық-рұқсат беру жүйесінде занды тұлғаның қарапайым дөнгелек морін жою.
12. Занды тұлғаны таратудың бірегей Мемлекеттік регистріне жазуды енгізу әділет органдарымен жүргізіледі. Осы кезден бастап занды тұлға өз қызметтің тоқтаткан болып саналады.

45-сурет. Занды тұлғаны тарату кезеңдері

- таратуды тіркеу үшін алынган алымды төлегені үшін төлем құжатының түбіртегі немесе *кошірмесі*;
- занұды тұлғаны тарату туралы және несие берушілер өтініштерінің мерзімі мен тәртібі туралы мәліметтерді *жариялауды дәлелдейтін құжат*. Занұды тұлғаны тарату туралы, сонымен қатар несие берушілермен өтініштерді ұсыну мерзімдері мен тәртіппері туралы акпарат Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің *ресми мерзімді басылымдарында жариялануы керек*;
- *аралық тарату балансы*, онда таратылатын занұды тұлға мүлкінің құрамы, несие берушілер өтініштерінің тізімі, оларды талқылау нәтижелері туралы мәліметтер болады;
- *тарату балансы*;
- занұды тұлға мөрімен бекітілген тарату баланстары мен аралық тарату баланстарын бекіту туралы, занұды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған органның немесе *занұды тұлға мүлкі иесінің шешімі*;
- *жоюга деген занұды тұлға мөрін қабылдау туралы шиктістер органы анықтамасының түбіртегі*;
- *бюджет алдында қарыздарының жоқтығы туралы салық органдарының анықтамасы*;
- *кедендейк толемдер мен аяқталмаган сыртқы сауда мәмілелері бойынша қарыздарының жоқтығы туралы кедендейк органдардың анықтамасы*;
- *акциялар шығаруды жою туралы құзіретті органның ескерттуи (акционерлік қогамдар үшін)*.

Тауарлардың (жұмыстар, қызметтер) сәйкес нарығында базымды (монополиялық) орынға ие нарық субъектісі мен табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтің тоқтату тіркеу органы мен монополияға қарсы органның алдын ала келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Филиалды (өкілдікті) есептен алып тастау үшін әділет органдарына төмөндегідей құжаттар ұсынылады:

- өтініш;
- филиалдың (өкілдіктің) қызметтің тоқтату туралы құзыретті органның шешімі;

- есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы күліктегідің түпнұсқалары – ережелер мен статистикалық карточкалар;
- салық органдарындағы тіркеу есебінен алыш тастау туралы филиалдың (өкілдіктің) орналасу орны бойынша салық органының анықтамасы;
- филиал (өкілдік) қызметін тоқтатуды тіркегені үшін алым төлеу туралы түбіртек (төлем құжатының көшірмесі).

Несие берушілердің талаптарын қанагаттандыру тәртібі келесідей тәртіпте жүргізіледі:

Таратылатын занды тұлға жауапкершілікте болатын, қажетті нақты төлемдерді жинақтау жолымен деңсаулықта не месе адам өміріне зиян тигізгені үшін азаматтардың талаптары қанагаттандыру.

Еңбек шарты бойынша жұмыс істеген тұлғаларға өтемақыларды және еңбекакы бойынша есеп айрысулар, оның ішінде жалақыдан ұсталып қалған қарыздар мен алименттерді және міндепті зейнетақы жарналарын төлеу, сонымен қатар авторлық құқықтар бойынша сыйықыларды төлеу жүргізіледі.

Таратылатын банкроттың мулкімен қамтамасыз етілетін міндептемелері бойынша талаптар сомасын қамтамасыз ету.

Бюджет пен бюджеттен тыс қорларға міндепті төлемдер бойынша қарыз өтеледі.

Заңнамалық актілерге сәйкес басқа несие берушілермен есеп айрысулар жүргізіледі.


Әрбір кезектің талабы алдыңғы кезектің талабы қанагаттандырылғаннан кейін ғана қарастырылады.

14.3. Кәсіпкерлік үйімның тұрақсыздығы (банкроттығы)

Кәсіпорындардың (үйімдардың) банкроттық механизмі Қазақстан Республикасының «Банкроттық туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады, ол арнайы процедураларды өткізу, толем қабілетсіз борышкерді сауықтыру, занды тұлғаны банкрот деп тану мен оны тарату, сонымен қатар таратудың соттан тыс процедурасын өткізу тәргібі мен шарттарын анықтайды.

Толем қабілетсіздік деп борышкердің ақшалай міндептемелер бойынша несие берушілердің талаптарын, оның ішінде жалақыны төлеу бойынша талаптарын қанагаттандыра

алмау қабілетін, сонымен қатар өзіне тиесілі мүлік есебінен бюджет пен бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдерді қанағаттандыра алмау қабілетін айтады. Егер де борышкер орындау мерзімінен бастап үш ай ішінде міндеттемелерін орындамаса, борышкер төлем қабілетсіз болып танылады. Оның міндеттемелері активтер құнынан артады, егер де оның балансының қанағатсыз құрылымы болса. Занды тұлғаның банкроттығы туралы жалпы сипаттама 46-суретте көлтірілген,



46-сурет. Занды тұлғаның банкроттығы

Заңнамалық және қаржылық тәжірибеде кәсіпорын банкроттығының келесідей түрлерін бөліп көрсетеді:

Жалған банкроттық – несие берушілерге тиесілі төлемдердің немесе қарыздардан жеңілдіктердің уақытын создыру үшін, сәйкесінше қарыздарды төлемеу үшін жасалатын несие берушілерді шатыстыру мақсатында өзінің төлем қабілетсіздігі туралы коммерциялық ұйым иесінің (дара кәсіпкер) немесе басшысының жалған түрде жариялауы.

Алдын ала ойластырылған банкроттық – коммерциялық ұйымның иесімен (дара кәсіпкермен) немесе басшымен жеке мүдделерді немесе басқа да мүдделерді көздей отырып жасалған, ірі зиян тигізген төлем қабілетсіздікті әдейі құру немесе көбейту.

Нақты банкроттық пайдаланылатын капиталдың нақты жоғалтуларына байланысты кәсіпорынның болашақта өз қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігін толық калпына келтіре алмау қабілетімен сипатталады. Капитал жоғалтуларының апаттық деңгейі мұндай кәсіпорынға болашақ кезеңде тиімді шаруашылық қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді, соның салдарынан ол занды түрде банкрот деп жарияланады.

Техникалық банкроттық. Пайдаланылатын термин дебиторлық борышты төлеу мерзімінің біршама өтіп кетуінен болған кәсіпорынның төлем қабілетсіздік жағдайын сипаттайды. Және де мұнда дебиторлық борыш мөлшері кәсіпорынның кредиторлық борышынан артады, ал оның активтерінің сомасы оның қаржылық міндеттемелерінен біршама артады.

Борышкердің немесе борышкер-кәсіпорын иесінің зансыз іс-әрекеттеріне банкроттықты көре отырып несие берушілердің барлығына немесе кейбіреуіне зиян тигізетін іс-әрекеттері жатқызылады, олар:

- борышкер мүлкінің бір белгін немесе міндеттемелерін жасырып қалу;
- борышкердің шаруашылық қызметін жүзеге асырумен байланысты кез келген есептік күжатты жою, жасырып қалу, жалған түрде дайындау;

– бухгалтерлік құжаттардагы қажетті жазуды жою немесе одан бас тарту;

– несие түрінде алынған немесе бағасы төленбекен борышкер мүлкінің бір бөлігін жою, сату немесе кепіл ретінде салу.

КР заңына сәйкес борышкердің банкроттық белгілерін анықтау үшін мыналар ескерілуі қажет:

- акшалай міндеттемелер мөлшері, оның ішінде берілген тауарлар, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін қарыз мөлшері, борышкермен төленуге тиісті пайызды есепке алғандагы сома; негізсіз баю салдарынан пайда болған қарыз мөлшері; қатысадан шығатын борышкердің құрылтайшылар (катысушилар) алдындағы еңбек келісімшарты бойынша жұмыс істейтін тұлғаларға демалыстық жәрдемақыларды төлеу бойынша міндеттемелер, адамдардың денсаулығы мен өміріне зиян келтіргені үшін борышкер жауапты болатын міндеттемелер, несие берушінің мүлкіне зиян тигізгені үшін қарыз мөлшері;

- КР заңнамасымен белгіленген айыппұлдар (пениялар) мен басқа да қаржылық санкцияларды ескермегендегі міндетті төлемдер мөлшері.

Міндеттемелерді орындамаганы немесе дұрыс орындағаны үшін төленуге тиісті тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, пениялар), төлемді өткізіп алғаны үшін төлемдер, міндеттемелерді орындамаганнан туындаған зияндар, сонымен катар мүлікті және қаржылық, оның ішінде міндетті төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерді орындамаганы үшін санкциялар борышкердің банкроттық белгісін анықтау кезінде ескерілмейді.

Занды тұлғалар үшін банкроттықтың келесідей процедуралары заң тұргысынан белгіленген:

- *бақылау* – борышкер мүлкін сақтап қалуды қамтамасыз ету, борышкердің қаржылық жағдайына талдауды өткізу, несие берушілер талаптарының реестрін кұрастыру және несие берушілердің алғашқы жиналысын өткізу максатында борышкерге қатысты қолданылатын банкроттық процедурасы;

- *қаржылық сауықтыру* – қарызды өтеу графигіне сәйкес қарызды өтеу мен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мақсаттарында өткізілетін банкроттық процедурасы;

- *сыртқы басқару* – төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мақсатында борышкерге қатысты қолданылатын банкроттық процедурасы;
- *конкурстық өндірісті басқару* – несие берушілердің мөлшерлі талаптарын қанагаттандыру мақсатында банкрот деп танылған борышкерге қатысты қолданылатын процедура;
- *бітімгершілік келісім* – борышкер мен несие беруші арасында келісімге қол жеткізу жолымен банкроттық туралы іс бойынша өндірісті тоқтату мақсатында банкроттық туралы істі талқылаудың кез келген сатысында қолданылатын банкроттық процедура.

Банкроттық процедураларды сауықтыру процедурасын жүргізу мерзімін және таратудың соттан тыс процедуラрын, конкурстық (тарату) процедураны немесе таратудың соттан тыс процедурасын жүзеге асыру мақсаттарына қол жеткізу үшін төлем қабілетсіз борышкердің барлық органдары басқару құқығынан айырылады және борышкер істері мен мүліктерін басқару функциялары *сауықтыруши* немесе *конкурстық басқарушыға* (*таратушыға*) беріледі.

Сауықтыруши немесе *конкурстық басқарушы* (*таратушы*) борышкерді басқарудың жалғыз құзыретті органы болып табылады. Сауықтыру процедурасы борышкердің өзімен, борышкер мүлкінің иесінің немесе оған құзыретті органның отінішімен ұйымдастырылған жағдайда, оны өткізу несие берушілер комитетінің келісіміне сәйкес құзыретті органмен борышкердің басшысына берілуі мүмкін. Және де мұндай басқарушыға КР «Банкроттық туралы» Заңымен бекітілген сауықтыру басшысының құқықтары мен міндеттері таралады.

Сауықтыруши, конкурстық басқарушы болып жеке тұлға – банкроттық процедураларында төлем қабілетсіз борышкерлердің істері мен мүлкін басқару бойынша қызметті жүзеге асыруға құзыретті орган берген лицензиясы бар дара кәсіпкер тағайындалады.

Төлем қабілетсіз борышкерді тарату (конкурстық өндіріс):

Конкурстық өндірісті басқарудың негізгі мақсаты несие берушілердің талаптарын қанагаттандыру үшін және банкроттық қарызы жок деп жариялау болып табылады.

Тарату процедурасының конкурстық өндірісін откізу мерзімі сот шешімімен анықталады және тоғыз айдан аспауы кажет. Несие берушілер комитетінің келісімімен конкурстық басқарушының отініші бойынша бұл мерзім құзіретті органмен З айдан аспайтын мерзімге созылуы да мүмкін. Конкурстық өндіріс мерзімі борышкерді занды күшіне сәйкес банкрот деп таныған күннен бастап есептеледі.

Таяу кезеңдегі дағдарыстық жағдайдың белгілерін алдын ала анықтау мен бақылау жүйесінің маңызы ерекше.

Кәсіпорынның таяу арадағы қолайсыз жағдайы туралы курделі ескертуі ретінде бизнес бойынша әріптестер, жабдықтаушылар, несие берушілер, банктер, өнім тұтынушылары тарапынан теріс реакция ретінде бағалау керек: мүмкін болатын қайта ұйымдастырулар, жабдықтаушылардың жиі және негізсіз ауысуы, жаңа нарықтарға шығу, шикізат пен материалдарды тәуекелге бара отырып сатып алу.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын сауықтыру банкроттық пен дағдарыстық жағдайды басқарудың құраушы бөлігі ретінде нақты жағдай мен нақты кәсіпорын үшін қажетті стратегиялар мен тактикалардың ең тиімді құралдарын мақсатты түрде таңдауды қарастырады. Көптеген кәсіпорындардың дағдарыстық жағдайларын жөніп шығу тәжірибесін зерттеу әрбір кәсіпорын үшін жалпы, міндетті процедураларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Олардың негізінде кеңінен таралған тактиканың екі түрін бөліп көрсетуге болады.

Коргаушы тактика жинақтаушы шараларды откізуге негізделген. Олардың бастысы өнім өндірумен және откізумен, негізгі қор мен персоналды ұстаумен байланысты барлық шығындарды қысқарту болып табылады. Ол өз кезегінде жалпы өндірістің қысқаруына алып келеді.

Көптеген кәсіпорындардың коргаушы тактиканы жаппай қолдануы ұлттық экономиканың терендептілген дағдарысыны тудырады. Сондықтан да оны қолданатын кәсіпорындардың қаржылық жағдайы жақсармайды, өйткені дағдарыстық жағдайдың басты себептері кәсіпорыннан тыс орналасқан. Кәсіпорынның коргаушы тактикасына сәйкес жедел шаралар-

ды колданумен шектеледі: зияндарды болдырмау, шығындарды қысқарту, ішкі резервтерді анықтау, кадрлық қайта орын ауыстырулар, тәртіпті күшету, жабдықтаушылармен және несие берушілермен істерді реттеуге деген ұмтылыс (қарызды төлеу мерзімін создыру) және т.б.

Басуши тактика тиімдірек, ягни тек қана жедел емес, *стратегиялық шараларды* откізу. Бұл жағдайда ресурсты үнемдеу шараларымен қатар білсенді маркетинг, откізудің жаңа нарықтарын зерттеу мен жаулап алу, жоғары бағаларды орнату, модификациялау, негізгі қорларды жаңарту, перспективті технологияларды енгізу есебінен өндірісті жетілдіру шығындарын көбейту.

Бір уақытта кәсіпорын басшылығының күшеюі немесе ауысуы жүргізіледі. Жағдайды кешенді талдау мен бағалау жүргізіледі. Қажет болған жағдайда кәсіпорын қызметінің философиясы, негізгі қагидалары түзетіледі. Яғни, оның стратегиясы ауысады, соган сәйкес бағдарламалар қайта каралады. Нарықтағы кәсіпорын позицияларын күшету мен жаңа сегменттерді жаулап алу, шығарылатын өнім номенклатурасын жаңарту іс-әрекеттері жүргізіледі. Мұның барлығы жасап шығарылатын қаржылық, өндірістік және кадрлық сауықтыру тұжырымдамасында көрініс табады. Осыған сәйкес кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсартуга мүмкіндік беретін қаржылық, маркетингтік, техникалық және инвестициялық бағдарламалар жасап шығарылады.



Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар

1. *Кәсіпкерлік үйымдардың қызметі қандай нысандарда тоқтатылады?*
2. *Кәсіпкерлік үйымдардың қайта құрылуы дегеніміз не және оның нысандары қандай?*
3. *Беру актісіне қандай ақпаратты қосу үсынылады?*
4. *Үйымдарды таратудың қандай нысандары қолданылады?*
5. *Заңды тұлғаны тарату кезеңдерін атап отиңіз.*
6. *Tіrkeu органына таратуды tіrkeu үшін қандай құжаттар үсынылады?*
7. *Үйым тұрақсыздығының (банкроттығының) негізгі белгілерін атап отиңіз.*
8. *Банкротқа қандай процедуралар қолданылады?*
9. *Реабилитациялық басқарушы дегеніміз кім?*
10. *Тарату процедурасының (конкурстық өндірістің) мәні неде?*



ТЕСТ СҮРАҚТАРЫ

1. Кәсіпкерлік үйымның өз атынан және жеке менишіктегі мұліктік жауапкершілігімен дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлға ретінде қызмет ететін кәсіпкерлік үйымдардың объективті рөліне негізделген функциясы:

- 1) жалпыэкономикалық;
- 2) материалдық;
- 3) технологиялық;
- 4) басқарушылық;
- 5) жаңашылдық.

2. Кәсіпкерліктің ұдайы өндіріс қарқынының шектеулі ресурстарын тиімді пайдалануга негізделген функциясы:

- 1) ресурстық;
- 2) жалпыэкономикалық;
- 3) әлеуметтік;
- 4) үйымдастырушылық;
- 5) инновациялық.

3. Кәсіпкерлік жүйесінде әрбір қабілетті тұлғаның әрекет етуші ретінде өзінің дара қабілеттері мен мүмкіндіктерін көрсету мүмкіндігімен сипатталатын функциясы:

- 1) әлеуметтік;
- 2) экономикалық;
- 3) интеллектуалдық;
- 4) шығармашылық;
- 5) саяси.

4. Кәсіпкерлердің өз ісін үйымдастыру туралы өз бетінше шешім қабылдаудында, кәсіпкерлік басқаруды қалыптастыруды байқалатын функциясы:

- 1) үйымдастырушылық;
- 2) басқарушылық;
- 3) қаржылық;
- 4) адами;
- 5) тұлғалық.

5. Кәсіпкер идеясын жүзеге асыруши ретінде кәсіпкерлік урдіс субъектілерінің тобына жататын қызметкер:

- 1) жалдамалы;

- 2) үйде жұмыс істейтін;
- 3) клерк;
- 4) үй қызметкери;
- 5) мұлдем жоқ.

6. *Кәсіпкерлікте кәсіби табысқа қол жеткізу*дің *көздейтін барлық адамдар басшылыққа алуға міндетті кәсіпкерліктің негізін* құрауышы элементтер:

- 1) кәсіпкерлік қағидалары;
- 2) кәсіпкерлік әдістері;
- 3) кәсіпкерлік функциялары;
- 4) кәсіпкерлік критерийлері;
- 5) кәсіпкерлік мақсаттары.

7. *Кәсіпкерлердің жеке бәсекеге қабілеттілігі* алеуеті оның кәсіби:

- 1) кабілеттері, құзыреттілігі мен жеке қасиеттерінің жиынтығы;
- 2) құзыреттілігі;
- 3) жеке қасиеттерінің жиынтығы;
- 4) іскерлігі;
- 5) ресурсы.

8. *Кәсіпкерліктің бәсекеге қабілеттілігі (КБҚ)* алеуеті олардың субъектілерінің:

- 1) артықшылықтары;
- 2) кемшіліктері;
- 3) артықшылықтары мен кемшіліктерінің арақатынасы;
- 4) қызметі;
- 5) бейімделуі.

9. *Кәсіпкерліктің жүйелік белгілері:*

- 1) кәсіби құзыреттілік;
- 2) даму;
- 3) қалыптасу;
- 4) орындалу;
- 5) сапалық.

10. *Кәсіпкерлік заңды тұлғаны құру үшін томендергідей құқсаттарды дайындау* керек:

- 1) жарғы мен құрылтай келісімшартын жасау;
- 2) жарғы жасау;
- 3) келісімшарт жасау;
- 4) өзара шарт жасау;
- 5) мәміле жасау.

11. *Жаңашылдық функциямен байланысты кәсіпкерлік қызмет* моделі:

- 1) инновациялық кәсіпкерлік;

- 2) қаржылық кәсіпкерлік;
- 3) ірі жобаларды қаржыландырумен байланысты қызмет;
- 4) женілдік кәсіпкерлік;
- 5) дедалдық кәсіпкерлік.

12. Заңды тұлғаны құру үшін не істеу қажет?

- 1) әділет органдарында тіркеуден өту;
- 2) атауын таңдау;
- 3) аумакты бөлу;
- 4) газета арқылы озін заңды тұлға деп жариялау;
- 5) әріптестерін анықтау.

13. Тауарларды откізу үшін мониторингі барысында басты міндет болып табылады:

- 1) рекламацияларды анықтау;
- 2) тестілеу орнын таңдау;
- 3) сату көлемін қолдау мақсатында өнімді откізу барысында акпаратпен уақытылы қамтамасыз ету;
- 4) тұтынушылардың мінез-құлқын талдау;
- 5) факторингтік талдау.

14. Мұлқи жетекліксіз болған жағдайда қатысуышылары серіктестікінде міндеттемелері бойынша өздеріне тиесілі барлық мұлқи мен ортақ жауапкершілікте болатын серіктестік:

- 1) толық серіктестік;
- 2) коммандитті серіктестік;
- 3) жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
- 4) қосымша жауапкершілігі бар серіктестік;
- 5) акционерлік қоғам.

15. Серіктестікінде міндеттемелері бойынша өзінің бүкіл мұлқімен қосымша жауап беретін бір немесе одан да көп қатысуышыларымен (толық серіктестермен) қатар, серіктестікінде мұлқиңе өздері салған салымдардың жиынтығымен шектелетін және кәсіпкерлік қызметтің жүзеге асыруға қатыспайтын қатысуышыларды (салымшиларды) да енгізетін серіктестік:

- 1) коммандитті серіктестік;
- 2) толық серіктестік;
- 3) жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
- 4) қосымша жауапкершілігі бар серіктестік;
- 5) акционерлік қоғам.

16. Бір немесе бірнеше тұлғалармен құрылған, жарғылық капиталы құрылтай құжаттарымен белгіленген мөлшерде улеске болінген серіктестік:

- 1) жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

- 2) толық серіктестік;
- 3) коммандитті серіктестік;
- 4) қосымша жауапкершілігі бар серіктестік;
- 5) акционерлік қоғам.

17. Қатысушылары серіктестік міндеттемелері бойынша жарғылық капиталга қосқан өздерінің салымдарымен, ал бұл сомалар жетекіліксіз болған жағдайда, енгізген салымдарының еселеңген молшерінде өздеріне тиесілі қосымша мулікпен жауап беретін серіктестік:

- 1) қосымша жауапкершілігі бар серіктестік;
- 2) толық серіктестік;
- 3) коммандитті серіктестік;
- 4) жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
- 5) акционерлік қоғам.

18. Азаматтардың бірлескен кәсіпкерлік қызметі үшін мүшелік негізде олардың өз еңбегімен қатысуына және мүшелерінің мүліктік жарналарын (пайларды) біріктіруіне негізделген ерікті бірлестік:

- 1) өндірістік кооператив;
- 2) толық серіктестік;
- 3) коммандитті серіктестік;
- 4) жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
- 5) акционерлік қоғам.

19. Коммандитті серіктестік ЖШС-дан ерекшеленеді:

- 1) толық серіктестердің жауапкершілік деңгейімен;
- 2) тіркеу тәртібімен;
- 3) мүшелердің максималды санымен;
- 4) ешинарсымен ерекшеленбейді;
- 5) құрылтай құжаттарымен.

20. Дара кәсіпкерліктерін ерекшеліктепері:

- 1) бизнесмен өз тәуекелімен, жеке жауапкершілігімен іс-эрекет етеді;
- 2) қандай да бір шаруашылық серіктестікте істерді бірлесіп жүргізеді;
- 3) қосымша ресурстар тартады;
- 4) занды тұлға құрудың міндетті процедурасы;
- 5) ешқандай ерекшеліктері жок.

21. Дара кәсіпкерліктерін кемшилігі болып табылады:

- 1) кәсіпкерлік қызметпен айналысу занды тұлға құрмай-ак жүргізіледі;
- 2) дара кәсіпкер қосылған құн салығын төлемейді;

- 3) несиелеудін шектеулі мүмкіндігі;
- 4) кәсіпкерлік қызметпен айналысуға рұқсат жөнделетілген;
- 5) қызметтегі икемділік.

22. Толық серіктестіктің мәні:

- 1) барлық өз мүлкімен шектеусіз жауапкершілікте болуы;
- 2) қандай да бір жауапкершіліксіз толық және шектеусіз жауапкершілік;
- 3) шектеулік жауапкершілік;
- 4) бұл тұра коммандитті серіктестік сияқты;
- 5) мүлкіті жоғалтудың шамалы тәуекелі.

23. Өндірістік кәсіпкерлік:

- 1) нақты өнім өндіруді жүзеге асыратын қызмет;
- 2) валюталардың әлеуетті сатып алушылары туралы мәліметтерді талап етеді;
- 3) КР экономикасын дамытудың маңызды факторларының бірі болып табылмайды;
- 4) тұра ұжымдық кәсіпкерлік сияқты;
- 5) қаржылық кәсіпкерліктің бір белгі.

24. «Ұлттық инновациялық қор» АҚ құрылу мақсаты:

- 1) инвестицияларды тарту мен инновациялық жобаларды қаржыландыру;
- 2) сыртқы нарықтарға отандық инновациялық өнімдерді жылжыту;
- 3) шағын кәсіпкерлік субъектілерді мақсатты несиелеу;
- 4) технологиялар трасферті кезінде кеңес берушілік, ақпараттық, заңдық және басқа да қызметтерді көрсету;
- 5) инжинирингтік қызметтерді көрсету.

25. Қандай ұйымдастырушылық нысан заңды тұлғалардың кәсіпкерлігіне жетпайды:

- 1) толық серіктестік;
- 2) коммандитті серіктестік;
- 3) қарапайым серіктестік;
- 4) бір тұлғамен құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
- 5) акционерлік қоғам.

26. Фермерлік шаруашылық кәсіпкерлік қызметтің қандай ұйымдастырушылық нысаны болып табылады:

- 1) дара кәсіпкерлік;
- 2) ұжымдық кәсіпкерлік;
- 3) мемлекеттік кәсіпкерлік;
- 4) ассоциативті кәсіпкерлік;

5) женілдігі бар кәсіпкерлік.

27. Мазмұнын тауар-ақша қатынастары, тауар-айырбас операциялары құрайтын қызмет түрі:

- 1) коммерциялық кәсіпкерлік;
- 2) өндірістік кәсіпкерлік;
- 3) әлеуметтік кәсіпкерлік;
- 4) консалтингтік кәсіпкерлік;
- 5) аралас типті.

28. «Қазақстанның даму банкі» АҚ құрылу мақсаты:

- 1) мемлекеттік инвестициялық қызметті жетілдіру мен тиімділігін арттыру;
- 2) отандық және шетелдік кәсіпорындар арасындағы өндірістік коопeraçãoяға септігін тигізу;
- 3) сыртқы нарықтарға отандық инновациялық өнімдерді жылжыту;
- 4) КР корпоративтік бағалы қағаздар нарығының дамуын ынталандыру;
- 5) шағын кәсіпкерлік субъектілерді мақсатты несиелеу.

29. Бизнесті жүргізу тәсілін сипаттайтын, онда франчайзинг жетекші компаниядан тауарларды маркасымен бірге сату құқығының сатып алатын франчайзинг:

- 1) тауарлық;
- 2) өндірістік;
- 3) іскерлік;
- 4) конверсиялық;
- 5) дара.

30. Iрі компаниялар бірқатар жағдайларда «ноу-хау» және (немесе) патенттелген үрдіс көмегімен, онімді дайындау барысында өзінің сауда белгісін немесе сауда маркасын пайдалануга басқа компанияларға немесе кәсіпорындарға лицензиялар беретін франчайзинг:

- 1) өндірістік;
- 2) заттық;
- 3) ұйымдық;
- 4) ресурстық;
- 5) жеке.

31. Франчайзердің «басылығымен» тәуелсіз бизнесті үйымдастыруды қарастыратын франчайзинг:

- 1) іскерлік;
- 2) ұйымдық;
- 3) әлеуметтік;

- 4) аралық;
- 5) салалық.

32. Өнімнің франчайзинг жүйесі бойынша көтерме немесе болшек кәсіпорындарга сатылатындығымен сипатталатын франчайзинг:

- 1) конверсиялық;
- 2) жеке;
- 3) аймақтық;
- 4) тәжірибелік;
- 5) дара.

33. Кең таралған түрі болып табылатын, лицензия (франшиза) өнімнің қандай да бір түріне сатылатын франчайзинг:

- 1) дара;
- 2) құрылымдық;
- 3) жүйелік;
- 4) желілік;
- 5) кешендік.

34. Пайды болу аясы бойынша кәсіпкерлік тәуекелдер болінеді:

- 1) сыртқы, ішкі;
- 2) өндірістік;
- 3) жергілікті;
- 4) субъективті;
- 5) объективті.

35. Сақтандыру мүмкіндігі бойынша кәсіпкерлік тәуекелдер болінеді:

- 1) сақтандырылатын, сақтандырылмайтын;
- 2) ішкі;
- 3) елдік;
- 4) субъективті;
- 5) қаржылық.

36. Эртапраптандыру мүмкіндігі бойынша кәсіпкерлік тәуекелдер болінеді:

- 1) жүйелі, жүйесіз;
- 2) кешенді;
- 3) желілік;
- 4) сатылық;
- 5) тауарлық.

37. Мәселелерді шешу сатыларына байланысты кәсіпкерлік тәуекелдер болінеді:

- 1) шешімді қабылдау аясындағы тәуекелдер;
- 2) кәсіпкерлік тұлғасымен байланысты тәуекелдер;

- 3) ақпараттық тәуекелдер;
- 4) ресурстық тәуекелдер;
- 5) каржылық тәуекелдер.

38. Жіберілу дәрежесі бойынша кәсіпкерлік тәуекелдер болінеді:

- 1) жіберілетін, шегіне жеткен;
- 2) қарапайым;
- 3) спекулятивті;
- 4) пайдалы;
- 5) пайдасыз.

39. Өндірістік қызметтің кез келген түрлерін жүзеге асырумен, онімді, тауарлар мен қызметтерді ондірумен байланысты тәуекел:

- 1) өндірістік;
- 2) каржылық;
- 3) коммерциялық;
- 4) занды;
- 5) инновациялық.

40. Кәсіпкердің банктермен және басқа қаржылық институттармен қарым-қатынастар аясында пайда болатын тәуекел:

- 1) қаржылық;
- 2) ресурстық;
- 3) кадрлық;
- 4) экономикалық;
- 5) шектеулі.

41. Кәсіпкер ондірген немесе сатып алған тауарлар мен қызметтерді откізу үрдісінде пайда болатын тәуекел:

- 1) коммерциялық;
- 2) интеллектуалдық;
- 3) шыгармашылық;
- 4) ерекше;
- 5) жаңашылдық.

42. Өзінің қызмет ету аясында белгісіздікпен (идеяны жасап шыгарудан бастап, оны онім ондіруге немесе жаңа технологияны ондіріске енгізе отырып, онімді нарыққа откізуге дейін) байланысты тәуекел:

- 1) инновациялық;
- 2) нарықтық;
- 3) инвестициялық;
- 4) күтілмеген;
- 5) занды.

43. Жобамен қарастырылмаган натурагды сипаттагы материалдық өзара шартта объектілердің тікелей шығындары (үйлер, гимараттар, онім, жартылай шикізаттар, материалдар, шикізаттар, құраушы бөліктер):

- 1) материалдық шығындар;
- 2) еңбек шығындары;
- 3) қаржы шығындары;
- 4) уақыт шығындары;
- 5) занды шығындар.

44. Сату-сатып атудың қандай жағдайларында келісімшартта соңынан анықталатын бағалар қолданылады:

- 1) өзара шарт жасасудан тауарларды тасымалдау мерзіміне дейінгі кезеңдегі бағалар;
- 2) егер де өзара шартта қандай да бір себептерге байланысты тауарды жеткізуге тараңтар оның бағасы жөнінде келіспеген болса;
- 3) тауарларды өндірудің экономикалық шарттары біраз өзгерген жағдайда;
- 4) бағалар күтпеген жерден өзгерген жағдайда;
- 5) екі тарап келіскең жағдайда.

45. Шетелдік капиталдың қатысуымен қызмет ететін қасіпорындар:

- 1) бірлескен қасіпорындар;
- 2) арнаулы қасіпорындар;
- 3) толық қасіпорындар;
- 4) тұрақты қасіпорындар;
- 5) әлеуметтік жүйелер.

46. Біртекті өнім өндіру масштабтары мен мамандануы бойынша қәспікерлік түрлері:

- 1) мамандандырылған;
- 2) әртараптандырылған;
- 3) құрамдастырылған;
- 4) мамандандырылған, әртараптандырылған;
- 5) мамандандырылған, әртараптандырылған және құрамдастырылған.

47. Тәуекелді басқару түжірымдамасы негізінен қанша анықтамадан тұрады:

- 1) екі;
- 2) үш;
- 3) төрт;
- 4) бес;
- 5) жеті.

48. Эртапраптандырудың түрлери:

- шоғырланган;
- жекелеген;
- интенсивті;
- экстенсивті;
- ауыспалы.

49. Кездейсоқ немесе күтпеген жағдайлардан туындаған жұмыс уақытының шығыны:

- еңбек шығындары;
- материалдық шығындар;
- қаржы шығындары;
- уақыт шығындары;
- занды шығындар.

50. Тікелей ақшалай зиян нәтижесінде туындаитын шығындар:

- қаржы шығындары;
- материалдық шығындар;
- еңбек шығындары;
- уақыт шығындары;
- занды шығындар.

51. Қасіткерлік қызмет үрдісі жобада қарастырылған мерзімінен баяу жүрген жағдайда пайды болатын шығындар:

- уақыт шығындары;
- материалдық шығындар;
- еңбек шығындары;
- қаржы шығындары;
- занды шығындар.

52. Жостарланатын обьектіні откізуден түсестін табысты толығымен ала алмау қаупі туындаитын тәуекел дәрежесі:

- жіберілетін тәуекел;
- шегіне жеткен тәуекел;
- апатты тәуекел;
- сандақ тәуекел;
- сапалық тәуекел.

53. Тек қана табыстың түспей қалуы гана емес, сонымен қатар кәсіпер қаражаты есебінен зиянның орнын толтыру мүмкін болмайтын тәуекел дәрежесі:

- шегіне жеткен тәуекел;
- болжанған тәуекел;
- бала алмаган тәуекел;
- шексіз тәуекел;
- шекті тәуекел.

54. Кәсіпкердің банкроттығы мен капиталдың, муліктің жоғалтуына әкелетін тәуекел дәрежесі:

- апатты тәуекел;
- жіберілетін тәуекел;
- шегіне жеткен тәуекел;
- сандық тәуекел;
- сапалық тәуекел.

55. Әдетте бизнес-жоспар келесі тараулардан тұрады:

- резюме, өнім сипаттамасы, нарықты талдау, өндіріс жоспары, маркетингтік жоспар, қаржылық жоспар және тағы басқалары;
- кіріспе, техникалық-экономикалық есептеулер, қорытынды;
- көрініс, мақсаттар, критерийлер, маркетинг, өндіріс;
- көрініс, техникалық өндіріс, қаржылық жоспар және қорытынды;
- инвестициялық жоспар, қаржылық жоспар, қосымшалар.

56. Тауардың коммерциялық сипаттамасы:

- өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігін анықтайды және сапалы сипаттама болып табылады;
- тек сандық сипаттама болып табылады;
- өзіне сапа көрсеткіштерін қоспайды;
- тек откізу шарттарын қарастырады;
- откізу шарттарын жүзеге асырады.

57. Тауарды сегменттеу:

- нарықтың сегменттеуге ұқсас;
- нарықтың сәйкес сегменттің қанагаттандыруға бағытталған тауарлардың алуан түрлі номенклатурасын қосады;
- жарнамаға деген тәмен шығындарға алып келеді;
- бизнес-жоспар тарауы;
- өндірістік бағдарлама.

58. Нарықтың қажеттіліктерін және қажетті ресурстарға қол жеткізу мүмкіндіктеріне сәйкес кәсіпорынның таяу және болашақ мерзімге шаруашылық қызметтің жоспарлау:

- бизнес-жоспарды жасау мақсаты;
- бизнес-жоспардың міндеті;
- бизнес-жоспар қагидасы;
- бизнес-жоспар әдісі;
- бизнес-жоспар функциясы.

59. Жай және кеңейтілген өндірісті қаржымен қамтамасыз ету нысандары мен әдістерінің, қагидалары мен шарттарының жиынтығы:

- кәсіпкерлік ұйымдарды қаржыландыру;

- 2) кәсіпкерлік үйымдарды несиелендіру;
- 3) кәсіпкерлік үйымдарды қолдау;
- 4) кәсіпкерлік үйымдардың инфракұрлымы;
- 5) кәсіпкерлік үйымдарды бақылау.

60. Инжиниринг:

- 1) қосалқы бөлшектерге маманданған өндірісті жүзеге асыру;
- 2) келісімшарт негізінде кешенді немесе инженерлік-техникалық жұмыстардың жеке түрлерін ұсыну;
- 3) жобалау алдындағы техникалық-экономикалық зерттеулер жиынтығы;
- 4) техникадағы жаңашылдық;
- 5) жаңа технологияны енгізу кезіндегі инженерлер қызметі.

61. Қор нарығынан тартауланған қаржыландыру көздерінен менишікті, қарызың және тартауланған қаражаттар есебінен ақша ағындарының колемін болжасу негізінде мүмкін болатын қаржы ресурстарын, капитал мен резервті анықтау:

- 1) қаржылық жоспарлаудың басты мақсаты;
- 2) несиелік жоспардың басты мақсаты;
- 3) өндірістік жоспардың басты мақсаты;
- 4) сақтандыру жоспарының басты мақсаты;
- 5) стратегияның басты мақсаты.

62. Жалға алу бойынша лизинг түрлері:

- 1) тікелей лизинг, делдал көмегімен жүргізілетін лизинг;
- 2) қаржылық лизинг;
- 3) қысқа мерзімді лизинг;
- 4) қарапайым лизинг;
- 5) өз бетінше жүргізілетін лизинг.

63. Отімділік дәрежесі бойынша лизинг түрлері:

- 1) жедел және қаржылық лизинг;
- 2) делдал көмегімен жүргізілетін лизинг;
- 3) ұзақ мерзімді лизинг;
- 4) қарапайым лизинг;
- 5) ағымдағы лизинг.

64. Откізу мерзіміне байланысты лизинг түрлері:

- 1) ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді лизинг;
- 2) тікелей лизинг, делдал көмегімен жүргізілетін лизинг;
- 3) жедел лизинг, қаржылық лизинг;
- 4) қарапайым лизинг;
- 5) өз бетінше жүргізілетін лизинг.

65. Кәсіпкердің дебиторлық қарызын өткөндегі өз мойнына алатын немесе кәсіпкерден төлем туралы қандай да бір серіктеске деген табағын сатып алатын өзара қатынастар жүйесі:

- 1) факторинг;
- 2) лизинг;
- 3) франчайзинг;
- 4) толлинг;
- 5) лицензия.

66. Егер де жабдықтауши кәсіпорын және оның клиенті, сонымен қатар факторингтік компания бір елдің аумағында орналасса, онда бұл:

- 1) ішкі факторинг;
- 2) халықаралық факторинг;
- 3) жанама факторинг;
- 4) жасырын факторинг;
- 5) ашық факторинг.

67. Егер де факторингтік келісімшарттың қатысуышылары әр түрлі елдердің аумағында орналасса, онда бұл:

- 1) халықаралық факторинг;
- 2) тікелей факторинг;
- 3) қосымша факторинг;
- 4) бірлескен факторинг;
- 5) жабық факторинг.

68. Жеткізуши-экспортер елінде орналасқан факторингтік компанияның жеткізуши-импортер елінде орналасқан факторингтік компаниямен субфакторингтік келісімшарт жасаудың мүмкіндік беретін факторинг:

- 1) жанама факторинг;
- 2) ішкі факторинг;
- 3) ғаламдық факторинг;
- 4) көлеңкелі факторинг;
- 5) ашық факторинг.

69. Жеткізуши кәсіпорынның талап ету құқығын импортерлерге берумен сипатталатын факторинг:

- 1) тікелей экспорттық факторинг;
- 2) тікелей импорттық факторинг;
- 3) халықаралық факторинг;
- 4) жасырын факторинг;
- 5) ашық факторинг.

70. Факторингтік компания сатып алу туралы талабын борыш-керге ескерткен жағдайда туындастын факторинг:

- 1) ашық факторинг;
- 2) импорттық факторинг;
- 3) жергілікті факторинг;
- 4) күрделі факторинг;
- 5) экспорттық факторинг.

71. Клиент өзінің сатып алушыларына ескертпей, факторингтік компаниямен келісімшарт жасасатын факторинг:

- 1) жасырын факторинг;
- 2) жедел импорттық факторинг;
- 3) әлемдік факторинг;
- 4) тұйық факторинг;
- 5) жанама экспорттық факторинг.

72. Сатып алушы өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда, жеткізуши қасіпорыннан толенген соманы кері қайтаруды талап етуге мүмкіндігі бар, яғни аталған жағдайда несиелік тәуекел жеткізуши қасіпорында болатын факторинг:

- 1) регресс құқығымен факторинг;
- 2) регресс құқығынсыз факторинг;
- 3) сауда факторингі;
- 4) коммерциялық факторинг;
- 5) тікелей экспорттық факторинг.

73. Жалға алу келісімшартымен реттелетін, заңды тұлгаретінде ұйыммен қатынаста тұрган жеке тұлғалар жиынтығы:

- 1) ұйым персоналы;
- 2) еңбек әлеуеті;
- 3) адами капитал;
- 4) кадрлық саясат;
- 5) басқару жүйесі.

74. Адамның еңбекке қатысу шектері мен мүмкіндіктерін, белгілі бір жағдайларда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізу қабілетін, сонымен қатар еңбек үрдісі барысында жетілу мүмкіндіктерін анықтайдын адамның жеке және интеллектуалдық қасиеттерінің жиынтығы:

- 1) еңбек әлеуеті;
- 2) жеке персонал;
- 3) интеллектуалдық капитал;
- 4) кадрлық саясат;
- 5) басқару жүйесі.

75. Белгілі бір уақыт аралығында табуға мүмкіндік беретін және салынған инвестициялардың нәтижесі болып табылатын адамның ондіруші активтері (қабілеттер, білім, бейімдер):

- 1) адами капитал;
- 2) заттық капитал;
- 3) ресурстық капитал;
- 4) технологиялық капитал;
- 5) интеллектуалдық капитал.

76. Персоналмен жұмыстың негізгі бағыттарын анықтастын теориялық көзқарастар, талаптар, қагидалар жүйесі, сонымен қатар жогары еңбек өнімділігіне жетуге мүмкіндік беретін жұмыс істеу әдістері болып табылады:

- 1) кадрлық саясат;
- 2) кәсіпорын саясаты;
- 3) еңбекті қорғау саясаты;
- 4) инновациялық саясат;
- 5) басқару саясаты.

77. Дара еңбек келісімшарты жасалуы мүмкін:

- 1) жарамдылық мерзімін көрсету және жарамдылық мерзімін көрсетпей;
- 2) тек белгілі мерзімге ғана;
- 3) белгілі бір жұмысты орындау уақытына ғана;
- 4) тек белгісіз мерзімге ғана;
- 5) жұмыс істейтіндердін азаматтығы мен жасына байланыссыз.

78. Кәсіпорын деңгейінде әр түрлі жұмыстың салыстырмалы маңыздылығын анықтау және оларды құндылығы мен курделелігі жағынан үқсас арақатынасы бойынша топтай арқылы бағалау әдістерінің бірі:

- 1) жұмыстарды ранжирлеу;
- 2) жұмыстарды анықтау;
- 3) балдар жүйесі;
- 4) бақылаусыз жұмыс уақыты;
- 5) критерийлер жасау.

79. Алдымен жалақы дәрежесі мен деңгейі, содан кейін жұмыстың өзі қарастырылатын кәсіпорын деңгейінде жұмыстарды бағалау әдістерінің бірі:

- 1) жұмыстардың жіктелуі;
- 2) жұмыстарды ранжирлеу;
- 3) балдар жүйесі;

- 4) бақылаусыз жұмыс уақыты;
- 5) критерийлер жасау.

80. Кадрлардың іскерлігін бағалау қанша сатыдан тұрады?

- 1) екі;
- 2) үш;
- 3) төрт;
- 4) бес;
- 5) алты.

81. Персоналды бағалау қанша сатыдан тұрады?

- 1) екі;
- 2) үш;
- 3) төрт;
- 4) бес;
- 5) жеті.

82. Тәжірибе жүзінде персоналды бағалау қандай тәсілмен жүргізіледі?

- 1) салыстыру;
- 2) жұптау;
- 3) кешенді;
- 4) жүйелеу;
- 5) топтау.

83. Ұжымдар мен жеке қызметкерлерді материалдық ынталандыруды жүзеге асыратын әдістер:

- 1) экономикалық;
- 2) әкімшілік;
- 3) әлеуметтік-экономикалық;
- 4) әлеуметтік;
- 5) саяси.

84. Еңбек қызметін растайтын құжат:

- 1) еңбек кітапшасы, еңбек келісімшартты, жұмысқа қабылдау мен жұмыстан босату туралы бұйрықтардың көшірмелері;
- 2) жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі;
- 3) тек еңбек кітапшасы;
- 4) жұмыстан босату туралы бұйрықтың көшірмесі;
- 5) еңбек кітапшасы мен өмірбаян.

85. Жұмыс күшін төлеуге қажетті шығындарды анықтау үшін қажет:

- 1) өндірістік құрылымның штаттық кестесі, еңбекақы төлеу қорының лимиті;
- 2) тұтынуышылық тауарлар мен қызметтерге бағалардың өзгеруі;

- 3) мемлекетпен белгіленген ресурстарды өзара алмастыру коэффициенттерін басшылыққа алу;
- 4) міндепті түрде максималды тарифтік ставканы басшылыққа алу;
- 5) өндіріс көлемдерін және өнімге деген тұтынушылық бағаларды білу.

86. *Басқару обьектісі, үйым мақсаттарына, персоналды басқару қагидалары мен әдістеріне сәйкес келетін индивидтердің мінездүлкін қалыптастыру үрдісі ретінде үйым персоналының мәнін қарастыру:*

- 1) персоналды басқару әдістемесін жасау;
- 2) персоналды басқару түрін қалыптастыру;
- 3) персоналды басқару технологиясын жасау;
- 4) персоналды басқару функциялары;
- 5) персоналды басқару қагидалары.

87. *Сыртқы және ішкі көздері есебінен кадрларга деген қажеттілікті болашақта қанагаттандыру мақсатында персоналды жалдау мен жұмысқа қабылдау шаралары:*

- 1) персонал тартуды жоспарлау;
- 2) еңбекке бейімделуін анықтау;
- 3) персоналды оқытуды жоспарлау;
- 4) персоналды пайдалануды жоспарлау;
- 5) персоналды қыскартуды жоспарлау.

88. *Еңбек ресурстарын жоспарлау үрдісі:*

- 1) басқа экономикалық ресурстарды жоспарлау сияқты, кәсіпкер үшін соншалықты маңызды;
- 2) көптеген кәсіпорындар жүзеге асырмайды;
- 3) өте маңызды емес;
- 4) нарықтық экономика тәжірибесінде жок;
- 5) еңбек шығындарын анықтау қажет.

89. *Кәсіпкер нарыққа тауар шыгару мен қызмет көрсетуді үзақ мерзімге жоспарлаган кезде қолданылатын әріптестік байланыстар:*

- 1) тұракты немесе ұзақ мерзімді;
- 2) қысқа мерзімді;
- 3) кездейсоқ (спонтанды) келісмешартты;
- 4) уақыт көрсетілмейді;
- 5) мерзім көрсетілмейді.

90. Кәсіпкер тауардың тәжірибелік партиясын нарыққа әкеліп, оның жаңа тауарға деген сұранысын анықтау барысында қолданылатын ертестік байланыстар:

- 1) қысқа мерзімді;
- 2) тұрақты немесе ұзақ мерзімді;
- 3) кездейсоқ (спонтанды) келісімшартты;
- 4) орта мерзімді;
- 5) мерзім корсетілмейді.

91. Азаматтық құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыруға, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған азаматтар мен заңды тұлғалардың іс-әрекеттері:

- 1) мәмілелер;
- 2) келісімшарт;
- 3) лицензия;
- 4) франшиза;
- 5) жалға алу.

92. Тараптардың саны бойынша мәміле түрлері:

- 1) біржақты, екіжақты, көпжақты;
- 2) нақты;
- 3) шартты;
- 4) қайтарымды;
- 5) мақсатты.

93. Пайда болу уақыты бойынша мәміле түрлері:

- 1) нақты, пәтуалдық;
- 2) біржақты;
- 3) мерзімі шексіз;
- 4) қайтарымсыз;
- 5) абстрактілі.

94. Құқықтар мен міндеттердің пайда болу, тоқтатылу мерзімдері бойынша мәміле түрлері:

- 1) шартты, мерзімі шексіз, жедел;
- 2) екіжақты, көпжақты;
- 3) жоспарлы;
- 4) ұтымды;
- 5) міндетті.

95. Қайтарымдылық дәрежесі бойынша мәміле түрлері:

- 1) қайтарымды, қайтарымсыз;
- 2) қайтарымды;
- 3) қайтарымсыз;
- 4) дәрежелі;
- 5) дәрежесіз.

96. Нәқты мәміленің құқықтық турғыдан негізделуіне байланысы мәміле түрлері:

- 1) мақсатты, абстрактілі;
- 2) мақсатты;
- 3) мақсатсыз;
- 4) абстрактілі;
- 5) болжанған.

97. Заңнамага немесе тараптардың келісіміне сәйкес, тараптардың бірінің еркі қажетті және жеткілікті болатын мәміле:

- 1) біржакты;
- 2) нақты;
- 3) шартты;
- 4) қайтарымды;
- 5) мақсатты.

98. Мазмұнынан тараптар қандай мақсатты қозедйтіндігі корінетін мәмілелер:

- 1) мақсатты;
- 2) жоспарлы;
- 3) шартсыз;
- 4) үлгілі;
- 5) көпжақты.

99. Жазбаша нысанда жасалатын мәмілелер:

- 1) тікелей жүргізу кезінде орындалатын, 100 айлық есептік көрсеткіштен жоғары сомадағылары;
- 2) тікелей жүргізу барысында, кәсіпкерлік қызмет үрдісінде жүзеге асырылатындары;
- 3) әмбебап құрал-жабдықты сатып алуға жұмсалған;
- 4) тек қана лизинг;
- 5) 25 минималды жалақыдан төмен сомага.

100. Мәмілелер анықталады:

- 1) азаматтық құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыруға, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған азаматтар мен занды тұлғалардың іс-әрекеттері;
- 2) азаматтың өз іс-әрекеттерімен өзі үшін азаматтық міндет-темелерді орындау және атқара білу қабілеті;
- 3) азаматтық құқықтардың болу және міндеттерді ұстана білу қабілеті;
- 4) қызметті тоқтату немесе қайта ұйымдастыру;
- 5) джентльмендік келісім.

101. Екі немесе бірнеше тұлғалардың азаматтық құқықтар мен міндеттемелерді орындау, өзгерту немесе бұзу туралы келісімі:

- 1) келісімшарт;
- 2) мәмілелер;
- 3) лицензия;
- 4) франшиза;
- 5) жалға алу.

102. Келісімшартты жасауда деген үсінис:

- 1) оферта;
- 2) сұраныс;
- 3) әріптестік;
- 4) сыйласымдылық;
- 5) пікір.

103. Оферта жіберілген тұлғаның оны қабылдау туралы жасауды (коммерциялық үйімнің, дара қасіткердің):

- 1) акцепт;
- 2) әріптестік;
- 3) өзара байланыс;
- 4) жоспар жасау;
- 5) сұраныс.

104. Құқықтар мен міндеттемелерге қол қойылған кезге байланысты келісімшарт түрлері:

- 1) консенсуалды, нақты;
- 2) қайтарымды;
- 3) өзара байланысты;
- 4) алдын ала жасалынатын;
- 5) жариялы.

105. Қарама-қайши үсіністың болуына байланысты келісімшарт түрлері:

- 1) қайтарымды, қайтарымсыз;
- 2) қосымша;
- 3) біржақты;
- 4) негізгі;
- 5) бірегей.

106. Өндіруші мен тұтынушының мұddeлерін қоргайтын (кейде олардың атынан жұмыс істейтін), бірақ өнім өндіруші немесе тұтынушы болып табылмайтын заңды немесе жеке тұлғалар:

- 1) делдалдар;
- 2) брокерлер;
- 3) жұмыскерлер;

- 4) жұмысшылар;
- 5) оқушылар.

107. Тауарды өндіруші немесе тұтынушы мұдделерін қанагаттандыру мақсатында іс-әрекет ететін тұлға:

- 1) агент;
- 2) брокер;
- 3) принципал;
- 4) маклер;
- 5) дилер.

108. Агенттің мұдделерін қанагаттандыру үшін іс-әрекет ететін тұлға:

- 1) принципал;
- 2) брокер;
- 3) агент;
- 4) маклер;
- 5) дилер.

109. Өндірушіден тауарларды сатып алуға және оларды өзінің тұрақты клиенттеріне откізуге (болуге) маманданған делдал:

- 1) дистрибутер;
- 2) брокер;
- 3) агент;
- 4) маклер;
- 5) дилер.

110. Өз атынан және өз есебінен тауарларды қайта сатуды жүзеге асыратын делдалдық құрылым (заңды немесе жеке тұлға):

- 1) дилер;
- 2) брокер;
- 3) агент;
- 4) маклер;
- 5) дистрибутер.

111. Мәмілені жасасуға өздері қатыстырыны, тек оны жасау мүмкіндігін көрсететін кәсіпкер-делдал:

- 1) сауда маклерлері;
- 2) сатушы;
- 3) сатып алушы;
- 4) тұтынушы;
- 5) дистрибутер.

112. Дайын өнім қорлары бар, тауарлардың тасымалы мен сақталуын қамтамасыз ететін делдалдық аядағы субъектілер:

- 1) джобберлер;

- 2) сатушы;
- 3) сатып алушы;
- 4) сауда маклерлері;
- 5) өкіл саудагер.

113. Потенциалды сатып алушыларға каталогтарды тарату арқылы тауарларды өткізумен айналысатын кәсіпкер-делдал:

- 1) өкіл саудагер;
- 2) өнім өндіруші;
- 3) тұтынушы;
- 4) сауда маклерлері;
- 5) өнім өндеуші.

113. Негізгі міндетті сатушыларды сатып алушылармен кездестіру және оларға келісімге келуге комектесу болып табылатын түлгапар:

- 1) брокер;
- 2) өкіл саудагер;
- 3) өнім өндеуші;
- 4) сауда маклерлері;
- 5) делдал.

114. Белгілі бір сыйақы (комиссиялық сыйақы) үшін, бірақ оз атынан комитетті пайдасына мәміле жасайтын делдалдар, жеке немесе заңды түлгапар:

- 1) комиссирлер;
- 2) коммивояжер;
- 3) өткізу агенттері;
- 4) брокерлер;
- 5) аукциондар.

115. Аукционды сатылымға қойылатын тауарды иемдену құқығы үшін сатып алушылар жарысы:

- 1) аукциондар;
- 2) коммивояжер;
- 3) өткізу агенттері;
- 4) делдалдар;
- 5) үміткерлер.

116. Тауарды тек қана сатып қана қоймай, сатып алушыға жеткізетін кәсіпкер-делдал (жеткізілммен сату):

- 1) коммивояжер;
- 2) өкіл саудагер;
- 3) өткізу агенттері;
- 4) брокерлер;
- 5) комиссирлер.

117. Үйымдастыруышылық түрде рәсімделген және тұрақты қызмет ететін нарық, онда тұрақты және нақты сапалық параметрлері бар жаптай тауарларды сату жүргізіледі:

- 1) биржа;
- 2) аукцион;
- 3) базар;
- 4) аренада;
- 5) сауда үйі.

118. ЖШС-тің коммерциялық және кәсіпкерлік құтиясына жатпайтын мәліметтер:

- 1) тіркеу куәліктегі, патенттер, лицензиялар;
- 2) құрылтай келісімшарты;
- 3) өнімнің өзіндік құрамына кіретін шығындар құрамы;
- 4) жалақы мөлшері;
- 5) өнім бағасын анықтау механизмі.

119. Басекелестер туралы ақпарат алудың заңды әдістері болуы мүмкін:

- 1) бұкараталық ақпарат құралдары арқылы ақпарат жинақтау;
- 2) адамдарды жалдау;
- 3) бопсалау;
- 4) телефон әңгімелерін тыңдау;
- 5) өнеркәсіптік тыңшылық.

120. Караптырылған міндеттер мен міндеттемелерді мүлдем орындауда немесе дұрыс орындауда байланысты азаматтық заңнамамен белгіленген заңды жауапкершілік:

- 1) азаматтық;
- 2) әкімшілік;
- 3) қылмыстық;
- 4) тәртіптік;
- 5) моральдық.

121. Кәсіпкерлік қызметтің жүзеге асыру барысында кәсіпкерлердің және кәсіпкерлік үйымдардың лауазымды тұлғаларының әкімшілік құқық бұзғаны үшін жауапкершілігі:

- 1) әкімшілік;
- 2) азаматтық;
- 3) қылмыстық;
- 4) тәртіптік;
- 5) моральдық.

122. Кәсіткерлік қызметтің жүзеге асыру барысында заңға қарама-қайшы іс-әрекеттердің жүзеге асыру кезінде пайдаланып кәсіткерлердің заңды жауапкершілік түрлерінің бірі:

- 1) қылмыстық;
- 2) азаматтық;
- 3) әкімшілік;
- 4) тәртіптік;
- 5) моральдық.

123. Еңбек тәртібін бұзғаны үшін бұзуышыларға ықпал ету түрі ретінде жауапкершілік:

- 1) тәртіптік;
- 2) азаматтық;
- 3) әкімшілік;
- 4) қылмыстық;
- 5) моральдық.

124. Адам іс-әрекеттерінің моральдық нормаларға сәйкес болу немесе болмауына байланысты жауапкершілік:

- 1) моральдық;
- 2) азаматтық;
- 3) әкімшілік;
- 4) қылмыстық;
- 5) тәртіптік.

125. Қызметкердің заңга қайшы және кіналі мінез-құлқы жағдайында зиян тигізгені үшін жауапкершілігі:

- 1) материалдық;
- 2) азаматтық;
- 3) әкімшілік;
- 4) қылмыстық;
- 5) тәртіптік.

126. Зиян тигізген топтың бірлесе отырып зиянның орнын толтыру мақсатындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі:

- 1) бірлескен;
- 2) үлестік;
- 3) субсидиарлы;
- 4) регрессивті;
- 5) арапас.

127. Өзінің тигізген зиянның үлесіне байланысты әрқайсысының зиян орнын толтыруы жүргізілетін азаматтық-құқықтық жауапкершілігі:

- 1) үлестік;

- 2) бірлескен;
- 3) субсидиарлы;
- 4) регрессивті;
- 5) аралас.

128. Басқа тұлғаның жауапкершілігіне қосымша болатын азаматтық-құқықтық жауапкершілік:

- 1) субсидиарлы;
- 2) бірлескен;
- 3) үлестік;
- 4) регрессивті;
- 5) аралас.

129. Бір тұлғаның екінші тұлғаның ісі үшін жауапты болатын азаматтық-құқықтық жауапкершілігі:

- 1) регрессивті;
- 2) бірлескен;
- 3) үлестік;
- 4) субсидиарлы;
- 5) аралас.

130. Кінә дәрежесіне сәйкес тараптардың өзара жауапкершілігі болатын азаматтық-құқықтық жауапкершілігі:

- 1) аралас;
- 2) бірлескен;
- 3) үлестік;
- 4) субсидиарлы;
- 5) регрессивті.

131. Мемлекет пайдасына мүлікті қайтарымсыз алу санкциялары:

- 1) тәркілеуші;
- 2) ынталандыруши;
- 3) өтемақылық;
- 4) субсидиарлы;
- 5) регрессивті.

132. Зиянга байланыссыз айыппұл, осімақы алу санкциялары:

- 1) ынталандыруши;
- 2) тәркілеуші;
- 3) өтемақылық;
- 4) субсидиарлы;
- 5) регрессивті.

133. Зияндардың орнын толтыру санкциялары:

- 1) өтемақылық;

- 2) тәркілеуші;
- 3) ынталандырушы;
- 4) субсидиарлы;
- 5) регрессивті.

134. Борышкер кредиторга міндеттемені мүлдем орындаамаган немесе толық орындаамаган жағдайда, атап айтқанда орында мерзімі өтпіл кеткен жағдайда төлеуге тиісті заумен немесе келісімшарттен белгіленген ақшалай сома:

- 1) тұрақсыздық айыбы;
- 2) кепілзат;
- 3) кепіл;
- 4) кепілгер болу;
- 5) алдын ала төлем.

135. Белгілі бір уақыт аралығында субъектілердің кәсіпкерлік аяда экономикалық белсенділіктің қандай да бір түрлеріне бағыттайтын, кәсіпкерліктің тұрақты дамуына септігін тигізетін мінез-құлық, үлгілері, құндылықтар жүйесі, алеуметтік нормалар, іргелі қагидалар мен қогамдық институттар жиынтығы:

- 1) кәсіпкерлік мәдениет;
- 2) кәсіпкерлік этика;
- 3) кәсіпкерлік этикет;
- 4) кәсіпкерліктің этикалық нормалары;
- 5) кәсіпкерлік функциялары.

136. Қызметкерлердің ресми және бейресми қызмет ережесі мен нормаларының, салттар мен дәстүрлердің, дара және топтық мүдделердің мінез-құлық ерекшеліктері жүйесі:

- 1) кәсіпкерлік этика;
- 2) кәсіпкерлік мәдениет;
- 3) кәсіпкерлік этикет;
- 4) кәсіпкерліктің этикалық нормалары;
- 5) кәсіпкерлік функциялары.

137. Кәсіпкерлік еңбектің дәстүрлі үлгілерін қайта жаңғырту есебінен сыртқы қарама-қайшылықтарға тозімділік пен ішкі тұрақтылық күштерін құрайтын кәсіпкерлік мәдениет функцияларының бірі:

- 1) консервативті;
- 2) коммуникативті-интегративті;
- 3) инновациялық;
- 4) мақсатты;
- 5) трансляциялық.

138. Өзгөрмелі жағдайга дұрыс бейімделген жаңа үлгілерді таныттын кәсіпкерлік мәдениет функцияларының бірі:

- 1) инновациялық;
- 2) коммуникативті-интегративті;
- 3) консервативті;
- 4) мақсатты;
- 5) трансляциялық.

139. Құндылықтарды, үлгілерді қалыптастыратын кәсіпкерлік мәдениет функцияларының бірі:

- 1) мақсатты;
- 2) коммуникативті-интегративті;
- 3) консервативті;
- 4) инновациялық;
- 5) трансляциялық.

140. Нарық пен ұжымдағы бірлескен қызмет үрдісінде пайда болатын, артестер, серіктестер, бәсекелестер арасындағы өзара байланыс ретінде танылатын қогамдық қатынастар типтерінің бірі:

- 1) іскерлік қарым-қатынастар;
- 2) іскерлік әнгімелесу;
- 3) іскерлік жазу;
- 4) іскерлік келіссөздер;
- 5) іскерлік этикет.

141. Екі тарапқа да сәйкес келетін келісімге қол жеткізу үшін арналған адамдар арасындағы өзара байланыс қуралы:

- 1) іскерлік келіссөздер;
- 2) іскерлік қарым-қатынастар;
- 3) іскерлік жазу;
- 4) іскерлік әнгімелесу;
- 5) іскерлік этикет.

142. Еңбек қызметінде адамның өзінің кәсіби міндеттеріне, борышы мен адамдардың өзара қатынасына деген қатынастарын реттейтін адамгершілік нормалары:

- 1) кәсіби этика;
- 2) әмбебап этика;
- 3) корпоративтік этика;
- 4) кәсіби емес этика;
- 5) Қарапайым этика.

143. Кәсіби бейімділік мән әлеуметтік функцияларына қарамастан, барлық адамдар үшін міндетті ережелер, нормалар және қағидалар:

- 1) әмбебап этика.

- 2) кәсіби этика;
- 3) корпоративтік этика;
- 4) кәсіби емес этика;
- 5) қарапайым этика.

144. Бірдей қажеттілікті қанагаттандыратын, тауарлар ассортиментінде топтары және нысандары:

- 1) заттық;
- 2) функционалдық;
- 3) тұлғалық;
- 4) сыйықты;
- 5) отбасылық.

145. Алмастыруыш-тауарлар (объектілер) арасындағы бәсеке нысаны:

- 1) функционалдық;
- 2) заттық;
- 3) тұлғалық;
- 4) сыйықты;
- 5) отбасылық.

146. Саланың бәсекелігін талдау төмөндегідей мәліметтерден қамтиды

- 1) нарық колемін, бәсекелестер, сатып алушылар санын, салага кіру немесе одан шығу жеңілдігін;
- 2) кәсіпорын стратегиясын бағалауды;
- 3) мұнайга деген бағалардың әлемдік деңгейін;
- 4) стратегиялық жоспарларды;
- 5) өнеркәсіптік тыншылықты.

147. Еркін бәсекениң негізгі белгілері

- 1) сатушы – жалғыз, сала – кәсіпорын синонимі, өткізілетін өнім бірегей;
- 2) қатысуышлардың саны шектеусіз, абсолютті түрде еркін кіру және шығу, бәсекениң әрбір қатысуышының толық ақпараттандырылуы, тауарлардың біртектілігі;
- 3) өндірушілердің көбісі ұқсас, бірақ кішкене өзгешелігі бар тауарды ұсынады;
- 4) бәсеке қатысуышлардың көп болмауы, біртекті өнім ұсынады;
- 5) бағалардың тұрақты болу тенденциясы байқалады.

148. Әлемдік масштабтагы бәсеке деңгейі:

- 1) галамдық;
- 2) аймақтық;

- 3) ұлттық;
- 4) ұлтаралық;
- 5) жергілікті.

149. Еркін нарық жүйесіндегі бәсеке жағдайында адамның белгілі уақыт аралығында қандай да бір қажеттілігін қанагаттандыратын объект қасиеттерінің жиынтығы:

- 1) тауардың бәсекеге қабілеттілігі;
- 2) елдің бәсекеге қабілеттілігі;
- 3) кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі;
- 4) шикізаттың бәсекеге қабілеттілігі;
- 5) тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігі.

150. Нарық жағдайында тұтынуышылардың талаптарына объектілердің сәйкестік дәрежесін сипаттайтын және серпінді, нарықта белгілі бір улесі бар субъект қасиеті:

- 1) кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі;
- 2) тауардың бәсекеге қабілеттілігі;
- 3) тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігі;
- 4) шикізаттың бәсекеге қабілеттілігі;
- 5) елдің бәсекеге қабілеттілігі.

151. Жетілген нарық жағдайындағы бәсекеге ортақ сипат:

- 1) сапа деңгейінде жағынан сәйкес біртекті тауарлар өндіріледі;
- 2) әр түрлі сапалы тауарлар өндіріледі;
- 3) нарықта конгресси салышылар бір өнімді сатады;
- 4) әрбір фирманның нарықтық мінез-құлқы оның бәсекелесінің реакциясына байланысты;
- 5) кіруі мен шығуы киын.

151. Кәсіпорынның өз қаражаттарымен қысқа мерзімді борышын отеуге дайындығы:

- 1) етімділік;
- 2) толем қабілеттілік;
- 3) каржылық тұрақтылық;
- 4) екпінділік;
- 5) инвестициялық қызмет.

152. Іс-әрекет ету аясына байланысты бәсекеге қабілеттілік факторларын жіктеу:

- 1) макро және микроэкономикалық;
- 2) негізгі және дамыған;
- 3) жалпы және маманданған;
- 4) он және теріс;
- 5) шамалы әсер ететін және әжептәуір әсер ететін.

153. Пайды болуына байланысты бәсекеге қабілеттілік факторларын жіктеу:

- 1) негізгі және дамыған;
- 2) макро және микроэкономикалық;
- 3) жалпы және маманданған;
- 4) оң және теріс;
- 5) шамалы әсер ететін және әжептәуір әсер ететін.

154. Мамандануына байланысты бәсекеге қабілеттілік факторларын жіктеу:

- 1) жалпы және маманданған;
- 2) негізгі және дамыған;
- 3) макро және микроэкономикалық;
- 4) оң және теріс;
- 5) шамалы әсер ететін және әжептәуір әсер ететін.

155. Әсер ету сипатына байланысты бәсекеге қабілеттілік факторларын жіктеу:

- 1) оң және теріс;
- 2) жалпы және маманданған;
- 3) негізгі және дамыған;
- 4) макро және микроэкономикалық;
- 5) шамалы әсер ететін және әжептәуір әсер ететін.

156. Әрекет ету интенсивтілігіне байланысты бәсекеге қабілеттілік факторларын жіктеу:

- 1) шамалы әсер ететін және әжептәуір әсер ететін;
- 2) жалпы және маманданған;
- 3) негізгі және дамыған;
- 4) макро және микроэкономикалық;
- 5) оң және теріс.

157. Элеуметтік-экономикалық табигатына байланысты бәсекеге қабілеттілік факторларын жіктеу:

- 1) ресурстар және инфрақұрылым;
- 2) жалпы және маманданған;
- 3) негізгі және дамыған;
- 4) макро және микроэкономикалық;
- 5) оң және теріс.

158. Атапган сегментте субъект алдыңғы сегменттегіге қараганда өз қажеттіліктерін сапалы қанагаттандыратын немесе көп табыс алатын бәсеке:

- 1) тартымды;
- 2) бірқалыпты;

- 3) бәсеке объектісі үшін қатайтылған;
- 4) бәсеке субъектісі үшін қатайтылған;
- 5) күшті.

159. Жетілген және монополиялық бәсеке нарықтарының ортақ белгілері:

- 1) нарықта сатып алушылар мен сатушылар саны ете көп;
- 2) сарапанған тауарлар өндіріледі;
- 3) біртекті тауарлар өндіріледі;
- 4) әрбір фирмандың нарықтық мінез-құлқы оның бәсекелесінің реакциясына байланысты;
- 5) кіру және шығу ете киын.

160. Бәсекелестердің іс-әрекеттерінің алдын алумен және өндірісті жаңартумен байланысты бәсекелік мінез-құлқы типі:

- 1) бейімделгіш мінез-құлқы;
- 2) кепілдендірілген мінез-құлқы;
- 3) агрессивті мінез-құлқы;
- 4) креативті мінез-құлқы;
- 5) пассивті мінез-құлқы.

161. Бәсекелестерге қараганда үстемдікке (жаңа онімдер, онімді откізу мен технологияның жаңа нысандары, жаңа жарнама) жеткізетін іс-әрекеттермен сипатталатын бәсекелік мінез-құлқы типі:

- 1) креативті мінез-құлқы;
- 2) кепілдендірілген мінез-құлқы;
- 3) агрессивті мінез-құлқы;
- 4) бейімделгіш мінез-құлқы;
- 5) пассивті мінез-құлқы.

162. Қасіткерлердің онім сапасын арттыру, онім ассортиментін озгерту, алуан түрлі қызметтерді құру есебінен нарықта қол жеткізген позицияларын ұзақ мерзімді келешекке сақтап қалу және тұрақтандыру үмттылысымен анықталатын мінез-құлқы типі:

- 1) кепілдендірілген мінез-құлқы;
- 2) креативті мінез-құлқы;
- 3) агрессивті мінез-құлқы;
- 4) бейімделгіш мінез-құлқы;
- 5) пассивті мінез-құлқы.

163. Тауардың нарықтық құнын анықтайтын және белгілейтін, нақты еңбекті қоғамдық қажетті еңбекке айналдыратын бәсеке функцияларының бірі:

- 1) өндірісті реттеу функциясы;

- 2) кәсіпкерлік мінез-құлықты мотивациялау функциясы;
- 3) өндірушілер табысын болу функциясы;
- 4) нарыққа қатысуышылардың мінез-құлқын бақылау функциясы;
- 5) бақылаусыздық функциясы.

164. Басқа бәсекелестерге қараганда төмен бағалар бойынша тауарларды сату немесе қызметтерді ұсыну:

- 1) бағалық бәсеке;
- 2) бағалық емес бәсеке;
- 3) мемлекеттік бәсеке;
- 4) монополиялық бәсеке;
- 5) олигополия.

165. Бәсекелік күресте кәсіпкерлермен келесідей әдістер қолданылады:

- 1) бағалық және бағалық емес;
- 2) монополиялық бәсеке, жетілген бәсеке;
- 3) креативті, бейімделгіш;
- 4) көшбасшылар, ерушилер;
- 5) бәсекелік артықшылықтарды пайдалану.

166. Өнімнің сапалық және (немесе) сандық сипаттамасы:

- 1) бәсекеге қабілеттілік критерийлері;
- 2) бәсекеге қабілеттілік қагидалары;
- 3) бәсекеге қабілеттілік факторлары;
- 4) бәсекеге қабілеттілік белгілері;
- 5) бәсекеге қабілеттілік әдістері.

167. Тауардың/қызметтің өмірлік циклін ескере отырып бәсекеге қабілеттілікті талдауга негізделген кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін бағалау әдісі:

- 1) матрицалық әдіс;
- 2) шахмат әдісі;
- 3) нарықтағы тұтынушылардың мінез-құлық әдісі;
- 4) тиімді бәсеке теориясына негізделген әдіс;
- 5) ABC әдісі.

168. Талдаудың барлық обьектісінің тәжірибелік материалада-рын пайдаланатын кәсіпкерлік қызметті талдау:

- 1) толық талдау;
- 2) жылдық талдау;
- 3) кешенді талдау;
- 4) таңдамалы талдау;
- 5) жедел талдау.

169. Өндірістік-шаруашылық қызметтің барлық тараптары мен аспектілерін қамтитын кәсіпкерлік қызметтің талдау:

- 1) жедел талдау;
- 2) жылдық талдау;
- 3) толық талдау;
- 4) таңдамалы талдау;
- 5) кешенді талдау.

170. Кәсіпкерлік қызметтің жеке түрлері талданатын әдіс:

- 1) такырыптық талдау;
- 2) жедел талдау;
- 3) толық талдау;
- 4) таңдамалы талдау;
- 5) жылдық талдау.

171. Талдаудың барлық обьектісінің тәжірибелі материалдың қолданылатын кәсіпкерлік қызметтің талдау:

- 1) толық талдау;
- 2) жедел талдау;
- 3) такырыптық талдау;
- 4) таңдамалы талдау;
- 5) жылдық талдау.

172. Өнімді өндіру шығындарындағы өндірістік шығындардың жеке түрлерінің өзгеру себептерін зерттеуді қарастыратын әдіс:

- 1) құраушы көрсеткіштерді орналастыру әдісі;
- 2) әлимниирлеу әдісі;
- 3) көрсеткіштерді салыстыру әдісі;
- 4) экономикалық-математикалық әдіс;
- 5) қаржылық әдіс.

173. Факторлардың көптігіне байланысты күрделі экономикалық коріністерді зерттеуді қарастыратын әдіс:

- 1) экономикалық-математикалық әдіс;
- 2) әлимниирлеу әдісі;
- 3) құраушы көрсеткіштерді орналастыру әдісі;
- 4) көрсеткіштерді салыстыру әдісі;
- 5) қаржылық әдіс.

174. Болып жатқан үрдістердің сапалы сипаттамасы біртекті үрдістер арқылы берілсе, сәйкес көрсеткіштер арасындағы айырмашылықтардың шамасын гана емес, сонымен қатар бұл көрсеткіштерді өсіру (төмендету) қарқындарын да анықтауга мүмкіндік беретін әдіс:

- 1) көрсеткіштерді салыстыру әдісі;

- 2) элиминирлеу әдісі;
- 3) құраушы көрсеткіштерді орналастыру әдісі;
- 4) экономикалық-математикалық әдіс;
- 5) қаржылық әдіс.

175. Факторлардың өзгермейтіндегі жағдайында зерттелетін көрсеткіштердің шамасына негізгі факторлардың әсерін сапалы олиеуге мүмкіндік беретін әдіс:

- 1) элиминирлеу әдісі;
- 2) көрсеткіштерді салыстыру әдісі;
- 3) құраушы көрсеткіштерді орналастыру әдісі;
- 4) экономикалық-математикалық әдіс;
- 5) қаржылық әдіс.

176. Заңды тұлғалардың мұрагерлік қатынастарына әкелетін заңды тұлғаның мүлкі мен істерін таратпай-ақ құқықтық жағдайын өзгерту:

- 1) қайта үйымдастыру;
- 2) тарату;
- 3) тоқтату;
- 4) сауықтыру;
- 5) банкроттық.

177. Бір немесе бірнеше үйымдардың барлық құқықтары мен міндеттерін беру жолымен немесе олардың қызметтін тоқтату арқылы жаңа үйымның пайда болуы:

- 1) бірігу;
- 2) қосылу;
- 3) бөліну;
- 4) бөлініп шыгу;
- 5) қайта өзгеру.

178. Барлық құқықтары мен міндеттерін басқа үйымга береді оның бір немесе бірнеше үйымның өз қызметтерін тоқтатуы:

- 1) қосылу;
- 2) бірігу;
- 3) бөліну;
- 4) бөлініп шыгу;
- 5) қайта өзгеру.

179. Қызметтін тоқтатпай, қайта үйымдастырылатын үйымның құқықтары мен міндеттерінің бір болігін беру жолымен бір немесе бірнеше үйымның құрылуы:

- 1) бөлініп шыгу;
- 2) бірігу;

- 3) беліну;
- 4) қосылу;
- 5) қайта өзгеру.

180. Занды тұлғалардың жеке үйымдастырушылық-құқықтық нысандары туралы КР АК ережелеріне сәйкес бір үйымдық-құқықтық нысандағы занды тұлғаның басқасына айналтуы:

- 1) қайта өзгеру;
- 2) бірігу;
- 3) беліну;
- 4) қосылу;
- 5) белініп шыгу.

181. Борышкердің ақшалай міндеттемелер бойынша несие берушілердің талаптарын, оның ішінде жалақыны төлеу бойынша талаптарын қанагаттандыра алмау қабілетін, сонымен қатар озіне тиесілі мүлік есебінен бюджет пен бюджеттен тыс қорларга міндетті төлемдерді қанагаттандыра алмау қабілетін айтады:

- 1) төлем қабілетсіздік;
- 2) тарату;
- 3) тоқтату;
- 4) сауықтыру;
- 5) банкроттық.

182. Тарату үшін негіз болып табылатын сот шешімімен танылган борышкердің төлем қабілетсіздігі:

- 1) банкроттық;
- 2) тарату;
- 3) тоқтату;
- 4) сауықтыру;
- 5) төлем қабілетсіздік.

183. Борышкер мүлкін сыртқы басқару:

- 1) сауықтыруши басқарушы;
- 2) санация;
- 3) соттан тыс процедура;
- 4) конкурснық өндіріс;
- 5) қарапайым басқарушы.

184. Борышкер-кәсіпорынды сауықтыру:

- 1) санация;
- 2) сауықтыруши басқарушы;
- 3) соттан тыс процедура;
- 4) конкурснық өндіріс;
- 5) қарапайым басқарушы.

185. Борышкерді еркіті түрде тарату:

- 1) соттан тыс процедура;
- 2) сауықтыруши басқарушы;
- 3) санация;
- 4) конкурсстық өндіріс;
- 5) қарапайым басқарушы.

186. Несие берушілерге тиесілі төлемдердің немесе қарыздардан женелдіктегердің уақытын создыру үшін, сәйкесінше қарыздарды төлемеу үшін жасалатын несие берушілерді шатыстыру мақсатында өзінің толем қабілетсіздігі туралы коммерциялық үйым иесінің (дара кәсіпкердің) немесе басшысының жалған түрде жариялауы:

- 1) жалған банкроттық;
- 2) алдын ала ойластырылған банкроттық;
- 3) нақты банкроттық;
- 4) техникалық банкроттық;
- 5) шартты банкроттық.

187. Коммерциялық үйым иесі (дара кәсіпкер) немесе басшысы жеке мүдделерді немесе басқа да мүдделерді көздей отырып жасаган, ірі зиян тигізген толем қабілетсіздікті әдейі құру немесе көбейту:

- 1) алдын ала ойластырылған банкроттық;
- 2) жалған банкроттық;
- 3) нақты банкроттық;
- 4) техникалық банкроттық;
- 5) шартты банкроттық.

188. Пайдаланылатын капиталдың нақты жогалтуларына байланысты кәсіпорынның болашақта оз қаржылық тұрақтылығы мен толем қабілеттілігін толық қалтына келтіре алмау қабілеті:

- 1) нақты банкроттық;
- 2) жалған банкроттық;
- 3) алдын ала ойластырылған банкроттық;
- 4) техникалық банкроттық;
- 5) шартты банкроттық.

189. Дебиторлық борышты толеу мерзімінің біршама отіп кетуінен болған кәсіпорынның толем қабілетсіздік жағдайы:

- 1) техникалық банкроттық;
- 2) жалған банкроттық;
- 3) алдын ала ойластырылған банкроттық;
- 4) нақты банкроттық;
- 5) шартты банкроттық.

190. Қарызды отеу графигіне сәйкес қарызды отеу мен төлем қабілеттілігін қалтына келтіру мақсатында откізілетін банкроттық процедурасы:

- 1) қаржылық сауықтыру;
- 2) бақылау;
- 3) сыртқы басқару;
- 4) конкурсстық өндіріс;
- 5) бітімгершілік.

191. Толем қабілеттілігін қалтына келтіру мақсатында борышкерге қатысты қолданылатын банкроттық процедурасы:

- 1) сыртқы басқару;
- 2) бақылау;
- 3) қаржылық сауықтыру;
- 4) конкурсстық өндіріс;
- 5) бітімгершілік.

192. Несие берушілердің молшерлі талаптарын қанагаттандыру мақсатында банкрот деп танылған борышкерге қатысты қолданылатын процедура:

- 1) конкурсстық өндіріс;
- 2) бақылау;
- 3) қаржылық сауықтыру;
- 4) сыртқы басқару;
- 5) бітімгершілік.

193. Борышкер мен несие беруші арасында келісімге қол жеткізу жолымен банкроттық туралы іс бойынша өндірісті тоқтату мақсатында банкроттық туралы істі талқылаудың кез келген салынында қолданылатын банкроттық процедура:

- 1) бітімгершілік;
- 2) бақылау;
- 3) қаржылық сауықтыру;
- 4) сыртқы басқару;
- 5) конкурсстық өндіріс.

194. Кедендейк баждар жүйесі құрамына кіреді:

- 1) салық салынатын тауарлар тізімі, салық салу дәнгейі, ставкалардың дифференциациясы;
- 2) салық салынатын тауарлар тізімі, кедендейк тарифті бұзғаны үшін салынатын айыппұлдар;
- 3) ұйымдастырушылық мәселелермен байланысты кедендейк алымдар;

- 4) кедендік тарифті бұзғаны үшін салынатын айыппұлдар, кедендік алымдар;
- 5) салық салынатын тауарлар тізімі, кедендік алымдар.

195. Экспортқа жоспарланған өнімнің бәсекеге қабілеттілігін бағалау келесідей сатыларды қарастырады:

- 1) тауардың бәсекеге қабілеттілігінің интегралды көрсеткішін есептеу;
- 2) нарыкты талдау және салыстыру үшін база ретінде сәйкес келетін үлгіні таңдау, салыстырылатын параметрлер жиынтығын анықтау, тауардың бәсекеге қабілеттілігінің интегралды көрсеткішін есептеу;
- 3) өнім бағасы мен сапасын ескеру;
- 4) нарыкты талдау және салыстыру үшін база ретінде ең сәйкес келетін үлгіні таңдау, тауардың бәсекеге қабілеттілігінің интегралды көрсеткішін есептеу;
- 5) есептік көрсеткіштерді жасау және енгізу.

196. Мониторинг:

- 1) каржыландыру нысандарының бірі;
- 2) кәсіпорынның жалпы жағдайын толық түрде талдау;
- 3) жылжымалы және жылжымайтын мүлікті орналастыру бойынша операциялар;
- 4) фирмалы тауар тасымалдары бойынша келісімді негізде жүзеге асырылатын талаптарды сатып алуы;
- 5) кәсіпорынды бақылау.

197. «Инженеринг пен технологиялар трансферті орталығы» АҚ құрылу мақсаты:

- 1) инженерингтік қызметтерді көрсету;
- 2) Қазақстан Республикасындағы іскерлік климат пен экономикалық конъюнктураны талдау;
- 3) несиелеу бағдарламаларына қатысу;
- 4) қолданбалы ғылыми зерттеулерді және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру;
- 5) шет елдегі қазақстандық кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігінің артуына септігін тигізу.

198. «Маркетингтік-талдаушылық зерттеулер орталығы» АҚ құрылу мақсаты:

- 1) болашақта бәсекеге қабілеттіліктің жүзеге асырылуына және инвестициялық жобалардың пайдалылығына талдау жасау;
- 2) шағын кәсіпкерлікті қаржылық қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын дайындау мен жүзеге асыруға қатысу;

- 3) технологиялардың сыртқы және ішкі нарықтарының маркетингі және аталған аядағы дамудың әлемдік тенденцияларын талдау;
- 4) технопарктерді, бизнес-инкубаторлар мен инновациялық инфрақұрылымның басқа да элементтерін күруга қатысу;
- 5) отандық және шетелдік кәсіпорындар арасындағы өндірістік кооперацияға септігін тигізу.

199. «Шагын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ құрылу мақсаты:

- 1) шағын кәсіпкерлік субъекттерін мақсатты несиелеу;
- 2) инвестицияларды тарту мен инновациялық жобаларды қаржыландыру;
- 3) КР корпоративтік бағалы қағаздар нарығының дамуын ынталандыру;
- 4) Қазақстан Республикасындағы іскерлік климат пен экономикалық конъюнктураны талдау;
- 5) алдыңғы қатарлы шетелдік технологиялар, сонымен қатар басқа да инновациялық өнімдер трансферті және оларды Қазақстанға енгізу.

200. «Қазақстаниң инвестициялық қоры» АҚ құрылу мақсаты:

- 1) шет елдегі қазақстанның кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігінің артуына септігін тигізу;
- 2) мемлекеттік инвестициялық қызметті жетілдіру мен тиімділігін арттыру;
- 3) инвестицияларды тарту мен инновациялық жобаларды қаржыландыру;
- 4) несиелеу бағдарламаларына қатысу;
- 5) технологиялар трансферті кезінде кенес берушілік, акпараттық, зандық және басқа да қызметтерді көрсету.



ГЛОССАРИЙ

А

Агент – бұл тауарды өндіруші немесе тұтынушы мүдделерін қанағаттандыру мақсатында іс-әрекет ететін тұлға.

Адами капитал – белгілі бір уақыт аралығында табус мүмкіндік беретін және салынған инвестициялардың нәтижес болып табылатын адамның өндіруші активтері (қабілеттер, білім бейімдер).

Аннуитеттер – салымшыга уақыттың белгілі бір аралықтарында табыс әкелетін инвестиациялар.

Акцепт – бұл оферта жіберілген тұлғаның оны қабылдау туралы жаубы.

Акционер – акционерлік қоғамның ортак иесі, белгілі бір табысты алу және істерді басқаруға қатысу құқығын беретін акциялар иесі.

Акционерлік қоғам – жарғылық қоры акционерлердің арасында таратылған акцияларды белгілі бір санына бөлінген заңды тұлға, мұндағы акциялардың саны олардың пайдадан өзінің үлесін (дивидендер) алу құқығын куәландырады.

Акция – акционерлік қоғам шығаратын, иеленушінің осы қоғам капиталына қатысатынын куәландыратын және иеленушісіне пайданын белгілі бір бөлігін дивиденд түрінде алу құқығын беретін бағалы қағаз.

Акциялардың бақылау пакеті – меншік иелеріне бүкіл акционерлік қоғамның қызметін бақылауға мүмкіндік беретін акциялардың жалпы құнының (санының) үлесі. Теориялық тұргыда бұл үлес акциялардың барлық сомасының 51%-ы ретінде анықталады.

Антrepренер – меншік иесі, жалға алушы, жеке көрме кәсіпорнын ұстаушы.

Аутсорсинг – басқа бір үйымға бизнестің қандай да бір функцияларын беру. Өнімді өндірумен байланысты қандай да бір міндеттер тәуелсіз фирмага берілетін өндірістік аутсорсингті (әзірлемелер мен кураушылар аутсорсингі және өнім өндірісін қамтамасыз ету бойынша операциялар мен функциялар аутсорсингін) беліп көрсетеді. Сонымен қатар тәуелсіз үйимдарға қандай да бір басқарушылық, көбінесе маркетингтік, откізушилік және т.б. функциялар берілетін басқарушылық аутсорсингті беліп көрсетеді.

Ә

Әмбебап этика – бұл кәсіби бейімділігі мен әлеуметтік функцияла-
рына тәуелсіз, барлық адамдар үшін міндетті ережелер, нормалар
және қағидалар.

Әртаратандыру – кәсіпорында өнім өндіру барысында негізгі өнім
өндіруден басқа жаңа өнімдер өндіру, өндірілетін тауарлар мен
қызметтердің ассортиментін кеңейту.

Б

Банкроттық – жеке немесе заңды тұлғаның (фирманың, банктің,
кәсіпорының) күйреуі, төлем қабілетсіздігін, өзінің міндеттемелері
бойынша борыштарын төлеуден бас тартуын ресми турде (согтын)
мойындауы.

Банктік несиелеу – төлемділік, жеделділік және қайтарымдылық
болған жағдайда кәсіпорын қажеттіліктерін қаржыландыру әдісі.

Бәсеке – табиги жағдайда немесе заннама аясында объективті және
субъективті қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін бәсекелестер
арасындағы күресте женіске немесе басқа да максаттарға қол
жеткізу үшін субъекттің өзінің артықшылығын басқару үрдісі.

Бәсекеге қабілеттілік – нарықтық қатынастар жағдайында өз
қызметтің жүзеге асыру және өндірісті ғылыми-техникалық
жетілдіру, қызметкерлерді ынталандыру және өнімді жоғары са-
палы деңгейде ұстап қалу үшін жеткілікті пайда алу қабілеті.

Бизнес – өнімнің немесе қызметтің белгілі бір түрін құру мен откізуге
багытталған нарықтық экономика жағдайындағы субъекттің
экономикалық қызметі.

Бизнес-жоспар – бұл бизнес-операцияларды, кәсіпорының іс-
әрекеттерін жүзеге асыру жоспары, онда кәсіпорын, оның тауа-
ры, өндірісі, өнім откізу нарықтары, маркетинг, операциялар мен
олардың тиімділігі туралы мәліметтері көрсетіледі.

Биржса – қағаздармен, валютамен сауда жасалатын немесе тауарлар-
ды көтерме сату жүзеге асырылатын, ұйым түрінде ресімделген
тұрақты қызмет етуші нарық, нарықтық экономиканың маңызды
реттеушілерінің бірі.

Биржалық мәмілелер – биржада откізілетін мәмілелер белгілі бір
ережелер бойынша биржалық делдалдармен откізіледі. Накты
құндылыктары бар мәмілелерді, форвардтық (жедел) мәмілелерді,
фьючерстік және опциондық мәмілелерді қамтиды.

Брендинг – тауардың бәсекелестер арасынан ерекшелейтін және оның образын қалыптастыратын бір типті ресімдеу мен белгілі бір идеялармен біріктірілген маркетинг күралдарының: тауар белгісінің, қораптаудың, жарнамалық ұсыныстардың және т.б. көмегімен тұтынушыға әсер етуге негізделген тауарға ұзақ мерзімді басымдылық беру бойынша қызметтің түрі.

Брокер – сатушы мен сатып алушы арасында дедал қызметтің атқаратын және мәміле бойынша келіссөздерді жүргізуге септігін тиғізетін адам.

В

Валюталық бирэка – валюталармен ірі көлемде сауда жасалатын, ұйымдық жағынан жасақталған және тұракты жұмыс істейтін нарық.

Вексель – белгілі бір уакыт өткеннен кейінгі оның ұстаушысының (вексель ұстаушының) вексель берушіден ақшаларды төлеуін талап етуге құқық беретін жазбаша борыштық міндеттеме.

Венчур – бұл ірі фирмалардың тәуекелді кәсіпорындарды қаржыландыру нысаны. Бірнеше тәуекелді кәсіпорындардың венчурлік капиталы жаңа технологияларға қол жеткізуге, немесе жоба табысты түрде жүзеге асырылғандагы акциялар құнының күрт осуіне қызығушылық білдіретін ірі инвесторларға акциялар пакетін сату есебінен құралады. Венчурлік қаржыландыру шағын кәсіпорындарға бастапқы капиталды тез жинауга, ал ірі фирмаларға бүгінгі минималды тәуекелдермен болашақта ірі табысқа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Г

Гиперинфляция – ерекше ірі аукымдагы инфляция, ол айналыстағы акша көлемінің және тауар бағасының айрықша тез осуімен сипатталады.

Гранит – мәдени, гылыми т.б. мекемелер мен ұйымдарға ақшалай соманы қайтарымсыз белу немесе жабдықтарды, күралдарды т.б. сыйға тарту.

Д

Дара кәсіпкерлік – жеке тұлғалардың өз меншігіне негізделген, олардың тәуекелімен және өз мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын, табыс табуға бағытталған жеке тұлғалардың ынталы қызметі.

Дивиденд – акционерлік қоғамның балансында көрсетілген, пайдаға байланысты болатын акциялар бойынша төлемдер шамасы.

Дилер – өз атынан және өз есебінен тауарды кайта сатуды жүзеге асыратын делдалдық құрылым (занды немесе жеке тұлға).

Дискониттау – пайыз нормасының белгілі бір мерзімі арқылы төленетін капиталды активтер табысы сомасының ағымдағы баласыны есептей.

Джоббер – дайын өнім қорлары бар, тауарлардың тасымалы мен сақталуын қамтамасыз ететін делдалдық ая субъектісі.

E

Еңбек биржасы – жұмыс күшін сату-сатып алу мақсатында жұмысшылар мен кәсіпкерлер арасындағы дедалдыққа мамандандырылған үйим.

Еңбек келісімшарты – кәсіпкер мен жұмысқа қабылданатын адам арасындағы келісім, онда жұмыскердің еңбек функциясы, жұмыс орны, қосымша міндеттемелері, жалақы мөлшері, жұмыс режимі және т.б. қарастырылады.

Еркін бағалар – сұраныс пен ұсыныс эсерінен қалыптасатын бағалар.

Еркін экономикалық аймақ – шетелдік инвестициялар ағыны тартылағын, бірлескен кәсіпкерлік қызмет жүзеге асырылатын, экспорттық әлеуетті дамыту жүргізілетін, кедендік, салықтық, валюталық режимдері бар арнайы бөлінген аумак.

Ж

Жалақы – жалдамалы қызметкердің алатын ақшалай немесе заттай нысандағы табысы. Жалақының негізгі нысандары: тарифтік (мерзімді және кесімді), тарифсіз және аралас (комиссиялық, дилерлік және т.б.).

Жалға алу – шаруашылық қызметті өз бетінше жүргізу үшін жалға алушыға берілген, келісімшарт негізінде жерді, кәсіпорынды, негізгі өндірістік қорларды, басқа да мүлікті жедел және кайтарымды пайдалану.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік – бұл бір немесе бірнеше тұлғалар күрган, жарғылық капиталы құрылтай құжаттарымен белгіленген мөлшерде үлеске бөлінген серіктестік.

Жеке кәсіпкерлік – бұл жеке кәсіпкерлік қызметке негізделген және жеке кәсіпкерлік субъектілердің атынан, олардың тәуекелімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын, табыс табуга бағытталған жеке кәсіпкерлік субъектілердің ынталы қызметі.

Жоспарлау – бұл кәсіпорынның экономикалық жүйесінің болашақ жағдайын анықтайтын жоспарларды жасау мен оны тәжірибелік түрде жүзеге асыруды қарастыратын қызмет.

Жұмысбастылық – тұлғалық және қогамдық қажеттіліктерді канагаттандырумен байланысты болатын және сәйкесінше оларға жалақы экелетін заңға кайшы келмейтін азаматтардың қызметі.

Жұмыссыздық – тұргындардың еңбекке қабілетті белгілі бір бөлігі, жұмыссыз қалғандағы экономикадағы жағдай, олар жұмысты іздейді және жаңа мамандық алуға дайын болады. Табиғи (фрикциондық, институционалдық, ерікті) және мәжбүрлі (технологиялық, күрылымдық, аймақтық) жұмыссыздықты бөліп көрсетеді.

3

Заңды тұлға – азаматтық субъектісі, оның ішінде шаруашылық құқықтары мен міндеттері, өзінің жеке балансы, мөрі мен банкте шоты бар, жарғы немесе ереже негізінде іс-әрекет ететін және банкроттық жағдайында өз иелігіндегі мүлікпен жауап беретін кәсіпорын.

Зиян – ақшалай нысанда көрсетілген шығын, шығыстың кірістен асып түсі салдарынан кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың акша ресурстарының азауы.

И

Инвестициялар – табыс табу максатында жүргізілетін іс, белгілі бір кәсіпорынға қаражат салу.

Инвестициялардың ұдайы ондірістік күрылымы – жаңа күрылышқа, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейтуге, техникалық кайта жарактандыруға және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғыртуға жұмсалатын салымдардың аракатынасы.

Инвестициялық портфель – инвестордың акша қаражаты салынған бағалы қағаздар (каржы активтері) жиынтығы.

Инвестициялық тәуекел – инвестициялау нәтижесінде зиянға ұшырау ықтималдылығы. Инвестициялық тәуекелдерге портфельдік инвестициялар, яғни жаңашылдық тәуекелдері мен бағалы қағаздарға инвестициялау тәуекелдері жатады.

Инжиниринг – технологияны жасап шыгаруды, инженерлік техникалық жұмыстар кешенін, сонымен катар объектілердің күрылышы мен мазмұны, өнімді терендептіп өндіреу, жинақтау, кепілдендірілген қызмет көрсету бойынша қызметтерді қосқандығы онеркәсіптік жобаларды құру және қызмет көрсетумен байланысты

инженерлік-кеңес берушілік қызметтер жиынтығы ретінде сипатталатын интеллектуалдық қызмет.

Интерпренер – жұмыс істеп тұрған корпорация ішінде кәсіпкерлік қызметтің жүзеге асыратын тұлға.

K

Кәсіпкерлер – коммерциялық мүмкіндіктерді көре алатын, қажетті капиталға қол жеткізуге байланысты қажет операцияны қалай откізу көректігін білестін және тәуекелге бара алатын, табыс пен сәтсіздік үшін жауапкершілікті өз мойнына ала алатын іскерлік әлемдегі адамдар.

Кәсіпкерлердің жауапкершілігі – мемлекеттің, қызметкерлердің, тұтынушылардың, шаруашылық жүргізуі субъектілердің құқыктарын бұзуға, орындаудың (келісімшарттық) міндеттемелерді қалпына келтіруге бағытталған белгілі бір іс-әрекеттерді жасау қажеттілігі, міндеті.

Кәсіпкерлік – бұл жеке меншікке (жеке кәсіпкерлік) немесе мемлекеттік кәсіпорынға шаруашылық жүргізу құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген, тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) деген сұранысты қанағаттандыру жолымен таза табыс алуға бағытталған, меншік нысанына тәуелсіз азаматтар мен заңды тұлғалардың ынталы қызметі.

Кәсіпкерлік қызмет – езіндік ынтаға, жауапкершілік пен инновациялық кәсіпкерлік идеяға негізделген, пайда табуга бағытталған қызметтің ерекше түрі.

Кәсіпкерліктың мемлекеттік қолдау – кәсіпкерлік қызметтің бәсекеге қабілеттілігін ұлғайтуға бағытталған заңнамалық, атқарушы және бақылаушы сипаттагы шаралар жүйесі. Мемлекеттік қолдау шаралары нарықтың шаруашылық жүргізуі субъектілерінің белсенділігін ынталандыруға және олардың шаруашылық қызметіне көмек көрсетуге бағытталған. Мұндай шараларға женілдіктерді, несиelerді ұсынуды, мемлекеттік тапсырыстармен қамтамасыз етуді т.б. жатады.

Кәсіпкерліктың мемлекеттік реттеу – тәуекелді төмендетуге және кәсіпкерлік қызметтің тұрақтылығын өсіруге бағытталған заңнамалық, атқарушы және бақылаушы сипаттагы шаралар жүйесі.

Кәсіпкерлік қызметтің талдау – оның қызметтің дамуы мен тиімділігін жақсарту мақсатында, артықшылықтары мен

кемшіліктерін анықтап, қажетті іс-шаралар жүргізу үшін зерттеу үрдісі.

Кәсіпкерлік құпия – бұл тарапуы зиян келтіретін кәсіпорынның қызметі туралы мәліметтерді құпиялауға (мәліметтерді пайдалануға шектеу қою) кәсіпкердің заңмен коргалатын құқығы.

Кәсіпкерлік мәдениет – белгілі бір уақыт арасында субъектілердің кәсіпкерлік аяда экономикалық белсенділіктің қандай да бір түрлеріне бағыттайтын, кәсіпкерліктің тұракты дамуына септігін тигізетін, жинақталған тәжірибелі беруді қамтамасыз ететін мінез-құлық үлгілерінің, құндылықтар жүйесінің, әлеуметтік нормалардың, іргелі қағидалар мен қоғамдық институттардың жиынтығы.

Кәсіпкерлік тауекел – кәсіпорынның әлеуетті мүмкіндіктеріне байланысты күтілген табыс меншігін ала алмау немесе әлеуетті мүмкін қауіптің әсерінен болатын ресурстарды жогалту ықтималдылығы.

Кәсіпкерлік ұйымдарды қаржыландыру – бұл жай және ұлгаймалы ұдайы өндірісті қаржылық қамсыздандыру шарттары мен қағидаларының, нысандары мен әдістерінің жиынтығы.

Кәсіпкерлік инфрақұрылымы – оны қалыптастыратын жиынтық элементтерімен біріге отырып, нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында шаруашылық жүргізуі субъектілер қызметі мен сыртқы органдың әсер етуінің алуантүрлілігін ескере отырып, бизнестің өсіп бара жатқан транзакциялық шығындарын азайтудың пәрменді механизмі.

Кәсіпорынның кадрлық саясаты – персоналмен жұмыс жасаудың негізгі бағыттарын анықтайтын теориялық көзқарастар, талаптар, қағидалар жүйесі, сонымен катар жоғары енбек өнімділігіне жетуге мүмкіндік беретін жұмыс істеу әдістері.

Кәсіпорын – қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мен пайда алу мақсатында жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсету, өнімді өндіру үшін құрылған, өз бетінше жұмыс істейтін заңды тұлға болып табылатын шаруашылық субъект.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі – бұл еркін нарық жүйесінде, бәсеке жағдайында, тұтынуышылардың талаптарына обьектілердің сәйкестік дәрежесін сипаттайтын және серпінді нарықта белгілі бір үлесі бар субъект қасиеттерінің жиынтығы.

Келісімшарт – азаматтық құқықтар мен міндеттерді орындау, өзгерту немесе токтату туралы екі немесе бірнеше тұлғалардың келісімі.

Коммандитті (сенім) серіктестік – бұл серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзінің бүкіл мүлкімен қосымша жауап беретін бір немесе одан да көп қатысушыларымен (толық серіктестермен) қатар, серіктестіктің мүлкіне өздері салған салымдардың жиынтығымен шектелетін және қасіпкерлік қызметті жүзеге асыруға қатыспайтын қатысушыларды (салымшыларды) да енгізетін серіктестік.

Коммивояжер – бұл тауарды тек сатып қана қоймай, сатып алушыға жеткізетін қасіпкер-тұлға.

Конклюденнті іс-әрекеттер – тұлғаның үнсіз келісімге келуі.

Конкурстық ондіріс – несие берушілердің мөлшерлі талаптарын қанағаттандыру мақсатында банкрот деп танылған борышкерге қатысты қолданылатын процедура.

Корпорация – акцияларды сату есебінен құрылатын экономикалық бірлік. Корпорация иелерінің қаржылық жауапкершілігі тек акционерлік капиталға салынатын салымдарының сомасына ғана таралады.

Қ

Каржыландауру – ақша қаражатының қалыптасу үрдісі немесе кең мағынада, барлық капиталдың барлық тұрларінің қалыптасу үрдісі.

Каржылық жоспар – бұл ағымдағы (бір жылға дейінгі) және ұзақ мерзімді (бір жылдан астам уақытқа) кезеңге ақша қаражатының түсі мен жұмсалуын сипаттайтын жоспардың қортынды құжаты.

Каржылық менеджмент – ағымдағы және стратегиялық мақсатқа кол жеткізу үшін қасіпорынның шаруашылық қызметі үрдісінде пайда болатын ақша ағындардың қозғалысын ұтымды басқару жүйесі.

Кор биржасы – ұйымдастырылған және тұрақты түрде қызмет ететін бағалы қағаздар нарығы.

Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік – бұл қатысушылары серіктестік міндеттемелері бойынша жарғылық капиталға қосқан өздерінің салымдарымен, ал бұл сомалар жеткіліксіз болған жағдайда, енгізген салымдарының еселенген мөлшерінде өздеріне тиесілі қосымша мүлікпен жауап беретін серіктестік.

Қызмет корсету аясындагы бизнес – бұл өндірушілер мен тұтынушыларға алуан түрлі қызмет түрлерін корсету бойынша қызмет.

Дәстүрлі қызмет түрлерін: шаштараз, кір жуу және т.б. және іскерлік қызметтерді: консалтинг, маркетинг, инжинириング және т.б. бөліп көрсетеді.

Л

Лизинг – жалға берушіде меншік құқықтарын сақтап қала отырып мүлікті ұзак мерзімді жалға алуға негізделген инвестицияларды қаржыландыру тәсілі, машиналарды, құрал-жабдықты және көлік құралдарын орта және ұзак мерзімді жалға алу.

Лизингтік қызмет – бұл мүлікті алу мен оны лизингке беру бойынша инвестиациялық қызмет.

Лицензия – заңмен қарастырылған нақты шаруашылық операцияларды, оның ішінде сыртқы сауда (экспортты және импортты) операцияларын жүзеге асыру үшін занды тұлғаларға құзыретті мемлекеттік органдар беретін рұқсат.

М

Маклер – кор және тауар биржаларында делдалдық операцияларды жүзеге асыратын тұлға.

Мәміле – азаматтық құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыруға, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған азаматтар мен занды тұлғалардың іс-әрекеттері.

Монополист – нақты тауардың жалғыз өндірушісі. Әдетте, бұл тауарға монополиялы түрде жоғары баға тағайындалады. Нәтижесінде, тұтынушылар және қоғам үлкен шығынға ұшырайды.

Монополияға қарсы реттіеу – нарықты монополиялау мүмкіндігін шектеу мақсатында мемлекетпен жүзеге асырылатын заннамалық, әкімшілік және экономикалық шаралар жиынтығы.

Міндеттеме – азаматтық заннамада бір тұлға (борышкер) екінші тұлғаның (кредитор) пайдасына қатысты белгілі бір іс-әрекет жасауға құқық қабілеттілігі.

Н

Нарық – этикалық, құқықтық нормалар мен ережелерді ұстанудың, бәсекениң белгілі бір интенсивтілік жағдайында тауардың нақты түрін сату-сатып алу мен сауда мәмілелерін жасауды жүзеге асырудың шартты орны.

Нарық инфрақұрылымы – нарықтың қызмет етуін қамтамасыз ететін экономикалық институттар жиынтығы (сауда, делдалдық ұйымдар мен кәсіпорындардың, несиелік мекемелер, сақтандыру, көлік және басқа да кәсіпорындар желісі).

Несиелік келісімшарт – келісімшарт, ол бойынша бір тарап (несие беруші) екінші тарапқа (қарыз алушыға) келісімшартта қарастырылған мөлшерде акша қарожатын беруге, ал қарыз алушы алынған акша сомасын қайтаруға және ол бойынша пайыздық үстемелерді төлеуге міндеттенеді.

O

Олигополия – бірнеше кәсіпорындар біртекті немесе әр түрлі өнім өндіретін нарықтағы жағдай және мұнда нарыққа кіру қындытылады, бағаларға бақылау жүргізіледі.

Оферта – бұл бір немесе бірнеше тұлғага келісімшарт жасауга жіберілген ұсынысы қабылданған жағдайда ұсыныс жасаушының адресатпен келісім жасағанын білдіретін шешім.

Оффшорлы аймақ – ел заңнамасының кейбір ережелері мен нормалары журмейтін, яғни аталған оффшор құрылатын ел шекарасын, аумақтық жағынан бөлінген аймақ, аудан, облыс немесе арал.

Оффшорлы компания – оффшорлы аймақ деп аталатын ерекше аумақтарда тіркелген кәсіпкерлік кәсіпорын.

Ө

Өз еркімен тарату – кәсіпорын иесі мен кредиторлар арасындағы келісім бойынша жүзеге асырылатын кәсіпорынды төлем қабілетсіз деп жариялау барысындағы соттан тыс процедура. Конкурстық массаның қалыптасуы, мүлікті сату және кредиторлар талаптарын шамалас түрде қанағаттандыру процедурасын қамтиды.

Өндірістік кооператив – азаматтардың бірлескен кәсіпкерлік қызметі үшін мүшелік негізде олардың өз енбегімен қатысуына және мүшелерінің мүліктік жарналарын (пайларды) біріктіруіне негізделген ерікті бірлестік.

Өндірістік тауекел – тапсырыс берушімен өзара шарт немесе келісімшарт бойынша кәсіпорынның өз міндеттемелерін орындаі алмау ықтималдылығы, тауарлар мен қызметтерді еткізуідегі тәуекелдер, баға саясатындағы қателіктер, банкроттық тәуекелі.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі – бұл өнімнің бәсекелес-ұқсас өніммен салыстырғанда, қарастырылған мерзімдік кезенде аталған нарықтың талаптарына сай келу қабілеті.

Өнімнің өмірлік циклі – бұйымның алуан түрлі бес өмірлік циклінің қатар жүруі: жасап шығару, өндіріс, нарыққа шыгу, өсу, нарықтың толуы және моральды өскіру.

Өнім сапасы – адам мен қоғамның белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетін анықтайтын еңбек өнімнің пайдалы тұтынушылық қасиеттерінің жиынтығы.

П

Патент – мемлекет жеке адамға (кәсіпорынға) беретін және оның өнертабысы белгіленген мерзім ішінде ерекше пайдалану құқығының мойындалуын қамтамасыз ететін құжат.

Процедент – өнім өндіруші, белгілі бір тауарды өндірумен айналысатын ел.

Пул – барлық қатысуышылардың пайдасы ортақ қорға түсіп, кейіннен олардың арасында күні бұрын белгіленген үйлесімділікке сәйкес болінумен ерекшеленетін картельдердің ерекше түрі.

Р

Райтер – негізгі бағалы қағазды опционның уәделескен бағасы бойынша сату немесе сатып алу міндеттемесін өз мойнына алушы адам.

Резервтік валюта – халықаралық саудада белгілі бір елдің валютасын басқа бір елдер негұрлым жиі қолданатын, сондықтан да халықаралық төлем қаражатының сақтық қоры ретінде пайдаланылатын валюта.

С

Санация – банкрот қаупі төніп тұрган кәсіпорынның қаржылық жағдайын жаксартуға бағытталған қаржылық және несиелік ісшаралар жүйесі.

Сату-сатып алу келісімшарты – тараптар арасындағы келісім, соған сәйкес бір тарап (сатушы) екінші тарапка (сатып алушыға) затты (тауарды) беруге, ал сатып алушы осы тауарды қабылдауға және ол үшін белгілі бір акшалай соманы төлеуге міндеттенеді.

Сұраныстың бағалық икемділік коеффициенті – сұраныстағы пайыздық өзгерістің бағаның пайыздық өзгерісіне қатынасын сипаттайды.

Сыртқы кәсіпкерлік орта – нақты кәсіпорын қызметіне тәуелсіз, бірақ оған біршама әсер ете алатын, сондықтан да басқарушылық шешімдерді талап ететін және қоршаган ортада пайда болатын шарттар мен факторлар жиынтығы.

Сыртқы экономикалық қызмет – шетел мемлекеттерімен жасалатын сауда-экономикалық, гылыми-техникалық ынтымақтастық, валюталық-қаржылық және несиелік қатынас құралдары мен әдістерінің, нысандары мен бағыттарының жиынтығы.

T

Тарату – төлем кабілетсіз борышкердің қызметін тоқтату үшін занды тұлғаның міндеттері мен құқығының басқа құқықтық мұрагерлік тұлғага отпейтіндігі туралы сот шешімі бойынша жүзеге асырылатын рәсім.

Тауарлы нарық конъюнктурасы – белгілі бір уақыт кезеңіндегі нарықтагы экономикалық жағдай.

Технопарк – өздерінің ғылыми идеяларын бизнес-жүйесінде жүзеге асыру үшін ғалымдарға, сонымен қатар кәсіпкерлерге жаңа технологияларға қолжетімділік мүмкіндігін ұсынатын университеттер мен ғылыми орталықтардан онша алыс орналаспаган арнайы жабдықталған аумақ.

Толық серіктестік – бұл мұлкі жеткіліксіз болған жағдайда қатысушылары серіктестіктің міндеттемелері бойынша өздеріне тиесілі барлық мұлкімен ортақ жауапкершілікте болатын серіктестік.

Толем қабілетсіздік – борышкердің ақшалай міндеттемелер бойынша несие берушілердің талаптарын, оның ішінде жалақыны төлеу бойынша талаптарын, сонымен қатар өзіне тиесілі мұлік есебінен бюджет пен бюджеттен тыс қорларға міндетті толемдерді канагаттандыра алмау қабілеті.

Траст – шаруашылық және басқа да қызмет ету аяларында операцияны жүргізу саясты.

У

Ультимо – банк тәжірибесінде айдың, тоқсанның немесе жылдың соңғы күнін білдіретін термин.

Ұ

Ұйым персоналы – бұл жалға алу келісімшартымен реттелетін, занды тұлға ретінде ұйыммен қатынаста тұрган жеке тұлгалар жиынтығы.

Ф

Факторинг – фактор-компанияның клиент шоттарын сатып алу арқылы клиенттің айналым капиталын несиелеумен үйлесетін сауда-комиссиялық операцияның бір түрі.

Фирма – занды тұлгалар болып табылатын және тауарлар өндіру мен өткізуді бір басқаруга біріктіретін (жалпы фирмалық атаумен) кәсіпорын немесе меншіктің кез келген нысанындағы мамандандырылған ұйымдар жиынтығы.

Форфейтинг – сатуышыдан акцепттелген тауарларды, вексельдерді сатып алуға негізделген сауда операцияларын несиелендірудің ерекше нысаны.

Франчайзинг – технологияны, лицензияны, ноу-хауды иемденетін ірі фирмалық (франчайзердің) өзінің серіктесіне (франчайзиге) сауда мен қызметтер саласын тандауда, жарнама кампаниясын откізуде, қызмет көрсетуші қызметкерлерді кәсіпке даярлауда т.б. көмек көрсету және акыл-кенес беру жөніндегі қызметі. Франчайзинг кейде франчайзердің сауда белгісін пайдалану құқығын алады.

X

Хеджер – фьючерстік биржада хеджер деп аталатын операцияларды жүзеге асыруши кез келген кәсіпорын, банк, фермер немесе басқа да шаруашылық жүргізуши субъект.

Хеджирлеу – коммерциялық және валюталық қатерден сақтандыру, оның нақты мәні нақты тауарды ұқсас мерзімге сатумен бір мезгілде фьючерстік келісімшарттарды сатып алуда (сатуда) және тауарды нақты жеткізу мерзімі басталғаннан кейін кері операция жүргізіледі.

Холдинг – басшылық жасау және дивиденд алу мақсатында басқа компаниялар акцияларының бакылау пакетін сатып алу үшін өз капиталын қолданатын акционерлік компания.

Ц

Цессия – несие берушінің ақшаны, заттарды т.б. нәрселерді талап ету құқығын басқа адамға беруі немесе қайта ұсынуы.

Ч

Чарттар – бағаны есепке алу және болжай үшін қолданылатын баға кестелері.

Ш

Шагын кәсіпорын – жұмысбастылардың аз санымен және айналымының онша үлкен емес көлемімен сипатталатын шаруашылық бірлік. Кәсіпорынды шагынга жатқызу критерийлері заңнамада тіркеледі; шагын бизнесі дамыту мен тауарлар өндірісін ұлттайту мақсатында мұндай кәсіпорындарға салық салу және т.б. женилдіктер ұсынылады.

Шаруашылық серіктестік – бұл өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде табыс табуды көздейтін, басқа да шаруашылық

серіктестіктердің құрылтайшысы бола алатын, жарғылық капиталы құрылтайшылардың (катьсуышылардың) салымдарына (үлесіне) бөлінген заңды тұлға болып табылатын коммерциялық ұйым.

Шетелдік инвесторлар – Қазақстан экономикасына инвестицияларды жүзеге асыратын кәсіпкерлік бизнес турлерінің бірі – инвестициялық бизнестің субъектілері.

Шетелдік кәсіпорын – бақылауды толық немесе белгілі бір белгіндеған жүзеге асыратын, капиталы шетелдік кәсіпкерлерге тиесілі болатын кәсіпорын.

I

Іскерлік қарым-қатынастар – бұл нарық пен ұжымдағы бірлескен қызмет үрдісінде пайда болатын, әріптестер, серіктестер мен тіпті бәсекелестер арасындағы өзара байланыс ретінде танылатын қоғамдық қатынастар типтерінің бірі.

Іскерлік қатынас – бұл бірлескен жұмыс нәтижесінде белгілі бір нәтижеге қол жеткізуді, нақты міндепті шешуді немесе қойылған мақсатты жүзеге асыруды қарастыратын іскерлік ақпарат пен жұмыс тәжірибесінің алмасуын қарастыратын үрдіс.

Іскерлік келіссөздер – бұл екі тараптың да өзара сәйкес келетін немесе қарама-қарсы мүдделері болған жағдайда, келісімге келу мақсаты үшін адамдардың өзара байланыс құралы.

Ішкі кәсіпкерлік орта – фирмалық өз ішіндегі жағдайлық факторлар жыныстығы. Ол негізінен басқарушылық шешімдердің нәтижесі болып табылады. Оған мақсатты, құрылымды технология мен адамдарды жатқызады.

Э

Элиминирлеу әдісі – жеке жоспарлы көрсеткіштерді нақты көрсеткіштермен ауыстыруды сатылы және біргіндеп жүргізуге, каржы-шаруашылық қызмет нәтижелерін талдауды тұрақты өткізіп отыруға негізделген менеджмент элементі.

Экспорт – тауарларды, технологиялар мен көрсетілген қызметтерді сыртқы нарықта өткізу үшін оларды шет елге шыгару.

Экспорттық лизинг – лизингтік компания үлттық фирмадан жабдық сатып алатын, соナン соң оны шет елдегі жалға алушыға беретін мәміле.

Эмитент – КР Азаматтық кодексіне сәйкес, эмиссиялық бағалы қағаздарды шыгаруды жүзеге асыратын тұлға.

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы және ерекше болімдер): 2-басылым, 2007 жылы 1 ақпандан бері озгертулер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы. – Алматы: Жеті Жарғы, 2007. – 488 бет.
2. Қазақстан Республикасының Салық кодексі (2009 жылғы 1 қаңтардан бері жағдайы бойынша). – Алматы, 2009.
3. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» Заңы (2007 жылы 27 шілдеде озгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы). – Алматы: Жеті Жарғы, 2007.
4. Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңы – КР Заңдары 2006 ж. 31 қаңтар № 124-III КРЗ // Қазақстан Республикасы Парламенттің Жарышы. – 2006. – № 3. – бб. 2-39
5. Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» Заңы (2006 жылы 31 қаңтарда озгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы). – Алматы: LEM, 2006.
6. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы (2008 жылы 7 тамызда озгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы). – Алматы: LEM, 2008.
7. Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы Қазақстан Республикасының Заңы – Егемен Қазақстан – 1998 жыл 30 сәуір.
8. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. – Алматы: Жеті Жарғы, 2007. – 344 бет.
9. Өндірістік кооператив туралы Қазақстан Республикасының Заңы. – Алматы: Юрист, 2004. – 234 бет.
10. «Қазақстанның 30 корпоративті көшбасшысы» Мемлекеттің бағдарламасы. – Алматы, 2007.
11. «Бизнестің жол картасы – 2020» Бағдарламасы. – Алматы, 2010 жыл 13 сәуір №301 қаулы.
12. Әмірбекұлы Е. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2009.
13. Бизнес-планирование: Учебник. /Под ред. Попова В.М. и Ляпунова С.И. – М.: Финансы и статистика, 2003.
14. Воробьев С.Н. Управление рисками в предпринимательстве: монография. – М.: Даирон и К, 2006. – 772 с.
15. Бусыгин А.В. Предпринимательство: Учебник. – М.: Дело, 2000. – 640 с.

16. Гайнутдинов Э.М. Основы предпринимательства: Учебное пособие. – Минск: Высшая школа, 2000. – 182 с.
17. Глушенко Е.В. Основы предпринимательства: Учебное пособие. – М.: Вестник, 1996. – 412 с.
18. Горемыкин В.А. Планирование на предприятии: Учебник. Доп и перераб. 6-е изд. – М.: Юрайт, 2010. – 699 с. (Основы наук)
19. Горфинкель В.Я. Предпринимательство: Учебник. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2009. – 687 с. (Золотой фонд российских учебников).
20. Елшібаев Р.К. Қәсіпкерлік қызметті үйымдастыру: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2009. – 218 б.
21. Лапуста М.Г. Предпринимательство: Учебник. – М.: Инфра-М, 2010. – 608 с. (Высшее образование).
22. Лапуста М.Г. Малое предпринимательство: Учебник. – М.: Инфра-М, 2008. – 685 с. (Высшее образование)
23. Малое предпринимательство: организация, управление, экономика: Учебное пособие / Ред. В. Я. Горфинкеля. М.: Вузовский учебник, 2011. – 349 с.
24. Предпринимательство в Республике Казахстан. Под ред. Окаева К.О. – Алматы: Экономика, 2000.
25. Предпринимательство и бизнес: Учебное пособие/Л.П. Дашибеков. – М.: Маркетинг, 1995. – 304 с – (Б-ка делового человека)
26. Предпринимательство: пер с англ. – М.: Альпина Бизнес Букс, 2007. – 232 с. (Идеи, которые работают).
27. Савицкая Г.В. Анализ хозяйственной деятельности предприятия: Учебное пособие. – Минск: Новое знание, 2004.
28. Сейдахметов А.С., Елишибекова К.Ж. Предпринимательство: Учебное пособие. – Алматы: Экономика, 2010. – 306 с.
29. Смагулова Н.Т., Елишибекова К.Ж. Қәсіпкерлік. – Алматы, 2008.
30. Теория предпринимательства: Учебник/ С.И.Грядов – М.: Коллес, 2007. – 328 с. (Учебники и учебные пособия для студентов вузов).

МАЗМУНЫ

Кіріспе.....	3
1. Кәсіпкерлік: мәні, мазмұны	
және қалыптасу шарттары	5
1.1. Кәсіпкерліктің мәні мен мазмұны	—
1.2. Кәсіпкерліктің функциялары	14
1.3. Кәсіпкерлік қызметтің субъектілері мен объектілері	16
1.4. Кәсіпкерлікті үйымдастыру қағидалары	22
1.5. Кәсіпкерліктің қалыптасу және даму шарттары	29
Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар	35
2. Кәсіпкерліктің үйымдық-құқықтық нысандары.....	36
2.1. Кәсіпкерліктің үйымдық-құқықтық нысандары және ерекшеліктері	—
2.2. Кәсіпкерлік түрлері және олардың жіктелуі.....	45
2.3. Дара кәсіпкерлік.....	47
2.4. Шетел капиталының қатысуы мен жүргізілетін кәсіпкерлік.....	50
2.5. Өз кәсіпорның құру шарттары және қағидалары	56
2.6 Франчайзинг және кәсіпкерлік	62
Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар	68
3. Кәсіпкерлік қызметтегі тәуекелдер.....	69
3.1. Кәсіпкерлік тәуекелдер: түсінігі, түрлері, жіктелуі.....	—
3.2. Кәсіпкерлік тәуекелдерді бағалау	73
3.3. Кәсіпкерлік тәуекелдерді басқару	75
Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар	82
4. Кәсіпкерлік қызмет жүйесіндегі бизнесі жоспарлау.....	83
4.1. Кәсіпкерлік қызметті жоспарлау үрдісі, түрлері және қағидалары	—
4.2. Кәсіпкерлік жобаларды жүзеге асырудың бизнес-жоспары	85

4.3 Бизнес-жоспарды құрастыру және жасап шығару әдістемесі	86
Озін-өзі бақылауға арналған сұрақтар	92
5. Кәсіпкерлік қызметті қаржыландыру	93
5.1. Кәсіпорынның қаржылық ресурстары және қалыптасу көздері.....	—
5.2. Қаржылық ресурстарды жоспарлау	98
5.3. Кәсіпорын қаржысын басқару жүйесі.....	100
5.4. Кәсіпкерліктегі лизингтік операциялар	103
5.5. Кәсіпкерліктегі факторинг.....	107
Озін-өзі бақылауға арналған сұрақтар	112
6. Кәсіпкерлік үйымды кадрмен қамтамасыз ету	113
6.1. Кәсіпкерлік қызметті кадрмен қамтамасыз етудің мәні	—
6.2. Еңбек ұжымының қалыптасуы. Жаңа персоналды іздеу каналдары және таңдау әдістері	116
6.3. Кәсіпкерлік қызметтегі еңбек ресурстарын жоспарлау	119
6.4. Кәсіпорын персоналын бағалау әдістемесі.....	121
Озін-өзі бақылауға арналған сұрақтар	129
7. Кәсіпкерлік мәмілелерді үйимдастыру	130
7.1. Кәсіпкерлік қызметтегі әріптестік байланыстар	—
7.2. Кәсіпкерлік мәмілелер және түрлері	133
7.3. Келісімшарт – кәсіпкерлік мәмілелерді жүзеге асырудың негізгі құжаты. Келісімшарттардың жіктелуі.....	138
7.4. Сатып алу-сату келісімшартын жасауға қойылатын негізгі талаптар, құрылымы және мазмұны	142
7.5. Кәсіпкерліктегі дедаллардың рөлі.....	152
Озін-өзі бақылауға арналған сұрақтар	156
8. Кәсіпкерлік құпия және оны қорғау тәсілдері	157
8.1. Кәсіпкерлік құпияның мәні.	—
Кәсіпкерлік құпияны құрайтын мәліметтердің жіктелуі.....	—

8.2. Кәсіпкерлік құпияны қорғау жүйесі.....	160
Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар	162
9. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің жауапкершілігі	163
9.1. Кәсіпкер жауапкершілігінің мәні және түрлері	-
9.2. Кәсіпкерлердің әкімшілік жауапкершілігі.....	168
9.3. Кәсіпкерлердің міндеттемелерін қамтамасыз ету шарттары және тәсілдері.....	172
Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар	178
10. Кәсіпкерлік мәдениет пен этика	179
10.1. Кәсіпкерлік мәдениеттің мәні және мағынасы.....	-
10.2. Іскерлік қарым-қатынастар. Іскерлік келіссөздер	186
10.3. Іскерлік және кәсіби этика.....	203
Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар	206
11. Кәсіпкерлік аясындағы бәсеке және бәсекеге қабілеттілік	207
11.1. Бәсеке түсінігі және түрлері. Бәсекенің дамуы	-
11.2. Кәсіпорынның бәсекелік артықшылығы және бәсекеге қабілеттілігі.....	213
11.3. Кәсіпкерлік қызметтің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар	222
11.4. Кәсіпкерліктегі бәсекелестерді талдау	226
Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар	231
12. Кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін талдау және бағалау.....	232
12.1. Кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін бағалау тәсілдері.....	-
12.2. Кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін бағалау қағидалары және әдістері	239
Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар	245
13. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және оның инфрақұрылымы.....	246
13.1. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың мәні және қажеттілігі	-

13.2. Кәсіпкерлік инфрақұрылымы	250
13.3. Кәсіпкерлік қызмет инфрақұрылымының институттары. Шағын бизнес орталықтарының құрылуы мен қалыптасуы	254
13.4. Шағын кәсіпкерлікті ақпараттық қамтамасыз ету	266
Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар	269
14. Кәсіпкерлік қызметті тоқтату	270
14.1. Кәсіпкерлік үйымдарды қайта құру және сауықтыру	—
14.2. Кәсіпкерлік үйымдарды тарату	273
14.3. Кәсіпкерлік үйымның тұрақсыздығы (банкроттығы)	277
Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар	284
Тест сұрақтары.....	285
Глоссарий.....	324
Әдебиеттер	338

**СЕЙДАХМЕТОВ Алпысбай Сейдахметұлы
ЕЛШІБЕКОВА Құралай Жанатқызы
ІЗМАХАНОВА Анар Қараманқызы**

КӘСІПКЕРЛІК

ОҚУЛЫҚ

Бас редактор

Сәрсембаева А.Ж.

Редакторы

Өміргалиева Қ.Ә.

Компьютерде беттеген

Моңкебаева К.Ж.

Мұқаба дизайнері

Нұсібәлиева М.С.

Мышбаев Қ.Т.

Басуға 17.06.2011 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84¹/₁₆.

Баспа табагы 21,5. Шартты баспа табагы 19,0.

Есептік баспа табагы 16,3. Офсеттік басылым.

Таралымы 1900 дана. Тапсырыс №3/48-11.

«Экономика» баспасы» ЖШС
050063, Алматы қаласы, Сайын көшесі, 81-үй

ISBN 978-601-225-284-2



9 786012 252842



Сейдахметов Алпысбай – экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ «Экономика» кафедрасының мемгерушісі.

1972 жылы Алматы халық шаруашылық институтын үздік бітірген Сейдахметов Алпысбай 1976 жылы Мәскеу қаласындағы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетінің аспирантурасына түсіп, кандидаттық диссертация корғады.

Сейдахметов Алпысбай өзінің еңбек жолында аграрлық жүйенің, бизнестің, кәсіпкерліктің өзекті мәселелері бойынша көлемі 140 б.т. болатын 120-дан астам (оның ішінде 9 окулық пен оқу құралы) еңбегін жариялады.

Сейдахметов А.С. педагогтік қызметпен катар әр түрлі ғылымдастыру, басқару және қоғамдық жұмысқа белсene араласты: 1982-1985 жж. «Аграрлық экономика» факультеті деканының орынбасары; 1986-2002 жж. университеттің профессор-окытушы және қызметкерлер кәсіподак комитетінің төрағасы; 2002-2005 жж. «Менеджмент және маркетинг» факультетінің деканы; 2005 жылдың сәуірінен бастап «Экономика» кафедрасының мемгерушісі.

Сейдахметов А.С. белсенді ғылыми-педагогикалық, тәрbiелік, қоғамдық еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі», «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподагына сінірген еңбекі үшін» тәсбелгілерімен, КР Жоғары оқу орындары қауымдастырының А. Байтурсынов атындағы «Сандық автор» медалімен марапатталған.



Елшібекова Қуралай Жанатқызы – Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ «Экономика» кафедрасының аға оқытушысы. Қазақ мемлекеттік басқару академиясын және Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ-дің аспирантурасын бітірген.

Елшібекова Қ.Ж. өзінің еңбек жолында жоғары оқу орнында экономикалық мамандық бойынша кадр даярлау аясынан қажет Мемлекеттік стандарттар, типтік оқу жоспарлары мен бағдарламалар жасауда жемісті еңбек етіп келеді. Оқу үрдісіне инновациялық әдістемелік, ғылыми-тәжірибелік құралдар енгізуде үздік жетістіктерге жетуде.

Ғылыми-педагогикалық жемісті еңбекінің нәтижесінде экономиканың нақты секторының және кәсіпкерлікі дамытудың келелі мәселелеріне арналған 30-дан астам (оның ішінде 4 оқу құралы) еңбекі жарық көрді.



Измаханова Анар Қараманқызы – Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ «Экономика» кафедрасының аға оқытушысы. 2003 жылы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Экономика» мамандығы бойынша бітірді, ал 2005 жылы «Экономика магистрі» академиялық дәрежесін алды.

Оқу-әдістемелік құралдарды инновациялық түрғыдан дайындал, оны оқу үрдісіне енгізуде елеулі жетістіктерге жетуде.

Ғылыми-педагогикалық жұмысының нәтижесінде КР ұлттық экономика жүйесінде кәсіпкерлікті дамыту және кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің өзекті мәселелері бойынша 20-дан астам еңбекі жарық көрді.